

**ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
«ШЕРХАНТАНУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ**

ЗАУ ТҰЛҒА

(9-кітап)

Көптомдық шығармалар жинағы

**Тараз қаласы
2017**

УДК 821.0
ББК 83.3(Каз)
М55

Баспаға Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің
Ғылыми кеңесі мен «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы
шешімімен ұсынылған.

Жалпы редакциясын басқарған
филология ғылымдарының докторы, профессор Е.Саурықов

Мақалалар: Қазақтың Шерағасы: Жинақ / Құраст. А.Т.Кембаева.- 9-
кітап. – Тараз: ТИГУ Редакциялық-баспа бөлімі, 2017. 188 б.

ISBN 978-601-278-918-4

Жинақта ҚР Мемлекеттік сыйлығының иегері, Халық
жазушысы, қоғам қайраткері Ш.Мұртаза туралы баспасөз
беттеріндегі толғамдар, зерттеулер, сценарийлер берілген.

Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары
мектепте білім алушы жастарға, әдебиетшілерге, жалпы қалың
көпшілікке арналған.

УДК 821.0
ББК 83.3(Каз)

ISBN 978-601-278-918-4

© ТИГУ, 2017

БИІКТЕРГЕ БЕТ АЛҒАН

Жазушы-жолаушы дiттеген жерге – әдебиетке әсте бiр күнде келе ме? Айлап-жылдап алыс сапар кешпей ме? Сондай ұзақ сапар үстiнде анда-санда ғана бiр мөлдiр бұлақ кезiктiрiп аялдағандай болмай ма? Жазушы үшiн ондай мөлдiр бұлақ творчестволық iзденiс жемiсi боп саналар едi. Бiз жазушының аяқ суытып аялдар жерiне, кәусар бұлағына бiр күнде жетпейтiнiн ұғамыз және аялдар бұлағының бәрi бiрдей кәусар бола бермейтiнiн де сеземiз. Және ол бұлақтарға әлгiде айтқанымыздай шаршап, талып ұзақ жүрiп жетерiн де шамалаймыз. Демек, жазушы-жолаушы бiр күнде әдебиетке келмейдi. Ұзақ iзденiс, тынымсыз еңбек, терең толғаным, көп жылғы қалам машығынан соң барып өнердiң жалынан ұстайды. Үлкендi-кiшiлi ақын-жазушыларымыздың творчестволық жолын бақсақ – осыны аңғарамыз.

Бүгiнде белгiлi жазушы боп отырған Шерхан Мұртазаевтың әдебиетке келгенiне, қарап отырсақ он бес жыл бопты. Оның 1963 жылғы «Табылған теңiзi» жарық көргенше талай мақала, суреттеме, очерк, тағы сондай журналистiк дүниелер жазылған екен. Яғни ол өнер жолына бiрден, бiр күнде келмептi. Талай жазып, талай өшiрiп, талмай iзденiп жетiптi. Әрине, өзiн оқушы қауымға жазушы ғып табыстырған дәл сол «Табылған теңiз» повестiнен кейiн де өнердiң кәусар бұлағы бұрқылдап қайнап жүре берген жоқ. Одан соң да талмай iзденiс, ойға бөккен күндер, күдiк пен күмәнға толы күндер өтiп жатты. Араға бiр жыл салып «Белгiсiз солдаттың баласы», тағы бiр жыл салып «Бұлтсыз найзағай» сосын үш жыл өткен соң «Мылтықсыз майдан» повестерi келдi дүниеге. Содан соң «41 жылғы келiншек», «Интернат наны» жинақтары, осыдан екi жыл бұрын «Қара маржан» романы жарық көрдi. Өткен жылы «Мылтықсыз майдан» жинағы мен «Қызыл жебе» романының журналдық нұсқасы жарияланды. Он бес жылда отыз очерк, он сегiз әңгiме, төрт повесть, екi роман.

Әрине, аз ба, көп пе деп сауал тастауға болмайды. Өйткенi, жазушының мiндетi, талант-талғамы аз не көп жазушымен өлшенбейдi. Жалпы, өнер адамына мұндай сауал қоя алмайсың. Бiр ғана шығармасымен әдебиет, өнер тарихында мәңгiге қалып қойғандар да болған. Махамбет өлеңдерi бiр томнан, ұлы Абайдың бар шығармасы екi томнан аспайды. Саттар Ерубәев жалғыз «Менiң

құрдастарым» романымен, Баубек Бұлқышев бір топ публицистік дүниелерімен қазақ әдебиеті тарихында із қалдырды.

Асылы, әр жазушы өз жолымен, өз еңбек қаракетімен танылады. Біреу әдебиетке ерте, біреу кеш келеді. Біреу аз, екінші біреу көп жазып келеді. Біреу алғашқы шығармасымен-ақ жұртқа әйгілі болады. Енді біреу бірте-бірте танылып бірден-бірге ысыла береді.

Біздіңше, Шерхан бірте-бірте өнер ұстартып келе жатқан жазушы. Оның алғашқы «Табылған теңізі» мен кейінгі «Қызыл жебе» романы арасында көп өзгеріс бар. Сонда «Табылған теңіз» әлсіз болғандықтан емес, «Белгісіз солдаттың баласы», «Бұлтсыз найзағай», «Мылтықсыз майдандардың» бірінен-бірі өткендігінен де емес; ол өзгеріс жазушы мәдениеті, ішкі тереңдік деген ұғымдардан шығады. Егер үніле қарасақ, көп сөз болған «Қара маржанда» да олқылықтар бар. Ол олқылық Нариман мен Жарас арасындағы тартыстың аса сенімді еместігінде жатыр. Алайда, бұл роман осы екеуінің тартысына ғана құрылған деуге әсте де болмайды ғой. Біздің социалистік қоғамда адамдардың қарым-қатынысынан әлеуметтік саяси тартыс іздеудің өзі босандық болар еді.

Ал, бұл тартыс адамдардың мінез-құлқынан, пейіл-пиғылынан, әлгі айта беретін жақсы-жаманынан шығып жатса – міне, бұл жөнінен Нариман да, Жарас та өз мінез-құбылыстарымен көрінген кейіпкерлер.

Егер біз Шерханның алғашқы повестерінен лирикалық, романтикалық әуендерді аңғарсақ, кейінгі «Қара маржан» мен «Қызыл жебеден» сауатты, мәдениетті прозаға лайық байсалдылықты, пайымдылықты көбірек байқаймыз. Тіпті соңғы 5-6 жылда жазылған шағын әңгімелердің өзінде салауат-салмағы анық шеберлікке ойысқан өзгеріс байқалады. Біздің әлгі Шерханды іштей өсу үстінде деуіміздің мәнісі де осында.

Романтика демекші, «Табылған теңізде» Орал өртпен арпалысқан сәтте романтикалық асқақтық нышан береді. Орал қаулаған өртке жалаңаш аунаған тұсты еске алсаңыз асқақ бір күйді танысыз. Бүгінгі адамдардың бойына ондай романтикалық асқақтық лайық та ғой. Міне, сол асқақтықты аспай-саспай, байыпты суреттеп бере білген.

Біз бұрынырақ «Қара маржанға» әдейілеп тоқтап, ой-пікірімізді айтқанбыз. Қазір сол ойларымызды қайталамай, үстемелеп қосар болсақ, онда Шерхан қазіргі ғылыми-техникалық революция тұсындағы өз тұстарымыздың жасампаз қаракетін, білімді, ойлы

қабілетін аша отырып, сонымен бірге олардың пиғыл жөнінен, ішкі сезік-күмән, күдік, махаббат, қарамдық жөнінен баяғы сол адам күйінде қалып қойғанын түгел түйсініп суреттеуге тырысқан. Сонымен қатар бұл романдағы советтік характерлер жасаудағы жазушының айрықша табысын атап айтқан жөн. Осы романдағы асыранды арқардың Жарастың қолынан мерт болуының өзі, жақсылықты көріп, жақсылыққа, адамшылыққа, өмір-тәттіге бой алдырған пәк тазалықтың жамандыққа, қаныпезер қаскөйлікке тап болуы әлгі айтқанымызға әбден дәлел бола алады. Бүгінгі замандастар өмірін арқау қылған бұл романды қазір бәріміз жұмысшы тақырыбына жазылған деп қайталап айта беретін болдық. Расында бұл тақырыпқа байланып, тақырыпты ғана малданып қалатын шығарманың сортынан емес. Бұл, сол өнердің ең басты мұраты – адамды, адамның қаракетін, адамның пиғылын шынайы суреттеуді мақсұт тұтқан шыншыл өнер туындысы деуге керек. Сондықтан бұл сияқты салмақты, салихалы, салдарлы романның Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынылуы әбден орынды дейміз.

Біз, әсілі, әңгіме жаза алмаймыз. Әңгімеміз кейде повесть, кейде очерк боп, екеу ара тірлікке жатып, жадағайланып кетеді. Оның үстіне әңгіме жанрының табиғатын түсінбей ит-ырғылжың күн кешеміз. Шерханның іштей өскенін, суретші боп өскенін бір дәлелдесе «Бір нәзік сәуле» типтес әңгімелері дәлелдейді.

Осында:

Шағын әңгімеге жарасатын – қысқалық, киіктің асығындай шып-шымыр боп шыйырылып жататын қысқалық білінеді;

балладаға бергісіз ішкі тереңдік, ішкі мазмұн байлығы байқалады;

новеллаға тән тосын шешім, тоқыраушы әуен болады.

Бұл – айтуға жеңіл. Және әңгіме жанрының ішіне терең бойлап, ақ-қарасын ашып жүрген сыншы жоқ. Егер бұрын-соңды айтылып жүрген болса, ол тек қана сырттай қарпып қалу ғана. Әсілі, әңгіме жазуға, әңгімеге лайық ағаш үйдің сүйегін табуға уығын жонып, керегесін көктеуге үйренген суреткердің қолтаңбасы көрінуге тиіс.

Дәл осы тұрғыда Шерхан Мұртазаевтың «Бір нәзік сәуле», сосын, тағы сондай: «41 жылғы келіншек», «Сол бір күз», «Шекшек шырылдайды», «Шақалақ», «Жаңбырлы той», «Сусамыр» әңгімелері бүгінгі сауатты прозаға құп жарасарлық көркем дүниелер.

Біз бұл әңгімелердің ішкі мазмұн, түйінін қайта дәлелдеп, таратып жатпаймыз. Бірақ, дәл осы әңгімелерде сарғайған сағыныш,

айықпас мұң, үзілмес үміт жатады да, сосын, адам баласының бір сәт тыныштық тілеген сезім-сезігі шап береді. Шала ұқпасын, шалағай түсінбесін деп шаң береді.

«Қызыл жебе» - қазіргі мәдениетті прозаның жүгін қайыспай көтеретін, үлкен талғамнан табылатын сүбелі туынды. Біз, әуелде журналда жарияланғанда, «Бірінші кітап» аталуына қарап, көп томды шығармаға жабыла жүгіретін болдық-ау, Шерхандікі де сол жарысқа бәлкім деп дүдәмал ойлап, оқығанбыз. Жоқ, ол ойымыз қате екен. Роман көлем қумай, талдап, таратыңқырап жеткізу ниетінен туған етек-жеңі кең арқаулы, арналы – бір өріс, өзгеше бір тыныс аңғарылады. Дүниені дүр сілкінткен, жаңа заманның, жаңа дәуірдің анық басы болған Ұлы Октябрь социалистік революциясының Қазақстанда қалайша жүзеге асқанына соғатын үлкен тақырып арқау боп алынған екен де, оның өзі белгілі революционер, мемлекет қайраткері, мүлде жаңа сипаттағы күрескер бейнесі арқылы, соның өсу, есею, толысу, күрескер боп қалыптасу кезеңдері арқылы көркемдік шешім тауыпты.

Романның бас кейіпкері – Қызыл жебе – Тұрар Рысқұлов. Мынау алғашқы кітапта сол Тұрардың балалық шағы суреттеледі. Шынға келсек, Тұрар арқылы әкесі – Рысқұл, Рысқұл арқылы Тұрар өмірі көркем туындыға айналып, үстіміздегі жиырмамыншы ғасырдың бас кезіндегі қазақ халқының тірлік-тіршілігі өзіндік ырғақ, әуені, тіл стилі бар өзгеше бір суреткердің қалам қырына, көз қырына ілігіпті. «Қызыл жебе», шынында Шерхан Мұртазаевтың творчестволық лабораториясының кеңейіп, көркемдік құралдары байи түскенін көрсетеді. Бұл қазақ әдебиетіне қосылған табысты туынды, тарихи-революциялық тақырыпқа қосылған талайы шығарма болар сыңайы бар.

Жаңа романда Мұртазаев тіл жөнінен көп өскен, іштей өскен. Кейіпкерлердің сөзі мен ісінен, қағыс-қаржасынан табиғат бояуынан, авторлық баяндау тұстарынан қазіргі прозаға лайық сындарлы мінезді, ұстамдылықты, төгіліп-шашыла бермейтін ұстамдылықты, ширақтықты байқаймыз. Тілдегі бедер характер мен қимыл-қарекет нанымдылығына ұласқан. Айта беретін мотивация тазалығы – айтылмыш романның көркемдік ерекшеліктерінен саналмақ.

Кейіпкер мінезі демекші, Тұрар Рысқұлов өмірде отты, ойлы жас, тұра тартатын бұлтартпас мінездің адамы болса, мынау шығармада сол тұтас характердің бұлақ бастауы – бала шақтың, жаңа

басталған, енді тұтатып келе жатқан, жаңа қалыптасып келе жатқан жас шақтың – жаңа өркеннің нышанын көреміз. Соның өзінде осы нышандар көркемдік бояу, нақышпен өрілген. Мұртазаевтың Тұрары – көп үміт күттіретін бейне. Тұрар – Әлімбек батырдың, өз әкесі Рысқұлдың тікелей жалғасы. Әлі-ақ сілтенер семсердің, шалқып, лаулай жанатын оттың, әлі-ақ саңқылдап ұшар сұңқардың – болашақ ұлы күрескердің бейнесін аңдатады. Долы мінез, қарау, һарам Саймасай сойдырған шын жүйрік – Қызыл жебенің құлын шағын біз Тұрар бейнесінен көріп, автордың бұл тұста көркемдік шешімі мейлінше сәтті жасалғанын қадай айтамыз. Рысқұлға біткен қайрат, ерге, еркекке, лайық қайсарлық, азаматқа лайық қайырымдылық енді жас Тұрарға бірте-бірте жұғысты, сіңісті боп жатқандай. Біз ертең-ақ Рысқұлдай жаңаша, өзгеше қалыптасқан жалғасын көргендей боламыз.

«Қызыл жебе» авторының алдында қиын міндеттер болғаны белгілі. Әрі-беріден соң күмәнді, күдікті, жүрек сескендірген, күндіз-түні толғандырған қиын сауалдардың болғаны заңды да еді. Олай деуге себеп – бұдан көп бұрын «Қараш-қараш» дүниеге келіп, оқушы жұрттан өз бағасын алған. Одан соң бұл шығарма кино боп тіріліп, спектакль боп қойылған. Осыдан соң «Қараш-қараш оқиғасына бару, енді тіпті тарихи тақырып деңгейінде бару – автордың алдына сансыз дүдәмал сауалдар тастаса – оның өзі мейлінше заңды еді. Автор батыл екен. Көңілдегі сансыз күдікті түріп тастап, сол Қараш-Қараш оқиғасына тарихи шындық тұрғысынан кеп, қаламды өзінше, ең абзалы ешкімді қайталамайтын нұсқада тартты. Документтік дерекке сүйене отырып, тағы оған байланып қалмай, көркемдік шешім іздестіру – суреткерлік. Оқиға Рысқұл ойымен, Рысқұл сөзімен өрбиді. Ішкі сырдың ақтарылу сесебі нанымды жатыр. Рысқұл өз басының ғана шер-шеменін қазбалай берсе – оның азаматтығына сын болар еді. Рысқұл өзін емес, өзімен бірге ауа кешкен азғантай ауылдың ауыртпалығын да білдірсе, қазып әңгімелейді. Жас Тұрарға айтады. «Оян, Тұрар!» деп айтады. Ертеңгілер, кейінгілер білсін деп айтады. Рысқұл Александр Бронниковке де айтады. Кедейдің, азаматтың бірі ғой деп айтады. Роман сонда да «менге» - бірінші жаққа байланып қалмаған. Бірінші жақ – «мен» авторлық «менге», авторлық «олға» айналып, өзгеше көркемдік шешім тауып кеткен. Романда «әттеген-ай» дегізгерлік бір нәрсе» - Саймасайдың толық көрінбеуі. Бұл бірақ, автордың о баста ұстанған мүддесі болуға керек. Саймасайдың қатпар-қалыңын

«Қараш-Қарашты» көрген оқушыға енді ішіне үңіле беру керексіз көрінген түрі бар. Мұны біз бір рауаятта дұрыс деп те білеміз. Ал, Рысқұл болса, «Қараш-Қараштағы» Бақтығұлдың нақ өзі емес. Бұл – тарихта болған Рысқұл. Сондықтан, сөз Тұрарға, яғни әкеден балаға кешер алдында сол әкенің өз хикаясын естуіміз әбден орынды да еді.

Романды толық талдап, пікір айту – алдағы тірлік, роман жарыққа шыққаннан кейінгі тірлік. Ал, әзір шығармадағы көптеген кейіпкерлердің көркемдік шешім тапқанын Ахат қария, Сақан балуан, Омар, Қара Иван, Бронников, Дауылбай, т.б. бейнелерінің есте қап қоятын мінез-тірлігі барын ғана айтамыз.

Шерхан Мұртазаев – қазір кемеліне келген үлкен суреткер. Сол творчестволық кемелдік «Қызыл жебе» романның анық көрінеді. Тіршілік атты қиынның қалтарыс-қалыңына ой жіберіп, талғам көзін, саларлық, жақсы-жаманға талдау жасарлық сабыр, салауат тапқан сыңайы бар. Анық суреткерге тән мұндай мінез оп-оңай, қалай болса солай келе бермейді. Ұзақ ізденістен табан аудармаған еңбектен кейін ғана қалыптасып, орнығатыны белгілі. Шерхан дәл қазір сондай көшелі мінезге көшкен.

**Төлеген ТОҚБЕРГЕНОВ,
«Лениншіл жас», 9 тамыз 1978 ж.**

БЕСЕУ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР

Қилы-қилы қияметқайымға тең қоғамдық құбылыстар кезі, сындарлы сәттегі ел мен халық тағдыры қай шығарманың болса да түпқазығы, жасқанбай көтерер арда туына айналса қашанда парасат нысанасына дөп тиіп жатады. Бұл алтын көмбеге әр жазушы өз өмір және өнер тәжірибесі арқылы келетіні де дау-далаба туғызбайтын шындық. Шын суреткер оған әлде бір жүрек, сезім мен ой құбылнамасының бағыт көрсетіп, нәзік сілтеуімен жол табады. Бұндайда ең бастысы – төл тақырыпты ұқсата, келістіре жырлап, шеберлікпен жеткізіп беруде жатыр.

«Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір» арқылы кең құлашты, терең ырғақты дәуірлама жазуға белсене кірісіп, тетралогияның алғашқы

кітаптары жұртшылықтан лайықты бағасын алып, қабырғалы қаламгерлердің алдыңғы қатарына қосылған Шерхан Мұртазаевтың үлкен шығармашылық жұмысының қорытынды тұсына келгенде, күтпеген жерден драматургияға баруы бәзбір замандастарына тосын көрінген де болар. Әлде бұл кенеулі, кернеулі тақырыптың бір аяға сыймай басқа жанрға тіленіп тұрғанын тап басу шығар. Әйтеуір, Қ.Ысқақовпен бірігіп жазған «Қызыл жебеден» кейін ізін суытпай, сахнаға дербес соқпақ салып үлгерді. Соның жемісі ретінде бірер жыл беделінде «Сатлинге хат» және сол аталмыш халық пен тұлға қасіретнамасының жалғасындай болып «Бесеуді хаты» дүниеге келіп, көрермен көпшілік жүрегін жаулап алды. Ия, бұлар жай хаттар емес, қасіретті хаттар. Ал алғашқы «Қызыл жебені» қосқанда бұл үшеуі де жазылуы, қойылуы жағынан пайымдар болсақ, саяси спектакльдер санатына жатады. Олардың бәрінен сәуірде аңқылдай соққан алтынкүрек іспетті жариялылықтың лебі еседі.

Осы орайда дүниежүзілік драматургияға өзгеше әлем әкелген А.Чеховтың, М.Горькийге жолдаған бір хатында әуелі сахна шартын меңгеруге үндеп, одан кейін пьеса жазудың онша қиын емес екенін айтып кеңес бергені еске түседі. Шынында да бұрын-соңғы әдебиет тарихында жанрын таппай ғұмыр кешкен жазушы аз ба?

Ал, қалай дегенде де, ендігі жерде Ш.Мұртазаевтың драматургиясын кездейсоқ оқиға деп қарауға болмайды. Ол қазіргі рухани қажеттілікті жақсы ұғынып, сезініп, түйсінуден туған. Бүгіннің биігінен аталмыш авторды бір кездері сүттей ұйып отырған қара орман қалың елді құлақ естіп, көз көрмеген сұмдық зобалаңға душар етіп, шілдей бытыратып, тентіретіп, босқынға ұшыратқан отызыншы жылдардың қиямет ашаршылығының психологиялық-әлеуметтік астарын қопарып, зерделі зерттеп, көркемдікпен деп қойған ұлттық топырақтағы бірден-бір қаламгер десек, артық айтпасақ керек.

Қалай дегенмен аштыққа ұшырап, қырылып жатқан туған халық туралы үшбу хат жазылды. Ол орасан үрей тудырып, қансырап жатқан Қазақстан басшыларының төбесінен ашық күні жай түскендей етіп, тоғышар топты одан сайын дүрліктірді. Жазықсыздан жапа шегіп, қасірет бұлты қоюлана бастады...

Егер «Сталинге хатта» тағдырлар тартысы Тұрар мен Иосиф төңірегінде топталып, сол тұрғыда шешіліп жатса, бесеу мен басқалар арасындағы арна өзгеше бір ауқымды өрісте өрбиді. Әрине, таразы басы тең емес. Бір жағында әкімшілдік-әміршілдік биліктің бишігін

ел үстіне үйіргендер болса, екінші жағында – халқының қамын жеп, бас көтерген азаматтар. Қазір өбектететін ешнәрсе жоқ. Ол кезде партия басшылығынан қатардағы қарапайым мүшесіне дейін асыра сілтеу мен ауытқуларға көп жол берілді. Балапан басымен, тұрымтай тұсымен кеткен заманда жеке мүддені былай қойып, қасірет жамылған халықтың жай-күйін ойлау екінің бірінің пешенесіне жазыла бермеген. Ол үлкен қасиет еді. Сондай ерлікке барабар әрекетке жас жазушы бастаған үркердей топтың батылы барғаны қандай ғанибет. Зорлық пен қорлықтан құтылу үшін адам өзіндегі құл-құтандық сезімді жою қажет деген ғибраттың жаны бар.

Сөз басында қойылымдағы режиссура мен сахна суреттің хал-қадерінше шынайы шешім тапқанын бірден айтуды жөн көрдік. Ол жалпы жұртшылықтың спектакльге деген ыстық ықыласы, сүйіспеншілігінен сезіледі. Біз бұл жерде драматург, режисер, суретші немесе артистерге шүлең таратқандай бас-басына үлес бергелі отырғанымыз жоқ. Тек сөз ығыты келгенде көп көкейінен шыққан дүниенің өмірге жолдама алғанын баса көрсеткеніміз мақұл секілді.

Күні кеше ғана қақ ортамызда сөз думнын қыздырып, маңғаз марқасқа қалпы жүріп, парасат пішінімен тәнті еткен Ғабит Мүсірепов біз үшін әлі тарих болып үлгерген жоқ. Бәлкім, оның тал бойында да әлде бір пендешілікке тән беймәлім осал тұс болған шығар, бірақ қандай бір қиын қыстау күнде де суреткерлік һәм азаматтық асыл мұраттарынан айнымай, бар ғазиз ғұмырында партия мен халқына қалтқысыз қызмет көрсетудің үлгісін көрсетті. Оның асқақ тұлғасы барған сайын биіктеп, алыптар тобымен алтын көпір болып жалғасып жатыр. «Бесеуге хат» оның бейнесін тағы да ортамызға оралтты. Сағынып қалған екенбіз. Үнемі шеберлік шыңына өрлеу үстінде танылып келе жатқан артист Досхан Жолжақсынов өз күрделі кейіпкерінің жан-дүниесін сенімді жеткізеді. Жаратылысында бекзаттыққа бейім, зият болып өткен тұлғаны жан-жақты кескіндейді. Алайда, сәлге болса да, кей сәтте белең беріп қалатын одырандау мінез діттеген жерге жеткізбейді. Тәкаппарлықтың да жөн-жосығы бар. Әлбетте, онымен біз сахнагер мен кейіпкерден сыртқы ұқсастық іздеп отырмағанымыз белгілі. Біздікі ылғи да ішкі иірімдер буырқанып шығып жатса екен игі тілек қана.

Зады, жақсылықтан жақсылық іздемейді. Ол зұлматпен, нәубетпен, жаманшылықпен жалғасқан жанкешті айқаста өзінің бет

бедерін танытады. Сонау жанға жара, жүрекке тыртық салған – тақсиреті көп уақыт кімнің кім екенін көрсетіп берді. Қырандар қарғалар тобына ешқашан қосылған емес. Олай болса, өткеніміз өзек өртеп еске түскенде, безгек ұстағандай болатынымыз неліктен?

Соның айғағындай, драматург бір сөз ыңғайында, Голощекиннің аузына әдейі Омар Һайямның рубаяты деп Қожа Хафиздің хас сұлудың меңі туралы жырын салады. Соның өзінен танымы тайыз, өресі тар желбуаз жанның кескіні көз алдына келеді. Тіпті әлгі әсер Сталиннің саяжайындағы кездесуде шараптан масаң тартқан Голощекиннің тілі кекештене бастағанда өрши түседі. Кезінде біздің республика түгіл, Отанымызда шаруашылық, мәдениет пен ел басқара алмайтын қаншама басшысымақтар болды десеңізші. Оны жариялылық жарық жаһанға жар салып, енді ішкі һәм сыртқы бостандықты сезіне бастағанда өткен ХІХ партия конференциясы мен биылғы ССРСР Жоғарғы Советіне өкілдер сайлау барысы мен тап қазір Москвада өтіп жатқан ССРСР Халық депутаттары съезінің барысы айқын көрсетіп отырған жоқ па? Жоғарыға жалтақтап, төменгілерге талтақтап, өз деміне өзі пісіп, зердеде қаракөлеңке қалдырған үлкен-кіші көсемдер жоқ емес. Режиссер әрі актер Р.Сейтметов сомдаған Голощекин образы – соның бірі. Ол саяси күрес мәдениетінен бейхабар. Оспадар. Қатыгез де қытымыр көрінуге тырысады. Керек болса, ол Жантоқов, Елеусіз сияқтылардың жағымпаздығы мен әлсіздігін қатты пайдаланып, оларды өзіне қолшоқпар етеді. Амал жоқ, ол да өз уақытының төлі. Оның бар болмысын өрелі өнерпаз қарама-қайшылығымен жайып салады. Өз басымыз Райымбектің баяғы «Беу, қыздар-ай-дағы ақын бейнесінен кейін дәл осылай беріліп те, шешіліп те ойнағанын көргеніміз осы секілді.

Сондықтан бұл жолғы ролін оның бірегей табысына жатқызғымыз келеді. Алайда, аламан бәйгеге қосылған сәйгүліктер жақын сөреден қайырылмақ емес. Оны алда ұдайы үлкен сындар күтіп тұрады. Сондықтан Сейтметов сынды өнер иесін артист ретінде де жиірек көріп тұрғымыз келетінін сөз орайы келгенде жасырмай айтқымыз келеді.

Бұл қойылымда айрықша тоқталмай кетуге болмайтын бір образ бар. Ол – Балым, Амангелді сынды сардардың сүйіктісі ел басына күн туғанда да аштықтан азап шеккен шерменделердің ішінен табылады. Шыбын жаны шырылдап, тозақ отын өшірмек болыпсу тасыған қарлығаштай күй кешеді. Талай ойынымен тамсандырған Гүлжамал

Қазақбаеваның Балымы шын шабыттың шынары. Шығарма шырқау шегіне жетіп, жетім жұрттың орнында қалып, шырқырап жатқан нәрестені Балым бауырына басқан көрініс қандай: сай-сүйегінді сырқыратып, төбе шашынды тұрғызады. Бұл, сөз жоқ, талант күші. Немесе, тұмсасынан тұл қалып, қасірет-қайғы үстінде суалып қалған тас емшегін жібіткен әйел бейнесін барынша айшықты бедерлеп беру оңай ма? Қан додада дара шығып қалған дарын өз қабілетіне бірде-бір күмәндандырмайды. Осы сахнаға сан қырын таныта келген өнер иесінің айы оңынан, жұлдызы солынан туғандай болып көрінетін шығар. Дегенмен, оның ар жағында қаншама ащы маңдай тер төгіліп, қаншама түндердің ұйқысыз өткенін сеземіз. Тек үздіксіз табанды, жанқияр еңбек қана осындай шынайы шеберлікке жетелейді. Басқаларын айтпағанның өзінде, Қазақбаеваның кейінгі кездерде жасаған М.Әуезовтің «Алуасындағы» Алуа, Ф.Оңғарсынованың «Бақыт пен мұңындағы» Ақын тұлғалары ұлттық театрымызда күнінде, айында, тіпті жылында жасалып жүрген жоқ десек те артық кетпеспіз деп ойлаймыз. соның өзінде біз Гүлжамал жасайтын кейіпкерлердің кесектері келешекте екеніне сенгіміз келеді.

Біз әлдекімді бөле-жарайын деген ниеттен аулақ бола отырып, қадау-қадау үш рольге тоқталдық. Сөйтсе де, олар қайткенде де көлегейлей алмайтын Сталин образын (А.Ысмайлов) тілге тиек етпесе тағы да болмайды. Оның үстіне біздің баспасөзде қазір Сталин мен оның дәуірі атышулы тақырыпқа айналды. Ол есімді атағанда, кейбіреулер сымдай тартылып, кейбіреулер кірпідей жиырылып, ал қайсы біреулердің езуіне күлкі үйіріліп жатады. Әйтеуір, ешкім бейтарап, бейқам қалмайды. Бұл оған деген көзқарастың біркелкі еместігінен туындайтын жайлар.

Ойлай берсе, Россия тарихы өте қызық. Өткен ғасырдың ортасында (1856 ж.) мемлекетті отыз жыл темір тәртіппен билеп-төстеген І Николай өліп, ең артта қалған жалпақ жұрт өмірінде күрт өрлеу басталды. Қоғам алдына «Не істеу керек?», «Кім айыпты?» секілді ашық та батыл сауалдар қойылды. Содан жүз жыл араға салғанда, тағы да ширек ғасырдан астам ел басқарған «барлық елдер мен халықтар көсемінің» қайтыс болуы да алма-кезек үміт пен күдікті қайта оятты. «Жылымық» сірескен сіреу мұзды ерітті. Артынша тоқырау кезеңі қайта құрудың басталуын жеделдетті.

«Бесеудің хатында» жоғарғылармен қанаттас көрініп, әртүрлі жағдайда өздеріне лайықты өлшем деңгейінде іс-әрекет танытатын Елеусіз (М.Құланбаев), Құрамысов (А.Айдарбеков), Күлөнда

(Л.Кәденова), Нұрхан (С.Есенқұлов), Иванов (С.Сейітмамытов) және басқаларды қосалқы ғана бейнелер деуге ауыз бармайды. Әрқайсысы шытырман шақтың жүгін көтеріп жүр. Бәлкім, біреуі аз, ал біреуі көп көтерер. Бірақ, тұтас туындыны толыққанды түрде, сындарлы сипатта шығара білу осы көркемдік күштің еншісіне жазылған. Егер бұлардың әлде біреуі жоқ болса, оның орны үңірейіп тұрған болар еді.

Шерхан Мұртазаевтың шығармасы үш үйдің бірінің шаңырағы шайген ашаршылық жылдардың ащы қалып, үш үйдің бірінің ошағы сөнген шындығынан сыр шертеді. Ол халық қасіретінің қайғылы хикаясы. Сол себепті де, автордың бұрынғы сахналық туындыларымен өзектес. Кейбіреулер бұл шығарманың көркемдік деңгейіне күмән келтіргенсіп, дәйектемелі сипат іздейді. Бұл мүлде дұрыс емес. Өйткені, драматург бізге документальді дүние ұсынып отырған жоқ. Ендеше көркем шығармаға бірқатар шарттылық тән болатынын ұмытпаған абзал. Ең бастысы Голощекин жүргізген саясаттың тауқыметін шеккен қазақ халқының көкейіне орнығып қалған қатыгез, ұрдажық, келте ойлап, кем пішетін басшының бейнесі дәл берілген. Міне, шындықты осы төңіректен іздеген дұрыс. Ал кеңесшілдіктен көрініс беретін, көпшілік набыт болатын тұстардағы аз-кем ұқсастықтардың тақырыптық бірлігінен, тұтастығынан, автордың қасіретті жылдардың шындығын ашып көрсету арқылы ұлттық-азаматтық сананы ояту, кезінде жіберген босбелбеулік, көнбістік сияқты кемшіліктерімізден сабақ алу мақсатынан туған деп түсінген жөн.

Біздіңше, қалай болғанда да сын айту міндет емес. Жөнсіз жанашырлық білдіру де жарасымсыз. Республикалық балалар мен жасөспірімдер театрының жаңа қойылымы, оның ішінде жарқырай ашылып келе жатқан Ш.Мұртазаев драматургиясы әзірше осындай ойлардың қозын көседі. Ол көзіқарақты көпшілік көрермен көкірегіндегі отты да маздатады деп ойлаймыз. Ал жастар театрының бұл тақырыпқа қайта-қайта оралуын ұрпақ санасын тәрбиелеуге деген игі құлшыныс деп бағалау керек. Демек «Бесеудің хаты» дер кезінде туған қажетті спектакль.

**Аян НЫСАНАЛИН, Ислам БЕЙСЕБАЕВ,
«Алматы ақшамы», 2 июнь 1989 ж.**

ДЕПУТАТТЫҚҚА КАНДИДАТҚА КУӘЛІК ТАПСЫРЫЛДЫ

Бүгін хабарлағандай №86 Меркі сайлау округі бойынша Қазақ ССР Халық депутаттығына кандидат болып республикалық «Социалистік Қазақстан» газетінің редакторы, жазушы Шерхан Мұртазаев тіркелді.

Өткен аптада депутаттыққа кандидаттың куәлігін тапсыру рәсімі болып, аудандық атқару комитетінің төрағасы Ө.Қ.Қырғызбаев жұртшылықты депутаттыққа кандидатпен таныстырды. Округтік сайлау комиссиясының төрағасы М.Әбдеков комиссия шешімін хабарлап жазушы Ш.Мұртазаевқа кандидаттық куәлік тапсырылды.

Ш.Мұртазаев көрсеткен жоғары сенім үшін алғыс айтып, алдағы жоспар-мақсаты жайлы әңгімелеп берді.

Қазақ ССР халық депутаттығына кандидаттың сенімді өкілдері болып республикалық «Парасат» журналының бас редакторы Б.Нұржекеев, осы журналдың бөлім меңгерушісі О.Әмірқұлов, Т.Рысқұлов атындағы колхоздың басқарма төрағасы Қ.Иманалиев Ново-Воскресеновка селолық Советі атқару комитетінің төрағасы А.К.Духнов, Ойтал поселкелік Советі атқару комитеті төрағасының орынбасары С.Ж.Хелаев бекітілді.

Жазушы Ш.Мұртазаев аудандық тарихи-өлкетану музейінде болды.

**«Коммунизм туы»
5.06.1990 ж.**

ЖАЗУШЫ Ш.МҰРТАЗАЕВТЫҢ «ЖАТ ЖҰРТТАН ІЗДЕМЕЙІК ПАЙҒАМБАРДЫ» АТТЫ МАҚАЛАСЫНА ОРАЙ

КӨЗҚАРАС

АҚИҚАТ АНЫҚ АЙТЫЛҒАН

Тарихтың астары мен сынына терең үңіліп, оны көкірек көзінің сүзбесінен өткерген Шерхан Мұртазаевтың мақаласын тебірене оқып шықтым. Бұрын-соңды мұншалық айқын да ашық айтылғаны жадымда жоқ. Осы уақытқа дейін халқымыздың өткен жолына қалай көз жұма қарап келгенбіз? «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламаның

тұсында «елім-айлап» көзіне қан аралас жасы төгілген қазақ байғұстың кейінгі көргені де өлмешінің күні екен ғой.

Россияға өз еркімізбен қосылсақ та патшаның қара ниетіне, яғни отаршылдыққа ұрындық. Қазақтың шұрайлы жері «переселендерге» тартып әперілді. Соның кесірінен қайтыс болған кісіні ата-бабамыздың қорымына қою үшін орыс байларына алақан жаюға мәжбүр болдық. Бұл айтылғандардың бәрі мейлі, отаршылдықтың өктемдігі делік. Бірақ, барша халық болып, қалың кедей тізе қосып қолымыз жетті ме деген теңдік дәуірінің тұсында да әлгі отаршылдықтың сілемі сақталып қалғаны қандай өкінішті. Голощекиннің «Кіші Октябрь» саясаты халқымыздың тең жарымынан астамын аштықтың құрбаны етсе. Хрущевтің «Тыңды бағындыруы» қазақ деген халыққа тағы бір соққы болып тиді емес пе. Дәл сол «Тыңды бағындыру» кезінде мыңдаған қазақ ауылдарының шаңырағы шайқалды, қазақ мектептері жабылды. Сол кезде күйі қашқан ауылдардың түтіні әлі де тұзу ұшып отырғаны шамалы. Бүгінгі шағын елді-мекен дегеніміздің ілуде бірі болмаса, көпшілігі қазақ ауылдары. Суға, жолға жарымай отырғандар да солар. Әрине, бұл ауылдардың осындай күйге ұшырап отырғаны – белгілі бір адамдардың пиғыл-ниетінен туындаған белгілі бір саясатының нәтижесі емес деп кім айта алар? Әйтпесе, даласының бүйірін тесіп Байқоңырынан ғарышқа мыңсан Жасанды жер серіктерін ұшырып жатқанда ауыл адамдары «құдайдың» қара суын талонмен ішіп отырғанын қалай түсінеміз.

«Ақым кетсе де, айташағым кетпесін» деген халық даналығына сүйенсек, көңілімізде көң сасып, көмейімізге кептеліп қалған сөз аз ба? Адамзаттың ала-құласы жоқ, бәрі жер-ананың ортақ перзенттері десек те, бір халықты келесісінен тым биіктетіп, марапаттауды ойлап шығарған кім? Айталық, мектеп оқулығында болсын, баспасөз беттерінде не ауызекі болсын «Орыс халқы – ұлы халық» дегенді жиі оқып, жиі естиміз. Орыс халқының мәдениеті мен өнерінің өрістілігіне ешкім шек келтірмейді. Бірақ, бұл – орыс халқының өзге халықтардан ұлылығына өлшем бола алмаса керек, Жер бетіндегі әрбір халық, әрбір ұлт өзінің тілі, салт-дәстүрі, тарихы мен өнері арқылы - ұлы. Сондықтан, халықтардың бірін бөліп алып үнемі әспеттей беру өзге халықтардың, айталық, қазақтың не өзбектің, әйтпесе украин, немістің, т.б. көңіліне келуі мүмкін. Олар өзінің орыс болып жаратылмағанына, сөйтіп ұлы халықтың ұрпағы болмағандығына іштей өкінері, сөйтіп өз ұлтына үрке қарауы сөзсіз.

Міне, осыдан келіп, өз қанынан өзі жиіркенетін, атасынан қалған асыл мұраның бәрінен бас тартып, оны мансұқ ететіндер пайда болады. Ал, біз болсақ «мына немелер қайдан шықты» деп таң қаламыз. Шындығында, олар аспаннан түскен жоқ, бәрі өзіміздің берген, олардың санасына кішкенесінен сіңірген тәрбиеміздің жемісі.

Кешегі «Ат басына күн туып, ауыздағымен су ішкен, ел басына күн туып, етігімен су кешкен» Ұлы Отан соғысы жылдарында еліміздің барлық халқы өз кеудесін басқыншы жаудың алдынан қалқан қылып тұтты. Халық ауызбірлігінің арқасында ғана Ұлы Жеңіске қолымыз жетті. Сол жылдардың бейнесін суреттеген талай-талай киноларда осы ақиқат кейде ұмыт қалуда. Өсер ұрпақтың санасына өткен өміріміздің суретін жартыкеш түрде жеткізіп жатырмыз. Өйткені, соғыс жайындағы түсірілген кинофильмдерге назар аударсақ, солардың қай-қайсысында болмасын солдат та – орыс, оның командирі де – орыс. Ау, басқа халықтардың өкілдері қайда? Әлде, соғыстың бар тақсыр-тауқыметін орыс халқының жалғыз өзі көтеріп, ал басқа халықтар жұлдыз санап жүріп пе еді?

Менің осы айтқан сөздерімді оқығандар «мына кісі орыс халқына топырақ шашып отыр» деп кінәлауы мүмкін. Жоқ олай емес, халыққа қарсы дауыс көтеруден аулақпын. Бірақ қазақтың «бір қарын майды бір құмалақ шірітеді» деген сөзінде шындықты сезінгеніміз жөн болмақ. Тегі, кім-кімнің де ойында жүретін мына бір жайға да назар салыңыз: ақындықтың асқақтығындай Гейнені де, жауыздықтың жалмауызы Гитлерді де дүниеге әкелген де дүниеге әкелген бір халық.

«Ойды ой қозғайды» дегендей сөзді сөз тудырады. Кинофильмдер туралы көңілде жүрген жәйттерді айтып отырып ақырына дейін ақтарылмағаным жарамас. Бұл орайда мен өзіміздің Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» киностудиясының біржақты туындыларына деген өз өкпемді айтқалы отырмын. Бұл киностудияның қай киносын көрмесек те оның ішінде қазақ пен орыстың достығы дәріптелмей қалмайды. Сонда халықтар достығын дәріптеуді тек қана орыс пен қазақтың арасынан іздейтініміз қалай? Басқа ұлттар қайда? Егер тым тәттілей берсек, дәмі кетерін де ұмытпадық.

Жариялылық қанат жайып, көкейіміздегіні ашық айтсақ, мұны ешкім ұлтшылдыққа жорымас. Бірақ, соңғы үш-төрт жылдың бедерінде «қазақ ұлтшылдығы» деген терминді ойлау тауып, Америка ашқандай, бөрігін аспанға атқандар да табылды. «Қазақтың

ұлтшыл - дейді, бұл – өтірік, бұл қазақ ұлтшыл емес, - рушыл ғой» - деп айтыс ақыны Ерік Асқаров айтқандай бірі мен бірі өзара алағөз болса да біздің халқымыз жаратылысынан-ақ өзге жұртты жат тұтпаған. Ендеше, бүкіл халықтың атына әлгіндей қара күйені жапсыра салған кім? Егер партия өзі бас болып сол күйдіргінің аты-жөнін ашық жариялап айтар болса, нұр үстіне нұр.

Қайта құру тұсында халықтың санасы аз да болса оянып, өзінің өткеніне ойлы көзбен қарай бастады. Ұлт саясаты да лениндік принциптер негізінде жүргізілуге ойысты. Дегенмен, орталық баспасөзде Совет Одағының мекендейтін барлық халықтардың өткенін, оның ащысы мен тұщысын көрсетуде әлі де болса жетіспеушілік көп. Айталық 1930-32 жылдардағы аштықтың шындығын, қанды балақ Ермақтың шын бетпердесін және бұлардан басқа да шындықтарды елге, жұртқа жеткізуге тиісті орталық басылымдар неге үнсіз? Осының өзі өткеннің қателіктерінен әлі де болса арылып болмағандығымызды көрсететіндей. Дегенмен, заманның түзеліп келе жатқандығына қуанбасқа болмайды. Осы орайда ендігі міндет – ертеңгі күніміздің келбетін жақсарту өз қолымызда екендігін ұмытпағанымыз жөн.

Жазушы Шерхан Мұртазаевтың мақаласын оқығаннан кейін қолыма қалам алдырған көңілде жүрген көп түйткілдің кейбірі осылар.

Қапсұлтан МАҚҰЛБЕКОВ
«Көкшетау», 1.02.1990ж.

КЕЛЕШЕК ПАРЛАМЕНТ ҚАНШАҒА ШЫДАР ЕКЕН?..

Майлықожа ақын баяғыда-ақ айтқан ғой:

- Мәмілемен іс бітер,

Бас қосып қалса көп есті.

Парламент те сол үшін сайланған жоқ па?

Бірақ бізде елде нағыз кәсіби Парламентті құру және оны қалыптастыру әлі аяқтала қойған жоқ. Ең дұрысы енді басталды. Өткен жылдардағы Жоғарғы Кеңестің тағдыр-талайындағы жағдайлар қаншалықты өкінішті болғанымен тағылым алар өткел кезеңдер екен... Өкініштің орнын оң өзгерістер өтесе керек.

Басы ашық мәселе: бұған дейінгі екі Жоғарғы Кеңестің де құрамы мықты болды. Олар қоғамымызда қалыптасқан жағдайдан асып ешқайда кете қойған жоқ. Тұрақты түрде заң шығарушылықпен айналысатын Жоғарғы Кеңестің өз мәртебесі туралы заң болмауының кесірінен де көп кемшіліктерге ұсынуға мәжбүр болды. Егер сессияның пленарлық мәжілісіне күн сайын 30-40 депутат қатыспайтын болса, не айтар едіңіз? Егер Жоғарғы Кеңестің пленарлық мәжілісінің стенограммалық жазбасынан бірауыз сөйлемей өткен депутаттар кездесе ше? Оған не айтар едіңіз? «Мына құжаттың қазақшасы қайда?» десе, әріптесі «Оның не керегі бар?» деп жүйке жұқартса ше?.. «Шет елге ана депутат неге көп барады мен неге бармаймын?» - деп 110 депутаттың іссапарынан ілік іздеп жатса ше? Қызыл кеңірдек боп айтысып, жұртты мезі қылған жекелеген «қыңыр» депутаттар да жалпы Парламенттің абырой-беделіне кір келтіріп те жатты. Әйтеуір ел ішіндегі ағаттықтар үшін де Парламентті оңды-солды бүгінгі күннің дәстүріне айналған-ды.

Жасырып-жабары жоқ, ең ақыры алатын еңбекақысын да артық көрдік. Ол аз болса, Парламент Конституциялық соттың шешімімен заңсыз деп танылып, тарап кеткеннен соң көлікпен қанша жол жүргенін, қанша жиһаз алғанын да айыптадық. Үш айда депутаттар 613228 шақырым жол жүріпті. Бұл дегеніңіз жер шарын экватор бойынша 15 рет айналып шығу екен. 26472 мың теңгеге Түркиядан мебель алдырыпты. Және 33718 мың теңгенің тұрмыстық жабдықтары депутаттардың қызмет бөлмелеріне қойылыпты. Былтырғы бірер дерек осындай.

Бұған біздіңше, үрке қараудың жөні жоқ. Жеке меншікке жатпайтын, мекемелік бағыныстағы тұрғын үйді жабдықтау керек пе, керек. Мемлекет мұны біле ме, біледі. Қаржы бөлді ме, бөлді. Кімді кінәлау керек енді?

Заң қағидаты бойынша депутат басқа жұмыс істеуге қақысы жоқ. Өз жағдайларын өздері шешуге кіріскен депутаттардың арасында Конституция талабын бұзып, соңғы уақытқа дейін қос қызметін қимай жүріп те алғаны жасырын емес. Бар кінәрат – уақытша регламенттің мәселені ақи-тақи шеше алмауынан «қатпар-қатпар қалың сөз, жалаңдаған жалаң сөзге» ұрынғанымен, Парламент үкіметтегі көп ретсіздікті жөнге сала білді, ең бастысы, Терещенко бастаған үкіметтің дәрменсіздігін дәлелдеп берді. Бұл жеңісі еді. Әйтсе де ел аманатын арқалаған халық қалаулыларының көп уақыты ауыр жағдайларды алға тартып, оны тез шешуді сұрап

сессия үстінде есеп беруге шақыруы үкімет мүшелерінің де шымбайына батпай қоймаған болар. Үш кеме кімдікі? Шет ел инвестициясы, миллиондаған доллар қайда кетті? Бекетова ханымды теледидар тағынан неге түсірмейсің? – дегендей үлкенді-кішілі, тіпті, кейде тұрмысқа қатысты ұсақ-түйекке дейін жалғасқан ащы сұрақтарға шындық жауап іздеген сәттердегі шырғаланды қалай ұмытарсың... Өткен Парламенттегі ең беделді комитеттің бірі болған Экономикалық реформа жөніндегі комитеттің экономикалық концепциясы да үкіметті едәуір әбігерге түсірген жоқ па?

Бұл жолы да Парламенттің үкіметке қарсы өз үнін айта алатыны анық. Ол қандай дәрежеде болмақ? Сірә, қос палаталы Парламент құрылымында бұл «күрес пен тартыстың» қалай өрбитінін айту әзірге қиындау. Түптің-түбінде тартыс ұзаққа созылып тыйылмаса, онда әр жақтың өз дәлелдері жеткілікті айтылар тұста Елбасы заң жүзінде әділ төрелік ететін болады. Үкімет отставкаға кетеді. Немесе керісінше... Ол әрине, заң талабын орындайды.

Қайта-қайта қателікке ұрыну, сайлаушылар мен таңдаушыларды жаяу жарысқа қатыстыра беру де жұртты мезі қыла бастады. Сондықтан Парламент мүшелері мүмкіндігінше сақ, оны орнықты, солы салмақты болғанын қалайды. «Депутаттар кәсіптік жағынан жарамсыз», «Парламентті қуып қайтарудың қажеті жоқ, ол өзі-ақ өледі» деген пікір, сүйекқашау сөздер әу баста айтылып еді-ау... Герольд Бельгердің бірінші сессия жұмысы басталмай жатып-ақ: «Өткен Парламент ғұмыры қысқа болды. Өйткені заман ағымы тым қатты, шұғыл. Әлсін-әлі сілкініс, күрт өзгерістер керек-ақ» дегені де есімізде.

Келешек қашанғы шыдас беретіні көптің көкейінде жүрген дүдәмал ойдың қазанында қазір-ақ қайнап жатыр. Енді екі палата бір-бірімен текетіресіп қала берсе, қалай болады? Сенат депутаттары сырт көзге мәжіліс құрамына қарағанда әлсіздеу көрінбей ме? Сенаторларды өте беделді адамдар деп айта аламыз ба? Шенеуніктер тым көп емес пе? Ол өзінің жұмысын неден бастайды?..

Парламент палаталарының төрағаларын сайлаудан бастайды.

Сенат төрағасы Ата Заң қағидасы бойынша Президенттен кейін екінші тұлға болып саналады. Оған депутаттардың қайсысы лайық. Бұл қызметке кандидатураны Елбасының ұсынатынын ескерсек, көп ретте жағдай күтпеген тұста қызықты жаңалық болып естілуі әбден мүмкін. Қайтсе де қоғамдық пікірдің ауанына қарасақ, бұған дейін Жамбыл облысын басқарған әкім, Президенттің кеңесшісі Өмірбек

Байгелдиевтің есімі көбірек аталып жүр. Талдықорған облысы әкімінің бірінші орынбасары Василий Осиповтың аса жауапты қызметке көтерілуі әлі ерте. Бұл тек болжам. Сейілбек Шаухаманов өз таңдаушыларынан дауысты әзер алғанын ұқсақ, ұсынылуының реті келіңкіремейтін тәрізді. Қалай болғанда да Президент өзіне сенімді, білікті басшы, тәжірибелі саясаткерді таңдайды. Елбасының ұсынысына сенаторлар да жақтап дауыс беретіні сөзсіз.

Мәжіліс төрағалығына талас едәуір деңгейде болады. Таңдау тек депутаттардың еншісіне берілген. Бұл жерде әлдекімдер айтып жүргендей, партиялардың өзара келісімі пәлендей роль атқарады деуіне келісе салу қиын. Әл-әзірге бізде «менің партиям болсын!» деп өліп-өшіп, жанып-күйіп жүргендері шамалы. Иә, олар өзара ақылдасып сарапқа да салар. Ақиқатына келсек, аймақ депутаттарының ықпалы айтарлықтай болады. Бұлай болмаса 67 депутат шын бейнесі айқын, беделі биік тұлғаны таңдауға көшеді. Ол жағдайда да өткен жолы Жоғарғы Кеңесте бірге жұмыс істеген депутаттар белсенділік танытады білем. Негізі үміткер де солардың арасынан сайланып қалуы кәдік. Олар кімдер? Әбіш Кекілбаев, Марат Оспанов, Өмірбек Жолдасбеков, Оразалы Сәбденов, Әлімжан Ахметов және Заманбек Нұрқаділовтің есімдерін атауға болар еді. Тіпті, комитет пен комиссия төрағалығына да бұрынғы депутаттардың қатарында Арғынбай Бекбосынов, Әбдіманап Көпбергенев, Мырзагелді Кемелов, Көбес Ақылбаев, Зәуре Қадырова ұсынылатын болады. Өйткені бұл буындағы ұйымдастыру жұмысы да Парламент қызметінің түпкі тынысы болмақ. Жаңа сайланған депутаттардың арасынан, әрине, Алматы облысы әкімінің орынбасары Мырзабек Ахметов, Жезқазған облысы әкімінің орынбасары Жұмағали Наурызбаев, Алматы қаласы әкімінің орынбасары Шәріп Омаровтың да абырой-беделі, біліктілігі мол көрінеді.

Бірқатар депутаттардың аты-жөнін атап жатқан тұста өткен Парламенттерде турашылдық пен әділеттіліктің қорғаушысы болған Шерхан Мұртаза, Салық Зиманов, Сұлтан Сартаев, Мұрат Қалматаев сияқты өте сыйлы, аса білімді азаматтардың бұл жолы неге сайлауда түспегені мені ойлантады. Әлде «таратылу» мен «тарап кетуден» көңілдері қалды ма екен. «Ат орнын тай басады» деген, егемендігіміз бен азаттығымыз үшін, жер мен тіліміздің мәртебесі үшін табан тіреп күрескен бұл маркасқа ағаларымыздың лайықты ізбасарларын көптеп көрсек деген арман жүреkte жаттаулы тұр.

Тегінде Парламент сөзінің төркіні французша «пирде - сайлау» деген мағынаны білдіреді. Дей тұрғанмен, қазіргі қарбаласқа толы дүние жалаң сөзге, сөзуарлыққа, боссөзділікке қарап тұрған жоқ. Шерхан Мұртаза айтқандай: «Қара суды қанша сапырсаң да май шықпайды». Парламентсіз де дүние төңкеріліп түскен жоқ. Елбасы көптен күткен аса қажетті құжаттарға қол қойып, өмірге әкелді. Сондықтан бұл заң шығарушы өкілетті орган өзінше биік тұрған билік түрінде емес, сол биліктің бір тармақшасы ретінде ғана қызмет етуге тиіс. Ғұмырының ұзақ болуы да ең әуелі осы қағидаттың сақталуына байланысты болмақ.

Қаншаға шыдар екен? Осы сықылды сұрақтарды қазір негізсіз деп айта аламыз ба?..

Мейрамбек ТӨЛЕПБЕРГЕНОВ,
«Халық» газеті, 23 қаңтар 1996 жыл.

ЖАЗУШЫ. ЖУРНАЛИСТ. РЕДАКТОР.

Шерхан Мұртазаев, Қазақ ССР халық депутаттығына кандидат

Жазушының жай тірлігінің өзі халық депутатының қызметіне барабар. Сондықтан, бір қарағанда, жазушы үшін депутат болу бәлендей қажет те емес сияқтанады. Өйткені ол онсыз да өмір бойы елдің сөзін сөйлеп, бүкіл тіршілігін халық игілігі үшін қызмет жасауға арнайды. Солайы солай. Әйткенмен сөзді сөйлеумен, өмірді арнаумен бар іс біте ме? Халыққа ең керегі сөздің жүзеге асқаны, тіршіліктің текке өтпегені ғой. Қысқасы, қай істің де нәтижесі қажет. Ал ол нәтиже көбіне-көп ресми жағдайда шешіледі. Ресми күштің иелері – мекеме, өндіріс бастықтары, былайынша айтқанда, басқару аппаратындағылар. Олармен жеке адам, яғни жазушы боп қана сөйлесу көп жағдайда жеткіліксіз. Олардың ресмилігіне тепе-тең халықтың ресми өкілдігі қажет. Оның сөзі сонда ғана өтімді. Жазушыға халық депутаттығы сол үшін керек.

Әйткенмен жазушының да жазушысы, депутаттың да депутаты болады. Шығармасын жақсы жазғанмен, кей жазушы халықтың мұң-мұқтажын мемлекет пен үкімет алдында айбын сақтап айтып бере алмауы мүмкін немесе айтқанмен де, заңдылықтар мен принциптерді сақтай алмағандықтан, қайран сөзі зая кетуі мүмкін. Сондықтан депутаттыққа халықтың сенімі, ал депутаттың сол сенімге

лайықтылығы қажет. Сенбеген адамын халық сайламауы керек. Ал Мұртазаевқа сенуге бола ма?

Соны ойласып көрейікші.

Шәкең Жамбыл облысының Жуалы ауданына қарасты Талапты деген ауылда туған. Ол Қазақстанды ашаршылық жайлаған әйгілі мешін жылының түлегі. Ол кез – қазіргі күндегі оның шығармаларының белді кейіпкерлері Голощекин мен Сталиннің түү деген түкірігі жерге түспей тұрған кез, ешкімге зияны жоқ момын халқым жер бетінде қала ма, жоқ па деп, Тұрар Рысқұлов, Ғабит Мүсірепов сынды ұлдардың бастарын бәйгеге тігіп, қаһарлы басшыларға хат жолдап, халық тағдырына араша болған кезі. Халықтың басына күн туған кезде, болашаққа сол күннің жоқтаушы ұлы да туыпты. Алайда адамды оның қай кезде туғаны танытпайды, туғаннан кейінгі тірлігі танытар болар.

Шәкең М.В.Ломоносов атындағы Москва мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген. Оның қазақша қалай жазатынын білген жұрт орысша да еркін сөйлейтінін осыдан-ақ аңғаруға тиіс. Екі тілді еркін меңгеру – қазіргі таңда депутат үшін таптыра бермейтін мүмкіндік. Шәкеңнің татарша мен башқұртшаға да қара жаяу еместігін біраз жұрт біледі. Ол тілдерді Шәкең, әрине, өзін жарнамалау үшін емес, өмірлік қажеттігіне бола үйренген. Ондай қажеттіліктің қарапайым аты – ой өрісін кеңейту, әдебиет пен өнер үлгілерінен үйрену, бауырлас халықтардың тіршілігіне бауыр басу, сүйсіну.

Шәкең әуелі «Лениншіл жас» пен «Социалистік Қазақстан» газеттерінде қатардағы тілші боп қызмет атқарған. Кейін, 1963 жылы, «Лениншіл жастың» редакторы болды. Сол кезде жастар газетінің қалай қызғылықты оқылғанын, таралымының қалай көбейгенін дәл сол жылдары студент болған біздер өте жақсы білеміз. Жетпісінші жылдың аяғында Шәкең «Жалын» альманағының бас редакторы болды. Ол кісі редактор болып келгенде 50 мыңнан таралатын альманах 73 жылдары 100 мың таралыммен шыға бастады. Әдебиет айналасындағы шимай-шатпақ, күлдібалам шығармалардың авторларына өлтіре соққы берген «Тураби трибунасы» деген айдар альманахта Шәкең редактор боп тұрған аралықта өмір сүрді. Әдебиет көркемдігі, шығармашылықтың мақсаттылығы үшін альманах аяусыз күресті.

Содан кейін Шәкең «Жұлдыз» журналына бас редактор болды. Журнал таралымы 214 мыңнан асты. Бұл ол кезде газеттерде жоқ

таралым-тын. «Жұлдыз» Одақ көлеміндегі өзі тектес журналдар ішінде тиражы жөнінен тек РСФСР журналын ғана алдыға салатын. Оның сол дәрежесін мақтан етіп, үлкен жиында адамзаттың Айтматовы Шыңғыс ағамыз да айрықша ауызға алған болатын. Сол аралықта журнал бетінде «Әділсын Жұлдызұлы» деген айбынды айдар пайда болып, ол тағы да әдебиеттегі келеңсіз көрісістерді, дәм-татусыз шығармаларды батыл сынға ала бастады. Шәкең Қазақстан жазушылар одағы басқармасының екінші хатшысы боп жоғарылап кеткен соң, әлгі айдар журналдан тағы көрінбей кетті.

«Тураби трибунасы» мен «Әділсын Жұлдызұлы» айдарларын еске алсам, тоқырау жылдарында да көп нәрсені ашып айту, батыл айту Шәкеңнің қолынан қалай келгендігіне еріксіз қайран қалам әрі риза болам. Басшының іскерлігі, білімділігі, батылдықты білгірлікпен жүзеге асыра алушылығы қай кезеңде де табысқа жеткізетіндігіне Шәкеңнің іс-тәжірибесі нақты куә.

Өткен 1989 жылдың күзіне дейін ол кісі басқарып келген «Қазақ әдебиеті» газетінің қайта құру ісіне, жариялылықты жүзеге асыруға қалай ат салысып келгенін оқырман қауым, меніңше, әлі ұмыта қоймаған болар. Қазіргі күнде 125 мыңнан астам тиражбен тарап отырған бұл газеттің беделі үшін де Шәкеңнің маңдай тері аз төгілген жоқ. Қазақ халқының тарихындағы ақтандақтарды ашып айтуда, қазақ тіліне мемлекеттік статус қажеттігін насихаттап дәлелдеуде, еліміздің экономикалық және мәдени зәру мәселелерін талдауда «Қазақ әдебиетінің» республикадағы мерзімді баспасөздердің ең алдыңғы қатарында болғандығы ешкімге де құпия емес.

Қазір Шәкең – «Социалистік Қазақстанның» редакторы. Бұл қызметті атқарып жатқанына әлі жарты жылдай да бола қойған жоқ. Бірақ ежелден ресмилігі басым, еркіндігінен гөрі «ұстамдылығы» мол газеттің жедел өзгеріп келе жатқандығын әркім-ақ айта бастады. Бұл газет бұрын бәріне қабақ шыта қарайтындай еді, қазір халыққа бет бұрып, халықтың сөзін сөйлеуге көшті. Шәкеңнің бүкіл журналистік қызметін осылайша қысқаша шолып қарасақ, оның негізгі іс принципі өзі де айқын аңғарылады: ол – халыққа, оның бүкіл тірлігіне, әдебиеті мен өнеріне, әдебиетшісі мен өнерпазына, халықты құрайтын әрбір ұл-қызға жүрегінің жылуымен адал қызмет ету. Және іскерлікпен ұйымдастыра біліп қызмет ету.

Өзгеден талап еткенді Шәкең ең алдымен өзінен талап етеді. Оның ісі сондықтан да өнімді, өнегелі.

Бұрын бұғып келсек те, қайта құру заманында көбіміз айтқыш, әпнені дәлелдегіш болдық. Ал Шәкең бұрынғы батылдығын одан әрі жанып, өршеленіп, өткірлене түсті. Соның нәтижесінде кесек-кесек туындылар дүниеге келді. Қазақ халқының ірі тарихи тұлғаларының бірі – Тұрар Рысқұловтың өміріне арналған «Қызыл жебе», «Жұлдыз көпір» романдары осы кезеңде жазылып, жұртшылықтан жоғары баға алды. Қазір сол романдардың заңды жалғасы «Қылкөпір» романы да жазылып бітті. Атынан да көрініп тұрғандай, бұл кітапта Тұрар өмірінің ең бір күрделі, қауіпке толы кезеңі суреттеледі. Бұл «көпірден» де Шәкең сәтті өткен болар деп сенеміз.

Жазушы-драматург Қ.Ысқақовпен бірлесіп Шәкең «Қызыл жебе» спектаклін сахнаға шығарды. Содан кейін-ақ қаламгердің жаңа қыры ашылып сала берді. Өлгі пьесаның артынан іле-шала «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» атты тарихи драмалар дүниеге келді. Бұл екі шығармада да ол өзі туған жылғы қазақ халқының басына түскен аштық нәубетін әшкерелейді, бейнелейді. Осы күні «Тастанды бала» атты тағы да халық тағдырының көкейкесті мәселесіне арнап жаңа пьеса жазып жүр.

Оның «Мәдениет және тұрмыс» (№11, 1989) журналында жарияланған «Жат жұрттан іздейтін пайғамбарды» атты публицистикасы, «Социалистік Қазақстан», «Казахстанская правда» газеттеріндегі сұхбаттары өткір ойларымен тарихи дәлелдерімен және өзіндік тұжырымдарымен оқырманды сан рет риза етті. Қысқасы, ол сөзімен де, ісімен де қайта құруға қалтқысыз қызмет етіп келеді.

Ол халық депутаттығына кандидат боп Қазақстан Компартиясынан ұсынылып отыр. Шәкең өзінің программасын жариялап жұртқа хал-қадарынша таратты. Онда Шәкең: «Мен Қазақ ССР-інің экономикалық дербестікке қол жеткізуге барынша күш салуды өзімнің қаламгерлік, журналистік және республикалық газет редакторы ең басты борышым деп білемін.

Ұлт мәселесі, ұлтаралық қатынастар мәселелері маңдай шепке шығып отырған қазіргі кезде, республиканы жайлаған халықтар арасында ынтымақтастық, өзара түсінушілік жағдайының орнауына ықпал етемін.

...Менің қаруым – қалам мен газет. Солардың көмегімен адамгершілікті ардақтау, қайырым мен имандылыққа шақыру, халықтық мәдениет мерейін арттыру хақында ұдайы ой жалғайтын боламын.

... Партия сын нысанасына айналып отырған қазіргі тұста мен партияны жаңартуды мұрат тұтқан позицияны берік ұстанып, оны демократияландыру, таттан тазарту үшін күресемін», - дей келіп: «Бұл принциптер – депутат болу жолына бәс тіккен айлашарғы емес, менің бүкіл ғұмырымның мән-мағынасы, түп қазығы», - деп түйіндейді.

Сол түйінде титтей де қоспа жоқтығына біз кәміл сенеміз. Оның сөзі мен ісінде алшақтық болмайтынына бүкіл еңбегі, творчествосы, қызметі – бәрі куә, бәрі дәлел.

Шәкеңнің азаматтығы жайлы, жазушылық, кісілік принципі хақында, әрине, мен түгел қамтып айта алғам жоқ. Ондай мақсат та қоймадым. Мен тек Шәкеңнің халық депутаты болуға лайық екендігін сыдырта сипаттап қана шықтым. Өтірік мақтамадым, жалған қолпаштамадым. Шәкеңнің жазғаны мен жасағанын халық та, партия қызметкерлері де менің таныстыруымсыз-ақ тәп-тәуір білетін болулары керек. Білген жұрт лайықты бағасын да беретін болар.

**Бексұлтан НҰРЖЕКЕЕВ,
«Жетісу», 14 наурыз 1990 ж.**

ХАЛЫҚ МАХАББАТЫ

12-13 ҚЫРКҮЙЕКТЕ ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫНЫҢ ЖУАЛЫ АУДАНЫНДА ӨТКІЗІЛГЕН КӨРНЕКТІ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ҚАЗАҚСТАННЫҢ ХАЛЫҚ ЖАЗУШЫСЫ ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ 60 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫ ҚАЛАМГЕРГЕ ДЕГЕН ХАЛЫҚ МАХАББАТЫНЫҢ КУӘСІНДЕЙ БОЛДЫ.

Тәуелсіздіктің туын тіккен егеменді мемлекетіміздің түкпір-түкпірінде Шерхан Мұртаза есімін білмейтін қазақ кемде-кем шығар. Ұлтжанды азаматтың жазушылық шеберлігіне қоса айбарлы мінезі мен азулы пікірі парламенттік бас қосуда болсын, баспасөз беттерінде болсын халықтың ойынан шығып жүргені белгілі. Бостандығын шектеулі, әр қадамың назарда болған кездердің өзінде әділдік пен туралықты ту етіп ұстаған Шерхан Мұртаза шындыққа қаймықпай қарай білген-ді. Дарынды қаламгер сол туды жариялылық заманында бұрынғыдан да биіктете түскен. Талай жылдар республикалық белді-

белді басылымдарды басқарып келген Шерхан Мұртаза ұлтымыздың өсіп-өнуі мен бірігуі, ілгерілеуі жолында халық алдындағы перзенттік парызын адал атқарған ірі тұлға. Халық махаббатына ие болған осындай біртуар азаматына арнап Жуалы ауданы дүрілдетіп той өткізді. Өткенді еске түсіріп, болашаққа үміт арту – әрқашан үлкен жиындардың еншісі емес пе? Екі күнгі той әсерін көз алдымызға елестетсек, жазушының бұл мерейтойы бүкілхалықтық мерекеге ұласып, ұрпаққа үлгі болатындай әсер қалдырғанын аңғарамыз.

Өткен жұмада Алматыдан Шымкентке қатынайтын «Алатау» поезымен жүзден аса астаналық ақын-жазушылар Шерағанның туған жері – Жуалыға аттанып еді. Бұл біз білгелі бергі қазақ әдебиетіндегі осынша ақын-жазушылардың басы бірігіп барған тұңғыш сапары болатын.

Академик-жазушы Мұхамеджан Қаратаев бастаған қаламгерлерді таңсәріде қасиетті Жуалы жерінде аудан әкімі Еркінбек Солтыбаев, аудан азаматтары мен өнерпаз жастарынан мен тұз, алқызыл гүл шоқтарын беріп қарсы алды.

Алты-артын МАИ машинасы қоршаған автобустар легі сәлден соң-ақ той өтетін жер, Жуалы өңірінің ең көрікті мекені – «Жалын» пионер лагеріне келіп тоқтады. Таңғы салқыннан сәл-пәл жаураған меймандарды тез-тез үй-үйге бөліп ыстық шәй ішкізді. Бір топ қаламгерлер бұрынғы әскери совхоз қазіргі Бурное ауылына келіп түстік. Киіз үй алдында бізді қолында үкілі домбырасы бар, ұлттық жібек көйлек киген Райгүл қарындасымыз арнау өлеңмен «хош келдіңіздер» деп таңғы бозторғайдай ән салып қарсы алды.

Той құрметіне тігілген екі жүзге жуық киіз үйлер таң атпай түтінін будақтатып қонақтарды күтуге кірісіп кеткен. Таяқ тастам жерде «Терісащы» көлі айнадай жарқырап жатыр. Күн бірте-бірте көтеріліп келеді.

Алғашқы күн. Сағат 10-00. Үлкен алаңқайға орнатылған сахнаға қарай адамдар легі ағыла бастады. Төбемізде егеменді еліміздің көкшіл түсті туы желбіреп, көзімізге оттай басылады.

Тойға жиналған мындаған көрермен, оқырман қауым, ақын-жазушылар мерейтойдың басталуын асыға күтуде. Сәлден соң Жамбыл облыстық Кеңесінің төрағасы Әлмұқан Исақовтың «Той иесін қарсы алайық» деген даусы отырғандарды елең еткізді. Анадайдан ақбоз атқа мінген Шерхан Мұртаза көрінді. Оң жағында Камал Смайылов сол жағында Әбіш Кекілбаев. Үшеуі қатарласып келіп қалың халықты қақ жарып, сахна жаққа келіп тоқтады. Тұлпар

үстінде баяғының батырларынша отырған Шерағаң кеудесін кере түсіп, айналаны бір шолып өтті де аттан түсіп, сахнаға барып жайғасты.

Сөйтіп, Ғафу аға теңеуімен айтсақ, Шерханның шеруі басталып та кетті.

Жамбыл облысының әкімі Өмірбек Байгелдиев жиналысты ашып, мерейтой иесін облыс жұртшылығы атынан құттықтап, сөз сөйледі.

Республика Премьер-министрінің орынбасары Мырзатай Жолдасбеков Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың Шерхан Мұртазаның 60 жылдығына жолдаған құттықтауын оқып, жылы лебіз білдірді. Одан соң заманымыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматовтың қаламдас досы Шерханға шетелден жіберген хаты оқылды.

Ал, Шерхан Мұртазаның замандастары, аға-інілері қарындастары Тахауи Ахтанов, Ғафу Қайырбеков, Камал Смайылов, Әбіш Кекілбаев, Тұманбай Молдағалиев, Әкім Тарази, Асанбай Асқаров, Өмірбек Жолдасбеков, Көпжасар Нәрібаев, Мұхтар Шаханов, Оралхан Бөкей, Рза Қунақова, Ақұштап Бақтыгереева, Шымкент облысының әкімі Марс Үркімбаев, Жуалы ауданының әкімі Еркінбек Солтыбаев, т.б. ағынан жарылып, ақтарыла сөйледі, мерейтой иесіне арнаған өлеңдерін оқыды.

- Мен ең алдымен осындай ұлан-асыр той жасап жатқан халқыма ризамын. Маған көрсетілген осынша құрмет пен даңқты көтере алсам жарар еді. Қалай дегенмен де сіздер сенген аманатты орындасам менің перзенттік парызымның өтелгені, - деді Шерхан Мұртаза өзінің қорытынды сөзінде.

Сол бір салтанатты сәтте Шерағаң туралы ниет білдіріп, мінбеге көтерілсем деген тілеуқорлардың бәріне уақыт жеткізу мүмкін емес еді. Түркістан қаласынан сәл-пәл кешігіңкіреп келген әдебиетші-ғалым Мекемтас Мырзахметов пен сыншы Құлбек Ергөбеков сияқты шапандарын көпшіліктің алдында жаба алмай, өкініп жүргендері де аз емес болатын. Ал қолдарына бір-бір шоқ гүлдерін ұстап жазушыны құттықтап, бір ауыз тілдескісі келетіндердің, қолтаңба алсам дегендердің тіпті көп екенін көзімізбен көрдік.

Түскі үзілістен кейін өнер сайысы басталып кетті. Сауда қыза түсіп, ақын-жазушылар оқырмандарымен кездесіп, қолтаңба беріп жатты. Жұртшылық тойдың арнайы шақырылған қонағы «Жазира» ән-би ансамблінің концертін көріп, тамашалады.

Ансамбль жетекшісі Нұрғали Нүсіпжановтың әдемі даусы бүкіл Жуалы өңірін сұлу сазға бөлеп жіберді.

Ал үш күн бойы жалғасқан ақындар айтысы да көрермендерді бір желпіндіріп тастады. Бұл өнер сайысында Байзақ ауданының алымды ақыны Мұхамеджан Тазабековтің мерейі үстем болып, бас жүлдені жеңіп алды. Алматылық Есенқұл Жақыпбаев, таластық Шорабек Айдаров, шымкенттік Ақмарал Есубаева, жамбылдық Алтынкүл Қасымбекова да сый-сияпаттан құралақан қалған жоқ. «Тойдан тобықтай» дегендей келген барлық меймандардың да бос қайтқаны болған емес.

Сол күні түстен кейін тойлы ауылдың маңайына вертолет келіп қонды. Қызық көрген ауыл балалары ойда жоқта келіпқонған вертолетті лезде-ақ қоршап алды. Қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров бір топ достарымен мерейтой иесі Шерхан Мұртазаны арнайы құттықтауға келіпті. Халық батырының халық жазушысына деген құрмет-ілтипатына ел риза болды.

Тойдың екінші күні ұлттық ойын-сауыққа ұласты. Қырғыз Алатауының кең жазық баурайы тұлпарлар тұяғының дүбіріне толды. Ат жарыс, қыз қуу, теңге алу, құан жарыс, аламан бәйге сияқты жүректілер мен ептілердің бағын сынайтын бәсекені көрермен қауым қызыға тамашалады. Әсіресе аламан бәйгенің әсері ерекше болды. Алпысқа жуық ат қатысқан бұл жиырма жеті шақырымдық бәсеке көрермен үшін де, қатысушы үшін де оңай болған жоқ. Бас бәйгеге тіккен боталы түйені қай сәйгүлік иеленеді деген ой жұрт жүрегін күпті етті. Көп ұзамай-ақ бәйгенің басы көріне бастады.

Қордайдан келген №30 «Талисман» атты жүйрік өз қатарынан бірте-бірте даралана бастады. Соңғы айланымда да алдына жан салмай оқ бойы озық келді. Қордайлықтардың қуанышында шек болмады. Бас бәйгені тіккен Талас ауданы екен. Аудан әкімі дархан мінезді Ералы Дадабаев екі түйені жетелеп, озған аттың иесіне табыс етті.

Той иесі Шерхан Мұртаза өзінің құрметіне тігілген үйлерді аралап, той ауылына жиналған халқымен жүзбе-жүз қауышты. Бір үйден екінші үйге кірер аралықта сыртта күтіп тұрған оқырман қауым қоғадай жапырылып, жүргізбеді. біреуі газет, біреуі қағаз, біреуі кітап ұсынып, бәрі де Шерағаңнан ескерткіш ретінде қолтаңба алғысы келеді. Жас та, кәрі де қаумалап жібермейді. Кейбір қариялар тоқтатып қойып: «Шерхан-ау, мені танысың ба?», - дейді. Бірін танып, бірін танымаған Шерағаң қолтаңба берумен әлек, сол сәттерде

Шерағанның қандай сезімде болғанын біз білмейміз, бірақ дәл осы мезет жүрек толқытатын көрініс еді. Сөйтіп жүріп жазушы біраз үйді аралап шықты. Әсіресе, көршілес Қырғызстаннан тігілген киіз үй Шераған қатты ұнады. Іші ұлттық мұрамызға, асыл жиһаздарға бай екен...

Біз бұл тойдың ойдағыдай өтуіне үлкен үлес қосқан облыстың барлық аудан әкімдеріне, Кеңес төрағаларына, шаруашылық қызметкерлеріне, тікесінен тік тұрып қызмет еткен барлық жандарға алғысымызды айтқымыз келеді. Той өткізудің әдемі үлгісін көріп қайттық десек артық айтқандық емес.

Ия, жазушы тойы дүрілдеп өтті. Өткенді еске алып, болашақты бағдарлаған, бұл бас қосу дарынды жазушының ел алдындағы жауапкершілігін арттыра түскендей болды. Мерейтой тұсындағы халық махаббаты осыны аңғартқандай еді.

Қайрбек АСАН,
«Қазақ әдебиеті» газетінің арнаулы тілшісі.
«Қазақ әдебиеті», қыркүйек, 1992 ж.

ЖАЗУШЫ ШЕРХАН МҰРТАЗА 60 ЖАСТА ТҰРАР ЖӘНЕ ШЕРХАН

Тұрар Рысқұлұлы – халқымыздың маңдайына біткен жарық жұлдызы, кесек тұлғалы, дара саяси қайраткерлерінің бірі. Елінің бостандығы мен тәуелсіздігін, түрік тілдес халықтардың бірлігі мен ынтымағын аңсаған парасатты да зиялы азамат. Қазақтардың терезесін басқа ұлыстармен тең ету жолында жанын салған қайсар күрескер ол. Ел басына күн туғанда ұлтын қызғыштай қорғаған асылдың сынығы. «Ештен кеш жақсы» дегендей бүгінде біз Тұрар сияқты ардақты тарихи тұлғалардың қадіріне енді ғана жете бастағандаймыз. Тұрар өмірі оның кейінгі ұрпақтарының рухын жандандыратын үлкен мектеп. Уақыт жылжыған сайын бұл мектептен алтын тағылымымыз қомақты да салмақты бола түсер. Саясаттың сай-саласында халық уақытша көзжазып қалған тарихи тұлғалардың туған ортасына қайтып оралу жолдары күрделі-ақ. Тұрар Рысқұлұлының ғұмыры қандай қат-қабат қиыншылыққа толы болса, оның ардақты атын жөн-жосықсыз қаралайтын жаладан, аяусыз баттастыра жағылған қара күйеден арылту ісі де сондай қиын.

Ол 1957 жылы қағаз жүзін де ресми ақталғанымен, «Алашшыл», «түрікшіл», «ұлттық мүдде» деген ұғымдардан қатты тітіркенетін әкімшіл-әміршіл жүйенің идеологиялық функционерлері Тұрардың өмірбаянын зерттеуді жолға қоймақ түгіл, оның есімін ауызға алдырмау үшін қолдан келгендерін істеп бақты.

Осындай қолдан жасалған кедергілерге қарамастан қазаққа Тұрар тұлғасының жаңа қырларын Шерхан Мұртаза дер кезінде таныта білді. Тұрардың қайта оралуына Шерханның «Қызыл жебе» романының алғашқы кітаптары жол салып берді десек қателеспейміз. 1938 жылы жазықсыз, тоталитарлық жүйенің құрбаны болған Тұрардың бейнесі аға ұрпақтың есінде қаз-қалпында сақталғанымен халықтың кейінгі толқыны ол туралы шындықтан шала-шарпы хабардар еді. Міне, сондықтан да Тұрар Рысқұлұлының өз халқы алдында атқарған қыруар еңбегінің жан-жақтылығын, ауқымдылығын шынайы ашып көрсеткен жазушы Шерхан Мұртаза шығармасы орны бөлек туынды. Ал Шерханның өзіне келсек, ол алғаш рет Тұрар есімін ақтауға әрекеттенген Рахымалы Байжарасов қарт екендігін қайталаудан бір жалыққан емес.

Әрине, бүгінде Рахымалы ақсақалдың «Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің басшы қызметкерлерінің үрейін тудырып, оларды әжептәуір дүрліктірген «Социалистік Қазақстандағы» (1960, 19 қазан) мақаласын оқыған да бар, оқымаған да бар. Тұрардың ардақты есімін жаңғыртуға ұмтылған, содан өзі де қуғын көріп көз жұмған қажырлы Рахымалы қарияның аруағына бас ию ләзім. Дегенменде осы көп ойға жетелейтін қайғылы жайды талай насихаттап, Р.Байжарасовтың ерлік ісіне тиісті әділетті бағасын беруді өзінің азаматтық борышы санаған Шерхан Мұртазаның турашылдығын қалай мойындамассың.

Егер Тұрар Рысқұлұлының тарихи тұлғасы елге тарихи зерттеулер емес көркем әдебиет арқылы кеңінен танымал болды десек тарихшылар қауымы ренжи қоймас. Шындық осылай. Шерханның жазушы, аудармашы, драматург, публицист, журналист, қоғам қайраткері сияқты қыруар сан-салалы еңбектерін еске алғанның өзінде, оның Тұрар туралы жазғанының өзі бөлек бір сом дүние. Сондықтан да Шерханның, қазақ әдебиетінің шежіресінде ғана емес, Тұрартану ғылымының негізін қалаушылардың ірі өкіліретін де тарих ғылымында да өзіне лайықты орныналарына күмәндануға болмас.

Шегіне жеткен толықтырудың нақ ортасында қалам ұстағанның көбі әліптің артын бағып, інге жасырынып, жұмған аузын аша алмай,

немесе кеңес дәуірін айналып өтіп, басқа тақырыптарға ауысып жүргенде Шерханның Тұрар жайында қалам тарта бастауы ерен ерлікке барабар әрекет болғанын мойындауымыз керек. Өз арамыздағы қайраткерлерді тани білмеуіміз – біздің осы күнге дейінгі басты осалдығымыз, әлсіздігіміз. Бұл өсер елді өсірмейтін кесапат қасиет.

Шоқтығы биік арыстарымызды бүгінгі болмысымызды тиісінше бағалай алмауымыздың басты бір себебі – авторлардың өздерінің өресінің тарлығы, зерттеушілердің солақай және кемшін түсіп жатуы. Сондықтан да болар, бүгінгі шығармашылықта кейде тарихта болған нақты адамнан гөрі суреткердің қиялынан туған жалған кейіпкерлер шындыққа анағұрлым жақынырақ тұрып, оқырмандарға тартымды келеді. Қазақ тарихнамасында өткенге сыншыл көзбен қарау дәстүрінің іргетасын қалағандардың бірі Тұрар Рысқұлұлы еді. Осы игі дәстүрді Тұрардан сәтті қабылдап, оны лайықты түрде жалғастыра білген Шерханның Тұрар жайындағы шығармаларына үлкен батылдық, еркін ой, сыншылдық тән.

«Қызыл жебе» романының қолымызға тиген төрт кітабында Тұрардың өнегелі өміріне байланысты оқиғалар желісін ақты тарихи деректерге сүйеніп өрбиді. Романның беттері автордың тақырыпты көркемсөз шебері – жазушыдан гөрі, құбылыстың мән - маңызын, себеп – салдарын терең талдап саралайтын білгір зерттеуші – ғалымдарға тән тыңғылықтылықпен зерделегенін айғақтайды. Шерхан пайдаланған кейбір архив құжаттарының түпнұсқалары маман - тарихшыларға да үлгі боларлықтай асқан ыждағаттылықпен талданып, ой елегінен жан-жақты өткізілген деуге толық негіз бар. Шерхан «Қызыл жебе» арқылы қазақ әдебиетіне бірегей ғұмырнамалық соны шығарманы ғана емес, сонымен бірге тарихи – танымдық мәні зор зерттеу дүниені де ала келді.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін нақты деректерге жүгінелік. Тұрардың өз ел – жұрты алдында сіңірген ерекше еңбегі, ерен ерлігі неде? – деген сұраққа Шерхан; «миллиондаған халықты апаттан аман алып қалу үшін жеке басын қатерге тігіп, ұлы қайрат көрсеткен оның өмірінің екі кезеңі дер едім» дей келе өз шығармасында 1918-1919 жылдардағы Түркістанда және 1932-1933 жылдардағы Қазақстандағы үлкен аштыққа халқын қорғаштаған Тұрардың жанқиярлық қызметін айрықша бөліп көрсетеді... Бұл жерде Шерхан объективті шындықты, Тұрардың азаматтығының, күрескерлігінің ең биік зерделі бедерін айна-қатесіз байқай білген.

Иә, елдің бәрі Шерхан емес. Осынау ел басына күн туған тұстағы Тұрардың қайсар тұлғасын көмескілеп көрсеткендер де бар. Мысалы, осы біз үшін айырықша маңызы бар мәселе жайында Тұрар өмірін арнайы зерттеген мәскеулік партия тарихшысы В. Устиновқа құлақ қойсақ, мұндай «ұсақ мәселеге көңіл бөлмеуге де болады екен. Тұрар Рысқұлұлының қызметіне арналған көлемді монографиясында ол 1932-1933 жылдардағы сұрапыл зұлмат үстінде Тұрардың өз жұртына арашашы болғанын назарына да ілмей, Тұрар Рысқұлов Қазақстанда қалыптасқан жағдайды білу үшін бір топ қызметкерлерді жіберді дегендей атүсті пікір айтуға ғана жараған (Устинов В.М. «Служение народу», Партийная государственная деятельность Т.Рускулова. А.А., 1984, 162 с.).

Тұрар туралы тарихи шындықты қалпына келтіруде, оны әділетсіз саяси айыптаулардан ақтауда Шерхан көркем әдебиеттің құдіретін мейлінше таныта білген. Шерхан романының алғашқы үш кітабы төрткүл дүниенің текетіресіп қарсы тұрған кезінде (ақтар-қызылдар, қанаушылар, қаналушылар, дос-дұшпан, капиталистік-социалистік әдебиетті: жағымды және ұнамсыз кейіпкерлер деген түсініктер берік орныққанда психологтар мұның бәрін сәбилердің ойлау тәсілі деп те атайды) жарық көрді. Партия идеологтары кезінде тоталитарлық жүйе жаңадан қалыптаса бастағанда Тұрарды «ұлтшыл уклонист», «пантүркішіл», «рысқұловшыл», «оппортунистік ағымның басшысы» деген әртүрлі айдарлар тағып қуғынға ұшыратса, кейіннен әміршіл-әкімшіл жүйе әбден орныққанда оны нағыз «большевик, «қажырлы революционер», «адал лениншіл» деп марапаттап Тұрарды өздерінің коммунистік тәрбие беру ісіне қажетті тұлға ретінде пайдалануға тырысып бақты.

«Аққа құдай жақ» деген аталы сөз бар. Нақты тарихи деректерге сүйене отырып, Шерхан озбыр әкімдер мен олардың жергілікті жандайшаптарының Тұрарға таққан «ұлтшыл», «халық жауы» деген айыптарының мүлде негізсіздігін, халқымыздың шын жауы Голощекин және Сталин тәрізділер сондай-ақ олардың ірілікшілі қолшоқпарлары екендігін қалтықсыз дәлелдеді. Шерханның романында кейіпкерлерді тапқа бөліп жіктеу жоқ, әлеуметтік тегі жат деп жазғырылғандардың ішінде большевик фанатиктерінен сана-сезімдері әлдеқайда биік тұрған қандастарымыздың аз көрініс бермейтіндігі де сондықтан.

«Қызыл жебенің» алғашқы үш кітабы жарық көргенде, сыншылдар Шерхан жалынды большевиктің партия солдаттының

бейнесін жасады деп сан саққа жүгірте әңгімелеген болды. Тарихтағы Тұрар мен романдағы Тұрар туралы ақиқатты уақыт атты әділ, әрі қатал төреші алда да айта жатар. Десек те, бүгінгі күні басы ашық, айқын нәрсе, біздіңше, Шерхан сомдаған Тұрар бейнесі өмірлік мақсатында бірінші кезекке большевизмді де, революцияны да, ленинизмді де емес, өз халқының, өз ұлтының, түрік қандастарының мүддесін бәрінен де биік қойып, сол үшін басын қатерге тіккен алаш азаматы.

Партиялық деген Тұрардың түсінігінде өз халқына пайдалы қызмет ету еді. Ол басты мақсат – отаршылдықтың бұғауынан қазақ халқының босанып шығуы оңай іс еместігін жақсы сезінді. Бұл жолда туысқан халықтарға адал берілген, қандас халықтардың өз ішінен шыққан ортақ партия – түрік коммунистік партиясы керек деп ойлады. Бұл партия, Тұрардың ойынша, ең басты игі мұратқа – Қазақстан мен Орта Азия еңбекшілерін өз мемлекетінің шын мәніндегі қожаларына айналдыру жолындағы күреске жұмылуға тиіс.

Саяси жағынан алғанда Шерханның Тұрар жайындағы шығармалар жүйесінің (роман, пьесасы, әңгіме, очерктері) арқауы коммунист Тұрар емес, халқының жанашыры осы игі мақсат үшін коммунист, өз ұлтының қамқор перзенті болған Тұрар дер едік. Сайып келгенде Тұрар большевиктер партиясының мүддесі үшін емес, туған халқының арман-тілегі, болашағы үшін өзін-өзі өртеп, өзгеге жылу берді.

Ш.Мұртазаның Тұрар тақырыбындағы ірілі-кішілі әр жанрда жазылған туындыларын қай жағынан сараласаңыз да олардың талай ғылыми мақалаларға және олардан да зор зерттеулерге өзек боларлық кесек ойларға жетелейтіні даусыз. Біз бүгін, жоғарыда аталған себептерді де еске ала отырып, Шерхан шығармаларындағы кейбір тарихи тұлғалардың саяси келбетіне қысқаша тоқтағанды жөн көрдік.

Кейіпкерлердің саяси қайраткерлігі, түр-сипаты Тұрармен қарым-қатынаста ашылады. Бұл қатынас, шартты түрде алсақ, мынадай жүйемен жасалған: әке мен бала (Рысқұл – Тұрар), Тұрар – халық, Тұрар – Сталин, Тұрар – Ленин, Тұрар – Голощекин, Тұрар – шовинистер, Тұрар – Түрккомиссия, Тұрар – басмашылар қозғалысы, Тұрар – Моңғолия т.б. Бұл қатарлардан оқырманды әсіресе қызықтыратын Жанша Досмұхамедов, Мұстафа Шоқай, Әубәкір Диваев, Мұхтар Әуезов, Санжар Асфендияров, Сұлтанбек Қожановтардың есімдерімен байланысты жайттар. Әрқайсысы дербес зерттеу объектісіне айналайын деп тұрған жеке тақырыптық тың

тұлғалар бұлар. Енді өзіміз келтірген жүйедегі Тұрардың басқалармен қарым-қатынасын аша түссек.

Тұрар – Ленин. Тұрар өмірде де, Шерханның романында да Ленинмен ортақ түсінікке, бір түйінге келе алған жоқ. Сөз жоқ, бұл екі ұлы тұлғаның өзара қатынасын суреттеу зерттеуші – жазушы Шерханға оңайға түскен жоқ. Тұрардың Ленинмен кездесетін тұсын сипаттаған эпизодтан кейін қаламның әрі жүрмей қойғандығын автордың өзі де мойындайды. Тұрардың Түркістан автономиясы жөніндегі жобасын қабылдау – қабылдамау Лениннің өзіне, оның қандай дәрежедегі интернационалист екендігіне сын еді. Тұрардың жобасы Түркістан халықтарының шынайы тілегі болатын. Ленин, өкінішке орай Түркістандықтардың талап-тілегін ысырып тастап, одан большевиктік орталықтың, Мәскеудің мүддесін әлдеқайда жоғары қойды. Тұрардың да өз шындығы бар. Ол осы бағытынан өле-өлгенше тайынған жоқ.

Тұрар – Сталин. «Қыл көпір» мен «Сталинге хатта» қайсысының жеңгенін – әділеттілік пе, әлде зұлымдық па, өтінуші Тұрар ма, әлде билеуші Сталин бе – Шерхан мұның төрелігін айтуды өзінің оқырманы мен көрерменінің еншісіне қалдырыпты. Десек те, біздіңше, жеңіске жеткен қазақтың ұлы. Әділетсіздікке төзбейтін Тұрардың қайсар мінезінің шегіне жете ширеңганын оқып білдік, ардақты ағамыздың туған ұлтының болашағы үшін жанын пида еткеніне де көз жеткіземіз. Қу жақтың орнына Мырзажанды лауазымды қызмет Қазақстанды билеп-төстеуге келтіріп, ел-жұртымыздың жартысын жер бетінде сақтап қалғандығын да білдік. Аман қалғандардың ұрпақтары сіз бен біз Тұрар аруағына бас иіп өтеміз. Балаларымызға да осылай етуге өсиет етеміз.

Тұрар – Голощекин. Жоғарыда аты аталған мәскеулік партия тарихшысы В.Устинов Тұрар мен Голощекинді көп жылдан бері айнымас достар ретінде суреттейді. Әрине, бұл тарихи шындықты өрескел бұрмалаудың тамаша үлгісінен басқа ештеңе де емес. Мұндай ол Шерханның үш түн ұйықтаса да түсіне кірмейтін болар. «Жұлдыз көпірде» автор Голощекиннің болмысы бөлек, қарапайым жұрттан бойын тартып ұстайтын өркөкірек большевик әкім екендігін айна-қатесіз көрсетеді. Тұрар мен Түрккомиссия құрамында партия құрылысына басшылық жасауға лениндік мандатпен келген Голощекин арасындағы бітпес – талас-тартыс «Филипп ағзамның» Түркістанға аяқ басқан алғашқы сәтінен бастап, екеуі оққа ұшқанша, яғни ақтық сағаттарға дейін созылады.

Тұрар – Жанша, Мұстафа. Қазақ әдебиетінде Жанша Досмұхамедов сынды парасат иесін, үлкен жүректі адамды алғаш рет ұнамды кейіпкер ретінде шынайы суреттеген де Шерхан болар. Осындай жылылық пен ілтипаттылық Тұрардың Мұстафа Шоқайға көзқарасында да айқын сезіледі. Жазушының бұл екі қайраткер жайында кіндік ой қозғауына олар туралы нақты тарихи деректердің аздығы қол байлау жасады. Өйткені, Шерхан «дерексіз тарих – тұл» деген қағиданы берік ұстанған жазушы.

Туған халқының мұң-мүддесін толымды түрле білдіру, жұртының жанына батқан ауыртпалықтармен күресу – қазақ зиялыларының саяси қызметінің басты сипаты. Қазақты іштей жегідей жеген рушылдық пен жікшілдік және бас біріктіруге ұлттық бірлікке ұмтылған қозғалыс – міне осы екі нәрсе үнемі қатар жүрген қоғамдық процесс бағыттары. Бұл Шерханның Тұрар өнегесін зерттеушілікпен саралап талдағаннан кейінгі әділ тұжырымы. Осы тұста Әлихан, Ахмет және Міржақыптардың «Қазақ» газетінің Семей алашшылдарының «Сарыарқысының», «Абайының», «Мұстафа Шоқайдың», «Бірлік туының», Көлбай Тоғысовтың «Алаш» пен « Үш жүзінің» бүкіл қазақты тегіне, байы мен жарлысына қарамай ұлттық ынтымақ пен ауызбірлікке шақырудан жалықпаулары шындығын бейнелейтін маңызды жәйттер Тұрар тәрізді Шерханды да халық тағдыры, елдің бүтіндігі терең толғандырады.

Шерхан кеңес қоғамтанушы ғалымдарының әдетте жалпылама сөздермен бүркемелеп, немесе мүлде орағытып кететін Тұрар есімімен байланысты Түркістан тарихының «қиын» тұстарын талдауда да өз кейіпкері Тұрарға тән батылдық көрсетеді. Осындай күрделі мәселелердің бірі – Түркістанның болашақ мемлекеттік құрылысы жайындағы Мәскеу мен Тұрар арасындағы талас Шығыстың ғасырлар бойы қалыптасқан өзіндік ерекшеліктерін жете ескермей, бар мәселелерді таптық позициясының тар шеңберінде шешпек болған большевиктік саясаткерлерге Тұрар бастаған жергілікті қайраткерлер Түрік республикасы идеясын қарсы қойды. Тұрар дербес түркі мемлекетін құруға Қазақстан мен Орта Азия халықтарының тарихи, экономикалық, мәдени-тұрмыстық ортақтастығы жеткілікті негіз бола алады деген дұрыс пікірде болды. Соңғы кезге дейін Тұрардың осы көзқарасы аса ірі қателік ретінде саналып келді.

Отаршылдардың «бөліп ал да билей бер!» деген пиғылына қарсы тұру үшін, ұсақ халықтардың дамыған өркениетті

мемлекеттердің көлеңкесінде қалып қоймауы үшін, «қуыршақ республика» кебін кимеу үшін барлық күшті бір арнаға жұмсау керек – дербес, тәуелсіз, өзін-өзі билейтін түркі мемлекетін құрып, «бөлшектенбей, ірілену керек» дейді Шерхан бейнелеген Тұрар. Мұсылман мемлекетін құру туралы бастама ұлы державалық шовинизм саясатының толастамауына, білек күшіне сүйенген орталықтағы отаршылдардың көпе-көрнеу зорлығына қарсы жауап ретінде пайда болды. Орталықтағылар Ленин айтқандай ұлттардың өзін-өзі билеу құқы түркістандықтарға іс жүзінде берілсе, олар Ресейден бөліп, оның ықпалынан біржолата шығып кетеді деп те сескенді. Яғни патшалық Ресей империясының орнын жаңа большевиктік Кеңес империясы басты. Кеңес өкіметі Түркістан халықтарының қолын кісеннен босатқанымен, басына нокта кигізді, сөйтіп жетекке алды. Қазақстандағы тағы да 70 жылдық отаршылдық жайлады...

Дегенмен де, әділдік ақыры да салтанат құрды. Кезінде Тұрар армандаған қазақ халқының егеменді, де, тәуелсіз мемлекеті қайта шаңырақ көтерді. Бұл қуанышты өмірді Тұрар көрмесе де, Шерханның «Қызыл жебе» романындағы кейіпкер Тұрар көріп куә болып отыр. Бүгінде Тұрар салған соны соқпақты даңғыл тәуелсіздік жолына айналдыру үшін, оның Шерхан інісі республика парламентінде үлкен қайраткерлік танытуда. Іске сәт, Шерхан, Тұрардың әруағы әрқашан жебей берсін!- дейміз дағы.

Жұмажан СҮЛЕЙМЕНОВ,
тарих ғылымының кандидаты.

КӨЗДЕ – МҰҢ, КӨКІРЕКТЕ – ШЕР

ШЕРХАН Мұртазаның «Жетім бұрыш» («Жалғызүйлік зілзала») атты екі бөлімді драмасынан соң туған толғаныс.

Қоюшы режиссері – Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Алтынбек Кенжеков.

Әр халық, әр ұлт, бұрынғы Кеңестер елінің, дұрысы, ұлы империяның қоластында болған мемлекеттер бүгінгі тәуелсіздікке орасан зор шығынмен келді. Қазір сол мемлекеттер оң-солын танып,

бар-жоғын түгендеп жатқан түс. Соның ішінде қазақ халқы шеккен қасірет басындағы шаштан да көп сияқты көрінеді де тұрады.

Жастар театры осы уақытқа дейін сахналаған С.Сматаевтың «Зар заманы», О.Сүлейменов пен Б.Мұқайдың «Заманақыры» ел көкейінен шықты. Сол шығармалар қатары таяуда Ш.Мұртазаның аталмыш драмасымен толықты. Демек, жастар театры кешегі мен бүгінгі қасіретіміздің кезең-кезеңімен рухани, көркемдік шежіресін жаза бастады, айта бастады деген сөз бұл. Сүйсінерлік, құптарлық қадам.

ТАҚЫРЫПТЫ ТАҢУ. Ш.Мұртаза бұған дейін «Қызыл жебе», «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» атты трагедия, драмаларымен аталмыш театрды биік белеске алып шықты. Жанрдың да көсегесін көгертті, әртістердің мерейін өсірді, жаңа есімдер ашты. Ал «Жетім бұрыш» ше? Сөз жоқ, бізде талантты драматургтер баршылық. Сөйте тұра театр сахнасы неге жұтаң десек, көп мәселенің ұшығы осы тақырып таңдауға келіп тірелетін сыңайлы. Әуелі тақырып, сонсоң оны алып шығатын ой, идея табылса, талантты адамға жазу да ғанибет. Шөпті де, шөңгені де тақырып ете беретін заманнан кеткенбіз, өткенбіз. Осы орайда жазушының ұтқаны қазіргі ел көкейіндегі, әсіресе жастар жүрегіндегі жараны жанды жерінен ұстап, көзіндегі мұңды, көкірегіндегі шерді өз жүрек көзімен көре білгені. Өз қайғынды, өз мұңыңды өзіңнен басқа ешкім түсінбек емес. Ал соны өзіңе айтып беру және қалай айтып беру, жеткізуде ғой әңгіме.

Бұл қасірет, бұл азап әріден басталған ғой. Кеңес үкіметі орнағанды айтпағанда, оның негізі патша заманында қаланған. Содан батпандап кіріп, мұрты да бұзылмай жатқан, айтылған күнде де астарлап, ешкім сезбей қалатындай етіп айтылса керек. Біз, қазіргі 30 бен 40-тың арасындағы жастар өмірінен айтсақ, 70-ші жылдар студенттерінің көзімен қарасақ, бұл қасіреттің кермек дәмін жатақханалардан шығып қалып жүргенде татсақ, университет бітіріп астанаға қалғанда бір қуансақ, сол қуаныштың жүзін көп ұзамай ауыр мұң шалатынын, пәтер деген пәлекеттің барын білмеппіз. Тақырып автордың суреткерлік биік шеберлігінің, өмірлік терең танымының арқасында ашылған. Бүгінгі күн тұрғысынан зер салсақ «әлеуметтік құбылыс» деп бағалау керек.

Драманың тақырыбына қарап М.Мақатаев пен К.Маркс көшесінің қиылысында орналасқан әйгілі жетім бұрышы айтып отыр екен ғой деп түсіне қою аз. Олай түсінсек, біз әлі де бұл қасіреттен

арыла алмас едік. Егер тереңдеп, әр тақырыптан келіп ой тоғыстырсақ, бұл тұтас бір ұлттың өз жерінде рухани, саяси, әлеуметтік қиындықтармен таңқы-тараң, өгей күй кешіп, тағдырдың тәлкегіне ұшырауы. Баспанасыздықтың аясынан сан түрлі проблема балалап, атойлап бас көтереді. Бар қасіретіміздің жиынтық картинасы жасалады. Сонымен тақырып туды, әдемі сюжет табылды, шынайы жазылды. Енді сахналау ғана қалды.

ТАҚЫРЫПТЫ САХНАЛАУ.

Өзі өзекті жарып шыққан дүние сахна тіліне көшкенде (әрине, егер талантты режиссерге түссе) құлпыруға тиіс. Әп дегеннен мұңлы ән мен бүгінгі өмір көріністері жетелей жөнеледі. Әуелде тақырыппен өзімізше танысып, жалпы проблеманың көркем шығармадағы, контекстегі сырына үңілсек, енді сол пьесаның әр диалогы, монологы, жалпы оқиғасы сахнаға шығады яғни өнердегі өмірі, тағдыры басталды.

Азды-көпті пікір айту үшін оқиғаны бір сәттік сүзгіден өткізген де оңды. Автордың бас кейіпкер етіп милиция полковнигін алуы да тектен-тек емес. Полковник Малқар (А.Кенжеков) қылмыспен күресуші бола тұрып, қылмыс жасайды, зор күнәға батады. Әйелі (Мүнира – Ғ.Әбдінәбиева) екеуі дүниеқызықтың соңына түсіп, шаш ағарып, тіс сарғайғанда, бас ауырып, балтыры сыздағанда барып перзент керек екенін ойлайды. Ал, полковниктің пәтерде тұратын Сандуғаш (Ә.Мәмбетова) деген қыздан баласы бар. Оны балалар үйіне тапсырған. Аяғы тағы да ауыр. Сандуғаш пәтер азабын тартады. Бұл көмектесіп бағады.

Оқиғаның кіндігі, от алатын жері астанадағы № 60 үйді басып алушылардың маңайындағы дау-дамай. Аңқау қазаққа бұл сынақ жасау үшін салынған үй деген сылтау айтылады яғни үрейлендіру. Жалғызүйлік зілзала деп отырғаны да сол қала басшыларының ойлап тапқан, шектен шыққан зәлімдігіде осында. Сол үйдегілердің күнде үрейін алатындар – полковник Малқар мен оның нөкерлері. Сол баспанасыздардың ішінде Сандуғаш та бар. Дәрменсіздік, бишаралық дегенді қойсаңызшы, дәкей көрінген Малқар күнде алдаумен Сандуғашқа пәтер алып бере алмай, ақыр соңы оның өліміне себеп болады. Ал бәрінен де сұмдығы әлгі үй кейіннен 60 миллионға аукционға түсіп, сатылып кетеді. Қысқаша осы.

Қойылымда бүгінгі күрделі өмір картинасы түрлі көркемдік тәсілдермен жан-жақты ашылған. Әсіресе, ерекше атап өтеріміз, драматургтің бе, әлде режиссердің шешімі ме Албасты (Марту –

Р.Әшірбекова) мен Періштелер (К.Байтілеуова, Қ.Ысқақова) бейнесі өте сәтті ойлап табылған. Қойылым маңызын арттыра түсуде осы абстракциялық кейіпкерлер көтерген жүк аса ауыр. Албасты мен Періштелер арасындағы сәт сайын шиыршық атып отыратын диалогтар өмір пәлсапасына құрылған. Мынау жер бетіндегі адамдар өмірін, мағынасыз өмірдің себеп-салдарын ашып бергендей. Олар адамдардың әрбір ойын қорытып, түйіп тастап отырады. Бұл әрекет – оқиғаның да, ойдың да жүйелі дамып, шашырамай, көрерменнің бойға сіңіріп алуына жасалған бір жағдай. Бала кезімізде әжеміз айтар еді: Адамның екі иығына екі періште қонып отырады. Оның бірі жақсылығынды, бірі жамандығынды айтып тәубәна түсіреді. Сол періштелер сені Әзірейілден қорғайды дейтін. Міне, сол күрескер екі періште адам баласының сөзін сөйлеп шыр-пыры шығады. Албасты (Марту) Р.Әшірбекованың бейнелеуінде үрейлі қалпында көз алдына қалып қояды. Пәк сезімді, ақ қанатты, уыз Періштелер, жақсылықтың жампоздары есімізде ұзақ сақталары хақ. Осынау бейнені тым үздігіп ойнаған (К.Байтілеуова, Қ.Ысқақова) қыздарға ризашылығымыз мол. Олар (Періштелер) сөйлегенде, күлгенде нұрланып, сәуле шашып кететін сахналық, декорациялық көрініс, Албасты сөйлегенде аспан айналып жерге түсердей айналып бара жатқан дүниені көрсететін жарық түсірушінің еңбегі де сәтті. Режиссерлік және авторлық ремаркалар тәнті етеді. Жалпы біздің театрларымызда, сахнада кейіпкердің түсін, ойын түрлі бейнелеуші құралдармен әрқалай жеткізу бар. Ал, мынау о дүние мен бұ дүние арасындағы диалог, көріністің мынадай сахналық табуы дүниелік театрларымызда сирек кездесетін жәй.

Қойылымда үй басып алушылар көрінісі әсерлі шыққан. Сол көріністен көп мінезіміз көрінеді. Бүгінгі қайшылыққа толы өмір. Қарама-қарсы ымыраға келмес ағымдар, қозғалыстар, париялар – даудамайға, дақпыртқа, мансапқорлыққа жаны құмарлар бейнесі де ілкі сәттегі тартыс үстінде көрініп, өзін-өзі әшкерелеп жатыр. Бүткіл ауруымызды, дертімізді сол жерге жиған. Сол топтың ішінен біреу «Жетім бұрыш жойылсын» дейді. «Жетім бұрыш жойылсын» дейді. Санаңды осы сөз селт еткізеді. Жалпы осы көріністегі әрбір детальға режиссердің зор мән беріп қарағаны байқалады. Себебі, бұл жәй бүгінде әркімге де ұғынықты. Сондықтан да оның жасанды болып шықпауына режиссердің тер төккені байқалады. Гайдннің «Иса пайғамбардың жеті өсиеті» сазы драманың табиғатын терең аша түседі.

ТҮЙІН. Сонымен бір қойылым тұсау кесті, көрерменге жол тартты. Қойылым соңында Сандуғаштан қалған баланы полковник Малқар көтеріп шығады. Демек, өмір қанша қасіретке толы болса да қайта жалғасты. Екі жылға созылған үрей - түнектің ішінде бір нәресте шыр етіп дүниеге келді. Сандуғаш өзі көрмей өтті. Ол баспанасыздықтың құрбаны, сұрқия қоғамның құрбаны.

Қойылым түйінінде «Әділетті қоғам қанша орнайды» деген сөз саңқ етіп барып басылады. Адамгершілікке, гуманизмге негізделген қоғам орнату – адамзаттың ежелгі арманы ғой.

Дүниені төңкеретін сана. Біздің сана қалып қалған ғой. Әлі де кеш емес, осылай санаға, өнерге еркіндік берілсе, театр залы дәйім осылай толып отырса, заман түзелер, «Әділетті қоғам қашан орнайды?» деген сауалға да жауап табылар. Сахнаның, өнердің міндеті бәрін шешіп беру емес, қоғамдық сананы ояту, ұлттың рухын көтеру. Сана, рух өлген жерде ұлт, халық болып қалу мүмкін емес. Міне, режиссер мен драматург, әртістер ұжымы осы міндетті ойдағыдай орындап шыққан. Біз бәріміз де өз жерімізді, ұлтымызды сүйеміз. Оның гүлденуі үшін аянбаймыз. Бірақ бәрінен де қымбат ғажайып нәрсе бар, ол - ақиқатқа табыну. Сондықтан ақиқатты айтпасқа болмайды.

Әрине, «біткен іске сыншы көп». Қойылым туралы әрқалай пікір де айтылуы мүмкін. Пайдасыз пікір болмайды. Десек те, көзбен көргенді, көңілге түйгенді санаға сабырмен сіңіре білген абзал. Бір деммен жазылған алғашқы әсер осындай.

Қали СӘРСЕНБАЙ,
«Егемен Қазақстан», 23 қазан 1992 ж.

Ш.МҰРТАЗА: «ЖАЛҒЫЗҮЙЛІК ЗІЛЗАЛА» ЖАҢА ҚОЙЫЛЫМ ХАҚЫНДА

Театр үшін әрбір премьерa – үлкен белес. Белес қана емес-ау, алынса да шығармашылық ұжымның бар күш-жігерін, білімі мен қабілетін сарқа жұмсатып, әбден титықтатып барып алынатын асу. Мұндайда сахнагерлер шаршадым, қалжырадым демейді. Өзі енген образ оған құстың қанатын бітіріп, көңілін көкке ұшырады. Осылай азабы мен қуанышы мол аралас күй кешеді.

Жамбыл облыстық Абай атындағы қазақ драма театры жуырда осындай күйді бастан кешті. Халық жазушысы Шерхан Мұртазаның «Жалғыз үйлік зіл-зала» атты драмасы бойынша қойылған спектакльдің премьерасын өткізді.

Алдымен пьеса жайлы бірер сөз F.Мүсірепов атындағы балалар мен жасөспірімдер театрында «Жетім бұрыш» деген атпен тұсауы кесілген «Жалғыз үйлік зіл-зала» - ұрпақсыздық, баланы шектеу сияқты дертке қолдан ұшыратылған аз санды ұлттардың трагедиясы туралы толғау. Әрбір көрініске арнайы жүк артып, оны бір желіге көгендей білген автор көріністен көрініс озған сайын сол ұрпақсыздықтың себеп-салдарын ашына айтады. Ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық-шаруашылық тәртіп пен әдет-ғұрыптың бірер жылда быт-шыты шығуы, ауылда өскен қазақтардың қалаға келіп, қайткенде де табан тіреп, бөтен ортаға сіңісуге ұмтылысы жеке адамға ғана емес, бүкіл ұлт келешегіне қанды ізін қалдырмай кеткен жоқ. Ол кезде керек болса ресми саясаттың өзі «қоғамдық құрылысқа қызмет ету үшін бәрі талақ, ағайын да, ата-ана да, бала-шаға да, басқа да қызмет жолында құрбан дегенге сайып жатты. Отан деген алдымен отбасынан басталатыны күңгірттеніп, қияли мұраттарға қызмет етіп жүрміз деп ұғынды. Пьесаның кейіпкерлері Малқар мен Мүнира - сол түсініктің, керек болса сол саясаттың құрбаны. Қызмет деді, диссертация деді, сөйтіп жүріп ұрпақсыз қалды.

Ал, Сандуғаш – Алматыға оқу, әлде жұмыс іздеп барған жастардың жүзінен тоқсан тоғыз тауқыметін тартқан, жұмыссыздық пен баспанасыздықты басынан кешірген кейінгі толқын өкілі. «Орыстың шошқасын жумаймын» деп милицияға түсіп, сол кіріптарлықтан ақыры Малқардың оңай олжасына айналды. Бұл үшеуінің арасындағы психологиялық тартыс, өзге кейіпкерлер, көпшілік сахналар арқылы бүкіл ел тағдырымен жымдасып, өріліп отырады.

Астанаға арман қуып келіп алданып қалып, енді баласын баға алмай жүрген Сандуғаш, дүниенің ішінде отырса да ұрпақсыз жұбайлар Малқар мен Мүнира трагедиясы үйсіздік, күйсіздік, үкімет тарапынан шарасыздық, шайқалған экономика, сусыған идеология, шашыраған саясат, ондаған жылдарға кеткен басыбайлық пен бақытсыздықтың салдары екені жазушы Мұртазаға тән батылдықпен тамыршыдай тап басып жазылған. Тіпті сахнасыз да көңіл тұшындырар әдеби туынды. Шер-ағаның азаматтық батылдығы мен қаламгерлік өткірлігі – қайсыбір қалам ұстағандар мен

мінбекұмарлардың арзан бедел үшін айтып қалуы емес, тасты тесетін тамшыдай санаңның сан қатпарын сәулесімен атқылайтын жүйелі де киелі сөз.

Міне, сол ұғымды диалогтар мен өткір сюжетті заман тартысын сахнагерлер қалай ұсынған көрермендерге? Алдын ала ескеретін бір жай, автор режиссердің оң жамбасына оңай келуі үшін сахнаның ыңғайына жығылып жазбаған драманы. Картиналар қаншалықты айқын да нақты болғанымен, оқиға ететін кеңістік, орын әлденеше. Бұндай драманы арнаулы сахнада ғана игеруге мүмкін. Қоюшы режиссер Мағзом Бақытжанов пен қоюшы-суретші Құдайберген Тәжібаев оның шешімін таба білген.

Декорация бір қарағанда оқиғаға үш қайнаса сорпасы қосылмайтындай көрінеді. Сонау Сталин заманынан қалған көксұр монументті арқа не бітіріп тұр деген ойға қаласың. Оған коммунистік партияны марапаттайтын ұрандар ілінген. Рас, бір шетте көп қабатты үйлердің балкондары байқалады. Барлық оқиға осы кезекпен арканың екі жағына өтеді. Ал балкондардың ең биігінен салбырап тұрған (егер өкімет адамдары үйді тартып алатын болса, өзің жерге тастап жібермек) Салбырақ – Қорған (есімге назар аударыңыз) ашынған арнаулары мен өкіметке деген ультиматумын ауық-ауық айтып тұрады. Демек, стенография автордың түпкі ойын ашуға айшықты ат салысып, режиссердің шешімін көрермендерге түсіндіруде шешуші рольдердің бірін атқарады екен.

Режиссер жанры айқын шығарманың сахналық құрылымын жасағанда автордың ойларына аса көп жармаспай негізгі тінін таба білген де, сахна мүмкіндігін соны күшейтуге жұмсаған. Мәселен, драмада өмірге сәби келерде, өмірден пенде өтерде, тіпті адамның қиналған сәттерінде періште мен албастының сол адам үшін айқасы беріліп отырады. Міне, осы бір көкте, әлде көңілде жүріп жатқан айқасты режиссер драманың екінші желісіне айналдырған. Періште мен албастының аузына автор салған өткір диалогтардан бөлек сахнадағы хореографиялық шешім де көп нәрсені айтады. Музыка фонындағы айқас-би мынау өмірде өтіп жатқан жақсылық пен жамандықтың күресін көз алдына келтіріп, көкірегіне құйып береді. Бірінші бөлімдегі бос тұрса да заңсыз басып кіруге мәжбүр болған алқам-салқам үйде Сандуғаштың босану сәті, екінші бөлімдегі кубас деген сөзді естіп есеңгіреп келе жатқан Мүнира көкірегіндегі құбылыс, Сандуғаштың екінші босануы, Сандуғаштың өмірден өтуі,

Арманның өзінің жетімек інісін құшақтап қалуы, бәрі-бәрі көктегі періште мен албастының айқасымен болып жатқандай.

Осы жерде режиссердің спектакльге нүкте қоюдағы өзіндік ерекшелігін айтатын да рет келді-ау. Ол – соңғы жер сілкіністе сталиндік қақпаның қирауы. Сонымен бірге Сандуғаштан қалған соңғы сәбиді жасырып келуіне байланысты енді басқаны емес, тек баланы іздей бастаған бар мейіріммен құлаған Мүнираның емес, өзі де сәбиліктен арылмаған Арманға періштенің қолымен ұстатуы. Айтыс тудыратын тосын шешім болса да тапқырлық бар. Сірә, режиссердің авторды сан қырынан оқуы, сан қырынан түйсінуі деген осы болар.

Бұған үнсіз мизансценаларды қосуға болады. Әсіресе, екі ананың ортасындағы Арманның құбылысы, оған қос ана мен жалғыз әкенің реакциялары ешқандай диалогсыз-ақ психологиялық тартыстарды одан әрі өрбітіп отырады. Бұл жерде, әрине әртістер шеберлігін айтпасқа болмайды.

Алайда, оған дейін тоқтатуға тура келетін тағы бір мәселе бар. Әңгіме спектакльдің режиссер мен суретшіден кейінгі үшінші бір авторы – би қоюшы туралы. Өкінішке орай, бағдарламаға оның аты-жөні де берілмепті. Би қоюшының аты-жөнін көрсеткенмен режиссер, яки актер беделіне ешқандай нұқсан келмесе керек. Қайта сондай шешімге барып, маңына талапты көмекшілер топтастыра білген режиссердің беделі көтеріле бермек. Сондықтан да біз би қоюшының есімінің бағдарламаға енбеуі әлдебір орындаушылардың салақтығынан болған деп есептеп, би режиссер мен автор ойын ойлы да әсем айшықтағанын айтқымыз келеді.

Енді негізгі орындаушылар туралы. Көңілдегі көрікті ойды көрерменге жеткізетін - әртіс. Бұл кезде автор да, режиссер де сахнаның сыртында қалады. Басқаша айтқанда соңғы түйенің жүгі ауыр, Сандуғаш өзі айтқандай, еріксіз қоғамның өгей қызына айналған. Әртіс Майра Әлімбетованың Сандуғашы – сезімнің құлы. Тез сынады. Қатая бере қайта иіледі. Ақыры бәтуә байласып, береке кірмеген кезеңнің құрбанына айналады. Майра осының бәрін сезім тереңімен ғана емес, парасатпен береді десе де болады. Қай рольді болса да аса шабытпен ойнауға ұмтылатын Майра бұл жолы да сол биігінен табылып, Сандуғашты басты роль дәрежесіне көтере білген. Бір тілек – Сандуғаштың аналық мейірімін аша түссе. Әсіресе, жаңа босанып әлі Малқарды көрмей тұрған кезде бұл тіпті орынды болар

еді. Ол баласының атын Арман деп өзі қойды ғой. Сандуғаш сонда нені армандады? Бұл Майраны да ойландыруы тиіс.

Малқар – өмірдің не бір құқайын көрген жырынды. Оны алпысқа таянған жасы, погонындағы полковниктің үш жұлдызы-ақ айтып тұр. Малқарды екі, тіпті үш ортасы, сондықтан да үш түрлі мінезі бар. Бірі – қызметте, екіншісі – отбасында, үшіншісі – Сандуғаштың қасында. Қуандық Қасымов соңғы екі мінезді нанымды, табиғи ойнайды. Ал Малқардың қызмет бабындағы қырын берерде кейде характер табиғатын дөп баса алмай қалатын сияқты. Мұндай полковниктердің қызмет бабында (әсіресе, тәртіп сақтау кезінде) айналайын дегеннің өзінде даусында зіл, ақырын жүрдім дегеннің өзінде аяғында жер оярдай салмақ жатқанын көрермен сезінуге тиіс.

Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Гүлбаршын Өскенбаева Малқардың жұбайы Мүнира характерінің табиғатын тап басқан. Гүлбаршын – асылы ойлы әртіс. Өзіне еншілеген рольді болмысынан өткізіп барып, оны көрерменге жеткізудің жолдарын көп ізденетіні байқалады. Ол қандай образ болмасын, соған лайық сахнадағы қимыл-қозғалыстарды ғана емес, ең алдымен дауыс іздейді. Өз дауысын, оның қалыпты ырғағын характердің табиғатына сай түрлендіре алады. Бұл кез келген сахнагердің қолынан келе бермейтін қабілет. Егер Өскенбаеваның Мүнирасын, «Кемпірлер үкіміндегі» Уәзір кемпірін, «Беймаза әйелдегі» Айшасын радиодан тыңдасаңыз, осы үш рольді ойнаған бір адам екенін тани алмауыңыз ғажап емес. Нағыз әртіс солай ойнауға тиіс. Әр характерді бір-біріне ұқсатпағаны ләзім. Бір өкініштісі – тәжірибелі әртістің сөздері ойды сөйлемеймін деген ұмтылысынан, әсіресе, көрерменге тікелей қарамаған сәттерінде естілмей қалып жатты.

Арман ролін ойнаған кішкентай Құралайға үлкен салмақ артылған. Екінші бөлімнің жартысына жуық сахнада болған Құралай партнерлерінен еш қалыспай, әрі спектакльдің нүктесін де қоя білді. Өнер адамының отбасында өскен Құралайды (ол Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген әртісі Мәкен Рахымжанованың қызы) сахнадағы сәтті қадамымен құттықтап, зор болашақ тілейміз. Періште роліндегі Меруерт Қабышева, Албасты – Мартуды ойнаған Жүніс Әлімбековтер, жоғарыда айтқандай, бүтін бір желіні алып өтті деуге болады. Жарық берушінің (В.Грабарев), музыканың (құрастырған М.Бақытжанов) көмегімен небір құбылыстарды берген

екі әртіс те елестердің адам санасындағы бейнесін сезімге әсер ете отырып, нанымды түйсіндіреді.

Тәжірибелі актер болғанымен режиссерлік жолға енді түскен Мағзом көпшілік сахнасын шашыратпай, әрбір орындаушының орнын лайықты белгілеген сыңайы бар. Осы жерде режиссердің өзі туралы. Бұдан екі-үш жыл бұрын театр басшылығы бүкіл республикадағы режиссер тапшылығын ескере отырып, театрдың екі әртісін – М.Бақытжанов пен Қ.Қасымовты Мәскеуге режиссерлық оқуға жіберген болатын. Енді міне, соның жемісін көріп отыр деуге болады. Ол екеуі де Жамбыл театрының сахнасында бірнеше спектакльді табыспен қойып, таңдаудың тегін түспегенін танытты.

Сонымен кезекті премьерәра ойналды. Әрине, кемшіліксіз дүние жоқ. Негізгі рольдердегі әртістердің артық-кемін айтқандаймыз. Ең бастысы – спектакльдің шешімі табылған. Автор шығармасының сахналық өмірі басталды. Ол көрермендерді бейжай қалдырмауы тиіс.

**Елен ӘЛІМЖАНОВ,
«Ақ жол», 4 қараша 1993 ж.**

ШЕРХАН МҰРТАЗА

Қазақстанның халық жазушысы Шерхан Мұртазаның соңғы кезде «Ай мен Айша» атты роман жазып жүргенін көзі қарақты оқырман жақсы біледі. Романның бірінші кітабы баспадан жарық көріп үлгерді.

Шерағаң дәл осы күндегі шығармашылық сапармен туған жерінде жүр. Жанры қазақ әдебиетшілері көп ден қоймаған әңгімелерден тұратын романын жазушы оқиға өткен жерлерден теріп алып жүргендей.

Жазушы жолсапарда жүрсін мейлі, жазу столында отырсын мейлі, іс үстінде. Ал, Шерағаңның еңбекқорлығы адам таңданарлық. Мен мұны бұрын да білетін едім, мына жолы таңданбасқа шарам қалмады. Осы жүрісінде, «аттың жалы, түйенің қомы» дерлік жағдайда романның екінші кітабына енетін бірнеше новелла жазыпты. Ардақты ағадан қолқалап сұрап алып жариялаудың реті келгеніне мен өзімді де, «Ақ жол» оқырмандарын да бақытты санар

едім. Өйткені қазақ әдебиетіне өзіндік бет болып қосылар туындының алғашқы жарық көрген басылымы біздің газет болғанын, оған мұрындық болғанымды мақтан тұтатын күннің жақын екеніне кәміл сенемін.

Шерхан Мұртаза – менің бағамды қажет етпейтін шебер. Сөйте тұра мына новеллаларды оқыған кезде жазушы, азамат Шерханның қайдан шыққанын біліп, төбе шашым тік тұрып, көзіме жас келгенін қайтіп қана айтпайын. Дәл осындай сезім «Ай мен Айшаның» бірінші кітабының әңгімелері «Ақ жолға» жарияланғанда да бойымды билеп еді.

Айналайын жан аға, өмір тауқыметін қалай көп көргенсіз, оның бір де біреуін қалайша ұмытпағансыз! Әу, қалай ұмытарсыз, тағдыр Сізді қабырғасы қайысып, бұғанасы бекісін деп аямай, қаршадайыңыздан аш құрсақ, арып-ашып жүргізсе. Ұмытылуы еш мүмкін емес өң азапты өмір кешіпсіз. Біз түңіліп біткен сол өмірдің көркем образын қазақтың бүгінгі аса талантты жазушысының азапты өмірі арқылы сезіну қандай өзек өртерлік еді десеңізші!

Мұның қуанышты жағы тағы да бар. Ол – қызыл империя аңғал халқымызға абайлатпай таңған өмірдің ащы шындығы классиктің қаламына қаз-қалпында ілігіп, кереметтей шеберлікпен өрілуінде.

Еңбегіңіз рәтті болсын, көке!

Әлдихан ҚАЛДЫБАЕВ

ҚАРАШАЙ ҚАМБАШЫ

Ауылдары жақындар демалыс күні үйлеріне қайтып кетті. Жетітөбеге, Қаракемерге, Қыршындыға, Шоқайға.

Бұл атырапта онжылдық бір-ақ мектеп бар. Ол осы Молотов мектебі. Жанында жатын орын беретін, тамақ беретін интернаты болған соң жан-жақтан келіп оқитындар көп.

Соғыстың қаһар шашып тұрған шағында балалар білімнен, оқудан қалмасын деп ертеңнің қамын ойлағын өкімет те оңай емес. Қансырап жатса да интернат ашып, біз сияқтыларды, тіпті ауқаттылардың балаларын да асырайды.

Бәлкім, өкімет өзін қарыздар санайтын шығар. Мысалы, менің әкемді алды. Жазықсыздан жазықсыз Мұртазаны Сібірге апарып жоқ қылды.

Басқалардың әкелерін қып-қызыл ажалдың аран аузына мыңмындап айдап салды. Әлі толастар емес. Рас, жеңіс жақын деседі, кім біледі...

Интернат – бұрынғы мешіттің үйі. Бұған да шүкір. Біздің Мың-Бұлақта әп-әдемі мешітті қолдан қиратты. Ал, мынау болса, аман қалған. Одан өкімет не зиян шекті. Интернат болуға жарап тұр.

Сол бұрынғы мешіттің ішінде мен жападан-жалғызбын. Мырзагелді жездемнің үйінде, Зибә әпкемнің қасында жатсам да болады. Бірақ жездем айтты:

- Бүгін интернатта жатып шығасың. Жалғызбын деп қорықпа. Сен батырсың ғой, - деп қоттитып қойды. – Бауыржанның інісің ғой. Момышұлын білесің бе?

Әрине, білемін. Өзін де көргенмін. «Бауыржанның інісің». «Батырсың» деген соң, амал жоқ, батыр болуға тырысасың.

Қыстың күні. Түн суық. Балалардың бәрі ауылдарына кеткен соң бүгін пеш те жағылмаған, қазан да көтерілмеген.

Жалғыз өзім. Не көп – жамылғы көп. Жанымда жататын балалардың жалаң қабат одеялдарын сыпырып алып, үстіме қабат-қабат жамылдым. Рахат.

Жатырмын. Ұйқым келмейді. Елегзи беремін. Жездем мені неге мұнда жалғыз жатқызды деп қоямын. Енді-енді пайымдай бастағандаймын. Көрші бөлмеде қамба бар. Склад. Оның ішінде не жоқ дейсің. Ет те бар, балық та бар, пірәнік те бар, ұн да бар...

Әсіресе, пірәнік жегім келеді. Шіркін, кәзір қамбаны ашып, пірәніктің үш-төртеуін, көп емес, үш-төртеуін ғана алып, мына жылы одеялдардың астында кеміріп жатар ма едім. Аспаз қатын бізге бір-біреуден беруші еді. Тастай қатты, кеміресің.

Бірақ, қамбаның аузында баланың басындай қара құлып тұр. Оның кілті Хасан Өзденұлының қалтасында. Қарашай кісі. Бойы теректей, көздері шұңқырда жатқандай сұп-суық. Мұрты аузына түсіп, екі миығы шалғыдай салбырап тұрады. Мұрны қоңқақ. Мұрнының астындағы мұрты ылғи суланып тұрады. Үстінде ескі қара шекпені бар. Оны күмістелген жіңішке белдікпен буынып алады. Екі омырауы қатар-қатар оқшантай. Басында көбе қозының жүндес бұйра терісінен домбаздалған бөркін милығына дейін басып киеді.

Қамбаның кілтін сол ұстайды. Осы менің де қамбашы болғым келеді. Содан артық жұмыс жоқ па деймін. Біздің Мың-Бұлақта ғой қамбаның кілтін ақсақ Оспаналы көкем ұстайды. Рахат. Енді мына

екі-үш қадам жердегі қамбаның ішіндегі пірәнік көкейімді тесіп жатыр. Кілті менде болса...

Қыбыр еткен жан жоқ. Жалғыз өзім. Әлденелер көзіме елестей береді. Көзім жұмулы. Сонда да интернаттың қуыс-қуысын, бөлмелерді әлдекімдер кезіп жүрген сияқты. Әлдене ыңырсығандай, балаша жылағандай болады. Жүрегім суылдайды. Сөйтсем уілдеп жылап жатқан пештің қуыры екен. Аспаз қатын пештің аузындағы темір қақпақты жаппай кеткен шығар. Уілдейді. Сірә, далада жел соғып тұр-ау, уілдейді.

Пеш қой деп өзімді өзім жұбатып, жігерленген боламын.

Өзіңді-өзің жұбатпасаң, өзіңді өзің жылатпасаң сені кім жұбатады, кім жылатады.

Сөйтіп, жатып қалай ұйықтап кеткенімді білмеймін. Түсіме ақ көбелек, көк көбелек, теңбіл көбелек кіреді. Жалбыз бұлақ екендеймін. Терең сай. Белуардан келетін жасыл шалғын. Бүлкілдеп, бұрқ-бұрқ қайнап жатқан мөлдір бұлақ. Мың-Бұлақтың бір бұлағы. Күміс су. Іше беремін, іше беремін. Шөлім, сірә, қанбайды. Неге деймін. Сусамыр болып кеткенбін бе деймін. Күндіз аспаз қатын Әпуза тұзды балық бергенін ұмытып кеткендеймін.

Ыстықтан жанып барамын. Неге сонша ыстық. Интернат, ақ мешіт өртеніп жатыр екен деймін. Ақ киімді адамдар су сеуіп өшіріп жатыр екен деймін. Мені құтқармақшы екен деймін. Үстімдегі үш қабат одеялды аударып, тастайын десем, әл-дәрменім жоқ. Қабат-қабат одеялдар жанып жатыр. Сыпырып тастауға барымды салып тырысамын, болмайды. Атасына нәлет! Әжептеуір күш-қуатым бар сияқты еді, қабат-қабат жамылғыны жұлқып тастауға шамам неге келмей қалды? Тұншығып, дем ала алмай, жаным шырылдап шыға жаздағандай. Әлдекімдер өртенген үйді сақыр-сұқыр құлатып жатқандай. Әлде қамбаның қара құлыбы ма. Білмеймін. Ақ мешіттің қабырғасы қопарылып үстіме құлап келе жатқандай. Жан дәрменде бар даусыммен айқайлап жіберсем керек. Өлгенде әрең одеялдарды жұлқып тастап, үһ деп оянып кеттім. Тірі екенмін ғой деп, бір түрлі қуанып қалдым.

Сөйтсем... Көзімді ашсам... Алдымда қап-қара диюдай болып өңкиген біреу тұр. Қорыққаннан, үрейден үнім шықпай қалды-ау деймін. Әлгі дәу қимылдап:

- Жасшық, қорықма, - дейді. – Ма былай қышқырма.

Енді таныдым. Қамбашы Хасан Өзденов екен.

Түн ішінде неғып жүр? Әлде қамбасын қорып жүр ме?

Түсінбеймін.

Басымды көтеріп қарасам, қолында дорбасы бар сияқты. Томпайып тұр.

- Жасшық, ма былай, сен мені көрдім деп айтма. Мырзагелдіге де, ешқандай инсанға да айтма. Мақұл мы? Мен, жасшық, саға пряник, конфет береман.

Сыбырлап, аузын басып сөйлейді.

- Аз ғана ет, ұн алдым. Өзің білер, менде жасшықлар көп. Құрлық балалар аш отырса, өледі ғой. Аз ғана алдым. Сен, жасшық, еш инсанға айтма. Оллахи-биллахи, саға Алла саулық берсін деп тілеймін. Айтма.

Мырзагелді жездем бір мәрте мені қарашай қамбашыны шақырып кел деп үйіне жұмсаған. Үйін сонда көрдім. Үйі колхоздағы бір жаныстың мал қорасында екен. Есімде қалғаны: кір-қожалақ, үстінде лыпасы жоқ, шүпірлеген жас балалар ыңырсып, үрпиісіп отырған. Терезесі жоқ үй қап-қараңғы екен.

Тынысым тарылып:

- Сізді завинтернат шақырып жатыр, - деп үйінен тез шығып, ата кеп жөнелгенмін. Апыр-ай, адамдар да осылай өмір сүреді екен-ау, деп түңілгенмін.

Біздің қорлық көрдік, арыдық, ашықтық, деп елден көше жөнелгеніміз Құдайға асылық болған ба, қалай...

Енді мына еңгезердей кісі маған тәуелді болып, жалынып-жалбарынып, оллахи-биллахи деп тұрғаны ешбір қисынға келмейтін ебедейсіз іс болды. Өлердегі сөзін айтып жалынышты болғанша, өңкиіп келіп, бассалып, буындырып өлтіре салса кәйтер едім. Көз алдымда: сондағы бір көргенім: лас мал қора, қап-қараңғы үңгір, исі әлем сасып жидіп кеткен үй; ондағы аш-жалаңаш ыңырсыған жас балалар...

Әкесі ғой, амалсыздан өз қамбасына өзі түн жамылып келіп, ұрлыққа түскені сол қу тіршілік, өлместің қамы шығар. Бармақтай баланың алдында бас иіп, қолын кеудесіне қойып, үйелмендей болып өңкиіп тұр.

Мырзагелді жездем мені мұнда неге жатқызғанын енді шамалағандаймын. Күдігі бар екен ғой.

Ендеше мен жездем сөйтіп тапсырған істі неге адал атқармаймын? Айтамын, әрине. Кәзір тұра салып ойбайды саламын. Жездем маған сенді ғой. Сенді. Осы уақытқа дейін оны алдап көрген емеспін. Талай сынынан өткенмін. Менің сұғанақ, сұқит емес екеніме

көзі жеткен. Енді алдасам, біліп қойса, өлім емес пе. Оның үстіне мына дәу қарашай маған пірәнік беріп, ауызбастырықпен алдамақшы. Кәзір орнымнан тұрып, далаға шығып айқай саламын.

Дәу қарашай Хасан Өзденев сот алдында тұрғандай, маған арыз-мұңын айтып, әлденелерді түсіндірмекші.

Түсінгенім: бұлар Кавказ деген жаннаты жерде тұрған. Соғыс болған, фашистер келген. Артынша фашистер жеңілген. Дұры-ес. Бірақ өкімет мұздай қаруланған әскер жіберіп бұларды бір түнде вагонға тиеп, Қазақстанға әкеліп тастаған. Қазақтарға рахмет. Туысқан халық екен. Қазақтар болмағанда бұлар түгел, тып-типыл қырылып қалатын екен. Рас, қазақтардың өздері де аш-жалаңаш. Бірақ өз Отанында, өз елі, өз жерінде отырғандықтан олар қарашайлар сияқты міскін емес.

Сонда мен ойлаймын: қазақтар да еріксіз елінен кеткен бар. Мысалы мына мен. Нем бар айдаладағы Молотовта. Жүрмеймін бе Мың-Бұлақта шалқақ басып. Бірақ біз де бір түнде көше жөнелдік. Сәли атамның есек арбасымен. Тау асып, тас басып. Тәңіртау көрінбей қалды. Тәңіртау таяныш сияқты еді. Оның аспан тіреген қарлы шыңдарын көрген сайын бойыма ерекше күш-қуат өзінен өзі келіп құйылатын. Сонда мен өте күшті едім. Бір қапшық бидайды Боранды элеваторының зәулім биік төбесіне сатымен көтеріп шыға беретінмін. Өз илеуінде құмырсқа да күшті. Өзінен екі-үш есе үлкен дәнді өңгеріп алып кете береді. Мен де сол құмырсқадай өлермен, қайсар едім. Енді...

Енді мен қарашай қамбашы Хасан Өзденевпен тағдырлас екенімді сезгендеймін. Ол сөйлеп тұр. Мен осыны ойладым. Далаға іп шығып айқай салайын деген райдан қайтқан сияқтымын. Неге екенін толайым біліп жатқан жоқпын.

Әкемдей кісі аяғыма жығылып тұр. Әкем есіме түсті. Сібірдің адам айтқысыз суығында аш-жалаңаш жүріп, ажалы жетті-ау деймін. Бірақ неге аш? Айша айтатын: әкең өте тахуа кісі еді. Біздің жіберген посылкамызды жанындағы жолдастарына үлестіріп береді екен. Әкең аштан өлген жоқ. Құсалықтан, сендерді, сені, Құрмашты, Батырханды ойлай-ойлай, панасыз үрпек балапандар не болады, енді қәйтп күн көреді деп, сары уайымнан сарғайып өлді дейтін. Әрі намыстан, қарадай жаладан өлді. Әкең өте намысшыл еді. Ақ жүріп, адал өмір сүрген адамға сен шпионсың, сен рысқұлшинасын деген жалмауыздай жалаға қарсы тұра алмай, ақ екенін дәлелдей алмай,

дәлелдесе де жаналғыш әзірейілдер оны түсінгісі келмегеніне күйініп өлді дер еді.

Мына қамбашы қарашай Хасан Өзденев те өзінің өкіметке жау емес екендігін түсіндіре алмай жер аударылған. Бірақ бұл менің әкем Мұртазадай емес, әйтеуір өлмеуге тырысады. Сол үшін түн жамылып, тірмізік тарамысты көк қасқырдай қасарысып жем іздейді. Тірі қалуға, аш бөлтіріктерін қырып алмауға әрекет жасап, көп емес, азмұз ғана тамақ тапқаны да айып па? Ал, аштан қырылып қалса, ол айып емес пе? Құдай оны құп көре ме, жоқ па?

Соны ойлап жатырмын... Пірәнік жегім келмей қалды.

ҚАЛАЙЫ ҚАСЫҚ

Аспаз қатын Әпуза бүгін де түскі тамаққа килька сорпа пісіріпті. Шілденің шыңғырған ыстығында құдық басына үймелеген қой сияқты, есіктен таласа-тырмыса асханаға кірдік.

Мектептен қайтқан бетіміз. Ұзыннан-ұзақ столдың екі жағына қаз-қатар отырып, қалайы табақшадағы килька сорпаға қалайы қасықты сақыр сұқыр салдық дейсің.

Бұл бір ерекше симфония.

Кильканың сорпасы ащы. Қара нанмен соғып алсаң, кәдімгідей тамақ. Артынша шөлдеп, суды іше бересің...

Килька деген шынашақтай балық. Өзін тұзға бөктіріп қояды екен. Әйтпесе сасып кетеді. Сорпа содан ащы.

Менің қарсыма Сейсен деген шолжаңдау сидаң бала отырып қалған екен. Ол сорпаның ішпей, кильканың өзін сүзіп алып, аузына салды да, ашырқанып, тыжырынып менің табағыма түкіріп кеп жіберді, қарабасқыр.

Түкірсе басқа жер жетпей ме. Қаскөй ғой. Әрі тоқ. Төсегінің бас жағында, жастығының астында бір қалта жүгері талқаны, жүгері наны бар. Ауылынан алып келеді. Ауылы алыс та емес. Жетітөбеде.

Кесірленіп кильканы жемейтіні сол. Жемесе жемесін. Ал, менің табағыма түкіріп жіберетін не жөні бар?

Атасына нәлет! Мұндай ұзынтұра тәйтiк тұрмақ Тасбеттен де қайтпаған басым бұл қорлыққа қалай шыдаймын?! Менің ішіп отырған асыма мұндай сойдақ тұрмақ Мың-Бұлақтағы Тасбет те түкіріп көрген емес.

Қалайы қасықпен қақ маңдайдан періп кеп жібердім. Қалай шапшаң қимылдағанымды өзім де білмеймін. Бәлкім, ұрайын деген ниетім де жоқ шығар. Оқыс қимыл.

Маңдайымнан қан бұрқ ете қалды. Қалайы қасықтың да қауқары мұншама күшті болады екен-ау. Қарасаң жеп-жеңіл сияқты. Майысқақ. Мен ұрғаннан сабы майысып, басы қисайып қалды.

Сонша қатты тиетінін қайдан білейін. Бұрын сонау Мың-Бұлақта мұндай қасық болмаушы еді. Ағаш қасық болатын.кәдімгі қара ағаштан, таудағы қызыл қайыңнан, аршадан Нәметқұл көкем ағаш қасық шабатын. Неше түрін жасайтын. Сүйір қасық, дөңгелек қасық, сопақ қасыз... табақты да, шараны да, күбіні де аршадан жасайтын. Ондай қасықпен ішкен ас быламық та болса өте дәмді сияқты көрінуші еді. Біздің қатықсыз қара көжемiзге арша қасық, ағаш табак ерекше дәм бітіріп, май орнына қатық болатын сияқты еді.

Енді қалайы қасық дегенді де көрдік. Онымен ішкен тамақ кермек татып тұратын таты бар болар. Өкімет қасықты ағаштан, кәдімгі жерден нәр алатын ағаштан жасауды білмей ме, немене...

Ағаш қасық болғанда мына шолжаң Сейсеннің маңдайы жарылмайтын еді. Енді не болды?

Сейсен алақанымен маңдайын баса қалды. Алақаны қан-қан болып шыға келді.

- Ойбай! – деп бақырып жіберді.

- Өлдім, ойбай, өлтірді мына кісі өлтіріп елінен қашқан қаңғыбас!

Қалайы қасықтар мен қалайы табакшалардың әлгі сақыр-сұқыры тына қалды. Мені «адам өлтіріпелінен қашқан қаңғыбас» дегені балалардың бәрін үркітіп жібергендей, бәрі де қасқыр көрген қойдай үйіріліп, үрпиісе қалыпты.

«Адам өлтірген» дегені несі? Қашан өлтіріппін? Сөйтсем, ел құлағы елу деген, баяғы Тасбетті бесақа айырмен ұра жаздағаным бұл жаққа да жеткен екен ғой. Тау асып, тас басып. Сонау Мың-Бұлақтағы қырман басынан. Жаманат жатпайды екен ғой. Сонда дап-дардай кісіге кіп-кішкентай болып айыр ала жүгіргенім бекер-ақ болған екен де. Бірақ... бірақ ол менің Анамды қорлады ғой. Дүн-дүниедегі ең асылымды, ең сүйіктімді, ең қимасымды жермен жексен етіп жәбірледі ғой. Менің жаным – Анамның жаны ғой. Әйтпесе мен қайдан жаралдым?! Одан менің не аянарым бар? Сондықтан ғой... Оны мына балаларға қалай, қайтсем түсіндіре аламын?

Енді Жетітөбеден келген балалар: Жұман, Жапар дегендер оқыранып шыға келді. Жабылып мені түйгіштей бастады. Шамам келгенше, мен де қарсыласып-ақ жатырмын.

- Өзі сияқты қасықпен ұр!
- Қасықпен ұрған қандай екен!
- Бастан ұр, бастан ұр!
- Басын жар!

Жабылып жатыр. Ұрып жатыр. Неге екенін білмеймін, басым қанамаған сияқты. Соншалықты қатты да тиіп жатпаған сияқты. Әлде де ет қызу ма екен.

Кім біледі, менің басым Сейсеннің басынан гөрі қаттырақ шығар. Тумай жатып не көрмеген бас. Тасбеттердің қамшысы да тиген. Піскен шығар. Тауға да, тасқа да соғылған ғой. Соғылған. Соғы-лға-а-ан.

Олар жабылып қанша ұрса да қан шықпады. Бірақ өзімнен үлкен Жапар жұдырықпен мұрнымнан ұрғанда ғана танауымнан жып-жылы бірдеңе жылжып арқандай болды. Бірақ оны сүртіп көруне шамам келмейді. Қолым бос емес. Қолым қимылда. Мен де ұрып жатырмын. Байқаймын, біреу көзін басып қалды. Біреу мұрнын сипап тұр...

Әлде мұнша жанқиярлықпен қарсыласқаным бекер болды ма. Көптің аты көп қой. Көп қорытады, терең батырады. Бұл жалғанда жападан-жалғыз қалғанымды сонда тұңғыш рет сездім-ау деймін. Сонда мен өз бауырларым Дүйсенбайды, Қорғанбайды, Өсерді, Қуанышбайды, Аманбайды, Әділді, тіпті «арам» да болса Жолдасбекті іздедім. Шіркін, кәзір қасымда Айша болса... Бөлтірігін қорғаған құртқа-қасқырдай мыналардың тас-талқанын шығарар еді-ау! Айша алыста. Анасы мен баласы мәңгі бірге жүрмек жоқ көрінеді. Енді өз күніңді өзің көр деген шығар. Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай нағашыларының жанында қалып қойды ғой. Құрмаш та, Батырхан да.

Бұл қырғын немен бітерін кім біледі, асхананың есігі ашылып, тәрбиеші Зұбаржат апай кіріп келді. Бәріміз аңтарылып тұрып қалдық. Тұрып емес, тынып қалдық. Қалайы қасықтар мен қалайы табақтарға еркін жабылған шыбындардың ғана ызыңы естіледі. Шыбындар тұзды килькаларды ашырқанбайтын көрінеді. Құнжыңдасып-ақ жатыр.

Зұбаржат апайымыз асханадағы көріністен тілі байланып сөйлей алмай қалған тәрізді. Тұтығыңқырап барып:

- Нинди қаһар сұққан бұларны? – деп даусы шіңкілденкіреп шықты.

Кухня жақтағы тамақ үлестіретін тесіктен аспаз қатын Әпуза басын шығарып:

- Тоқ қой, тоқтықтан есіріп жатыр, - деді жайбарақат.

Тәрбиеші апай табақтан төгілген кильканы көріп:

- Исиртә бұл килькалар, исиртә, - деп бәрімізді жағалай көкшіл көздерімен шолып шықты да, Сейсеннің маңдайынан қанды көріп шошып кетті:

- И-и, малай, кем сини шұлай сұққан?

Сейсен кемсендеп, мені қан-қан саусағымен нұсқап:

- Мынау оңбаған қаңғыбас, - деді.

Көкшіл көздер енді маған сұқтанды. Өзі кіп-кішкентай бір уыс кісі, бірақ одан балалардың бәрі қорқады. Өйткені ол директордың әйелі. Досмырза директордың. Бұйрық та, әйтпесе Досмырза сынды келісті кісі де осындай шәушиген әйел ала ма. Сөйте тұра осы әйелден зінгіттей үш ұл сүйіп отыр.

Зүбаржат апай ұрысарын да білмей, ұрыспасын да білмей, дағдарып қалған сияқты.

- Ии, син мұңлық, шұндимы? – деді. Одан соң аспаз әйелден:

- Шұл малайның жинзәйі қайда? Ана айтырға кирәк, - деді.

- Жездесі қалағы кеткен. Интернатқа азық-түлік алып келемін деген, - деп керги жауап берді аспаз қатын.

«Жинзәй» деп тұрғаны Мырзагелді. «Жезде» дегені.

Сонымен Зүбаржат апай Сейсеннің маңдайын жуып, жарасына йод жағып, үлдірекпен таңып тастады. Мені ілестіріп Мырзагелдінің үйіне алып барды.

Темір төсектің үстінде баяғы сол цигейка жағалы сұр пальтосын жамылып Зибә әпкем отыр екен. Бір кіріп барғанда танадай көздері жалт етіп, күлімсірей қарап қойды.

- А-а, Зүбаржатпысың, кел-кел, жоғары шық, - деді.

Мен босағада тұрып қалдым. Ойым-ойран. Асыр салып әр саққа кетті. Зибә ұрысады-ау деген ойдан мазам май ішкендей кілкіді. Басқалар ұрыса берсін, ұра берсін. Ал, бірақ Зибә әпкемнен сөгіс естісем - зор жаза. Одан да жердің жарығы болса, соған кіріп кеткен артық.

- Зибәкәй, иркәм, шұл Барсхан анда бер малайның басын сұғып жарған, бит, - деді Зүбаржат.

Әпкемнің танауы қусырылыңқырап кетті. Бірақ жүзі жарқын, кезінде ызғар жоқ.

- Барсханның ондайы жоқ еді ғой, Зүбәржат. Ол баланың өзі тиіскен шығар, - деді аса бір сабырмен. – Не болды, Барсхан, өзін айтшы, бірақ алдама, айналайын...

Осы арада ол қатты жөтеліп, буынып қалды. Әлгінде албырап тұрған екі беті көгеріп кеткендей болды. Осы сәтті пайдаланып, не айтарымды жұптап та қойдым. Бірақ өтірік айтатын несі бар, болғанды болғандай айтайын дедім.

Әпкемнің жөтелі саябырсыды. Қасірет кесел Шақпақтың дауылындай төніп келіп, райынан қайтқандай болды.

Мен бәрін бастан-аяқ айтып бердім.

Әпкем мені қасына шақырды. Еңкейіп маңдайымнан сүйді. Ыстық алақанымен басымнан сипалап отырып, аса бір тебірене сөйлеп:

- Сенемін саған, Барсхан. Сен жалғаншы емессің. Жалғызсың ғой, жалғызсың. Менің көзім жұмылғанда саған кім араша түсер екен. Айша әпкем алыста... – деп өксігендей болды.

Әлгіде Жетітөбенің балалары жабылып ұрғанда міз бақпаған қайран басым, енді өзімді-өзім тоқтата алмай солқылдап жыладым-ай кеп. Тіпті Зүбәржат апайдың өзі көзіне жас алып, арқамнан қағып:

-Житти инде, зұр жигит син, бит, илама, - деді.

- Бұта қорғалаған торғайдай болып, мені паналап келіп еді соңу Жуалы-Түркібастан. Қайтейін мен пана бола алмадым. Орнымнан тұра алмаймын, әлім жоқ, әл-дәрмен кетті, Зүбәржат, бұл балаға өзін қарайлай жүресің. Менің күнім жақын, - дегенде Зибаның танадай көздерін мұнарлы мұң шалып, бір тамшы жас тотияйын сияқтанып көгеріп көрінді.

Зүбаржат екі қолын ербендетіп:

- И-и-и, Зибакай, бағырем, инде айтма шұнди сүзне. Безгә құштасарға иртәрәк бит әле – деп шырылдады.

Зибаның көзінен жас шыққанын, мұндана жасығанын бірінші рет көруім. Жүрегім суылдап, тұла бойым мұздап кеткендей болды.

Дүниеден Зибә кетсе, менің күнім не болады. Мырзагелді жездем мені далаға тастамас. «Әкенің жақындығы жездедей-ақ» деген сөз бар. Жезде, құдай адалынан берсе, жақын ғой, әрине. Соңу Мың-Бұлақтай жұмақты тастап келгеніміз де бір жағы осы Мырзагелді жездемнің жақсылығы шығар.

Әттең дүние, бірақ өз әкендей қайда-а-а. Мұртаза! Көзі көргендердің, білгендердің біреуі Мұртаза нашар еді деп айтқан емес. Қайта, есіл ер-ай, бозым-ай! – деп үһілеп-аһылап алушы еді.

Бұл елде Мұртазаны біле бермейді. Сенің тегінді білмеген ел әлгі Сейсен сияқты «қаңғыбас» деп қаңқу сөз айтады. Бұ да болса Тәңірдің салғаны да. Шыда!

Менің жабырқап, жүнжіп тұрғынымды, көзімнен үнсіз жас жылжып аққанын көрген Зиба әпкем:

- Барсхан, жылама, жүдеме! Жүдесең, жүндей түтіліп кетесің. Қорықпа, мен әзір өлмеймін. Өлмеуге тырысамын. Тірмізік жаным менің. Жылама, - деп аппақ орамалының бір шетімен бет-аузымды сүртті. – Бар, жуын, бетің ісіңкіреп тұр ғой, залымдар ұрған-ау, сірә. Қайсарлан! – деп жарқылдап күлді.

Іші-бауырым елжіреп, мұздаған тұла-бойым бір ғажайып жылылықтан ері-і-іп бара жатқандай болды.

- Синең юзің қояш кібік, бит, - деді Зүбаржат та жадырап. Зүбаржат айтса айтқандай. Зиба жүзі сонда күн сияқты шуақ шашыратып тұр. Күн сөнбейді ғой.

Зибаны да Тәңір тәуір көріп, бәледен сақтар...

«Ақ жол»,
13 тамыз, 1997 ж.

ЖАЗЫСҚАН ХАТТАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ

«Елім саған айтам,
Ел басы, сен де тыңда!»

Көзіқарақты оқырман «Егемен Қазақстан» газетінде үздіктіріп-үздіктіріп жарияланып тұратын есімдері белгілі жазушылар Шерхан Мұртаза мен Камал Смайловтың бір-біріне жазысқан хаттарын қалт жібермей оқығанына талас жоқ. Расында, екі жазушының жазысқан хаттары тәуелсіздік жолына жаңадан түскен еліміздің бүгінгі және ертеңгі тағдыр-талайын әр қырынан сөз еткен, күнделікті өміріміздегі өзекті мәселелерді оқырман алдына бар шындығымен жарқырата көрсеткен өткірлігімен жұртшылық құлағын елендеткен оқиға болды.

Осы хаттар жайлы республикамыздың түкпір-түкпіріндегі оқырмандар өз ойларын «Егемен Қазақстан» газетіне жолдап тұрды. Олар газет бетінде екі-үш мәрте топтастырылып берілді. Міне, сол хаттар жөніндегі екі жазушы қозғап отырған көкейтесті мәселелердің мәнділігі, маңыздылығы жөнінде түрлі пікірлер айтылды. Сайып келгенде, оқырмандар хаттар легінің үзіліп қалмауын қалайтындықтарын білдірді. Мұның өзі екі жазушыға да қанат бітіргені сөзсіз. Иә, өзіндік айтары бар қаламгерлердің бір-біріне шерткен сырлары талайлардыңкөкейіндегісін тап басқаны анық.

Таяуда «Қазақстан» аталмыш баспадан қос тарланның «Елім, саған айтам, Ел басы, сен де тыңда!» атты кітабы 3000 данамен жарыққа шықты. Кітаптың есептік баспа табағы 9,3. Міне, осы кітаптар Сіздің іздеп жүрген хаттарыңыз түгелдей енген.

Шер ағаның Камалға жазған мына хаттары «Кірлеген дүрбіні кім тазартады?» деп аталыпты.

«Ал, бізді әлі де бағындырып жатыр, Камал. Оны сен білесің бе? Жо-жоқ, баяғыдай зеңбіректің күшімен емес. Бір оқ шығармай-ақ бағындырып жатыр.

Шетелдік арақ-шарап дариясын ағызып жіберсе, жігері жетілмеген жұртты сол араққа тоғытып жіберсе – цирктегі азу тісін қағып тастаған арыстан сияқты ұзын қамшылы өміршінің айтқанына көніп, айдауына жүре бересің.

Бұл күштілердің ежелгі әдісі. Адамды алдымен ақылынан, жігерінен ажыратсаң - ар жағы кеуек, түртіп қалсаң құлай береді. Ал мұндай тобыр саз балшықша илеуге өте икемді.

Бағындырып жатыр. Арақ беріп, ақша беріп, басқа дінге топ-тобымен қойдай айдап кіргізіп жатыр.

Камал бауырым, ең сұмдығы – осының арты не болатынына көз жетпейді. Бұл империя атты алпауыттың алмас қылыштан да өткір қаруы. Ағылшындар Индияны отарлап, қанын сорып болып, енді сол Индияға бостандық берерде біртұтас ел енді қырғиқабақ болып қырқысады да жатады. Өйткені діндері бөлек-бөлек.

Дін айырымына қарай қантөгіс грузиндер мен абхаздықтар арасында, әзірбайжандар мен армяндар арасында арандатылды. Әлі немен тынары белгісіз.

Тізе берсе мұндай мысалдар көп.

Ал, енді ойлап көр. Бір қазақтың отбасында әкесі мұсылман, баласы баптист, қызы – кришна, яки бақашыл. Сонда не болмақ?

Ал, енді осы үлгіні бүкіл қазаққа сал. Сонда не болмақ?

Біздің биік саясатшылар осыны біле ме екен? Білсе де әдейі көз жұмып отыра бере ме? – деп жазады Шер аға Камал досына.

Жазысқан хаттарда қоғамдық өмірімізде кездесетін бұдан да басқа сорақы көріністер, оқиғалар талданылады. Тек талдап қана қоймай, сол олқылықтан қайтсек тазарамыз дегенді ортаға салады. Осы хаттың соңында: «Олар ауылдың ауыр тіршілігіне кірлеген дүрбімен қарап отыр. Дүрбіні тазартқысы келмейді. Тазартса – азап әдемі көрініп қалады» деп қынжылады. Әрине, бұл да сіз бен біздің жиі қайталайтын әңгімеміз емес пе?

Қос тарланның асыл сөздерін қайта бір оқып шыққыңыз, қайта-қайта қарап, керектісін көкейіңізге түйгіңіз келсе, немесе газетті алдырта алмай хаттарды оқуға ынтығып жүрсеңіз аталмыш кітапты сатып алыңыз. Өкінбейсіз!

Сабыр Бек ОЛЖАБАЙ
«Қазақстан» баспасы, 1998 ж.

ШЕРХАН МҰРТАЗА МЕН КАМАЛ СМАЙЫЛОВТЫҢ ХАТТАРЫНА ОРАЙ ШАРУАҒА ПАЙДАЛЫ ЖАҒЫН ОЙЛАҒАНДА

Екі жазушының өзара жазысқан хаттары менің де өз пікірімді айтуыма себеп болды. Алматы облысы мен Талдықорған облысының қосылуы өте оңтайлы болды. Соғыстан бұрын да бұл екеуі бір облыс еді. Ал осы облыстың ұзындығына қарап көрсек, әлі де бір ескерілетін мәселе бар екені талассыз. Алматы облысының шығысы мен батысы 600 шақырым қашықтыққа созылады. Алматы қаласы облыстың орталығы болғанда да дәл осындай қиындық көрініп тұр.

Менің айтайын дегенім: бұл облыстың Талдықорған қаласы болғаны жөн. Мына шеті Алакөлге дейін 300 шақырым десек, мына шеті Ұзынағашқа дейін 300 шақырым. Дәл бүгінгі қашықтық жағдайында Алакөл, Сарқан, Ақсу аудандарының шаруасын бақылау үшін қиындық туатыны сөзсіз. Бұл, әрине, дәл бүгін емес, алдағы уақытта ойланатын нәрсе деп айтып отырмын.

Көрнекті жазушыларымыздың айтып жүрген ойы ең алдымен шаруашылығымызды ілгерілетудің жолын ойлаудан, оны басқарудың оралымсыздығын аңғарудан туып жүргені белгілі. Сол себепті осы хаттарды оқи жүре, әркім өзі көрген, өзі білген әртүрлі жағдайларды айтқаны жөн шығар.

Қ.МУСИН
Алматы қаласы

МЕНІ ТОЛҒАНТЫП ЖҮРГЕН НӘРСЕ

Екі жазушының өзара жазысқан хаттары көтермеген мәселе аз. Онда шетелден көшіп келген қандастарымыз туралы да сөз болады. Олардың барлығы бірдей бір атаумен аталатын да секілді. Мәселен, осы түркі туысқандардың арасында ұзақ жылдардан бері тұрып жатқан қазақтар туралы сөз ететін мезгіл де жетті.

Өзбек жерінен атамекеніне оралғысы келетін бауырларымыздың құштарлығы алыс шетелдегілерден кем емес. Мұндағы қазақтардың көбірек шоғырланған жері жоғары, орта, төменгі Шыршық аудандары, Бостандық ауданынан бастап ағатын Шыршық өзенінің екі жағасы мен Ангрен аңғары және Сырдария, Әмударияның бойлары. Яғни өз елімізбен қатар жатыр.

Бір айтатын нәрсе: Қазақстандағы ұйғырлардың, кәрістердің, немістердің саны Өзбекстандағы қазақтардың санына жетпесе де, бұлар мәдени ұйымдар құрған, мектебі, балабақшадағы тобы, баспаханасы, театрлары, радиосы, теледидары бар, яғни рухани талаптары орындалуда.

Ал Өзбекстан жағдайында, бәлкі туыстығымыз, тіл ұқсастығымыз жақындығы себептен бе, жоғарыда аталған қазақстандық ұлттарға жасалған рухани қамқорлықтың елу проценті де жасалмаған.

Іргелес жатқан өзбек жерін мекен еткен қандастарымыздың көшіп келгендеріне де, көшіп келетіндеріне де жағдай жасау үшін айтар ұсыныстарым бар. Көші-қон қорларын ұйымдастыру керек. Бұл ретте кәсіпкер ағайындардың көп көмегі болуын тілейміз. Әр облыста көші-қон комитетінің ұйымдастыру орталығы құрылғаны жөн. Бабаларымыздан қалған салт бойынша жалпы халықтың қолұшы

да қажет. Сондай-ақ, базарға қолында барын сатуға шыққан шетелден келген қазақтардан базар салығы алынбаса екен. Егін егуші шеттен келген ағайындарымызға жер салығы салынбағаны жөн. Міне, қос қадірлі ағаның хаттары маған осындай ой түсірді.

**Сейдалы ОРАЗАЛИЕВ,
Түркістан қаласы**

СӨЗДЕРІҢІЗГЕ ЖАУАП БЕРМЕСЕ ДЕ, ӨМІРДЕ ЖАҢАЛЫҚ АЗ ЕМЕС

Сөздеріңізге қапелімде жауап бола қоймады деп ренжи көрмеңіздер. Әрбір жаңа талапқа, әрбір басқосуға, әрбір алынған қаулыға сіздердің ұсыныстарыңыз еніп жүр деуге неге болмасқа? Қазіргі басшылар хаттарыңызды оқитын шығар. Қолдарынан келгенінше, сынға алынған жағдайларды түзеуге күш салып жүрген шығар деген ойдамыз.

Қара басының қамын ғана ойлау – кері кеткендік. Мұндайлар бар, әрине. Оларға бола көш көлігі кідірген емес. Шерхан мен Камал, халық көңілінен шығатын мәселелерді жазып жүрсіздер. Әлі де жазылатын нәрселер аз емес деген пікірім бар. Сіздердің хаттарыңыз біздің жерде қолдан-қолға тимей оқылуда. Талқылануда. Ел батасын беруде. Мен сол жұртшылықтың ойын жеткізушімін.

Сіздер бұдан былай да тұрақты жаза беріңіздер. Кім не демейді? Мемлекетіміздің ілгерілеуі үшін ел азаматтарының ой қосқаны әбден керек. Осы беттеріңізден қайтпаңыздар. Біздің жаққа келсеңіздер, ағаларыңызбен бас қосып, сөйлесу естеріңізде болсын.

Дәм-тұздарымызды алдарыңызға тосамыз.

Қызылорда облысы, Арал ауданы

АДАМНЫҢ ҚҰНЫ – АДАМНЫҢ ҚАДІРІНДЕ

Қадірлі жазушылардың адамның құны жөніндегі сөзі мені ерекше тебіrentті. Адам құнының бағасы жоқ. Кейінгі жылдары сұрауы жоқтай, іздеуі жоқтай көрініп жатса, бұған ең алдымен өзіміздің қауымымыз кінәлі деуіме болады.

Әр ауданның өз ағасы бар. Әр ауылдың өз ақсақалы бар. Бірін-бірі білген кісі ғана іздейді. Бірін-бірі білмеген кісі бірінің-бірі қадірін қайдан білсін. Қазір ойдан да келіп жатыр, қырдан да келіп жатыр, баяғы қаймағы бұзылмаған елдің қалпы жоқ қой. Осындай кезеңде көрнекті жазушылар хатымен бұл өзі рухани мәселе боп көтерілгені бірді емес, бәрімізді қуантады.

Адамның бәсін кім толық білетінін маған атап айту қиын. «Құнымыз арзандады» деуге дәлел көп. Осындай қиын кезеңде «Өзімнің құнымды көтерейін» деп жүгіріп жүргендер аз емес. Мен бір сөз айтайын. Адамның құны – кісілік қасиетінде. Кісілік қасиеттен гөрі тиын-тебен қымбат болып тұрғанын мен де көріп жүрмін. Сеземін. Бұл неден? Адам құнын көтеретін, адам рөлін арттыратын тәрбие насихатының аздығынан.

Тілепалды ТОЛЫҚБАЙҰЛЫ.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Түлкібас ауданы.

ҚОҒАМЫМЫЗДЫҢ ІЛГЕРІЛЕУІ ҮШІН

«Айтайын десең елден ұят, айтпайын десем қайда сияды» деген ескі сөз бар. Білген құл айтқан сөз.

Бұрын халық арасында депутаттардың беделі зор болушы еді. Жергілікті басшылар жөндеп болмаған сан алуан кемшіліктер болса, сол депутат арқылы жоғарыға жеткізілуші еді. Осыдан екі жыл бұрынғы жалғыз палаталы Парламентте сессия мәжілісі басталса-ақ, ең алдымен халықтың күнкөріс жағдайы, жалақысы, зейнетақысы сөз болатын. Қазіргі Парламентте сондай серпіліс бар ма? Екі жазушының айтқаны халық сөзі екені ескеріліп, депутаттардың мәжілісінде неге арнайы сөз болмайды екен?

Бұл екі жазушы да депутат болып көрді. Екеуі де ел атынан айтар сөзді айта білді. Қазіргі депутаттардың ісі тек қана кеңсенің ісі

секілді: ұсынылған заңға алатынын алып, қосатынын қосып отырғанын естіп жүрміз.

Бұрынғыдай емес, қазір ел ішінің қазір-ақ жөндеуге келетін іс жағдайын халық кімге айтып, қай жерде сөз етуге болады? Қазіргі депутатқа осындай міндет жүктеген артық болады деу жөн бе?

**Мәлік ҚАРАҚҰЛОВ,
Алматы қаласы**

АЙТҚАН ЖАҚСЫ, НӘТИЖЕ ҚАЙСЫ?

Екі жазушының өзара хат жазысқанына екі жылға жуық уақыт болғалы тұр. Екеуі бірдей әр хаттарында «анау кеміс, мынау кеміс» деп келе жатыр. Мен бұл айтқандарын жоққа шығармаймын. Ал енді осы кемшіліктердің түп негізі неде екенін дәлелдеп атап, нақтылап айта түскендерін қалаймын. Әрине, қайсыбір кісілер бұл жазушылар айтқанмен еш нәтиже шығып жатқан жоқ дегенді де айтып жүр.

Қолма-қол шешіліп, қолма-қол пайда түсетін базар саудасы емес қой бұл. Шаруамыздың оралымсыз жақтарын көргеніне, оралымсыздықты кімдер жіберіп отырғанын тұспалдап болса да айтқандары дұрыс. Ендігі жерде әр нәрсенің өз әдресі атап айтыла түссе деген тілек бөтен бола қоймас.

Сондай-ақ, осы хат секілді бұдан былай министрлік басшыларымен, облыс, аудан әкімдерімен сұхбат-телефон ұйымдастырылар болса, әсерлі бола түсер еді. Жалпы осы мәселе бойынша «дөңгелек үстел» неге ұйымдастырылмасқа?

**Мақсат МҰҚАНОВ.
Оңтүстік Қазақстан облысы,
Сарыағаш ауданы.**

ҚОҒАМЫМЫЗДЫҢ ЗЕРТТЕУШІСІНДЕЙ БҰЛ ХАТТАР

Шерхан аға Камал досына жазған «Шыр айналған дүние» атты хатының соңында «қош сау бол» деп жазыпты. Құрдас кісілер айта да береді ғой. Біздің бір қауіптенгеніміз: осыдан кейін хат жазуды доғарайық дегені ме деп қалдық. Кейінгі бір хаттарының соңы да

есімізде. Жоқ, ағатай, «халық ұйғарса, хан түйесін сояды» деген бар. Халықтың тілегі: жаза беруді міндеттейді.

Сіздер аттарыңызды шығарғыларыңыз келіп жүрген кісілер емессіздер. Есімдеріңіз бұрыннан да елге аян. Құдайға шүкір, атақ-дәрежелеріңіз де бар. Сіздерге керегі: халық, халықтың амандығы, елдің ертеңі, ел басшыларының амандығы, сол басшыларға қолғабысшы болу. Сіздер жас емессіздер. Ел ағасы жасындағы кісілерсіздер. Хаттарыңыз өмірді зерттеуден туған. Құдай-ау, сіздер айтпағанда кім айтады?! Келесі хаттарыңызды асыға күтудеміз.

**Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Қызылорда облысы,
Жаңақорған ауданы.**

ҚАЙСАР ЕЛДІҢ ҚАЙСАР АЗАМАТТАРЫНЫҢ СӨЗІ

Бұл хатты жазуыма Шерхан Мұртазаның Камалға жазған «Жемқорлық, ұрлық-қарлық, парақорлық» атты хаты себеп болды. Еліміздегі қазіргі жағдайды бұдан артық ешкім де шыншылдықпен айтып бере алмас еді. Шерағанның айтқанының бәрі рас.

Осыдан бес-алты жыл бұрын ішкі істер қызметінде 29 жыл қызмет атқарып, зейнеткерлікке шыққан едім. Кезінде Рязань қаласындағы жоғарғы арнаулы мектептің экономика факультетін бітіргенмін. Одақтағы бірнеше қалаларда білім жетілдіру даярлығынан да өткенмін. Осы саланың маманы ретінде Шерағанның жазған мақаласын қуаттап, тәуелсіздігімізге залалын тигізетін ең қауіпті нәрсе: қызмет бабын теріс пайдаланушылық дер едім.

Кейінгі айларда бұл мәселені мемлекеттік деңгейде қарайтын арнаулы жоғарғы орынның құрылғаны өте жөн болды. Облысымызда бұдан екі-үш жыл бұрын бірнеше лауазым иелері жауапқа тартылды, қамауға да алынды. Сотталғандары да болды. Солардың кейбіреулері уақыт өте келе ақталып, заңсыз қамалған болып шығып, мемлекет есебінен орасан зор мөлшерде өтемақы алды.

Оларды кезінде заңға тартқан тергеушілер де, прокурорлар да, ақтаған судьялар да мемлекеттік қызметінде аман-сау жүріп жатқандығынан хабардармыз. Бұл не сонда? Әрине, қылмысқа қарсы

күрес оңай шаруа емес. Бірақ, заң ісіндегі әлгіндей шалғайлықтардың соңы тексерусіз қалғаны жөн емес.

Ж.АМАНБАЙҰЛЫ,
Аудандық ардагерлер кеңесі төрағасының орынбасары.
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы.

АҚ БАТА
Шерхан мен Камалға

Шерхан, Камал, сендерді,
Құшағыма қысып, қарсы алып
Ақ батамды берейін.
Бүкіл елге жар салып.

Бұл кім деме, мен бір шал,
Абайдың туған аулынан,
Аға ұрпақтың өкілі,
Іргелі ел, үлкен қауымнан.

Оқып жүрміз, бауырлар,
Хаттардың менен датыңды.
Достасып кеттік сендермен,
Сұрамай арғы затыңды.

Алуан түрлі ұсыныс,
Пікірлерің керемет.
Бірақ та хаттың жауабын,
Бермейді неге үкімет?

Пенде ұқпаса, құдайдың
Құлағына шалынсын.
Жүзеге асып, түзелсін,
Хаттарында айтқан сын!

«2030» болсыншы,
Енді айтар сөздерің.

Сөйлеу үшін ел мұңын,
Аман жүрші өздерің.

Жағыпар ЖҮНІСЖАНҰЛЫ,
соғыс мүгедегі.
Шығыс Қазақстан облысы, Абай ауданы.

ӘР НӘРСЕНІҢ ПАРҚЫН БІЛЕЙІК

Шындықты баспасөз бетінде әйгілеу әркімнің қолынан келе бермейді. Камал мырза, Шерханға жазған хатыңның әлеуметтік тереңдігі мені әрқашан разы етеді. Көрнекті жазушымыз Шерханның айтқан сөздері де бәріміздің аузымызда жүр. Елдің хал-ахуалын, жалпы жағдайын қалам ұстағандардан өзің мен Шерханнан басқа ешкім ауыз толтырып айтқан жоқ.

Көшіп кеткен ескі жұртта өсиетін әлжуаз шөптей саны өсіп бара жатқан зор ғылыми атақ жөнінде айтқандардың да өте орынды. Жұрттың бәрі академик, қалғаны президент атанатын заман болды ғой. Бұған күлгеннен басқа не істеуге болады. Ғалымның да ғалымы бар. Шала ғалымның жөні де көрініп тұр ғой. Шалағай ғалымнан оқып шыққан қайсыбір мамандардың бітіріп жүрген ісін көріп отырмыз. Мұндайлар ауылдық жерде көбірек ұшырасады.

Жұмысы жүріп тұрған Ақбақай секілді кенді жерлерімізді сату жөн деп айта алмаймын. Қазіргі нарықтың бет-пердесі туралы айтқан сөздеріңіз де біздің көңілімізден шығады.

Сондай-ақ, атақты екі жазушы көтерген және бір мәселе: рухани мекемелер қызметіне жағдай жасау. Талай қалаларда, тіпті, балалар кітапханасының ғимараты әлдекімдерге сатылып, не кітапхана емес, не халыққа қызмет көрсететін іске бағытталған болмай қалып жүр.

Қазір соғыс ардагерлері «Пәтермен қамтамасыз етіліп болды» деп сөз таратушылар бар. Бұлай емес. Көпшілігі ескі үйлерде тұрады. Әуелден үй алмағандары да бар. Бұл ретте Шерханның бұдан былай да үзбей көкейкесті мәселелер төңірегінде өзара пікір алысқанын орынды көреміз.

Халық СЕЙІТКЕМЕЛОВ.
Алматы қаласы.

ӨЗІМ ТАҢҒАЛАТЫН КІСІГЕ ХАТ

Мен өзім ерекше таңғалатын адамға хат жазып отырмын. Ол сізсіз, Шераға! Егер Камал аға екеуіңіз қоғам ауасын қақ жарып, осы хаттарды жазып, айтпасаңыздар, қалғандарымыз ұртымыз томпайып отыра берер ме едік, кім білсін. Сізбен бөліспек азғантай ойым бар.

Өзімізді өзіміз канша жұбатқанмен, ауылдың рухани жұтандыққа ұшырап отырғандығы шындық. Көлгірситіндей ештеңе жоқ. Баяғы мәдениет ошақтарының сәні де, мәні де кетіп болды. Бірақ қаншаға дейін?

Қазір Елбасының Жарлығына сәйкес барлық жерлерде зейнетақы берілуде. Бұл да қуанышты жағдай. Әйтсе де, кейбір отбасыларының жағдайы өте төмен. Ауылда ұрлық-қарлық көбейіп кетті. Ұрлық жасайтын сол ауылдың жастары деуге болады. Оларды ұсталған сайын соттай бергенше, осы ұрлықты қойдыратын шара неге белгіленбейді?

Хаттарыңызды оқи жүре екеуіңізге бір сұрақ қойғым келеді. Қазіргі жүргізіліп отырған мемлекеттік саясатқа көзқарастарыңыз қалай? Сол айтылғандардың бәрін бақылайтын, қамтитын жауапкершілік жетісе ме? Егер кейбір жерлерде жетіспесе, жетіскен жерлердегі жағдайды неге насихаттаймыз? Келесі хаттарыңызда осы сауалыма да көңіл бөлсеңіздер екен.

**Айжан КЕМЕЛЖАНОВА,
10 сынып оқушысы.**

Алматы облысы,

Райымбек ауданы.

«Егемен Қазақстан», 18 ақпан 1998 жыл.

«ЕЛІМ САҒАН АЙТАМ, ЕЛ БАСЫ СЕН ДЕ ТЫҢДА»

деген атпен есімі елімізге белгілі жазушылар Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың «Егемен Қазақстан» газетінің бетіне жазысқан әңгіме-хаттары «Қазақстан» баспасынан жеке кітап болып жарық көрді.

Тәуелсіздік табалдырығын аттаған жеті жыл бізге не берді, не береді? Еліміздің бүгіні қандай, келешегі қалай болады? Дәл осындай

сан түрлі сауалға іздеген жауапты жұрт көкейге қонымды ой-пікір, құнды ұсыныстарды да ел ағаларының жазысқан нәрлі хаттарынан алып, қанағаттанған-ды.

Иә, өткір мәселе, шырылдаған шындық айтылған бұл әңгімелерге елдің құлағы елеңдегені рас. Әр хаттан рухани тәлім алатын, бойға қуат, ойға нәр беретін күшті аңғара отырып, ел болудың ендігі жолы – бірлік пен тірлікке келіп тірелгенін аңғаруға болады. Отанымыздың болашағын ойлап, осы төңіректе сан түрлі әңгіме өрбіткен азаматтардың ақжарқын, бүкпесіз жан сырлары жүрегі елім деп соққан әр кісіні толғандырғаны ақиқат. Сол толғанытар келешекке үлкен үмітпен қараған халқымыздың рухын оятып, өркениетті қоғам құру жолында тың серпіліс әкеліп жатса нұр үстіне нұр.

Жаңа кітаптың жаңалығы көп. Халқымыздың сүйіспеншілігі мен құрметіне бөленген Шерхан мен Камал ағалардың хат-әңгіме түріндегі бағалы бұл еңбектері әр үйдің рухани серігі болары сөзсіз.

**Ж.ДУАНБАЙ,
«Жас алаш», 4 сәуір 1998 жыл.**

«ХАТТАР» ҚАЛАЙ БАСТАЛҒАН ЕДІ?

Өткен жылы «Қазақстан баспасы белгілі жазушы, қоғам қайраткерлері – Шерхан Мұртаза мен Камал Смайыловтың «Елім, саған айтам, елбасы, сен де тында» атты кітабын жарыққа шығарған көпшілік қауым жақсы біледі. Бұл кітап – кезінде «Егемен Қазақстан» газетінің беттерінде жарияланған – авторлардың бір-біріне жазысқан хаттарының басын қосқан басылым болатын.

Бұл хаттардың жазылуына түрткі болған не? Екі бірдей қаламгер алдарына қандай мақсат қойды? Ешқайсысымызды бей-жай қалдыра қоймас мұндай сұрақтарға жауапты төмендегі мақаладан табуға болады.

Мен біраз жылдардан бері болашақ жайлы ойлап, жорамал-болжамдар жасап жүруді ұнатушы едім. 1978 жылы «XXI ғасырға

саяхат» деген кітабым шыққан. Одан кейін «Ғасырлар қырқасында» атты кітабым жарық көрді. Сонау «Лениншіл жаста» жүргенде, одан «Білім және еңбек» журналының редакторы болып істегенде, сол болашаққа арналған елдің, жердің болашағын болжаған мақалаларым басылып жүретін. «Ертең 2000 жыл», «XXI ғасыр жақын қалды» деген мақалаларым жарияланған. Әсіресе, мына біздің XX ғасырымыз (әр ұрпақтың өз ғасыры болады ғой, біздің ғасырымыз – осы XX ғасыр болған, болып қала береді) аяқталып келе жатқан мезгілде, алдымызда жаңа, XXI ғасыр, ғасыр емес-ау жаңа мыңжылдық, үшінші мыңжылдық жақындап келе жатқанда, осы болашақ жайында қиялданып, ойланып, алабұртып жүретін болдым. Оның үстіне жаңа ғасырды біз тәуелсіз Қазақстан болып қарсы алғалы, жаңа мыңжылдыққа адамзат, дүниежүзі әулетіне толық тәуелсіз ел ретінде, тең праволы жеке-дара мүшесі болып кіргелі отырмыз ғой. Бұл ойды салмақты да жауапты етеді. Енді бұрынғы ойлайтындай, айтып жазатындай біздің болашағымызды жоғарыдан ешкім жасап бермейді, өз қолымызбен, өз ақыл-ойымызбен орнатамыз. Демек, болашақ туралы сөз нақты да жауапты.

Осы оймен мен қолыма қалам алдым, алдыма қағаз қойдым. Болжам – мақаланың аты бірден айқындалды: «Қазақстан. XXI ғасыр» Бұл – ғылыми болжам, саяси жоба емес, публицист ойлары. Иә, сөйтіп бұл толғау мақала «Қазақстан. XXI ғасыр» деген тақырыппен «Егемен Қазақстан» газетінде 1996 жылдың 25 маусымы күні тұтас бір бет болып жарияланды. Онда мен «Қазақстан жеті миллиард адамды асырай алады», «Қазақстан қазба байлықтары 10 триллион доллар», «Каспий – Арал каналы салына ма?», «Қазақстан төрт мұхитқа тікелей шыға ала ма?», «Марсқа адамды Дегелен двигателі алып ұшады» деген тақырыпшалар бергенмін. Сонымен, мұны жұрт қалай қарсы алар екен деп жүргенмін. Арада үш апта өткен соң, шілденің 12-сінде сол «Егемен Қазақстанда» Шерхан Мұртазаның «Алтын сандықтың кілті кімде?» (Камалға хат) деген мақала хаты басылды. Онда ол менің Қазақстанның қыруар қазба байлықтарын айта келіп, біздің жеріміз іші қазынаға толы алтын сандық қой деген сөзімді іліп алып, «онда біз сол алтын сандықтың үстінде неге жалаңбұт отырмыз» деген сұрақты бүйірден қойды. Басқа да мәселелерді қозғай келіп, «Екеуміз бір жылдың төлі едік қой. Сырымды, пікірімді саған айтпағанда кімге айтамын?» - деп аяқтаған хаты екеуміздің арамыздағы ұзақ хат жазысуды бастады.

Біз бір-біріміздің не жазбақ екенімізді газет шыққанға дейін білмейтінбіз, кезекті хатты газеттен оқып бір-ақ көретінбіз. Ол ауыр жұмыс еді. Екеуміз бір-бірімізді қайталамайық деп келіскенбіз. Екеуміздің өз мінездеріміз секілді хаттарымыз да екі түрлі стильде, екі бағытта жазылса деген іштей келісуіміз болған. Шерхан бастырмалатып, ышқындырып, сезімге, әсерге орап суретпен бейнелеп жазады, ал мен ойымды тиянақтау үшін дерек-цифрларды келтіріп нақты проблемаларды дәлелдеп, дәйектеп жазамын дегенбіз.

Ал, жаны ашып оқитындар бір басқа, «қызық» іздеп оқитындар өзінің ұғым-білім деңгейіне, ой-өрісіне қарай түсінеді. Оған реніш жоқ. Ал, кейбіреулерінің маған жаны ашыған болып, кітаптың мұқабасында сенің суретің неге төмен тұр? Дегендер болған. Ең алдымен, екеуміздің әңгімеміз дастархан басындағы сөз емес, елдің өмірі, халықтың хал-жағдайы, экономикалық реформаның барысы, қиындықтары жайында болды. Талай мәселелер айтылды, небір проблемалар көтерілді. Сол жылы Елбасының сөздерінде, үкімет қаулыларында қозғалған, қойылған біраз мәселелерді біз де кезінде қозғағанбыз. Солардың ішінде біздің алдымен жазғанымыз – қазба-байлық ошақтарын шетелдіктерге беріп, сатып жіберуіміз кейін сан соқтырмай ма, суы жоқ, шөбі аз, табиғаты қатал қазақ даласында жеке фермер-шаруашылықтар құру қаншалық дұрыс деген жәйттер еді.

Ал Қазақстандағы қазба байлықтардың жалпы құны 10 триллион доллар деген деректі мен еліміздің геология саласының жетекшісі, өте білімді жігіт Серікбек Дәукеевтің айтқанынан алдым. Жалпы, Қазақстан қазынасы мен үшін жатқан бір жыр. Сол жөнінде деректер жинап, тарамдап жүремін. Жақында ғана бір-екі қызық дерек көрдім. Болашақтың отыны – уран, ол адамға ажал-қасірет емес, күш-қуат беретін болады. Оның бағасы да қымбаттап барады. Сол уранның жер бетіндегі қорының жартысы Қазақстан жерінде жатыр. Оның көлемі АҚШ-тағыдан асып түседі. Бізде алмас жоқ деп жүргенбіз. Сөйтсек, Көкше өңірінде техникалық алмас шикізат бар болып шықты. Сол кенді дұрыс пайдалану керек еді де. Бір кезде бар өнеркәсіптің 93 проценті орталыққа бағынады деп шағынатын едік, бәріне өзіміз ие болдық.

Бірақ соның бәрі дерлік жат қолына кетті ғой. Ең өкініштісі – егер сол кәсіпорындардың өнімдері ешкімге қажет болмай, өтпей жатса екен-ау! Соларды неге шетелге өзіміз сатпаймыз? Амал қанша, қаржы жоқ. Сол ертең сапалы өнімнің есебінен қарыз алып, осы

өндірістерді өзіміз басқарып әкетуге болмай ма? Осыны түсінбеймін деп жаздым бірде.

Нұрсұлтан Әбішұлы бір кездесу кезінде Шерхан екеуміздің хаттарымыз жайында сөз қозғап, оларды білетінін, оқитынын айтты.

«Жалпы мәселелер дұрыс көтеріліп жатыр, - деді Президент. Дегенмен, сол кемшілік-қателіктермен қатар оңға басып оңала бастаған шаруаларды да айтқан әділдік болар еді», - деді. Содан біздің хаттарымызды көп қойылған мәселе – ірі кәсіпорындарды шетелдіктерге беру туралы сөз болды.

«Біз оларды амалсыздан, мемлекеттің қаржысының аздығынан, оның үстіне өзіміздің ішімізден қалың қалталылардың шықпай отырғанынан сатып жатырмыз. Ертең отандас байлар шығатын болса, ана кәсіпорындардың бірталайын солар сатып ала бастайды. Оған әлі жетеміз. Қазір солай», - деді ол. Иә, Жәйрем комбинатын жақында өзіміздің ірі бизнесмен сатып алды. Бұрын мұнайлы Маңғыстауды да, алтынды Ақбақайды да өзіміздің адамдар бермей қалған. Соңғы кезде шетелдіктермен арада кикілжіңдер туып, жанжал шығып жүр. Бұрын Шымкент, кейін Павлодар мұнай өңдеу зауыты төңірегіндегі дау сотқа дейін барды ғой. Шетелдіктерді сыйлаймыз, бірақ олар да біздің заңдарымызды сыйласын, тыңдасын. Мәселе, сатуда емес, кімге сатуда (алаяқ адам ба?) және қалай сатуда (өзіміздің мүддемізге аяусыз нұқсан келмесін).

Бізге соншама қой қажет пе? Керек ет пен жүнді басқа елдерден арзанға сатып аламыз деген үкімет басшысының сөзі есімізде. Енді, міне, ақыры, бір кездегі 36 миллионға дейін азайттық.

Мұншама мол астық неге керек? – деп ауылшаруашылық министрі бір астық көп жиналған жылы көкіген еді. Енді, оның көлемін бір кездегі 32-34 миллионнан азайта-азайта, биыл небәрі 7,5 миллион ғана астық алдық. Жерге жан ашымағанда, ол да иімей қояды.

Ақыры келіп, өзімізге қажет тағам-тамақтардың 70 процентке дейінін шетелдерден сатып алатын болдық. Сол жұмсаған долларымызды өзіміздің шаруа-шаруашылықтарға беріп (ең болмаса, қарызға) соларды неге аяғынан тұрғызбаймыз? Қазақтың елсіз даласында бұрынғыдай біріккен қуатты шаруашылықтарсыз шаруа-фермерлер жеке отырып күн көре алмайды деп жаздық бір хаттарымызда. Оларға қызмет көрсететін, өнімін сататын арнайы мекемелер, машина-техникалық орталықтар қажет дедік қой. Енді сол

ыдыраған, қожыраған шаруашылықтарды бірігіп, бірлесіп көтермсе болмайды дегенбіз.

Реформаның түпкілікті мақсаты да, нәтижесі де халықтың қамын ойлау, адамның тұрмысын жақсарту екені белгілі. Жыл сайын біріккен Ұлттар ұйымы әр елдің қоғамдық-адамдық дамуының жағдайын көрсететін жинақ шығарып тұрады. Соның дерегі бойынша, бір хатымда мен 100-орында, ал Шерхан 74-орында тұр деп жазған. Сөйтсек, 174 елдің ішінде 93-орында тұр екен. Оқушылар өздері де байқаған болар, хаттарымызда қыруар цифрлар, деректер келтірілген. Онсыз әңгіме жалаң, бос эмоция болып шығады ғой. Біздің қасымызда көмекші-жәрдемшілеріміз жоқ, бәрін өзіміз жинап, өзіміз табамыз. Рас, кейде деректер уақыт өткен сайын өзгеріп жатады. Ол түсінікті. Біз жалпы, дерек-дәйектерге аса жіті қарап, мұқият болуға тырыстық.

Біздің хаттарымыз бір жарым жылға созылды. «Егемен Қазақстан» сол хаттарымызға келіп түскен оқырмандардың ой-пікірлерін бет-бөлім етіп жариялап тұрды. Бәрі де қостайды, айтайын деп жүрген, айта алмай жүрген ой-сырларымызды сіздер айтып отырсыздар, сол үшін де сіздерге алғысымызды айтамыз деп жазып жатты олар.

Сонымен бірге біраз оқушы хаттарында Сіздер күрделі, қиын мәселелерді айтып, жазып жатырсыздар, соларға басшы орындардың назар аударып, шара қолданғандары байқалмайтын секілді дегенді айтады. Неге бұлай деп сұрақ қояды. Біз хаттарымыздың арасында жауап қайтарып та отырдық. Журналист-жазушы өмірден көрген-түсінгендерін жүйелей жазады, проблемаларды қозғайды, қояды. Ал, оларды шешу-реттеу үкімет орындарының міндеті деп түсіндірдік. Әрине, қазіргі мына демократияның еркін заманында олардың шешпеуге, қарамауға да еркі бар екенін өкінішпен айттық та. Ол үшін ешкім-ешкімнен сұрамайды. «Газет сынап еді, нәтижесі қандай?» деген рубрикалар жоғалғалы қашан!

Сол хаттардың ішінде Өзбекстаннан жазған бір журналистің хат-мақаласы газетке басылды. Ол, тіпті, екеуіміздің туған жерлерімізге, Шерхан өскен Жамбыл облысының Жуалы ауданына, менің өскен жерім Қарағанды облысының Ұлытау ауданын арнайы барып, жағдайларын көріп, көңілі толмай қайтыпты. Ол мынау халықтың қамын айтып, елдің мәселе-шаруаларын жазып жатқан қаламгерлердің ауыл-аймақтары қандай екенін көргісі, білгісі келген ғой. Ал, шынын айтсақ, біздің туған аудан-ауылдарымыз бірде ілгері,

бірде кейін, құбылмалы қиын жағдайға икемделіп, бейімделіп тіршілік жасап жатыр.

Бізге арнап өлең шығарғандар да бар, олар газеттерде жарияланды.

Академик-тарихшы Манаш Қозыбаев бір әңгіме-сұхбатында («Парасат» журналы, №6, 1998):

«Алауыздықты қою керек. Кейбір өмірбойы өзіне «жаутапқыш», «жау іздегіш» куларды аластау керек. Әйтпесе, бұрау басын сындырмай, бір пендеге жақсылық жасамай, қарабасы қоғамға масыл бола тұра «Камал олай», «Шерхан бұлай» деп іріткі салғыштар көбейіп барады. Жалпы, ойшыл, ел бірлігіне, ел тірлігіне қабырғасы қайысатын жандар өте қарапайым келеді», - дейді. Сонда олар екеумізді екі бөліп айтқанда не дейді екен, не деп бір-бірімізді сырттан сипаттайды екен деп ойландым. Кейбір пысық жігіттердің маған деген көңіл-көзқарастарын сөз сынайы, ерін-емеурінінен сезіп қалатынымын. Бірақ, кешегі «тоқырау» замандарындағыдай бетіне тура айтып тастау немесе көп алдына айту, жиналыста сынау деген жоқ қой. Нағыз сумаң сөздердің құдайы берді. Солардың ішінде бір кесір мақала болды. «XXI век», «Дат» деп аталатын газеттерде Б.Қосбармақов пен О.Әлімбеков деген екі журналистің «Шерханға хат», «Көшірмесі Камалға» деген мақалалары шығыпты. Олар сол хатында біздерге жандары ашыған болып сөйлейді. «Егемен Қазақстанның» босағасында неге отырмын, осы жердің ақырынан кәшек жеп отырмын» деп Шерханның әжуалап, әдейі кекесінмен айтқан сөздерін сол белгісіз екеу шын көріп, бас салады. Оның шынында «кәшек жеп», күн көріп отырмағанын елдің бәрі біледі. Ол шайқай төгіп отырған адам емес екені рас. Оның қала сыртында еңселі биік «особнягі» де жоқ, жекеменшік жалтыраған «Мерседесі» де жоқ. Қай замнада болса да қарапайым, қатардағы тұрмыс құратын әдеті. Кезінде қолынан келгендер талапайға салып жатқанда, лицензиялар мен кредиттерді өзі бөлмесе де, бөлетіндерге кіре алатын (ол кезде біз халық депутаттары едік қой) мүмкіндіктеріміз бола тұра, соған бармадық. Қазір жаяу жүреміз, қала ішінде тұрамыз. Бірақ, тыныш ұйықтаймыз.

«Жемқорлық, ұрлық-қарлық, парақорлық» деген мақала-хатына байланысты бір ардагер «Еліміздегі қазіргі жағдайды бұдан артық ешкім де шыншылдықпен айтып бере алмас еді. Шерағанның айтқанының бәрі рас» - десе жас жігіт: «Сіздердің хаттарыңыздан бүкіл қазақ халқының ой-арманы мен мұң-мұқтажын, мақсат-мүддесі

мен жан айқайын көріп, сіздерді халық қолдаушысындай, хабаршысындай сезінеміз» , - дейді («ЕҚ» 1998 ж. 29 қаңтар, 18 ақпан). Осы бір сөзбен хаттарымыз туралы әңгімені тәмамдайын.

**Камал СМАЙЫЛОВ,
«Түркістан», 1999 16 наурыз.**

МЕНИҢ ШЕРАҒАМ Ағайынмен араздасу

Облыстағы орта қол жазушысымақтардың бірі – Б.бізге ілікшатыс ағайын боп келеді. Мен ауылға, ол Алматыға жол түскен сайын бір-бірімізбен кездеспей кеткен емеспіз. Сәлеміміз де, ниетіміз де түзу еді. Сол ағайыныммен аяқ астында араздасып қалғаным бар.

Шерағам екеуміз Таразға келген күні ертеңгілік ол кісінің көзін ала беріп, әлгі ағайыныма телефон соқтым. Ойым – сәлем беру. Обалы не, әдеттегідей қауқалақтап, жаны қалмай қалды.

- Қашан келдің? Қайда тұрсың? Үйге неге келмейсің? – деп сұрақтарды бірінен соң бірін бұрқыратты.

- Пойыздан жаңа ғана түстік, Шерағама ілесіп келіп едім, қонақ үйге тоқтадық...

Ағайым көпке дейін үндемей қалды. Артынша өзін-өзі зорлап, бір жөткірініп алды да:

- Е, онда қолың тимейді екен ғой, - деді ыңыранып. – Мұртазамен жүрсең мұртың майланып қалған болар, естіп жатырмыз, кейінгі кездері екеулеріңнің жұптарың жазылмайды деп. Хан көтеріп алатын шығар барған жерлерінде...

Неге екенін қайдам, сөзі маған біртүрлі кекесіндеу естілді. Сол әсер етті ме, әлде елдің бәрі Шерағамды тегімен атамай, «Шераға» дегенге үйреніп қалғандықтан ба, қаным басыма теуіп шыға келді.

- Не тантип тұрсыз? – дедім өзімді-өзім ұстай алмай.

- Біле білсеңіз Шерағамды бүкіл қазақ халқы...

- Әй, слушай! – Ағайын телефонның құлағын жарып жіберердей боп айқай салды. – Сенің өзің не тантип тұрсың? Ішіп алғаннан саумысың? Білесің бе, сен білесің бе «танту» деген сөздің не екенін, сәбәкі!

- Білем! Білген соң айтып тұрмын, кәләкі! – деп мен де сөзіне сөз ұйқастырып телефонды тастап жібердім.

Содан бері ағайыныммен амандасқан да, сөйлескен де емеспіз.

Бағымыз жанған жыл

Шерағам «СҚ»-ға бас редактор боп келген жылы Семейде ядролық қарудың зардаптарын жоюға арналған үлкен бір жиын өтті де, жан-жақтан шақырылған қонақтармен бірге түрлі басылым мен баспасөз қызметкерлері де тоқайласа қалғанымыз бар. «Қазақ әдебиеті» газетінің өкілі, жазушы Сайымжан Еркебаев екеуміздің бөлмелеріміз қатар болды да, жиі аралап тұрдық. Адам жатырқамайтын ақкөңіл жігіт еді, марқұм. Әңгімеге де шебер болатын. Майын тамызып айтқанда, аузымызды ашып отырып қалатынбыз.

Жаның жаннатта болғыр, сол Сайымжан айтушы еді: «Бақтарың жанған екен біздің Шерағаң барып сендерге!» деп («Біздің» деп меншіктеуінің де жөні бар: бұған дейін Шерағам «Қазақ әдебиетін» басқарған болатын). Сөйтіп артынша: «Сен ұғып ал, мен кейбір «секреттерін» айтып берейін» деп Шерағам туралы не бір қызық әңгімелер кетуші еді.

- Аптасына бір-ақ рет шығатын біздің газет үшін материал деген қат емес қой, - дейді Сәкең. – Оның үстіне Шераға мақалаларды таңдап, талғап басады. Сондықтан өзі оқып, өзі қол қойған материалдар шықпай қоймайды. Осыны біліп алған біз, бөлім меңгерушілері, дайындағандарымызды көбінесе өзіне оқытып алуға тырысатынбыз. Ал мұндайда мен кілең алда болам. Себебі, күнде ертерек келіп, кабинетінің жанында күтіп тұрам. Егер Шераға амандасқанда қолыңды қаттырақ қысса – жолыңның болғаны: ағамыздың көңіл-күйі жақсы, ал керісінше – қолын бос тастай салса: онша емес. Ол күні бастықтың көзіне көп көріне берудің қажеті жоқ. Мен сол қолым қатты қысылған күні лып етіп күллі материалымды Шерағаға алып келіп берем де, өзім есікті күзетіп тұрам. Келген кісілерге: «Бастық жарты сағатқа дейін ешкім мазаламасын деді, тығыз шаруасы бар көрінеді» деп қулыққа басам. Себебі, ол кісі қанша материал болса да жарты сағаттан асырмай редакциялап шығады...

Сәкең айтқан «секреттерге» онша көп сене бермесем де, «СҚ»-ның нағыз бағы жанған кезі – сол Шерағам басшылық жасаған жылдар еді-ау десем, ешкім де шәк келтіре қоймас деп ойлаймын.

Нағыз қазақ

Шерағам әріптес ағалары мен құрдастары туралы әңгіме айтқанда құлпыртып-ақ жібереді! Және де оның бәрін жайдан жай айта салмайды. Себеппе салдар, мәнге мысал ретінде баяндай келіп, тәрбиеге тәлім боларлықтай етіп қорытындылап жатады.

Елге шығып, қайта-қайта қонақ боп, еттен бетіміз қайтыңқырап қалған бір сәтте ағамыз Сәбеңді – кәдімгі Сәбит Мұқановты есіне алғаны бар. «Осы біз құсап ол кісі де анау үйден бас мүжіп, мынау үйден жамбас жеп дегендей, біраз жүріп қалса керек, деп бастады бірде әңгімесін Шерағам, Сәбең менімен сен сияқты емес – арақ ішпейді, тамақ ішеді. Нағыз қазақ! Ал қазақ еттен шығушы ма еді? Әрине, шықпайды. Сонда да болса жаныңда еріп жүрген өкілдердің бірі тағы бір жерге барғанда: «Давай, мәңгі жасаңдар!» деп жаңадан сойылған малды тұтастай турастырып тастаған көрінеді. Өкіл айтты – бітті заң! Содан ауылдың бүкіл қатын-қалаштары жабылып үйме табақ мәңгі пісіреді де, алдарына әкеп қоймай ма, - дейді Шерағам әңгімесін одан әрі жалғап, өкілі бар, өзгесі бар әлгі әкелгенді өндірітіп-ақ тастаса керек. Табақ түбі көріне бастаған тұста олар қонақ алсын деген ниетпен қолдарын тартыңқырап, ыдысты Сәбеңе қарай ыңғайлай берген көрінеді. Сол сәтте Сәбең де қолын табактан жұлып алып: «Қой, етке де орын қалсын» деп кейін ысырылып отыра кетіпті дейді. Ал, өкіл болса атып тұрып, далаға жүгірсе керек. Сөйтіп тағы бір қой сойғызып, қазан астырыпты деген сөз бар».

- Міне, біздің сондай да мықты ағаларымыз болған! – Шерағам тағы бір тағылымды әңгімені бастап кетеді...

«Егеменнің» қазіргі бас редакторының бірінші орынбасары Еркін Қыдыр ол кездері газетіміздің Оңтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі боп істейтін. Ол кезіміз – сексенінші жылдың соңы, тоқсаныншы жылдың басы. Бас редакторымыз – Шерағаң (Шерхан Мұртаза), біз - саптағы солдаттарымыз. Газетті көтеру бағытында қызу жұмыс жүріп жатқан шақ. Идея айтушы да, тақырып табушы да Шерағаңның өзі.

Әдеттегідей таңертеңгі жоспарлауға жиналған кезіміз еді. Шераға бәрімізді шетімізден шолып шықты да, алдында жатқан газетті қолына алып жоғары көтерді:

Бүгінгі нөмірден не байқадыңдар?

Қате кетіп қалмадыма екен деп біз қипақтап, бір-бірімізге қарадық.

- Екінші бетте Ержұман мырзаның мақаласы шықты, - деп Шерағаң қайта сөйлеп кетті.

- Соның фамилиясындағы «овты» алып тастап, Смайыл деп жібердік. «Ов» - орыстың бізге, қазақтарға зорлап кигізген құлдық қамыты. Оны бәріміз де сыпырып тастауымыз керек. Осыны тілшілерге де жеткізіндер...

Газеттің келесі күнгі нөмірінде Шерағаңнан бастап алқа мүшелері тегіс тектеріндегі «овты» алып тастап шықты. Артынша қолымызға түскен тілшілердің материалдарын да «овсыз» жібере бастадық. Міне, осы кезде Оңтүстіктегі өкіліміз Еркіннің де тегіндегі артық әріптерді қағып тастағанбыз.

Тығыз тапсырма боп, сол Еркінді екі күн бойы үйінен іздеп, таба алмағанмын. Үшінші күні ұстадым-ау, әйтеуір.

- Қарағым-ау қайда жүрсің? – дедім аман-саулықтан кейін.

- Шұғыл тапсырма бар еді, екі тәулік болды телефон шалып, таба алмай жүргенімізге...

- Е, қайда болушы едік, жүрміз де, қыдырып, - деді Еркін өзінің қуақы мінезіне басып, - өздеріңіз емес пе «овымды» алып тастап, «еркін қыдыр» деп жіберген.

Табан астымда не дерімді білмей, абдырып тұрып қалсам керек, Еркіннің:

- Ал, көке, айта беріңіз, жазып алайын, - деген дауысы шыққанда барып, мән-жайға қаныққандай боп, күліп жіберіппін.

Кейін оқиға бір орайы келгенде Шерағама айтып едім:

- Ойпырмай-ә, шынында да солай екен-ау, ә, Еркін Қыдыров – еркін қыдыр, - деп сылқ-сылқ күліп, рахаттанып қалды.

«Анау айтыпты», «мынау айтыпты» деп әркім өзі танитын адамдарына таңып жүретін талай әдемі әңгіменің ақиқатын да Шерағам ашып берді.

... Жамбыл облыстық «Ақжол» газеті жетпіске толып, бас редакторы, жазушы Әлдихан Қалдыбаевтың шақыруымен Тараз қаласына келе жатқанбыз. Шерағаң екеуміздің талай жүрген жолымыз. Қордай асуынан асып түсісімен-ақ ағамыздың құрыстырысы жазылып, көңілденіп сала береді. Қайран туған жер! Қасиетің бөлек қой. Беті бал-бұл жанып, қыран құстай қомданып, өзінен-өзі шабыттанып шыға келеді. Содан кейін-ақ әңгіменің тиегі ағытылады. Тек тыңдай бер. Бұл жолы да солай болды.

- Жақсылықты білесің бе? – деді Шерағаң мәшинеміз Шудың тіке жолына түскен кезде маған қарай бұрылып.

- Сәтібеков пе?
- Иә.
- Білгенде қандай, ол бұрын біздің газетте тілші болып істеді ғой.

- Білсең, сол Жақсылық журналистігімен бірге, жақсы ақын да, арқалы ақын, - деді ағамыз тағы бір тағлым аларлық әңгіменің шетін шығарып.

- Жас кезінде сәл тентек, еркелеу болды. Өзіне жарасып тұратын. Сол бірде ішіңкіреп алып, Ғабеннің, Ғабит Мүсіреповтің кабинетіне кіреді. Ол кезде Ғабен, ұмытпасам Жазушылар одағының төрағасы ғой деймін. Бірақ мәселе онда емес, Ғабен қашан да Ғабен ғой. Қойшы, сонымен ағалы-інілі екеуі кабинетте отырып, біраз әңгіменің басына су құяды емес пе! Содан бір кезде Ғабен:

- Айтпақшы, осы сен Жақсылық, Оңтүстік жақтансың ғой, ә? – деп сұрап қалады.

- Иә, аға, Жамбыл жақтан, ол да Оңтүстік қой, - дейді Жақсылық өзінің ерекше мінезіне басып.

- Солай ма? – дейді Ғабен қасын керіп.

- Дәл солай, аға – дейді Жақсылық одан әрі құтыртып.

- Оңтүстіктің орта жүзі боламыз.

- Апырай-ә, - депті Ғабен кербезденіп, - бірінші рет естіп отырмын. Әйтпесе, осында біреулер...

Одан әрі Жақсылық та шыдай алмай:

- Ой, Ғабен-ай, біреулер не демейді, - деп ағасының сөзін бөліп кетсе керек, - менің әкем – ұлы жүз, шешем – кіші жүз, сонда солардан туған мен орта жүз болмағанда кім болмақпын...

- Ғабен атып тұрып інісін бауырына басыпты дейді, - деді Шерағам мәшинесінің арт жағында қатар отырған мені арқамнан сарт еткізіп салып қалып. Сонан соң ойына әлденелер түсіп кеткендей:

- Шіркін, осындай еркелейтін ағаларымыз да азайып барады ғой, - деп ауыр күрсінді...

Әділ ДҮЙСЕНБЕК,
«Заң» газеті, 22 қыркүйек 1999 жыл

ШЕРАҒАҢА КАНДИДАТТЫҚ КУӘЛІК ТАПСЫРЫЛДЫ!

Бұрнағы Парламентте ел тағдыры, тіл тағдыры сынды өзекті мәселелер сөз болып, депутаттар «жаға жыртысып» жатқанда теледидар алдында отырған қауым Шерағанның ойлы да өткір, түйдек-түйдек пікірлеріне айызы қанып, риза болып отыратын. Ал, кейінгі Парламенттегі сын сағаттарда «әттеген-ай, парламентте Шерағанның жоғын қарашы» деп сан рет сан соғып, аһ ұрғанымыз да жасырын емес.

Кезекті Парламент сайлауының аламаны басталғалы бері «кандидаттардың арасында Шерхан Мұртаза бар ма екен?» деп үмітпен елендеп жүрген қауымға қуанышты хабарды жеткізбекпіз. Халқымыздың ардақты ұлы, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан жазушылар одағының «Алаш» сыйлығының лауреаты, белгілі қоғам қайраткері, жазушы, драматург, публицист Шерхан Мұртаза ағамыз жақында ғана облысымыздан, нақтырақ айтсақ №25 Қаратау сайлау округінен Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне депутаттыққа кандидат болып тіркелді.

Шерағанның сайлау сайысына Жамбыл жерінен түсуі біз үшін, әсіресе Қаратау сайлау округына қарайтын Жуалы, Талас, Сарысу, Жамбыл аудандарының халқы үшін үлкен сын болғалы тұр. Ендеше ондағы ағайындар осынау ар сынынан сүрінбей өтеді, Шераған Парламент төрінен орын алады деп сенеміз.

**«Евразия» газеті, №35,
1.09.1999 ж.**

ҚОС ҚАҒАРМАН

АЛМАС ҚЫЛЫШ

**Партизан–жазушы, Қазақстанның Халық қаһарманы
Қасым–аға Қайсеновке!**

Қабырғасын сөктірген, көбесін де
Шайқастардың қан майдан көбі есінде.
Қасым – қылыш ойнаған
Ата жаудың

Отын жарып, от жағып төбесінде.
Кең дүниеде адамзат киме көрген
Жұмбақ қанша түйіні шиеленген.
Қасым аға жамаған ата ерліктің
Атақ-даңқын өзгелер иеленген.
Қабағына түнерген мұз бөктеріп,
Қаншама жыл өтсе де тізбектеліп.
Қолды болған атағы ағаны енді
Табуда әлі соңынан іздеп келіп....
Туған елі еріне құрыш көрген
Ер-тоқым да сыйлаған күмістелген.
Жүректерден сомдалған тұлғаларға
Президент ақ алмас қылыш берген.
Жомарт жандар өмірге келсе күнде,
Көтеріңкі болмасын еңсе кімде.
Мұхтар мырза!
Сыладың алмас қылыш
Батыр Қасым ағаға сексенінде.
Батыр туған қашанда ырысты Ана
Жолына ылғи жазылған пүліш дала.
Алтын тақ та батырға, алтын тәж де керек емес,
Керегі Қылыш қана.
Тағдыр кейде шуағын бұлдағанда
Тентек қанша тебінген нұрлы алаңда.
Керек еді Батырға өткір қылыш
Жын-сайтандар қаптаған сұм заманда.
Күңіреніп қара жер, жылайды аспан,
Күшті топ көп,
Онымен кім айқасқан?
Сұмдар барда –
Жер ұшынған жалғасып
Сыбайласқан.
Адырнасын зулатып соза тартқан
Өткір, жойқын болса да сөз жарақтан.
Керек еді бір Қылыш Ер Қасымға
Жаулар барда далаңа көз алартқан.
Суық қабақ танытпай күзге өтпелі,
Алты Алаштың үйренген ізетке елі.
Ызындаған шыбын да көрінбейді

Тыныштықты сом Қылыш күзеткелі.

Парламентке Шерхан сайланбай...

Парламентке Шерхан сайланбай –
Тарқамайды шерің де.
Көктемейді жерің де,
Көгермейді елің де.
Еңсесін тіктеп көтермес
Егеулі найза ерің де.
Сайланбай Шерхан тегінде –
Ақ күнің тумас сенің де,
Ақ күнім тумас менің де
Алаштың ата жерінде.
Аузында кетер тістінің,
Қолында кетер күшінің
Жайылған жылқың тебінде.
Парламентке Шерхан сайланбай –
Тұнығың тұрмас лайланбай.
Қанжығаға торы торсықтай
Жүрмейді басың байланбай.
Сайларда сынып жатқаны
Сықырлаған арбаң майланбай.
Азат ел қанша болсаң да,
Бұлақтай мөлдір таза аққан
Құтылмайсын тозақ азаптан.
Қаратаудың қара бұлтындай
Қайғы-мұң кетпес қазақтан.
Ұмытпай тәубе, тобаны
Ұстаған арын жоғары.
Ел қамын Шерхан жесе де,
Ел нанын жеген жоқ әлі,
Сайланбай Шерхан...
Заманның
Басылсын қалай бораны.
Шерханның сына сардар ел!
Жолбарыс жүрек қайратын,
Арыстан айдын, айбатын.
Азамат ерді Шерхандай

Алтынмен жазған айға атын, -
Алаулап қанша құшсаң да
Албырап тусын қай қатын?!
Болашағын елдің ойланған,
Қасиетін ердің жоймаған.
Бөрілі Байрақ Шерханын
Қара жерге шаншып қоймаған.
Көкке де еркін самғатып,
Қызығын бірге тойлаған.

**Рафаэль Ниязбек,
«Қазақ батырлары», №9 (14) 1999 жыл**

«ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» ӨЗ ОҚЫРМАНЫН ТҮСІНГІСІ КЕЛЕДІ

Газет сауалнамасына жауаптар

«Шерханша айтып, Шерханша жазыңдар»

Д.СӘТІМГЕРЕЕВ, есепші (Батыс Қазақстан облысы): - «Егеменнің» көп журналистерін білемін, біздегі тілшісі Темір Құсайын да жиі жазып тұрады. Алайда, айрықша құрмет тұтып, жазғандарын қызыға оқитыным – Шерхан Мұртаза. Үлкен жазушының газет жұмысынан қол үзбей ұжым үшін бақыт деп білемін. Газеттің мүмкіндігі болса, Шерхан Мұртазаны Мәжіліс депутаттығына ұсынғаны дұрыс болар еді. Қалың қазақ Шер-ағаның ұлт мүддесі үшін Парламентте қызу айтысқанын ұмытқан жоқ. Қай өңірдің халқы да оған дауыс береді.

Арыстан АЙТМАҒАНБЕТҰЛЫ, аудармашы (Ақтөбе қаласы): - Бір айтарым: Шерхан мен Камал хат жазыспай кетті, неге? Олардың хаттарында өнегелі ойлар аз болмайтын. Шерхан аға Камал құрдасын Журналистер одағының жұмысын ақсатқаны үшін қатты сынап, хат жазса болар еді.

Ілларидан СӘТТІБАЕВ, отставкадағы полковник (Алматы қаласы): - Бұрынғы кезде отбасындағылардың бас-басына бөлек өз басылымдары болатын. Қазір «Егемен Қазақстан» солардың көпшілігінің жүгін арқалауы керек секілді. Біздер «сіз-бізді» көп айтамыз, тура айту керек. Шерханша айту керек.

Сүлеймен СЕЙІТОВ, зейнеткер (Қызылорда қаласы): - Осы жазғандарымды (сауалдамаға жауаптар – ред.) Шерхан Мұртазаға көрсетулеріңізді өтінемін. Ана тілі десе шыбын жаны шырқырап, түн ұйқысын төрт бөліп жүрген қайраткердің бірі ғой.

Қайып ЖАРАСБЕКОВ, механизатор (Солтүстік Қазақстан облысы): - Парламент туралы, сайлау туралы үзбей жазсаңыздар болады. Жазғанда да қазақтың жанын түсінетін, сөзін сөйлей білетін Шерхан Мұртаза, Сәбетқазы Ақатай, Жұмағали Наурызбаев секілді азаматтардың сайлануын көздей отырып жазыңыздар.

«Егемен Қазақстан», 3 тамыз 1999 жыл.

ҰЛТТЫҢ БАҚЫТЫ НЕМЕСЕ МЕН БІЛЕТІН ШЕРАҒАҢ

Неге екенін қайдам, Шерағаң туралы әңгіме бола қалса, менің көз алдыма о кісінің жүрісі мен көзі тұра қалады.

Дәл қай күні екенін тап басып айта алмаймын, Құдайдың бұйырған бір күні Шерағаң Фурманов көшесі жақтан Абылай хан даңғылын кесіп өтіп Жазушылар үйіне қарай жаяулап келе жатты. Қолында қалың пәпкісі, бір жағына сәл еңкейе аяғын баяу басады. Қарап тұрған бізге маңғаздықтан гөрі әлденеге іренжіген нала басымдау сезінді. Қолындағы қарыны қампиған қара пәпкі де шамадан тыс ауыр ма қалай, оң қолына салмақ түсетін тәрізді. Әлде «Қызыл жебенің» жаңа тараулары, әлде жаңа бір шығарманың қолжазбасы. Әйтеуір осы бір зілдей салмақты дүниені қолтығына қысқан Шерағаң қазақтың мәдениеті мен әдебиетінің бар тауқыметін көтеріп келе жатқан Толағайдай елестеген маған. Шынында, сырт көзге денесі шағындау көрінетін Шерағаң біз үшін тау қопарар алып, жау тоқтатар батырдай зор еді. Қазақтың барлық мұң-мұқтажын, тарихы мен мәдениетіне байланысты проблемаларын жан-жақты зерттеп, ақ пен қарасын ашып айтатын жалғыз газеті сол кезде «Қазақ әдебиеті», ал оның әкімқаралардың айқайына көне бермейтін қара қылды қақ жарған бас редакторы Шерхан Мұртаза ерекше тұлға болатын. Сондықтан оның жай басып, жалпақ алған жүрісінің өзінде

өзім дегенді жігерлендіретін, өзгелерді сескендіретін ерекше бір гәп жататын.

Қасымыздан өтіп бара жатып, сәлем берген бізге көзәйнегінің аржағынан аласы көп үлкен көзі жалт ете қалды. Бұл қарас, жәй қарас емес. Бас редактор бір жетесіздің нәйіс ісіне қатты ашуланып, шамырқанып келе жатыр-ау шамасы. Басқаны қайдам. Мен өзім оның көңіл-күйін көзінен аңғарамын. Шерағанның көзі айбары мен сұсы қатар жарасып, өңменіңнен өтіп кететін өткір де қатал көз. Кез-келген адам тура қарауға қаймығатын ызбарлы жанар. Ал, аңғарған адамға сол көздің жаңбырдан кейінгі теңіздей кемерінен төгілердей мөлтілдеп қалатын тұстары да көп-ті. Сол мөлт тұңғиықтың тым-тым тереңінде жаныңды егілтіп, еңіретіп жіберердей нәзік бір ұшқын жылтырайтын. Сырты суық, айбарлы адам бұндай нәзік сәттерін сырт көзге байқата бермейтін. Тек әңгіме ұлтымыздың, тіліміздің, әдебиетіміздің тарихымыздың, көне жәдігерлеріміздің тағдырына тірелгенде, манағы қатқыл жанар жасаурап сала беретін. Сосын әлдебір әдемі басқосуларда арқасын кеңге салып, өзім деген жолдастардың ортасында арқа-жарқа көңілді отырғанда інілерінің бірі: «Шераға, ән салшы» деп қолқа салғанда барып, «Ғалиябануды» шырқай жөнелгенде үлкен көздері шықтанып, мөлдірей қалатын. О, сондағы Шерағанның көздері, қараған адамды баурап алар ғажайып бір әлемге айналып кетер еді. Әні өз алдына құдды ана тұңғиық қос жанар мына әсем әнді қосыла жырлап тұрғандай. Алдыңызда ән салып отырған ағамыз ерекше нұрланып, сұлуланып өзгеріп кетеді. Ән жан-дүниенді ерекше бір толғандырып, толқытып жібергендей әсерде қалдырады.

Шерағанның сирек те болса осындай нәзік сезімдерге бой алдыратын тұстары болатын. Әсіресе, Жазушылар одағының «барында» жазушылар бас қоса қалғанда әй бір жарқырайтын еді-ау, шіркін.

Өйткені сол кездерде Шерағанның жадырар күнінен жабығар күні көп болатын. Мен білсем, Шерағанның жетпісінші-сексенінші жылдардағы ғұмыры үнемі арпалыспен өтті. Әсіресе, бас редактор үшін ең басты екі жау болатын. Соның ең қаһарлысы – Коммунистік партия. Сол жылдары Шерағаның Орталық комитеттің сұсты есігін ашпай қалған күні болмаған шығар. Орталық комитет бәрін көріп, бәрін біліп отыруы керек. Сондықтан ол барлық мәселеге араласты, бәріне тапсырма беріп, орындалуын қадағалап отырды. Әрине, Бас редактор коммунистік партияның мүшесі әрі жауапты адам ретінде

қарарлар мен қаулыларды бұлжытпай орындауға міндетті. Алайда, бас редактор ұлттық мәселелерді шамадан тыс көп көтеріп, айтуға болмайтын құпия тақырыптарды қозғай беретіндігі үшін Орталық комитетке күнде шақырылады. Компартия қадір тұтатын белгілі жазушымыз, жаңа шығармасын аямай сынағаны үшін күнде болмағанмен, күнара таяқ жеп жатады. Ақ үйден жүзі қабарып, көздері шатынап, жаралы жолбарыстай шамырқанып келген Шерағаң қарауындағы сайыпқырандарына шаң жуытпайтын. Тақ біткеннің бәріне өзі жон арқасын төсейтін. Жазған мақалаларымен жоғары жақты шошытып жүрген жорналшы бауырларына әкелік мейіріммен қарайтын. Сексенінші жылдары Шерағаң басқарған «Қазақ әдебиетінің» сол тұста жазбайтын тақырыбы болмайтын. Әдебиеттің күрделі мәселелерінен бастап Арал тағдырына, мұғалім беделіне, «Қайрат» командасындағы бірін-саран қазақ баласының қал-жағдайына дейін сан алуан проблемаларды көтеріп, жазып жататын. Республикалық екі-үш қазақ газетінің ішінде «Қазақ әдебиетінің» беделі тым биік болатын. Оның бас редакторынан ірілі-ұсақты партия басшыларынан бастап, совхоз директорларына дейін сескенетін әрі ерекше құрметтейтін.

Бас редактор Шерағаң екінші қысастықты қазақ әдебиетінің барша халтуршигінен көрді. Жетпісінші, сексенінші жылдар қазақ әдебиетінің әбден кемеліне келген шағы еді ғой. Қазақ романдары мен повесть әңгімелерінің аудармаларымен берісі одаққа, әрісі шетелге танылып, санаулы жазушыларымыздың атағы алысқа кеткен шырайлы жылдар. Талантты жас, жасамыс жазушылардың бір-бірімен жарыса боратып жазып жатқан кезі. Бір талантты дүние жазылса, Жазушылар одағына той.

Қазақ әдебиетінде талант қандай көп болса, жазғанын өзге түгіл өзі оқи алмайтын талантсыз халтурщиктер де мол болатын. Әдетте халтурщиктер топырлатып көп жазады. Шала пісті өлеңсымақ, әңгімесымақтарын «Қазақ әдебиетіне» әкеледі, бірақ өткізе алмайды. Несін айтасыз, ол кезде басқасын айтпағанда талғам бар еді ғой. Талантқа қашанда құшағы ашық, мейірімі мол Шерағаң халтураға келгенде мызғымас қара тас, маңайлатпайды. Ол аз десеңіз, талантсыз дүниелерді газет бетінде нөмір сайын аямай сынап, енді ес жиғызбастай түйреп жатады. Шерхан менің досым, бірге оқыған курстасым немесе жерлесім, туысым деп жүрген халтурщиктер соңыра бітіспес жау болып шығады. Халтурщиктер шығармасы нашар болғанымен, өздері өлермен. Бас редактордың үстінен боратып

арыз жазады, жиналыстарда жала жауып, намысына тиіп, көпіріп сөйлейді. Шерханнан өткен жершіл, Шерханнан өткен өзімшіл, Шерханнан өткен әділетсіз адам жоқ деп байбалам салады. Қорқау қасқырлардай бірінің сөзін бірі іліп әкетіп, жан-жақтан талай бастайды. Талай жиналыстарда өзім куә болдым, сол халтурщиктер жан-жағынан шәуілдей жабылса да, қапыда қақпанға түскен бөрідей мысымен басып, нақақ жалаларды бойына дарытпайтын. Қазір ұлттық індетке айналып кеткен рушылдық пен жершілдіктің туған әке-шешесі де сол халтурщиктер. Айтып-айтпай не керек, ол кездерде Шерағандар әдебиеттегі дүмбілез жазушысымақтарға алынбас қамал, мейірімсіз жау болатын. Соның арқасында қазақ әдебиетінде талантты дүниелерге даңғыл жол ашылды.

Әлгіндей әдебиеттің қас жауларымен алыса жүріп, жазушы Шерхан Мұртаза қаламын бір сәт тастаған емес. Қазақ әдебиетіне бірінен бірі өткен шоқтығы биік дүниелер әкелді. Өз басым Шерағанның әңгіме, повестерін жоғары бағалаймын, шынайы сыршылдығына риза боламын. Жазу мәнеріндегі ешкімге ұқсамайтын тек Шерхан шеберлігіне тән ықшамдық, аз сөзге көп мағына сыйдыра алатын ауқымдылық, ойды қос қабатты астармен әдіптейтін суреткерлікқаламгердің өзге тұстарынан оқ бойы озық тұратынын аңғартса керек. Сонау «Мылтықсыз майданнан» бастап, бүгінгі «Ай мен Айшаға» дейінгі шығармашылық ұзақ жолда жазушы Шерхан сомдаған кейіпкерлердің осы қалайы жоқ, кесек бейнелер. «Жазушының кейіпкерлері - өзі» деген бұрыннан белгілі қағида бекер айтылмаған. Бәрін талдап, таразылап жатпай-ақ, Тұрар Рысқұлов пен Айша бейнесін алайықшы. Көзі ашық, көкірегі ояу қазаққа белгілі алаштың біртуар азаматы, қайраткер, көсем Тұрардың «Қызыл жебе» романындағы көркем бейнесі оқырманын неге бірден баурап алады. Оның жан-дүниесіндегі алай-дүлей сезімдері, туған халқы үшін басын беретін жанкештілігі, ұлы мақсаттар жолындағы қайсарлығы мен ұлт болашағына деген қаһармандығы қаламгер һәм қайраткер Шерханның біз білетінбар болмысымен астасып, біте қайнасып жатқан жоқ па? Мен қайраткер Шерханның тәуелсіздік алғаннан кейінгі елдің тағдыры, жарқын болашағына байланысты алқалы жиындарда естіліп жататын бірде байсалды, бірде тым қатқыл, бірде шектен тыс өктем дауысын естігенде, көз алдыма «Қызыл жебедегі» Тұрар бейнесі елестейді. Демек, суреткер Шерхан мен қайраткер Шерханның арасында бәлендей айырма жоқ. Екеуі де елі үшін, кең байтақ жері үшін «ақырып теңдік сұрайды».

Ал, Айша ше! Қарапайым қазақ әйелі. Әкенің ұлынан халықтың ұлына айналған Шерханның анасы. Әдеби тілмен айтқанда шығармадағы әйел бейнесі. Кейіпкер Айшаның бейнесімен де қаламгер Шерханды тану қиын емес. Айша анамыздың елге, жерге, балағы деген махаббаты, қажымас қайсарлығы, нәзік сезімі, өмірдің өзіндей қарапайым даналығы біз білетін Шерағаңның бойында табылатын ұлы қасиеттер емес пе?!

Суреткер пен кейіпкер тұтас ұғым. Хас шебердің қаламынан ғана әдебиетте өмірдің өзіндей керемет кейіпкерлер сомдайды. Шерағаңның қасиетті қаламымен сомдаған Тұрар мен Айша да ешқашан ұмытылмайтын мәңгілік бейнелер.

Редактор Шерхан мен публицист Шерханның да кейінгілерге тіпті, тұтастарына үлгі болар тәлім-тәрбиесі мол!

Редактор Шерхан қазақ баспасөзінің азулы, айбарлы, орақ тілді, от ауызды, парасат-пайымы мол трибунаға айналуына бар ғұмырын, ой-арманын арнаған бірегей жан. Жетпісінші, сексенінші жылдардағы қазақ журналшылығының пірі – Шерхан десек, орынды сөз болады. Редактор Шерхан ешбір журналшыға қалай жазуды үйреткен емес, ал балағының биті бар, қаламының желі бар қазақ баласын далаға тастаған емес. Олардың қай-қайсысын да оттан да, оқтан да қорғап, қамқорлап жүрді. Ол қазақ журналшылығының ойлау мен ойланту жүйесін қалыптастырды. Өзі ұстаз болған кейінгі толқынға қашанда шындық пен әділдікке арқа сүйеп, жасқанбай, жалпақтамай, жарамсақтанбай сөйлеуге, жазуға баулыды.

Өзі де жалынды публицист ретінде мәселені дөп басып, дәл айта білді. Шерханның үлкенді-кішілі мақалаларынан ешқашан көпірме қызыл сөзді кездестірмейсіз. Публицист Шерхан оқырманын керек кезінде ойландырады, керек кезінде шамдандырып, намыстандырады, керек кезінде жігерлендіріп, керек кезінде қанаттандырады. Публицист Шерхан осы күнге дейін ешқашан біреудің көңіліне қарап мақала жазған емес, оның қаламынан туған көсемсөздің барлығы ел мүддесіне, халық қамына арналған. Содан да шығар, Шерхан жазған мақалалар біреуге түрпідей тисе, біреудің айызын қандырады, ал қалың оқырман оның әрбір сөзін Тәңірдің сөзіндей асыға күтіп, құныға оқиды.

Кейде мен ойлаймын, сонау Кеңес үкіметінің тұсында, коммунистік партияның уысында отырған азғантай қазақ осы Шерхандар болмаса қайтер еді деп. Әрине, Шерағаң жалғыз емес, Шерағаңдай тұтас тұлғалар көп те емес.

Қазақтың рухани әлемінде Шерхандай ақсақалдың болуы ұлттың бақыты. Соны әрбір қазақтың баласы сезініп, мақтанып жүрсе елдің мерейі.

Мереке Құлкенов,
«Ана тілі» №43 Қазанның 17-сі, 2002.

АЙШАНЫҢ ҰЛЫ БАРЫСХАН

Көрнекті суреткер Шерхан Мұртазаның 70 жылдық мерейтой салтанаты Астанадағы Конгресс холда өтті

Бұл кешке қатысу қуанышы Астана жұртшылығына бұйырды. Алматыдағы, Жамбылдағы, еліміздің өзге аймақтарындағы, аудан, ауылдарындағы қалың қауым суреткерге іштей бір тілектестікте болғаны, шығармашылық табыс, бақыт тілегені анық. Солардың қатарында «Алтын Орданың» отыз мыңдай оқырманы да бар. Олар мерейтой иесінің де оқырманы деп айтуға әбден болады.

Оқырман мен жазушы арасындағы байланыс, тартылыс күші әр автормен әрқалай және шығармашылық жолының әр тұсында да әрқалай, яғни, автордың адамдық имани болмысына, кісілігіне тікелей байланысты болары бар. Бұл, әсіресе, жазушысын алақанға салатын және әрбір қимыл-қарекетін алақандағыдай көре алатын қазақ қауымының еншісі. Алақандағыдай көре алады дегенде, әсіресе, қазақтың өнердегі және өмірдегі мінездің бірлігін көп іздейтінін айтамыз. Шерхан Мұртазаны ісі қазақтың жақсы көретін бір себебі, мүмкін, осында. Мүмкін, қазақ Мұртазадан өзін көреді... Мүмкін, бір кездердегі өзін...

Жазушы, мәдениет және қоғам қайраткері Шерхан Мұртаза туралы аға буын, замандастары, кейінгі буын жүрекжарды лебізін, ойын қай мерейтойы тұсында, өзге кездеріде айтып, жазып жүр. Бұл ретте оның жазушылығымен қатар қайраткерлігі де әңгіме, ой арқауы. Мұртаза - редактор – қазақ рухани кеңістігіндегі өзгеше өлшем. Кейінгі ізбасарлар, мүмкін, әлі толық жете алмай келе жатқан өлшем. Жалпы редактор Мұртазаның ұлттық баспасөздегі өмірі,

тәжірибе-тағлымы әр басылымдағы кезеңі бойынша жеке-жеке зерттелуі керек. Мұртаза ұзақ жылдар «Қазақ әдебиетінде» бас редактор болып, 1989-жылы «Егемен Қазақстан» басшылығына тағайындалғанда көпке дейін, тіпті берті-і-інге дейін «Шер-аға болғанда ғой» өкініш алдан көп шықты. Әсіресе, ірілікті, кісілікті іздеген тұстарда...

Мерейтойлар тұстарында біраз жайттардың беті ашылары бар. Мысалы, «Шерханның шинелінен шыққандар» кімдер екенін оқырман біліп қалатын болды. Дей тұрғанда бұл – өте жауапты тіркес. Өйткені «шыққан адам» сол шинель иесіне (шекпен иесіне) лайық болу шарт. Жазу-сөзің мен өзің бір болмасаң шинельге обал. Не лайық бол, не елді де, шинельді де қозғама, жайына қалдыр...

Шерханның шекепенінен шықтым дей алмаймын. Алайда, 80-жылдардағы «Қазақ әдебиетінде» Шерхан редактордың адами-имани үрдісін, қызмет үлгісін көрдік. Бір топ жас едік. Үлгісін алдық па, жоқ па? Айту қиын. Қазір әрқайсымыз әр қиырда. Арамыздағы ең ақкөңіл Мұса (Рахманберді) мен ең ақжарқын Әуез (Бейсебаев) мәңгілік мекеніне кетіп те үлгерді... Әйтеуір сол жылдары қаламызды тіктегеніміз рас. Еркіндік аралының тұрғындарындай едік. Еркін жүрдік, еркін тұрдық, еркін жаздық. Маңызды іс жасап жүргенімізді жанымызбен сездік. Адамтану мектебінде Шер-ағамен өттік. «Қазақ әдебиеті» ұлттың сөзін сөйлейтін, рухани тыныс беретін, содан да барып халыққа беделді басылым еді. Газет шығып, оқырман қолына тиетін әр жұма сайын сағат он бірде редакциялық жиын. Енді бастала бергенде вертушка телефон да, қалалық телефон да шырылдап қоя береді. Вертушка кейде Шерағаны өзіне шақырып кетеді. Содан біртүрлі сұлық оралғанын бірнеше мәрте байқадық. Ал, байқамағанымыз қаншама!

1986-ның Желтоқсаны есімізде. 17-күні кешкі 5-те редакциядағы барлық жігіттермен бірге Алаңға бардық. Жалпы митингі өткен соң қайтып кеткенбіз. Ертеңіне таңертең Одақтың мәжіліс залында, ресми тіркеспен айтқанда, «жабық есік жағдайында» өтіп жатқан партия жиналысына баса-көктеп кірдік. Алаңға бармаққа жиналғанбыз. Айтып кетпекпіз: «алаңдағы жағдай анау – бұл не

жиын?!» Сол-ақ екен жиналыс аяқталды. Шер-аға сонсоң біздің әрқайсымызды кабинетіне жеке шақыртты. Маған айтқаны: «Сен қыз, жұмыс орнында отыр, ешқайда шықпа, берілетін тапсырма бар. Бұл - бұйрық» Бірінші рет қатты сөйлегені. Тіксініп қалдым. Кей-і-ін білдік – Шер-аға әрқайсымызға осындай бұйрық беріпті. Артынша өзі кетті де қалды. АЛАНҒА кетіпті...

Шерхан Мұртаза шығармашылығы туралы аз жазылған жоқ. Дей тұрғанда оның әлемі оқырманына әлі толық ашылмаған сияқты. Мүмкін бұл заңды да. Әр буын, тіпті әр оқырман өз Мұртазасын ашады. Мұртаза шығармаларына Асекең, Асқар Сүлейменов берген анықтама бар – Шер-ағаның айтты ма, жоқ па, білмедім. 1992-жылы 13-мамырда Асекең аяқ астынан ауруханаға түсті. Қара дипломаты, өзінше қисындағанда, кейсі өзінде. Ішінде қағаздары. «Парасат» журналында істейтін кез-ді. Жұмысына байланысты маған тапсырмалар берді. Ауызша айтқанына көңілі толмай, қағазға жазатыны бар-ды. 5 пункттен тұратын тапсырманы, қағаз болмады ма, Гүлзияның (Піріліева) Төлен Әбдіков шығармашылығына арналған мақаласының соңғы бетінің келесі жағына жазып қойыпты. «Досыңыздың қолынан жазу келеді екен, тек бірер рет қысқартсын өзі, тым үлкен мақаланы журнал көлемі көтермейді» деді де, басты тапсырмасын берді: «Сайлауға (сыншы Жұмабековті айтады) хабарласыңыз. Шер-аға туралы мақаланы тездетсін. Тақырыбын «Бұлшық етті проза» деп қоюы керек. Бұлшық етті проза. Алғы сөзді кеңірек етіп өзім жазамын. Мақаласын мен шыққанша дайын етсін. Номерге саламын...» Сайлауға хабарласуға мұрша келмеді. Мұрша келтірмеген Асекеңнің өзі... Бір күннен соң, 15-мамырда дүниеден көшті.

Өнерді өлшем деп білетін Асқар Сүлейменовтің ешқашан да негізсіз теңеу айтпайтыны мәлім – бұлшық етті проза дегенде Мұртаза тексттерінің нығыз-тығыздығын, ішкі қат-серпінін мегзегені шығар. Суреткер туындылары әманда осындай болып келеді – тексттерінің нығыздығының шыңы енді – «Ай мен Айша». Әрбір оқиға жеке тараушаларда қаз-қалпында жеке тағдыр болып баяндала келе әулеттің, елдің көркем тарихына айналып, туған жер, туған үй, ошақ қадір қасиетін терең түйсінтер, ішкі қуат-кернеуі, жасампаздық рухы жоғары, тағлымды туынды, сөз жоқ, тәуелсіз Қазақстан

әдебиетінің үлкен көркем жетістігі. Барысханның анасы Айшаның жекелік те, көпшілік те мәні ерек. Ол – Барысханның анасы. Ол – шыдамды да дана, әр нәрсені, бар нәрсені түбінен ойлайтын қазақ әйелінің жиынтық бейнесі. Ол, мүмкін, менің әжем Мәуия. Ол, мүмкін, Әбіштің анасы Айсәуле. Ол, мүмкін, Асқардың анасы Қымбат-Айтоты. Айша қазақтың әр әулетінен табылады. Суреткер кемел әйел-Анаға көркем сөзден ескерткіш соққан. Жаса, Айшаның ұлы Барысхан!

**Әлия Бөпежанова,
«Алтын Орда», 11.10.2002.**

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ЖЕЛЕКТІ ЖЕТПІСІ

1. Кененнің күйеу баласы немесе Шерханның шіләпісіне шейін «сөйлейді...»

Шерағаңа таңғалатындар көп. Адуынды мінезін айтады. Парламенттегі ұйықтап отыратын «парталастарын» шошытып оятып, мінбеде тұрған министрлерді бүлк еткізетін ызбарлы даусын айтады. Бірақ ауылға келген сайын мен осы кісінің шіләпісіне қызығамын. Бір топ шенеуніктің ортасында шіләпісін шалқайта киіп келе жатады. Маңдайына туралап, тік кимейді, бір жағына қисайтыңқырата, шалқайтыңқырата киеді. Қайдан сатып алатынын бір құдайым білсін, кәстөм-шалбары ақ болса ақ шіләпісі, қара болса қара шіләпісі жүреді басында. Шіләпі болғанда қандай, анау-мынау емес, әлгі американдық ковбойлардың етегі дағарадай сәнді шіләпілері...

Осындай қара шіләпіні жақында Кенен ауылындағы Кенен мұражайының алдындағы Кенен ескерткішін ашу салтанаты кезінде Кенен баласы Бақытжанның басынан көрдім. Шерағаңның шіләпісінен айнымайтын үлкен қара шіләпіні біреу басынан ала қашатындай баса киіп алыпты. Шіләпісі де адамына қарай «сөйлейді» екен-ау деген ой сонда келді маған. «Мысалы, мына шіләпіні қазір Шерағаң киіп тұрса, қалай-қалай «сөйлер» еді...», - дегенімше болған жоқ, Қордай ауданының әкімі Құрманғали Уәлиев сөз кезегін Бақытжанға берді. Асылдың сынығы, жақсының көзі ғой – Бақытжан тапқыр сөзге келгенде тақұл-тұқыл емес екен. Әңгімені бірден мен

қайта-қайта қарағыштап тұрған, басындағы екі етегі дағарадай қара шләпіден бастасын:

- Қордайға жүрердің алдында Шерхан Мұртазаға бардым. Шерағанның үйінде де қазір той болып жатыр. Конгресс-холдағы жетпіс жылдығының қуанышы шаңырағында жалғасуда. Келімді-кетімді кісілері көп. Парламенттегі жұмысы тағы бар. Бірақ Шерағам жөн-жобаны білетін адам ғой, жол тауып кетті. Үйінде ілулі тұрған мына қара шләпісін алып, маған кигізді де, «мә, мынаны ауылға апарып сөйлетіп қайт» деді. Міне, мен Шерхан Мұртазаның аманатын орындап, шләпісін шешіп, сіздердің алдарыңызға басымды иіп, тағзым етіп тұрмын, - деді.

Жұрт жөн сөзге риза болып қалды. Қол соғып жатқандары да бар. «Күйеу бала жоқ қой» деп күңкілдеп тұрғандардың да көңілдері орнына түсті. Бақытжан да мықты екен, сөйлеп болған соң қара шләпіні шешіп қойып, ақ шашын жасырмай қасқайып көпшіліктің ортасында жүрді. Ұзын бойлы, ақ шашты, қоңқақ мұрынды, жылы жүзді Бақытжан құйып қойған Кенен атамыздың өзі. Егер ақын, әнші, сазгер ата туралы көркем фильм түсіріле қалғандай болса Кененнің кемел бейнесіне ұқсайтын адамды іздеп әуре болудың керегі жоқ сияқты. Кенен атаның «Келінжан» деп аталатын келісті әніндегі елге белгілі қаһарман Дина келін де, Кененнің ортаншы қызы ақтамақ та, Көркемтайдан қалған бала-шаға да бәрі-бәрі Қордайдың қоңыр құлжасындай маңқиған Бақытжанның айналасында жүр.

2004 жылы Кенен атамыздың туғанына 120 жыл толады екен. Мәдениет, әдебиет және өнер саласына бүйрегі бұрып жүретін облыс әкімі Серік Үмбетовтің Кенен мұражайының алдына ақынның жан серігі-домбырасын құшақтап отырған ескерткішін қойдырғанына риза болған Төрткен Кененқызы ақ көңіл, ақ жарқын мінезіне басып осы 120 жылдық мерейтой мәселесінің де ұшығын шығарған.

«Алатаудың ақ иығы Кенен Әзірбаевтың өзі өле-өлгенше түтінін түтеткен қара шаңырағына көшіріп, қазіргі мұражайды мавзолей-мазарға айналдырған ләзім» деген екен мәдениет пен өнердің үлкен жанашыры болған марқұм Өзбекәлі Жәнібеков. Өйткені, кеңестік саясат кезінде Кенекеннің қабірінің басына соғылған мазарды еріксіз мұражай жасауға мәжбүр болыпты.

Ойласуға болатын пікір.

Шерағанның шләпісін жақсы «сөйлеттіңіз». Енді өзіне қайтып апарып бересіз бе? – дедім. Бақытжанға ресми салтанат аяқталып,

жұрт өнерпаздардың әні мен күйі естіліп жатқан сахнаға қарай ойысқанда.

Аһа-һа... Аманатын адал орындағанымды айтып барсам да жетпей ме? – деді Бақытжан Кененұлы аңқылдай күліп.

2. ҚАС ҮЛЕКТЕН ТУҒАН КӘТЕПТІ ҚАРА НАРҒА «ҚАҒАРМАН» БЕРСЕ ҚАНДАЙ-ДЫ?

ШЕРХАН Мұртазаның мерейтойында айтылып жатқан, айтылатын, айтыла беретін «мың сіз-бізбен гөрі, бір шыж-быж» болсын деп, оқырмандар ұмыта бастаған бір ойды қайта қозғауға тура келіп тұр.

Сөздің соңында Әбіш Кекілбай: «Шерханның сөзін естісем ойыма Махамбеттің жырлары оралады» депті. 1804 жылы туған Махамбетпен 1932 жылы туған Шерханның арасында бір жарым ғасырға жуық уақыт жатыр. «Еділ үшін егестік, Төптер үшін тебістік. Жайық үшін жандастық, Қиғаш үшін қырылды. Теңдікті, малды бермедік» деген Махамбет заманының зары бөлек. Шерхан шежірелеген уақыттың да шері басқа. Бірақ бір үндестік бар.

Тәуелсіздіктің биігінен қарасақ Шерхан Мұртазаның желекті 70 жылының ең тәттісі соңғы он жыл. Өйткені қолына қалам ұстаған қарағыма «күндіз ұйықтамай, түнде отырмай, қызыл қанын ағызған, қара терін төккен» (Күлтегін) Сөзін төл жұртының тәуелсіздігін баянды етуге арнаудан өткен бақыт бар ма екен? Көк байрағын қолға ақын Елбасына ес болды, көкемылжың Солженицын сияқтыларға сес болды. Ел ішіндегі ала қойды бөле қырыққан Қажыгелдин, Масановтардың да арыстандай ақырып мысын басып тастап жүр. «Жазушымын» деп жамбастап жатып алу Шер-ағаңа жат. Тәй-тәй басқан жас мемлекетімізді өлі иі қанбаған талысқа теңесек, соның бір пұшпағын илесу үшін аядай бөлмеге арланбай барып, қарапайым қызметкер болып та отырды. Сол аядай бөлмеде туған алтын сөздері алты алаштың айызын қандырып, шерін тарқатты. Елге де кір басқан енжар көңілді шайдай ашып, құм болған жігерді Махамбет сөзбен шарық тастай қайрап отыратын мінезді ер керек екен.

Шер-ағаңның жетпіс жылдығында өткен жылдардың ащы-тұщылары да еске түсе береді. Өйткені «бәрін айт та, бірін айт, социализмнің жырын айт» дегізген 60 жылдың «бітеу жарасын» ұмыту оңай емес. Шерханды – Шерхан еткен сол бүйірден шаншудай қадалған «бітеу жара» емес пе? Іштегі жараның емге көнуі неғайбыл. Махамбет армандаған «қас үлектен туған кәтепті қара нар» -

Тұрардың тұлғасын сомдау арқылы сол іштегі сыздаған «бітеу жараны» дүмпітіп сыртқа шығарды. Тұрардың тілімен айтылған «анау қырылып жатқан халықтың сүйегінің үстіне орнаған Совет өкіметінің кімге қажеті бар» деген сөздің «соавторы» Шерхан. Айтқыштық та, тағы да Махамбет көксеген «қабырғасын қаусатып, бір-біріндеп сөксе де, қабағын шытпайтын ерлік» те Шерхан – қаламгер мен Шерхан – қайраткердің көркем шығармалары мен әдеби-публицистикалық мақалаларында өріп жүр. Әбіш аға Махамбеттің жырларын еске алғанда Шерағамыздың осындай айызды қандыра айтқыштығын меңзейді.

Ақынның:

Жауырыны жазық, мойны ұзын,
Оқ тартарға қолы ұзын,
Дұшпанына келгенде,
Тартынбай сөйлер асылмын. –

дейтін толғауының соңындағы «Мен – Өтемістің баласы, Махамбет атты батырмын!» деген жолды «Мен – Мұртазаның баласы, Шерхан атты батырмын» деп өзгертсек, екі асылдың ойлары ортадағы бір жарым ғасырды белінен бір-ақ сызып, орайласа кеткелі тұр. Сталин ұстасатын жерде ұстасып, тіресетін жерде тірескен Тұрардың тауқыметті тағдырын Жандилдинмен жұлқысып, «литоменен» алысқан Шерханның да тұла бойынан табасың. Сүйінші, Тұрардың «екінші өмірінің» («Қызыл жебе») аяғы құтты болды. Қазақ елі тәуелсіздіктің туын көтерді. Тұрар – Шерхан немесе Шерхан – Тұрар ойы тәуелсіздіктен кейін де тоқырамайды. Ел деп, Тіл деп, Діл деп, Иман деп, Демография деп ұлтына ауадай қажеттінің қайсысы болсын қағыс қалдырмады. Жағы мен Тілі Әзіретәлінің қылышындай жарқылдаған өткір сөзінен жаңылған жоқ. Алдағы уақта да жаңылмас.

**Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ,
«Түркістан», 21 қараша, 2002 жыл.**

ЮНОСТЬ ЗРЕЛОСТИ

**ВЧЕРА В Конгресс-холле общественность столицы
чествовала видного казахского писателя и общественного**

деятеля Шерхана Муртазу. Народному писателю Казахстана Шерхану Муртазе исполнилось 70 лет.

Приветствовать писателя в этот вечер пришли Премьер-министр Имангали Тасмагамбетов, сенатор Парламента Республики Казахстан Абиш Кекилбаев, писатели, деятели культуры.

Мы, наконец-то, учимся ценить талантливых людей, начинаем воздавать должное тем, кто этого достоин. И хотя Шерхан Муртаза главными жизненными принципами считает скромность и трудолюбие, в эти дни, принимая многочисленные поздравления коллег по Парламенту, друзей-писателей и читателей, он сам того не желая, оказался в центре всеобщего внимания, признания и любви.

Творческий вечер, посвященный юбилею народного писателя Казахстана Шерхану Муртазе, по восточным традициям больших тоев открыл известный акын Конысбай Абилов. Он исполнил поэтическое посвящение с традиционным благопожеланием творческих успехов и здоровья.

Юбилейное торжество вела популярная и любимая поэтесса, депутат Мажилиса Парламента Республика Казахстан Фариза Унгарсынова, отметившая значение и роль Муртазы и в своем собственном творческом становлении.

Абиш Кекилбаев, приветствуя юбиляра, не мог не отметить заслуг писателя, руководившего в свое время редакциями ведущих газет и журналов, выходящих на государственном языке. Меткие метафоры и поэтические сравнения оратора представили зрителям образ поистине народного писателя, который везде и всегда болеет душой за народ. Писатель-айсберг – такая точная характеристика пришлась по душе зрителям, приветствующим стоя выход на сцену писателя и сенатора Парламента Республики Казахстан Шерхана Муртазу.

Болат Узаков, артист Казахского музыкально-драматического театра имени К.Куанышбаева, представил зрителям отрывок из нового романа Шерхана Муртазы «Ай мен Айша».

Толеген Айбергенов, Оралхан Бокеев, Фариза Унгарсынова, Акселеу Сейдимбеков и многие другие имена поэтов и писателей открыл в свое время Муртаза, сумев помочь талантам раскрыться. Мастер дал им напутствие в Большую литературу.

70 лет... Юность зрелости – так называл этот возраст Габит Мусрепов. Юность зрелости Шерхан Муртаза встречает на вершине славы и всеобщего признания.

Юбилей известного писателя по удивительному стечению времени совпал с юбилеем его родного города – 2000-летием Тараза. В южной долине Мын-Булак он родился. Здесь прошли годы детства будущего писателя. Суровые послевоенные годы... Периоду взросления и возмужания писатель посвятит потом повесть «Интернатский хлеб». Каким вкусным он был, этот хлеб голодного послевоенного детства. Как трудно было тогда всем.

Писатель считает, что только честолюбие привело его в 1955 году на студенческую скамью. Поступил не куда-нибудь, а на факультет журналистики МГУ имени М.В.Ломоносова. Заработанных денег на разгрузке угля на станции Москва-Сортировочная не хватало для того, чтобы жить худо-бедно в столице, и тогда Шерхан решил заняться переводами. Первый перевод особенно памятен. Рассказ башкирского писателя Мустая Карима «Радость нашего дома» и есть первый опыт студента-переводчика. Всеми любимый «Старик Хоттабыч» Л.Лагина на казахском появится в 50-е годы также благодаря Шерхану Муртазе. Затем казахского читателя порадовали сказки великого сказочника Г.Х.Андерсена, повести Чинигиза Айтматова «Верблюжий глаз», «Прощай, Гульсары», «Пегий пес, бегущий краем моря», венгерские народные сказки.

Первая собственная книга очерков Муртазы «Строитель Даку» вышла в 1958 году.

По возвращении в Казахстан, сотрудничая в газете «Социалистик Казахстан» (ныне «Егемен Қазақстан»), Шерхан Муртаза продолжает писать. В это время изпод пера начинающего мастера выходят повести «Найденное море», «Молния без облаков», «Сын неизвестного солдата», «Фронт без оружия». Практически все произведения малого жанра посвящены автором теме Великой Отечественной войны. Отголоски войны были еще свежи в памяти всех: детей, женщин, стариков. Оттого страницы раннего творчества писателя «дышат» горькой правдой и обличением жестокой войны, унесшей у детей отцов, у жен – мужей, у матерей – сыновей.

Шерхан Муртаза назначается на должности главных редакторов газет «Лениншил жас», «Казах адебиети», альманаха «Жалын», журнала «Жулдыз», руководителем издательства «Жазушы».

Редакторская и издательская деятельность не отдаляет писателя от собственного творчества. Он продолжает писать и радовать читателей новыми сборниками рассказов и повестей: «Невеста 41-го года», «Интернатский хлеб», «Клятва Ахметжана». Роман «Черное ожерелье» ознаменовал переход автора к более крупным эпическим произведениям. Через год после появления в свет «Черного ожерелья» выходит первая книга нового романа «Красная стрела» - о видном государственном деятеле Тураре Рыскулове. Сам писатель объясняет выбор темы и героя тем, что Рыскулов являетсяего знаменитым земляком:

- Десятилетнему Турару пришлось вместе с отцом находиться в Верненской тюрьме, иначе его из кровной мести могли убить родственники покойного волостного, которого за особую жестокость и убил отец Турара.

«Красная стрела» особенно дорога писателю. У книг, как и у людей, своя судьба. Трудная судьба выпала этому роману. Его запрещали публиковать, а автора обвиняли в национализме. Но, с трудом принятая критиками и цензурой, жизнь «Красной стрелы» сложилась. Она вышла в свет и пришлась по душе читателям.

Шерхан в 90-е годы пробует себя и в жанре драматургии. Пьеса в 2-х действиях «Письмо Сталину», опубликованная в журнале «Жулдыз», - это смелая попытка автора попробовать себя в новом литературном ключе и новая грань таланта писателя-публициста.

Недавно вышла в свет новая пьеса «Ноктага басы сыймаган». Произведение повествует о другом знаменитом односельчанине писателя, прославленном герое-панфиловце Бауржане Момыш-улы.

Большой писатель всегда творец и создатель. Он не будет говорить о загруженности делами, государственными проблемами. Муртаза Шерхан продолжает плодотворно трудиться. Он работает над продолжением одного из первых своих романов «Ай мен Айша». Айшой звали покойную мать писателя. Но роман скорее о времени, в котором жила его мать.

Пусть как можно дольше радуется нас Мастер Слова новыми романами и новыми встречами с незабываемыми и неповторимыми своими героями.

**К.ЖИДЕКОВА,
«Вечерняя Астана», 05.10.2002**

ШЕРАҒАҢ ҚАШАҢҒЫ ШЫРЫЛДАЙ БЕРЕДІ?

Сәрсенбі күні Парламент Мәжілісінің жалпы отырысы депутаттардың әр деңгейдегі лауазым иелеріне сауалдар жолдауымен бастау алды. Сондай-ақ бұл күні мемлекеттік тілдің тағдыры тағы бір мәрте талқыға түсті. Халық жазушысы Шерхан Мұртаза өз әріптестеріне үндеу жолдады. Ол 31 қаңтар күні Парламент Мәжілісінде Қорғаныс министрі М.Алтынбаевтың мемлекеттік тілде жасаған баяндамасын депутаттар назар қойып тыңдамаған соң орыс тілінде жалғастырғанына өкініш білдіретіндігін жеткізді. Шерағаң ашына сөйледі. Кейбір депутаттардың мемлекеттік тілде сөйлеген сөзді әдейі тыңдағысы келмейтін ыңғайы бар екендігін білдірді. Сөйтіп, өз атынан «Ана тіл» қоғамдық бірлестігінен арнайы келген хатты оқып берді. Хатта «...Мемлекеттік тілдің мүддесін қорғаушы қоғамдық ұйым ретінде жоғарыдағы әрекетті мемлекеттік тілге қарсы саясат деп қабылдап, ондай Парламенттің таратылуына бағытталған наразылық акцияларын ұйымдастыратынымызды хабарлаймыз» делінген. Депутат тілге құрметпен қарауға шақырды. Мәжіліс төрағасы Палатадағы мемлекеттік тілдің қолданыс аясына оң сипат беріп, тіл төңірегіндегі пайда болған пікірталастың тігісін жатқызуға ұмтылды. Төрағаның бұл сөзі мемлекеттік тілге мән берудің қажеттілігін алға тарта отырып, қазақ тілінде сөйлей алмайтын көпшіліктің көңілін аулап отырған сыңай секілді көрінді.

Депутат Шерхан Мұртазаның ойын Әбдіжәлел Бәкір де қолдады. Ол Премьер-министр Иманғали Тасмағамбетовтің атына жолдаған депутаттық сауалында Парламентте бес жыл бұрын «Жарнама туралы» заң жобасы талқыға түсіп, бірінші оқылымда мақұлданғанын, кейін Үкімет оны белгісіз себептермен кері қайтарып айтты. Одан кейін де ол тағы бір мәрте ұсынылып, кері қайтарып алынған. Депутат мемлекеттік тілдің қолданыс аясын кеңейте түсуге игі әсерін ескере отырып, бүгінгі осы келеңсіз көріністерден тезірек арылу үшін аталмыш жобаның өмірге келуіне жолдама беру керектігін алға тартты.

Мәжілістің жалпы отырысында барлығы 16 мәселе қаралды. «Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағы туралы мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы талқыланды. Жоба бойынша Мемлекеттік кіріс министрі Зейнолла Кәкімжанов

баяндама жасады. Аталмыш заңды қабылдау арнайы экономикалық аймақ аумағында салық жеңілдіктерін пайдалану бойынша бақылауды күшейтуге мүмкіндік береді. Ұсынылған толықтырулар ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызмет ету жағдайларын жақсартуға, Есілдің сол жақ жағалауын жылдамдатып дамытуға, инвестициялар тартуға бағытталып отыр. Заң жобасы толықтай мақұлданды.

Сондай-ақ депутаттар «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасы Үкіметі арасындағы әуе қозғалысын ұйымдастыру мен басқару үшін жауапкершілікті беру туралы келісімді бекіту туралы» заң жобасын қарап, мақұлдау жөніндегі шешімге келді. Келісім екі елдің әуе қозғалысын басқару қызметтерінің жұмыс тиімділігін арттыру және ұшу қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жақсартуды көздейді. Заң жобасы Тараз қаласындағы Әулиеата әуежайы мен Бішкек қаласының Манас әуежайы аудандарындағы әуе қозғалысын ұйымдастыру мен басқаруға бағытталған.

**«Егемен Қазақстан»,
8 ақпан 2002 жыл**

ШЕРХАН МҰРТАЗА ОЙ-ТҮЙІНДЕРІ

Әркім өзінің қабілетіне, біліміне, ой-өрісіне, шама-шарқына қарай орында отырса, сол жұмысын адал атқарса – көп қазынаның көзі сонда жатыр.

Түптің түбінде, халық ісіне адалдық – өсудің, өркендеудің, берекенің, бірліктің асыл өзегі. Ал Адал Еңбек бәрін де жеңбек. Адалдық дегеннің өзі ұлылықтың туысы.

Ізгілік бар жерде зұлымдық ториды. Періште жүрген жерге ібіліс құмар.

Тіршілікті тірілтіп тұрған – мейірімділік.

Тіл деген бізге өткен дәуірлерден қалған асыл мұра. Бізді жаратқан ата-бабаларымыз өткен. Олар бізге, өзгесін қойғанда,

мұралыққа тап-тамаша тіл қалдырған. Ол тіл атамыздың ақылынан, анамыздың сүтінен жаралған.

Өзіне тиесілі ризықтан қағу – қиянат.

Адам жүрегін елжіретер күдірет тек әдебиет пен өнерде ғана бар.

Әдебиет халықтың рухани байлығы болса, сол байлықты азаптанып дүниеге келтірер таланттар халықтың маңдайына біткен кенен ырыс, жарық жұлдыздары.

Адамдар – әрқайсысы бір-бір дүние.

ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМҒЕР

Шерханның бұл жолғы табысы Тұрардың бейнесін сомдап көрсете білуінде. Біздің осы сөздерді жазып отырғанымыз да соған байланысты. Шығармаға нәр беретін бірінші шарт – көркемдігі ғой. Ол жөнінен, әлгіндей селкеулер болмаса, Шерхан мақтана алар еңбекпен шығыпты. Сол кездегі Түркістан өлкесінің болмыс-тірлігімен бізді куәгер еткен. Қойжелкен, еңлік, шопанкебіс, балықкөз, теңге жапырақ, қоңырау гүл деген атауларды баяғы Ілияс Жансүгіровтің «Жетісу» суреттерінен кейін жолықтырып отырғаным осы.

Шерхан, меніңше, «Қызыл жебенің» үшінші кітабын ойдағыдай аяқтаған. Тұрар үлкен өмірдің есігін енді ашқандай сезесің. Және де әлі аяқталмаған романға үзілді-кесілді баға беруден біз де аулақпыз.

Әйтсе де романдағы сюжет тұтастығы, тіл құнарлылығы Шерхан Мұртазаев қаламының ұштала түскеніне куә боларлықтай.

Қызыл көпір маған Тұрар өткен өмір өткеліндей көрінді. Автордың табысы осы бір символиканы аяқтап шыққанында ма деймін.

Ғабит МҮСІРЕПОВ

Шерхан Мұртазаев шығармаларының мені сүйсіндірген бір қасиеті осы уақытқа, мезгілге деген дәлдігінде, шындыққа көзінің жітілігінде.

Бұрынғыдай бас-аяғы жинақы, аз да болса толық бір оқиғаны баяндап, адам образын жасайтын әңгімелерден гөрі, бас-аяғы жоқ бір көріністі немесе алған әсерді беретін суреттемелер басым боп барады... Шерханның өзім ұнататын бір қасиеті – ол әңгіменің классикалық үлгілеріне бейім.

Шағын әңгімеге тән шымырлық, оқиғаның қою һәм жинақтылығы, ішкі мән, астар, новеллаға тән тосын шешімдер біздің осы ойымызға дәлел болса керек. Бізді қатты сүйсіндірген, ішімізді жылытқан нұрлы әңгімесі «Бір нәзік сәуле» болса, «Қырық бірінші жылғы келіншек», «Шекшек шырылдайды», «Сол бір күз», «Жаңбырлы той», «Шақалақ», «Сусамыр» атты әңгімелері де бүгінгі әдебиетіміздің көркемдік дәрежесіне көтерілген құнды дүниелер.

Тахауи АХТАН

Мен, басқаны қайдам, Шерхан Мұртазаның бойынан кесек тұлғаны, кенен дарынды және барша көпке сыйымды әрі керемет сыйлы бірқұйма сипаттарды осылайша көремін, осылайша бағалаймын. Өйткені Шерхан Мұртаза шын мәнінде көрнекті суреткер, асқаралы азамат, ірі турайтын парламент мүшесі – батыл қайраткер! Сондықтан шығар, осынау жолдар – кез-келген ситуацияда ел әлдеқашан мойындаған, халық әлдеқашан сүйсінген өзінің жоғарыдағыдай рейтингіне қылау түсірмей жүрген Шерхан Мұртаза жайындағы өзімнің пайымым ғана. Мен бүгін ел намысын, халық қамын өнерінің өзегіндей танып, азаматтық тірлігіне тыныс еткен қайсар досыма Алладан жеңіл жол тілемеймін, қажымас қайрат, ұзақ өмір тілеймін. Өйткені мен Шерханды ешқашан жеңіл жүктің астында, айдау жолдың үстінде көрген емеспін. Сондықтан тағдыры салған жолының мұратына жетсін демекпін.

Қалтай МҰХАМЕДЖАН

Біз Шерханмен бір жерде туып-өстік, біз өзімізді бір іске – әдебиетке арнадық. Мен еш уақытта жалғызсыраған емеспін, менің бауырам Шерхан әдебиетте әрқашан менімен бірге келеді, оны мен айрықша жоғары бағалаймын. Тәңірім, оны жаңа табыстарға жеткізе гөр!

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ

Жазушылық ең басты қасиеттер – дүние құбылысынан жазуға керектісін, яғни тақырыбын сараптап алу, оның табиғатын, сипатын білімділікпен зерттеу, бұл екеуінен соң, табиғат берген талантпен ол материалды көркем дүниеге айналдыру. Ол үшін, әрине, шеберлік, тіл әсемдігі, қапысыз дәлдік, мергендік, сөз жітілігі керек.

Шерхан Мұртаза шығармашылығы осы шарттардың бәріне толық сәйкес келеді. Осыған оның биік азаматтығы, шындыққа адалдығы, суреткерлік қайсарлығын қосу керек.

Осы қасиеттер арқылы ол бүгінгі қазақ әдебиетінің ірі тұлғаларының біріне айналды.

Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

Шерхан Мұртаза тек қаламгер ретінде ғана емес, мәдениет қайраткері, баспасөз жетекшісі, редактор ретінде де қазақтың осы заманғы қоғамдық ойын қалыптастыруға орасан зор үлес қосты. Алпысыншы жылдар басындағы серпіліс тұсында сырылып ілгері шыққан «Лениншіл жас» болды. Редакторы – Шерхан Мұртазаев. Жетпісінші жылдары тоқырау мен тоқмейілу рухани мәңгүрттік дертін жая бастағанда, әлгі абзал бұлқыныстың рухын сақтап қала алған «Жалын» мен «Жұлдыз» еді. Редакторы – Шерхан Мұртазаев. Мәңгүрттік әбден меңдеп, тоқырау әбден асқындап, апшы қуырып, сексенінші жылдар басында адал сөз, ащы пікірлер табылса, тек «Қазақ әдебиетінен» табылды. Редакторы – Шерхан Мұртазаев. Көптен күткен аңсарлы дәурен жетіп, қорқақ көңіл қорғалап, ел екіталай, пікір әрқалай жүрген шақта жұрттан бұрын батылдыққа барған («Социалистік Қазақстан») «Егеменді Қазақстан» еді. Редакторы – Шерхан Мұртаза.

Әбіш КЕКІЛБАЙ

Жазушы табиғаты, Жаратылыстың басқа да тірі организмі секілді өседі, өшеді. Жазушы шеберлігі де қайралған қылыштай шыңдалады. Өтпейтін пышақтай мұқалып, сарытап болған жайлаудай өрісі бір деңгейден ұзамайтын жазғыштар көп.

Ылғи өсу, бір кезеңнен екінші кезеңі биік тартып, асып түсіп отыратын жазушы сирек. Сол сиректердің бірі – қазақ прозасындағы «Абай жолы», «Қан мен тер», «Менің атым Қожа», «Үркер», «Боран» шығармаларымен қатар тұратын «Қызыл Жебе» романы. Ол –

әдебиетіміздегі кесек дүние. Кесектігі – таңдап алған тақырыбының өтімділігінде емес. «Ата даңқымен қыз өтеді, мата даңқымен бөз өтеді» қағидасы өнер табиғатына жүрмейді. Қазіргі жалпыдай білімді дәуірде әр кезеңде болып тұратын зәру нүктені басып, жұрттың көңілінен шығуға әуестеніп алған жазушылар болады. Әдетте олардың көркем шығарма деген дүниелері газеттік публицистика немесе проблемалық очерктің о жақ бұ жағында болса да, көркемдік талғамын күнделікті күйбең тірлік күстендірген оқырман ауырған жеріне тиіп кеткеннің бәрін дәрі деп қабылдайды.

Ал, «Қызыл жебенің» жөні бөлек.

Фариза ОҢҒАРСЫНОВА

Қадыр ақында «Жүрек – автор, ақыл - редактор» деген тіркес бар. Өте дарынды қаламгердің өзінен де жақсы редактор шықпай жатады. Ал Шерхан өзінің қайсар мінезін, бірбеткейлігін, кейде тіпті, шектен тыс мазасыздығын осы қатал мамандықтың игілігіне айналдыра білген Қазақстандағы бірегей тұлға. Кешегі партияның әрбір түшкіргеніне «жәрәкімалла» деумен келген қайыстай сірескен «Социалистік Қазақстан» газеті Шерхан Мұртазаның қолына көшкенде қалай құлпырып, бет-бейнесі өзгеріп, жонданып, күдірейіп шыға келді.

Басынан бақайшығына дейін ұлттық мүддемен тыныстаған, алпыстың арғымағына мінсе де шашына бір тал ақ араластырмаған ер сүйсінер тұрқы, қыз қызығар мұрты бар қазақтың осы бір дархан, дара перзентіне ұзақ ғұмыр тілелік.

Мұхтар ШАХАНҰЛЫ

Мәриям ЖҮЙРІКТАЕВА, Парламент Мәжілісінің депутаты:

- Шер-аға, біздің ақсақалымыз Шерхан Мұртаза, шыр етіп жерге түскеннен ерекше жаратылған адам деп ойлаймын. Шер-ағаның «Ай мен Айшасы» қолыма түскенде, кейбір парақтарын бірнеше рет қайталап оқып шығуға мәжбүр болдым. Сондағы түйгенім, ағаның бойындағы ерекшелік ананың ақ сүті мен табиғаттың таңғажайып құбылысынан дарыған сияқты. Сондықтан 77 депутаттың 76-сы бір төбе де, Шерхан Мұртаза бір төбе. Ол кісінің батылдығы, қанына сіңген адалдығы, биік адамгершілігі бойындағы

ең асыл қасиеттері шығар деп білемін. Өмірде әр түрлі жағдайлар болады ғой, сонда бетіңе күле қарап, сыртыңнан тас атып жүретіндер де кездесіп жатады. Ал Шер-аға мұндай жаман қасиеттерден ада, барлық ойы мен пікірін тайсалмай бетке айтады. «Тура айтып, туғанымға жақпадым» деген сөзі әр қазақтың, сол сияқты кейде ағаның әділін айтам деп, өзінің дұрыс ойын, мағыналы ойын кесіп айтам деп, қарақан басының қамын ойлаған шенеуніктерге жақпай қалатыны бар. Бірақ ол кісі үнемі жол көрсетіп, ақ-қараны ажыратып беретін турашыл адам. 77 депутаттың ішіндегі Шер-аға өз алдына бір төбе деп отырғаным сондықтан.

**Аманкелді АЙТАЛЫ,
Парламент Мәжілісінің депутаты:**

Егер Шерхан Мұртаза туралы айтар болсам, алдымен мемлекеттік Әнұранымыз ойыма оралады. Сондағы **«Жаралған намыстан, қаһарман халықпыз»** деген жолдар, өкінішке орай, еліміздің барлық азаматына лайық айтылмаған сияқты. Ал Шерхан Мұртаза болса, шын мәнінде, тұла бойы намыстан жаралған, қажет жерінде халықтың намысын оятып, қайрайтын бірден-бір азамат деп есептеймін. Парламентте жүргенде де әрбір Заңды түбегейлі зерделеп, жанын салып жұмыс істейтіндердің бірі – осы Шерхан. Тіл, мәдениет, отбасы тұрғысында, сондай-ақ, басқа да әлеуметтік мәселелерді қолға алуда әрекет үстінде жүреді. Халық тағдырын ойлағанда басқа ұлттарға көлеңке түсірмей-ақ ұлт мүддесін қорғауға тырысады. Әрі жазушы болғандықтан өзінің ойын, пікірін көркем де өткір тілмен жеткізіп айта біледі. Мұндай қасиет кез келгеннің бойынан табыла бермесі анық.

Шерхан Мұртаза өткен ғасырдың 30-шы жылдарынан бастап халықты жалмаған ашаршылық кезеңде туған. Қуғын-сүргіннің кесірінен әкесіз қалып, балалықтың базарын көрмей, ерте жастан ел қатарлы еңбек етіп, жауапкершілік жүгін арқалаған жан. Назым Хикметтің:

«Мен жанбасам лапылдап,
Сен жанбасаң лапылдап,
Аспан қалай ашылмақ?!» -

дегеніндей, Шерхан қай кезеңде де халықтың мұңын ескеріп, ащы шындықты айтып, өкініштің орнын толтырып отыруды өз мойнына

арқалаған тәрізді. Ол сонысымен де қоғамда өз орны бар биік бір тұлға.

«Анам мені көтергенде ащы етке жерік болыпты. Бірақ сүр ет болмағандықтан сарымсақты шайнап жей берген екен ғой.., - дейді Шер-ағамыз. – Мені сыртымнан «сұсты», «жау қабақ» дейді, көрер ем мен сияқты тумай жатып ащыменен уланса».

Кінәмшілдік па, әлде наз ба?.. Әйтеуір елең еткізер нәрсенің бәрін байқайтын Шераға өзіне қарата айтылған сөзге дейекті жауабын жасырып қалмайды. Расында, Шер-аға ешнәрсені іште бүгіп қала алмайтын сияқты. «Дипломатиядан алыс адаммын» деуі де сондықтан шығар.

Өз өмірінен ұлт тағдырын, халық тағдырын бөліп қарай алмайтын Шер-ағамыз қоғамда белең алған әрбір құбылысқа бір кезінде үн қосып, елінің қуанышын қарсы алысып, мұң-мұқтажын жоқтасып келе жатқан нағыз қоғам қайраткері. Сондықтан да «ұлы заманға ұлы адамдар ғана айна бола алады» демекші, халқымыздың бүгінге дейінгі 70 жылдық тарихын Шер-ағамыздың өмірбаянынан-ақ оқуға болады.

Шер-аға десе айтқандай-ақ, күні бүгін де қоғамда алған қандай да бір мәселені зиялы қауым, намысшыл жастар Шер-ағамен бөлісуге тырысады. Әрине, мұңын шағып, ақыл-кеңесін тыңдап, шер тарқату үшін. Ал Шер-аға халықтың шерін тарқатудан жалыққан емес.

«Ақынның орны қаламның қанаты қандай биікке көтеріп шығарса, сол жерде» дегенде Ғабит Мүсірепов тек әдебиет, шығармашылық әлем тұрғысында айтқан болар. Ал сол биіктікке тұлғаның азаматтығы мен адамгершілігі де үйлесетін болса, ақынды түсіну үшін кереметтей талғамсыздық пен көрегенділік, тіпті, шектен тыс төзімділік пен кешірімділік қажет болмаса ғанибет! О онда қаламы көтерген биіктік ешқашан да аласармас еді, қайта күннен-күнге биіктей түсер еді.

Осылай ойлаймын да, ылғи Шер-ағамен сәлемдескен сәттерде менің бойымды мақтаныш па, қуаныш па, әйтеуір тамаша сезім билейді. Содан соң талапты жастарға ұстаз етіп, енді ғұмырының ұзақ болуын іштей тіленемін.

Назира БАЙЫРБЕК
«Қазақ әдебиеті», 27.09.2002

МҰРТАЗА КЕҢІСТІГІ

Баспасөздің басты бір міндеті – қоғамдық сананың ілгерілеуіне қызмет ету. Бұл, әсіресе, қазақ баспасөзіне қатысты қағида. Ал, бір қызығы – қазақ газеттерінің «Қоғамдық сананың ілгерілеуіне қызмет ету» деңгейі Бас редактордың ой-сана, парасат, білім-білігіне, бір сөзбен айтқанда Тұлғасына тікелей байланысты. Кешегі кеңес дәуірінде солай болған, бүгін де тап осылай. (Бұл өзі, бір есептен, зерттеп-зерделеуге сұранып тұрған тақырып).

Мұның екі жағы бар. Редактор газетті «алып шығады». Бұл - жақсы жағы. Редакторды газет «алып шығатын» жағдайлар да болады. Бұл – «мата даңқымен бөз өтедінің» кері. Көзқарақты жұрт бәрін алақандағыдай көреді. Бас редактор болу – жаңа идеяларды қолдау, рухани орта қалыптастыра алу қабілетін де, қысқасы, Тұлғалық болмысты қажет етеді. Дәп осы орайда қазақ тарихында Бас редактор болу талантымен де мәшһүр Шерхан Мұртаза туралы сөз айту парыз.

70 жылдық тарихында әрқилы кезенді, әр түрлі деңгейді бастан өткерген «Қазақ әдебиетінің» ерекше бір рухани өрлеу кезеңі – 80-90-жылдар аралығы деу керек. Ол – Шерхан Мұртаза Бас редактор болған кезең.

Мұртаза – редактор қазақ рухани кеңістігіндегі өзгеше өлшем. Өмір мектебін ерте, бала кезінен оқыған, өсе келе Мәскеу университетін бітіріп, өзге бір мектеп көрген Мұртаза «Лениншіл жас», «Жұлдыз», «Жалын» басылымдарында Бас редактор болды. Ол «Қазақ әдебиетіне» рухани тәжірибе жинақтаған, толысқан кезінде келген-ді. Сондықтан да болар «Қазақ әдебиетіндегі» Мұртаза – үңілген, зерделеп байқаған адамға санаткерлік идеологиясымен көзге түседі. Ал, санаткерлік идеология дегеніңіз – идея, тұтас бір дүниетаным, озық пәлсапалық жүйе! (Мұндай тұжырымға Мұртаза басшылығы кезінде «Қазақ әдебиетінде» бастан-аяқ еш үзіліссіз қызмет еткен жылдарымда емес, кейін өзге бірнеше редактормен қызметтес болғанда келгенмін)...

Шерхан Мұртаза «Қазақ әдебиетінде» 1980 жылдың күзінен 1989 жылдың ортасына дейін, кейін өзі «Егемен» атандырған «Социалистік Қазақстанға» басшылыққа ауысқанша қызмет етті. «Қайта құру» атанған ептеген жылымық келгенше «кемеліне келген

социализмде» күн кешкен қоғамда ұлттық тарихты, құндылықтарды қорғау, шындықты қазып айту оңай емес-ті. Қоғамдық ойдың қалғымауында апталықтың ролі елеулі болғаны анық. Жазушылар органы болған соң басты міндет – кезеңдік те, ағымдағы да әдеби үрдісті жіті қадағалап отыру, көркем шығармалардың бірден-бірін елеусіз қалдырмау. Әдеби сынның ұйытқысы болу. Көркемдік туралы ұғымдардан туындайтын «жан беріп, жан алысқан» айтыс-тартыс, пікірталастар... Кей жағдайларда Орталық Комитетке, өзге де ресми орындарға түскен арыз-шағымдарға байланысты түсініктемелер жазу...

Әр басылымның қоғамда өз орны бар. «Қазақ әдебиеті» зиялы қауым басылымы. Оның тиражы тиражымен ғана емес, оқырманының ой өресі, сапасымен өлшенеді. Шерхан Мұртаза тұсында газет тиражы қатты өсті. Өйткені, оқырман ұлттық рухты, шынайы пікір, ашық әңгімені іздеді. Жариялылық атты кезең келгенде ұлт тарихындағы, өнеріндегі ақтаңдақтар шындығын оқырман ең алдымен «Қазақ әдебиетінен» оқып-білді. Сол кезеңде өнер, оның ішінде театр және кино өнеріне, жалпы, мәдени тыныс-тіршілікке ерекше назар аударылған еді.

«Шерханның шинелінен шықтық» дейтіндер аз емес. Мен бұлай деп алмаймын. Алайда, сол кезеңде Шерхан редактордың адами-иманы өнегесін, қызмет үлгісін көріп есейдік. Бір топ жас едік. Үлгісін алдық па, жоқ па, айту қиын. Бәрін де уақыт көрсетеді. Қазір әрқайсымыз әр қиырда. Арамыздағы ең ақкөңіл Мұса (Рахманберді) мен ең ақжарқын Әуез (Бейсебай) мәңгілік мекендеріне кетіп те үлгерді... Сол жылдары қанатымызды да, қаламымызды да қатайтқанымыз рас.

Еркіндік аралының тұрғындарындай едік. Еңсеміз тік, еркін жүрдік, еркін тұрдық, еркін жаздық. Маңызды іс жасап жүргенімізді, сөзіміздің қуаты, әлеуметке әсері бар екенін жанымызбен сезінетінбіз. Бірақ, арамызда «мен сондай мақала жаздым, сондай мәселе көтердім» деп кеуде ұрғанымыз аз. Ал, біздің буын бүгінде қай жерде қызмет етіп жүрсе де сол мінезін әлі жоғалтпаған сияқты көрінеді маған. Сол жылдары адамтану мектебін де Шер-ағамен өттік. Ұлттың сөзін сөйлеген, рухани тыныс беретін, беделді басылым оқырман қолына жұма күні тиеді. Әр жұма сайын сағат он бірде редакциялық жиын. Енді бастала бергенде кейде вертушка /Орталық Комитет хабарласатын телефон/ кейде қалалық телефон шылдырап қоя береді. Кейде вертушка Шерағаны «өзіне» шақырып

кетеді де, ол біртүрлі сұлық оралады, бірақ, бізге ләм-мим ауыз ашпайды, жігерлері мұқалмасын дегені ме екен... Ал, біздің байқағанымыз, естігеніміз қаншама!

1986-ның Желтоқсаны да ұмытылмайды. 17-сі күні кешкі 5-те редакциядағы жігіттердің көбі Алаңға бірге бардық. Алаң толқыған теңіздей екен. Топ-топ болып ұран тастап, сөз сөйлеушілерін ортаға алған өрімдей жастар... Ертеңіне таңертең Одақтағы мәжіліс залында «жабық есік жағдайында» өтіп жатқан партия жиналысына баса-көктеп кірдік: «Алаңдағы жағдай анау – бұл не жиналыс?» Сол-ақ екен жиналыс аяқталды. Әбіш Кекілбаевтың көзіне тұнған жасты көрдік. «Айналайындар, ешқайда бармандар!» деумен болды. Шераға біздерді кабинетіне жеке шақыртты. Маған айтқаны: «Сен қыз, жұмыс орнында отыр, ешқайда шықпа, берілетін тапсырма бар. Бұл – бұйрық!» Бірінші рет қатты сөйлегені. Тіксініп қалдым. Кей-і-ін білдім – Шераға әрқайсымызға осындай бұйрық беріпті. Артынша өзі кетті де қалды. АЛАҢҒА кетіпті...

Бұл – Мұртаза. Халықтың ұлы Шерхан Мұртаза. Бұлай деуге оның өмірлік ұстанымдарына сай қимыл-қарекет пәлсапасы негіз береді. Сол пәлсапаның бір бейнесіндей 80-90-жылдардағы «Қазақ әдебиетінің» ұлттық руханияттағы орны да.

Шераға, Шерхан Мұртазаны, осында бұрынды-кейінді қызмет еткен барлық буын қаламгерлер мен журналистерді, қазіргі ұжымды қара шаңырақ басылымның 70 жылдық мерейтойымен құттықтаймын.

**Әлия Бөпежанова,
«Қазақ әдебиеті», 23.01.2004**

МЕНИҢ ШЕРАҒАМ

**Көрнекті жазушы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері
Шерхан Мұртазаның туғанына 75 жыл.
белгілі жазушы Әділ Дүйсенбек 65-те...**

Жазушы Әділ Дүйсенбек біраз жылдан бері өзінің әріптес ағасы – қазақтың біртуар ұлы, қоғам қайраткері, халық жазушысы Шерхан Мұртаза туралы шағын естелік әңгімелер

мен эссе-новеллалар жазып келеді. Олар түрлі басылымдарда жарияланып та жүр.

Өз алдына жеке жинақ болып шыққандары да бар. Автор солардың бәрінің басын біріктіріп, өңдеп, толықтырып және кейінгі жазғандарын қосып роман-эссе дәрежесіне дейін жеткізген. Бұл жинақ жақында Мемлекеттік сыйлықтың иегері Дулат Исабековтің алғы сөзімен «Қазығұрт» баспасынан жарық көрді. Тілі шұрайлы, оқиғалары тартымды да нанымды. Төменде біз сиясы кеуіп үлгермеген осы кітаптан үзінділер жариялап отырмыз.

Он жас - ол да құрдас.

Шерағам менен тұп-тура он жас үлкен, ол кісі 1932 жылдың 28 қыркүйегінде, ал мен 1942 жылдың 24 мамырында өмірге келіппіз. Бұл құжат бойынша. Бірақ біздің жарық дүниеге келген күнімізді кім сағаты мен минутына дейін есептеп, жазып отырды дейсіз, ата-аналарымыздың айтуы бойынша толтыра салған ғой. Әйтсе де жаз бен күздің бірінен соң бірі келетіні сияқты, «он жас – ол да құрдас» деген бұрыннан келе жатқан аталар дәстүрін малданып, әзілдесіп алатын кездеріміз де аз емес. Мұндайда әңгімені, әрине, ағам бастайды.

- Әй, осы қартайғанда қандай шал болар екенсің? – деді бірде екеуміз кинга ойнап отырғанымызда. Түк ебің жоқ, картаны жөндеп тарата алмайсың, иілсеңші былай, өзіңдей Ақселеулер жымын білдірмей жібереді ғой осы салғанда, оның бойы да сенікінен кем емес шығар.

- Мәселе бойда емес, ойда ғой, Шераға, - дедім мен басқадан болмаса да картадан ағама «мәттеби» екенімді малданып.

- Ойда дейсің бе, ей? – Шерағам ойланып қалды. – Онда сен Ақселеуден үлкен болдың ғой. Ұтасың ба, өзі қалай? Әлде ол сені ұта ма? ... Ондай жағдайда оның үлкен болғаны ғой.

Артынша ағам жасы үлкен адамдарға байланысты мына төмендегі тәмсілді айтып берді: «Адамзат қауымдасып, топ-топ болып өмір сүре бастаған тұста бір тайпаның басшысы екінші бір тайпаның көсемімен ренжісіп қалады да, өзіне қарасты ел-жұртын ертіп бұрын-соңды көз көріп, құлақ естімеген басқа жаққа кетпекші болады. Жол ұзақ, оның үстіне көрмеген жердің ой-шұңқыры көп – сапарға адамдардың бәрі бірдей шыдас бермесі анық. Сондықтан басшы өздерімен бірге жастары келіп қалған шал-шауқандарды

алмауға бекінді. Қол астындағыларға солай деп те бұйрық беріледі. Оны бұзғандарға қатаң жаза қолданылатыны ескертіледі. Сөйтіп беймәлім жаққа аттанысып та кетеді. Апта жүреді, ай жүреді. Бірақ баратын жерлеріне жете алмайды. Азық-түліктері таусылып, ауызсусыз қалады. Сонда ғана барып олар адасқандарын біледі. Кері қайтуға болмайды, оған енді жұрттың күш-қуаты жетпейтіні мәлім. Не істеу керек?» Басшы амалсыз айналасындағылардан ақыл-кеңес сұрайды. Шамалы уақыттан кейін арқасында арқаланған кебежесі бар бір жігіт келіп ауызсуды қалай табуға болатыны жөнінде ақыл айтады. Артынша ол тағамдық шөп тамыры туралы да кеңес беріп, бүкіл тайпаны аштықтан аман алып қалса керек. Кейін одан: «Сен осыншама кемеңгерлікті кімнен үйрендің?» деп сұраса, арқалап жүрген кебежесін ашып: «Міне, мына кісіден» деп ақсақалды әкесін көрсеткен екен дейді...»

- Рас, бұл аңызды әркім әр түрлі айтып, әр жерде түрліше түсіндіріледі, - деді ағам біраздан соң. – Әйтсе де түлкі мақсаты – әкені әке арқылы жасы үлкенді, ақсақалды қарияларды сыйлауды уағыздайтын идеясы сақталып қалған. Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан осы дәстүрді халқымыз қастер тұтып, ұрпақтан ұрпаққа әдет-ғұрпымыздың бірден-бір артықшылығы мен ерекшелігі де осында жатыр емес пе?...

Ағамның осы әңгімесінен кейін мен де үйге келіп өзімше ой қорыттым. Иә, қазақ қашанда қарттарын сыйлаған ғой. Оларды қадірлеп, алдарынан қия өтпеген. Қанша бір даулы мәселе болса да осы қадірменді қарияларымыздың араласуымен шешіліп отырған. Кезінде Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би айтыпты деген түрлі ғибадаттар мен пәлсапалық ойлардың да негізгі түпқазығы көпті көрген көнелерден. Кәрінің сөзі дәрі болған заманнан бері келе жатқан «Есік алдына төбе болса, ерттеулі атпен тең. Аулында қартың болса, жазулы хатпен тең», «Көп жаңылса – көнеден сұра», «Ақылды қария – ағынды дария», «Бұрын туғаннан сұра», «Пері білмегенді кәрі біледі» деген сияқты тағы басқа да тіркестер тектен-текке айтылмаса керек.

Қарттарымызды қадірлеп, қасиет тұтудың қаймағы бұзылмаған ұясы – ауылдан шыққан мына біз, қазір аға ұрпақтық жасқа таяп қалған – алпысыншы жылдарғы мектеп бітірушілер – сол кездегі балғын да бал дәуренімізді осы ақсақалды қарияларымыз бен ақ жаулықты аналарымызсыз тіпті де елестете алмаймыз. Баяғы партия десем – көсем десем – партия деп сайрағанымыздай, балалық шақ

десек – қарттарымызды, қариялар десек – балалық шағымызды сағына еске алып, небір қиял құшағына енеді емеспіз бе? Мұндай әсерден ит жейдені бізден сәл бұрынырақ тоздырған ағаларымыз да әурелеп кете қоймағаны мәлім. Қазіргі хан да, қара да солай. Сондықтан да болар, менің Шерағам (Шерхан Мұртаза) мен ғалым ағам Мырзекең де (Мырзатай Жолдасбеков) өздерінің балалық жастық шағын еске алғанда («Ай мен Айша» және «Ел тағдыры – ер тағдыры» кітаптары) осы қарияларымыз туралы тебірене толғайды, шабыттана жазады. Соларды оқи отырып, біз де балалық бал дәуренді елжірей еске аламыз.

Паһ, шіркін, сол кездер-ай! Күні бойы ойын қуып, кешке қарай үйге сүріне-қабына жеткенде төрде қаздай тізіліп ақ сақалды аталар мен ақ жаулықты аналар отырмаушы ма еді. Күнде солай ма, әлде біздің көз алдымызға той-томалақтағы бір сәттер елестей ме, қайдам, сондағы сән-салтанат, қарияларымыздың әрі-беріден қозғаған әңгімелері, ара-тұра домбыра шертіп қойып, тақпақтап айтқан көсем сөздері әлі де құлағымызда тұрғандай. Бәрі шетінен ақылды, керемет келбетті. Айтқан әңгімелерін аузымыздың суы құрып, тыңдай жатып, қалай ұйықтап кеткенімізді білмеуші едік.

Ауылымызда Алпысбай және Ыбырай атты ақсақалды екі кісі болды. Жасы жағынан ең үлкен осы қариялардың айтқаны екі етілмейтін. Оларсыз бірде-бір шара өтпейтін, той-томалақ басталмайтын. Ауылдағы әкім де прокурор да, сот та солар еді. Онда ойлаушы едік, шіркін-ай, тезірек ер жетіп, шал болып, осы Алшекең мен Ыбекендей ел құрметіне бөленсек деп!

Уақыт жылдам. Көзді ашып-жұмғанша өте шығады екен. Кезінде біз армандаған Алшекең де, Ыбекен де өмірден өтті. Олардың орнын басқа қариялар басты. Бірақ солардың қазіргі беделі қандай дегенге, біз неге күбіжіктеп қаламыз? Ауылға барып-келіп жүріп, жетпісінші жылдардың соңына таман ағайындыларымыздың баласының үйлену тойына қатысқанымыз бар. Бәрі сол бұрынғы қалпынша: жар-жар айтылды, беташар жасалды. Жиналғандар столға отырып, жастарға бата беретін кезде ортаға кеңшардың жап-жас төрағасы шақырылды. Мен: «Бұл қалай?» дегендей жанымдағы жолдасыма қарадым. «Ау, батаны жасы үлкен, ауыл ақсақалдары бермеуші ме еді?» - дедім. «Қазір солай, - деді ол, - баяғы тәртіп өзгерген, бірінші сөзді төраға, ол жоқ болса оның орынбасары сөйлеп ашады, бата да соған жатады».

Бұдан кейін де ауылдың талай қуанышында да, ренішінде де болып жүрміз. Сондағы бір байқағанымыз, баяғыдай қарияларымыздың беделі де, белсенділігі де жоқ сияқты. Оның себебін тағы да тай-құлындай тебісіп бірге өскен құрдастарымыздан сұраймыз да. «Ой, қазір шалдардан береке кетті ғой, - дейді олар, - әрқайсысы өздерінше бір құдай, бұрынғы коммунистер емес пе, бір-біріне бағынбайды, керек десеңіз, мұсылманшылдығыңызды да онша мойындай бермейді, арақ ішіп, карта ойнайтындары да бар. Ондай адамдарда қандай бедел болсын...»

Адам жасы келген сайын кінәмшіл де кірпияз болады. Болар болмас нәрсені көңілге алып, титтей тәтті сөзіңе теңіздей шалқып марқайып қалады. Дегенмен, елдің барлығына бірдей жаға беру де қиын. Үлкен кісі соның бәрінің тігісін жатқызып, бала-шағамен де, келін-кепшікпен де ортақ тіл табысуға тырысады. Мұндайда, әрине, сөзден гөрі өзіңнің жеке ісің, мінез-құлқың, қимылың, жасаған тірліктерің бірінші кезекке шығады, тиімдірек болады. Осы орайда қарттарымыздың жастары имандылық пен мұсылманшылдыққа тәрбиелеудегі рөлі туралы да айта кеткеніміз жөн шығар. Бірде тағы да ауылда таныс жолдасымыздың әкесі қайтыс болғанын естіп, арада біраз уақыт өтіп кетсе де көңіл айтып шығайық деп бұрылды. Үйде бізден бұрын да қонақ бар екен. Соларға жайылған дастархан үстінен түсіп, көңілімізді білдіріп жатырмыз. Ас жиналып, бата берер кезде қақ төрден орын алып, есіп сөйлеп отырған ақсақалды кісіге бұрылды. Біреулер «құран оқу» керек қой деп күбір ете қалды. Сол ақ екен, әлгі кісі «жоқ, оқымаймын» деді. «Білмеуші едім» демеді. Тура осылай: «жоқ, оқымаймын» деді. Біз ұялып, жерге қарадық.

Біз осы кезге дейін жастық шақты жауапты деп келсек, енді қарттық шақты – мәрттік шақ деп білуіміз керек. Қазақтың қара шалдары ондай құрметке лайық. Олар ешкімнен ештеңесін аяған емес, пейілдері де даладай дархан, әрі кең. Бар байлығын да, өмірден көрген-түйген тәжірибесін де артындағы ұрпағына қалдыруға тырысады, сол үшін қам-қарекет жасайды. Ал мұндай бабаларымыз бен аталарымыз мың жасайтыны сөзсіз.

Кім күшті?

Алланың мейірі түскендіктен болар, Астанада ағам екеуміз жергілікті орыстар «кукуруза» деп атап кеткен екі ұзын 16 қабатты сары үйде көрші тұрдық. Екі үйдің ара қашықтығы бес-алты –ақ метр.

Қос мәшине қарсы келсе, біреуі өтіп кеткенше екіншісі күтіп тұрады. Темір қоршаумен қоршалған ауламыз да – ортақ.

Үйіміз көрші болғанымен, пәтерлеріміз бөлек. Айтпақшы, адасып кетпесін дегендей, осы арасы бес-алты метрлік үйіміздің көшесі де екі түрлі аталады. Бірі Бараев атында да, екіншісі – Тәшенов тегінде. Ағам Бараев көшесіндегі үйдің – екінші қабатында, ал біз Тәшеновтің – тоғызыншы қабатында тұрамыз.

- Мына жүгерінің сотасындай егіз үй неге екі түрлі аталады? – деді бір күні ағам мені есік алдынан кездестіріп қалып.

- Биіктігіне байланысты шығар, - дедім мен өзіме қулыққа басып.

- Сонда қалай, қазір көшелер көкке қарай көсілетін болған ба? – деді ағам аңқау адам кейпіне еніп.

- Несі бар? – Ағамның алдына қос қолымды қатар созып саусақтарымды жаздым, - әр қабатта бес-алты пәтерден болғанда, бір үйде 150-дей отбасы тұрады. Ол дегеніміз – бір көшенің тұрғындары емес пе?

- Әй, сен ондай тәлкегіңді қой, - деді Шерағам енді шындығына көшіп, - білмесең, білмеймін деп әділін айт, есіміңді Әділ деп әке-шешең текке қоймаған шығар.

- Кім білсін? – Мен де ойланып қалдым. Сіздердің үй Бараев көшесінде тұр емес пе?

- Ал, сендердікі ше?

- Біздікі де. Бірақ Тәшенов атында.

- Сонда қалай болғаны?

- Мына бұрылыстағы шолақ көшенің арғы жағында тағы осындай Тәшенов атында екі-үш үй бар, біздікі соның жалғасы шығар.

- Міне, көрдің бе, - деді ағам дауысын ашулы арыстандай ыңырана созып. – Бараев десе барымызды саламыз, ал Тәшенов десе таралып қаламыз. Біреуіне орталықтан ойып тұрып даңғыл береміз, екіншісіне үзік-үзік шолақ көше арнаймыз. Бараев кім? Тәшенов кім? Рас, ғалымның еңбегін жоққа шығаруға болмас. Бірақ оны Жұмабекпен салыстыруға келмес. Біле-білсек, біздің тәуелсіздігіміздің өзі осы Тәшеновтей көзсіз ерлердің арқасында келіп отыр емес пе? Елуінші жылдардың орта тұсына таман еліміздің солтүстік облыстарын Ресейге, оңтүстігін өзбектерге өткізейік деген Мәскеу талабына үзілді-кесілді қарсы шығып, жеріміздің тұтастығын сақтап қалуға үлес қосқан да осы ағаң.

- Білем, білем, - дедім ағамның одан әрі қытығына тие бергім келмей. – Тіпті Хрущевке айтқан сөзіне дейін білеміз.

- Білгішін! – Шерағам бір жайтты ойына түсіргендей маңдайын сипап сәл тұрды да, - ал білгіш болсаң айтшы, өзің ғұмыр бойы еңбек етіп кеткен «Егемен Қазақстан» сияқты қазақ газеттерінің тағдырына байланысты оқиғаны білесің бе?

- Газет тарихын бір кісідей білеміз ғой.

- Тәшеновке қатысты жағын айтам.

- Енді ол кісі Жоғарғы Кеңестің төрағасы, Үкімет басшысы ретінде газетке көп көмек көрсетті ғой.

- Әй, мен оны айтып тұрған жоқпын, - деді ағам қайта қаһарына мініп. – Бәсе, ондай шетін мәселелерді тез ұмытып кетеміз ғой. Біле білсең, ана бір жылдары күллі қазақ басылымдары жабыла жаздап, сенің бас газетің де аударманың өз алдында қалып, қайтадан бұл мәселеге Жұмабек Тәшенов араласып, арашалап қалған. «Қазақ әдебиетінің» сол кездегі бас редакторы Сырбай Мәуленовке бюро жүріп жатқан кезде Жүмекеңнің «Тайсақтамай, батыл сөйле!» деп рух беретіні міне сол кез.

- Ол жағын онша көп біле бермейді екенмін.

- Білмесең біліп ал! Орталық Комитеттің сол бюросында ғой, сенің «Егеменіңнің» бір басшысы «Қазақ әдебиетін» «Казправдаға» қосып, көшірме газет ретінде шығару керек. Сондай басылым редакторының орынбасары болсам, мен өзімді бақытты сезінер едім, деп айды аспанға шығарғаны.

Мен не айтарымды білмей, басымды сипай бердім.

- Тағы да тойтарыс берген Тәшенов болды! – деп Шерағам саусағын жоғары көтерді. – «Әй, бәленшаев, депті орнынан атып тұрып, газетті ашқан сен емессің, жабатын да сен емессің, жайыңа отыр, жалпаңдамай!».

Міне, осындай елі мен жері үшін, қалың қазақ үшін басын бәйгеге тіккен ерлерімізді қалай құрметтесек те жарасады емес пе? Қолымнан келсе мен Тәшенов атына көше, даңғыл ғана емес, қала берер едім.

Иә, айтқаныңыздың ешбір айыбы да, қатесі де жоқ, аға.

Қонаққа өз кийімен

- Ой, бұл ағанды қойсаңшы, - деді бірде жеңгеміз Ақбілек әдеттегідей ақжарқын мінезіне басып, - қазір күндіз-түні ойлайтыны – бильярд болып алды. Қалай ойнайды өзі?

- Ұтып жүр ғой бәрімізді, содан-ақ білмейсіз бе қалай ойнайтынын.

- Қайдам, ана жолы Өмекеңнен жеңіліп қалды емес пе?

- Е, ондай «эттегенайлар» ханның қызында да болады ғой. Бірде жеңіліп, бірде жеңілмесе, қарсыластарынан ажырап қалмай ма?

- Бәсе, - деді жеңгеміз жас келіншектерге тән кейіп танытқандай, алақанымен аузын басып, - сөйтіп көңілімді көтеріп қойсандаршы. – Артынша айтарын іркіп қалғысы келмегендей сықылықтап күліп жіберді де: - сол жолы ғой деймін, арада бір апта өткен соң Өмекеңдер үйіне қонаққа шақырған болатын. Ер кісілерге оңай: киімін ауыстырады да тарта береді. Біз ғой сол баяғы, біресе ананы, біресе мынаны киіп қарап, бет-аузымызды түзеп дегендей жүріп алатын. Сол сияқты отағасының «бол, бол» деп асықтыруымен үстіме қолыма ілінгенді кие салып, дәлізге шықсам, ағаң тұр тоны мен тұмағын баса киіп, қолында – кийі. «Ой-бұй, анауыңыз не? Деймін күліп, енді қонаққа да өз кийіңізбен баратын болғансыз ба?» Ондайда ағаңыз сасушы ма еді: «Е, несі бар, таяқ тамақ жемейді, жатады да мәшиненің ішінде» деп тұр.

Кейін сұрадым ағамнан: «Ана жолы Ақбілек жеңгеміз әзілдеп айтқан болар» деп.

- Нені, әй, - деді Шерағам маңдайын тыржитып.

- Өмекеңнің үйіне қонаққа барарда кийіңізді де ала жүргеніңізді айтам да.

- Ой, сен де қай-қайдағыны ұмытпайды екенсің, - деді ағам күліп. – Сондай жәйт екенсің, - деді ағам күліп. – Сондай жәйт болғаны рас. Сен екеуміздің бильярдқа жиі баруымыздан қалыптасып қалған әдет қой. Әйтпесе жынды дейсің бе, қонаққа кийін қолтықтап жүретін. Әйтсе де жеңгеңе сыр берген жоқпын. Тастаған жоқпын кийімді, сол күйі далаға алып шықтым.

- Үйге де алып кірген боларсыз?

- Е, жоға, жау ала ма оны, жатты ғой сол бізді алып барған мәшиненің ішінде.

Ертеде ер азаматтар бір жаққа барарда ойнайтын карталарын да ала жүреді екен деп естуші едік. Енді оларды спорттың басқа түрлері

де қызықтыра бастады емес пе? Шерағамның өз замандасы Өмірбек Байгелдінің үйіне қонаққа барардағы мына тірлігін мен сондай қызығушылықтан туған әдеттердің біріне баладым.

«Астана» газеті,
27.09.2007 ж.

«ДОМАЛАҚ АНА»

Түркістан қалалық сазды драма театры Шерхан Мұртазаның осы аттас драмасын сахнаға шығарды

Пьеса қазақ халқының белгілі тұлғаларының бірі Бәйдібек және оның үшінші әйелі, ел Домалақ ана атап кеткен Нұрила мен өзге де жарлары туралы аңыздың негізінде жазылған. Бәйдібек – ел билеген биік мансап иесі, жұрт жүгінген би, қол бастаған батыр, малы мыңғырған бай. Бірақ қазақта даңқы одан асқан би де, батыр да, бай да баршылық десек, Бәйдібектің даңқын олардан асырып тұрған отбасы өнегесі, артындағы қара ормандай қаулап өскен ұрпағы. Әдетте, қазақ ауыз әдебиетінің бас тақырыбы батырлық пен ғашықтық болып келсе, бұл аңызда бәрінен отбасының жарастығы мен ұрпақ өсіру биік тұр. Жай биік тұрған жоқ, меніңше, отбасы татулығы мен ұрпақ өсірудің үлгісі ретінде ұсынылып тұр. Сондықтан да бұл аңыз мемлекеттік құрылымы тайпалық-рулық бірлестіктерге негізделген хандық дәуірдегі барлық қазақ бір кісіден туған деген идеологияның жемісі ретінде кезінде отбасылық кодекстің қызметін атқарған. Ол кодекстік қызметінің шет жағын көзіміз көрді. Соғыстан кейінгі жылдары келін болып түскен жеңгелеріміз бірінің баласын бірі бауырына басып, фамилиясын соғыстан қайтпаған боздақтардың нәміне жаздыру да көп болды. Міне, сол кезде абысындық, тіпті күндестік қызғанышты ысырып, азаматтың өзі өлгенмен ошағының отын сөндірмеуді ойлады.

Бұл татулыққа Бәйдібек баба мен оның жарлары Сары бәйбіше – Марау, Зеріп, Домалақ аналар, келіндері Сыланды, Қарашаш, Тұмар туралы аңыздар белгілі дәрежеде ықпал еткені анық. Әр келін Домалақ анадай болуды армандайтын.

Бірақ қазір заман басқа. Сондықтан бұл өмірдің «рахатын» материалдық тұтырудан көбірек іздеген бүгінгілерге қазақтың кең қолтық көшпелі өмірінің ғана қажетін өтеген қайдағы бір қағидаларын өнеге етіп ұсынудың қажеті бар ма деген сұрақ

туындайтыны сөзсіз. Тіпті көшпелілік кезімізде қалыптасқан діліміз жастардың нарықтық ойлау жүйесін тежейді, ар бостандығы мен адами құқына нұқсан келтіреді деп есептейтіндер де жүр арамызда. Жаңа қазақтың елдік өнегесімен емес, сырттың ықпалымен қалыптасуын жөн көреді. Тұтынушылық пиғылдың тойымсыздығы адам жанын аздырып, ұлт келешегіне қауіп төндіретін небір құбыжық қылықтарды қаптатадынына көз жұмып қарағысы келеді.

Ұлттың мәйегі ірімей тұрған кезінде қазақтар өңі түгіл түсінде көрмеген маскүнемдік, нашақорлық, жыныстық бұзылу, соның салдарынан туындайтын отбасын құра алмау, құра қалған жағдайда бала көтермеу, көтергенде де алдырып тастау және басқалары соның «нәтижесі» екеніне дау бар ма.

Жазушы жаңа драмасын дәл осы проблемаға құрыпты. Бірақ қазіргі заман жастарының санасына сақ етіп тиіп, түйсігін дүр еткізер драмалық қақтығыстарды, сезімін шым-шымдап баурап лирикалық сәттерді өткеннен тауып, екі дүние моралін салыстыра ұсынады көрерменге.

Міне, осы драманы Түркістан театрының сахналауында да бұрыннан келе жатқан сабақтастық бар. Олай дейтініміз, Райымбек Сейтметтің режиссерлығында Шерхан Мұртаза пьесаларының орны ерекше. Бұл арада кезінде Ғабит Мүсірепов атындағы жастар және балалар театрында дүрілдеп жүрген «Сталинге хат» пен «Бесеудің хатын» еске алсақ та жеткілікті.

Сонымен ауық-ауық көрермен шапалағымен көмкерілген спектакльде ең алдымен сценографиялық шешімнің (суретшісі Қалтөре Төреқұлов) сәттілігі бірден байқалды. Бұл шешім бойынша бәрі мызғымайтын шаңыраққа орайластырылған декорация оқиғалар мазмұнына қарай оп-оңай құбылып, оралымдылық танытады. Мұның өзі сахнаның тарлығы мен айналмайтындығынан туатын ыңғайсыздықты көп жеңілдетеді.

Режиссер сонымен бірге сөздің көрерменге жетуіне де көп мән беріпті. Бұл да Райымбек режиссурасына тән ерекшелік. Рас, жас әртістердің кейде айқайы басым болып жатса да, сөздері анық та, әуезді.

Драмалық тартысқа келер болсақ, ол Нұриланьң рухына байланысты өрбиді. Бүгінде біреу Нұриланьң бейітінің түбіне түнеп, Алладан перзент беруін, басқа да тілегін тілейді. Ал енді түйсігі топастанған біреулер сол жерде аң атып, арақ ішіп тасыраңдап жүр.

Бұдан әрі оқиғаға Нұрилла-Рух араласады да, ата-бабаларымыздың отбасылық қарым-қатынастарына тән табиғи драма шиеленісіп шиыршық ата бастайды.

Нұрилла (Жадыра Сейдахметова (жас кезі) мен Кәмшат Әштекова) өмірдің өзінде де тегін адам емес. Оның ерекше сезіміне сеніп, құрметтейтіндер (абысыны Зеріп) бар. Ал сенбейтіндер үшін (Марау бәйбіше және оның тоғыз ұлы) жас әйелдің айтқаны әуіштік болып көрінеді. Сонда бұл қандай жан?

Қазіргі таңда аса сезімтал аппараттар (сезімтал адамдар айтқанымен ресми ғылым мойындамайтын) адам өз бойынан үздіксіз фотондар (квант десеңіз де болады, әйгілі квант механикасын еске алыңыз) бөліп шығаратынын көрсетті. Бұл кванттар сол сәтте ғарышпен шағылысқа түсіп жатады. Басқаша айтқанда, ғарыш пен адам бірліктегі жанды организм екен.

Ал ғарыш дегеніміз – ақпараттық-энергетикалық кеңістік. Ондағы энергия бойдың қуаты болса, ақпараттары - ойдың суаты. Тек шексіз шоғырланған бұл ақпараттарға жол табу екінің бірінің қолынан келмейді. Оның үстіне жаны таза адамдар ғана жақсы, жағымды ақпараттар алмақ. Әлемдік дамуда шешуші рөл атқарған ірі, тіпті оқыс ғылыми жаңалықтар, аса дарынды өнер туындылары мен көркем шығармалар авторы сезіп, әлде сезбей қабылдаған соң ғарыштық ақпараттардың нәтижесі көрінеді. Ондай ғылыми жаңалықтың оқыс болатыны дәстүрлі емес жолмен, бұған дейінгі тәжірибелердің нәтижелерін қолданыстан шығарып тастайтын қисынмен ашылатындығы. Шын талантты көркем шығармадан өмірдің өзі желдей есіп, жаныңа нұр құйылып жататындығы сол аспани тегінен. Қазақта «Алла аузына салды», «Періште құлағына сыбырлады» деген сөздер тегін айтылмаса керек.

Алайда, мұндай бақытты шақты тек ғалымдар мен шығармашылық адамдары ғана бастан кешеді деп кесіп айтуға болмайды. Ел басқарған қағандар мен патшалардың ел тарихына бетбұрыс жасаған данышпандық шешімдерімен қол бастаған сардарлар мен батырлардың ұлы жеңістеріне де сондай сәттердің әсері болады. Тіпті кез келген адамның ерекше сезімі (мұны алтыншы сезім деп те жүр) оянуы әбден мүмкін. Мәселен, даңқты батыр әрі жазушы Бауыржан Момышұлында да сондай сезімнің болғанын растайтын деректер бар.

Домалақ ана да осындай болмыстығы адам. Оның әулиелігі бұл дүниеліктің адами парызын адал орындау жолындағы

қайраткерлігінен көрініс тапты. Андағанға қасиетті қайраткерлік Нұрила анамыздың әр ісінде жатыр десек, ол тоғыз ұлдан айырылып тұл қалған Марау бәйбіше мен Бәйдібек бидің психологиялық дерттен айығып, жандары қайта жарасым табуына ықпал жасайды. Сөйтіп, өзінің әйелдік сезімін ұлт болашағы жолындағы ұлы мұратқа мансұқ етеді.

Бұл мысалдар анамыздың әулиелігі жер тірлігінің қамы үшін күресінде екенін көрсетумен бірге, оның ар бостандығы мен адам құқы туралы ұғымдары ұлт болашағына бағындырылғанын байқатады. Нұриланьң ар бостандығы небір өсек-аяң, бопса, басқа да зорлық-зомбылық сияқты қиындықтарға қарамастан құдай қосқан қосағының алдында да, дос-дұшпаны аралас халқының алдында да, аманатын берген Алланың алдында да адалдық екен. Ал адам құқы туралы түсінігі өз мүддесінен ұлт мүддесін биік қою болып шықты.

Міне, осындай қасиеттері бар Домалақ ана ислам дінін ұстанған көшпелі көшпелі қазақ дүниетанымы негізінде жасалған бейне болғанымен жер адамының нағыз үлгісі деуге болады. Қазіргі батыстың кейбір философтары да осындай адамды іздейді. Нағыз адамға жер білімі мен тәрбиесін алу жеткіліксіз дейді олар. Нағыз адам жаратылыстың бөлінбес бөлшегі ретінде ғарыштық ақпараттық-энергетикалық кеңістікті сезіне алуы керек. Судың астына батып кеткен Атлантида өркениетін әу баста сондай адамдар жасаған. Египет пирамидаларын да ғарыштық ақпараттық-энергетикалық күштерді пайдалана алатын адамдар салған деп болжайтындар бар.

Бірақ қазіргі адамдардың бірен-сараны болмаса, көпшілігі түйсігін тыңдау қабілетінен айырылғандықтан жаратылыс пен адам бірлігі қалай жүзеге асып тұрғанын сезінбейді. Сондықтан да өзгенің емес, өз кесапатының құрбаны болғанын білмей де қалады. Марау бәйбіше мен оның тоғыз ұлының астамшылық, озбырлық әрекеттері мен оның ақыры мұның мысалы. Сол мысалды көрсетіп, болмыстан өзін биік қоя бастаған бүгінгі жастарға автор ойлан дейді.

Иә, жаратылыстың бөлшегі екенінді сезініп, оның үйлесімін сақтап өмір сүру көшпелі қазақ отбасы кодексінің бірінші бабы.

Жаратылыс өз үйлесімімен өсіп-өнбек керек, демек бұл дүниеге келіп кететін адамдар да ұрпақ шашуды дүние-мүлік, басқа да құндылықтар қалдырудан биік қоюы тиіс. Бұл дала кодексінің екінші бабы.

Домалақ ана осы екі бапты да қатаң сақтап өмір сүрген адам. Нәтижесі – артында қалған жақсы істері мен қара орман ұрпағы. Алла

тәубеге келген пендесіне де рахымды екен. Марау ананың құрсағынан да бүтін бір тайпа ел тараған. Зеріп ананың ұрпақтары бірнеше тайпа. Қателігін түсініп, Домалақ ананың басына түнеп жүрген Ұлтуға да Алланың рахымы түсіп ұрпақ сыйлар. Ал Домалақ ана мен ол туралы аңыз-кодекстің аталған баптарынан мүлдем бейхабар, ести қалса да, ескіліктің қалдығы деп келеке етіп кететін ұрпақтың күйі не болмақ? Бұл туралы Жадыра Сейдахметова, Кәмшат Әштековалармен бірге Мұрат Құрманбеков (Бәйдібек би), Гүлзада Айтбаева (Марау), Райла Андақұлова (Зеріп), Талғат Қарынбаев (Рух), Алмагүл Дүйсебаева (Ұлту) және басқа өнердегі қанаттары енді қомдалған қарлығаш әртістер сахнадан шырылдап тұрып айтады. Қарлығаштың қанатымен сепкен суының өзі адамзатты ажалдан құтқарған дейді ғой. Қанша қырғын, қырқыс болса да, адамзат жолында ізгіліктің ізі мол.

**Елен ӘЛІМЖАН, жазушы-драматург,
«Егемен Қазақстан», 2007 ж.**

«ТАҢШОЛПАНАН» «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАНҒА» ДЕЙІН

«Қазақстан» ұлттық арнасында ертемен жұртты әлдилеп оятатын, екі сағат бойы әсерлі әңгімемен, тәтті әуенмен тербетуді мақсат тұтқан әдемі бағдарлама бар. Бұл – өте сәтті ойластырылған жоталы жоба. Идеяның авторы – қазақтың әйгілі қаламгері, ұлт руханиятының қара нары Шерхан Мұртаза. Басқарған басылымын жайнатып жіберетін Шераған телерадиокорпорацияға төраға болып келген соң, ерекше таңертеңгілік бағдарламаның тұсауын кесті. «Елді ұйқыдан әуенмен оятайық, жұртты ерте тұрғызып, салиқалы әңгіме айтайық, сөйтіп, санасын сәулелендірейік», - деп, бағдарламаны таң алдында туатын жұлдыздың атымен «Таңшолпан» деп атады. Әрине, осыған ұқсас жоба Ресейдің, сондай-ақ басқа да мемлекеттердің телеарналарында бұрыннан болды. Бірақ ұлттық рухтың иісі аңқыған дәл мұндай бағдарламаның өмірге келуі сол кез үшін елеулі жаңалық еді.

Қашаннан қалыптасқан қасаң логотиптер мен заставкаларға дейін ұлттық бояу жағып әрлеген Шерағанның тұсындағы жаңалықтар топтамасы «Шарайна» деп аталып, қыран бүркіттің дүр етіп сілкініп, қомданған сәтімен ашылатын болды. Сол сәтте бүркітпен бірге бүкіл қазақтың санасы қоса сілкінетін. Телекорпорацияның өз ішінде әзілдеп, «Шарайнаны» «Шарайна» деп атайтын кез осы тұс. Шерхан Мұртазаның бәтуалы батасымен ашылған «Таңшолпан» өте мазмұнды болды. Елдің ең зиялы деген азаматтары таңғы ұйқысын қиып, тікелей эфирге келіп, салиқалы әңгіме айтты. Хабар ұлтты рухтандыратын әсерлі әуендермен өрнектелді. Әдепкідегі «Бұл орыс тіліндегі «Доброе утроның» көшірмесі болып қалмай ма» деген күдіктің тас-талқаны шықты. Таңмен таласа тұрған «таңшолпандықтар» жаңа үлгідегі ұлттық бағдарламаны сапалы әзілдеп, ұлттың тамырына қан таратты. Бағдарламаның басшысы Иманбай Жұбаев пен режиссер Асыл Қаптағаяеваның тобындағы тележурналистер кейін биік белестерге көтерілді. Жалпақ жұртқа кеңінен танымал Ляззат Танысбай, Гүлмира Дайрабаева, Рахман Омар тағы басқалар – осы «Таңшолпанның» түлектері. Кейінірек сипаты өзгерген таңғы бағдарламаға белгілі тележурналист Дана Нұржігіт те атсалысты. Олардың әрқайсысының өзіндік қолтаңбасы болды.

Телерадиокорпорацияның басшылығы ауысуына байланысты «Таңшолпан» тауыс құстай түрленді. Аты да өзгерді, заты да өзгерді. Сол уақыт, сол бағдарлама, тек сипаты басқаша қалыптасты. «Таңшолпанның» орнын «Арай», «Шапағат», «Жаңа күн», «Таңсәрі», «Оян, қазақ!», «Көңілашар» басты. Қазір бұл бағдарлама «Қайырлы таң, Қазақстан!» деген атаумен эфирге шығып, сонау «Таңшолпаннан» басталған тәмам елді таңертең оятып, әлдилеу дәстүрін жалғастырып келеді.

Енді таңертеңгілік бағдарламаның кешегі күнін қоя тұрып, бүгiнiне тоқталайық. Мәселен, кешегі, 9 қаңтар күнгі бағдарламаға ұстаздық, шәкірт тәрбиелеу тақырыбы өзек болды. Хабарды әдеттегіше Бақыт Қанат пен қазақшаға судай Майя Веронская жүргізді. Жалпы, бұл екеуі де эфирде отырып көбірек күлетіні болмаса, бағдарлама жүргізуге әбден төселген, осы тақылеттес хабарға машықтанған журналистер. Әсіресе, Майяның тікелей эфирдегі іс-қимылы жарасымды. Әдепті бойжеткеннің кейпін танытады. Сауалды орнымен қояды, ойланып сөйлейді. Ал жымып отыратын жігіт Бақыт болса, салмағы жеңілдеу сұрақтарға әуес. Сол

сауалдардың өзін кейде алдыңғы әңгімемен сабақтастыра бермейді. Бұл жолы эфирге қонақ ретінде Ұлттық техникалық университеттің геология пәнінен дәріс беретін оқытушысы Гүлімшат деген замандасымыз шақырылды. Бұл жерде әңгіме геология пәнін оқыту жайлы, жоғары мектептегі педагогика мәселесі туралы болса керекті. Бірақ Бақыт оған мектеп мұғаліміне арналған сұрақтарды төпелеп қоя бастады. Майя да оған ілесіп, желе жортып отырды. Бақыт ә дегеннен бақандай бір университеттің ортан қолдай оқытушы-ғалымын геология пәнінің мұғалімі деп таныстырды. Қалыптасқан ұғым бойынша, мұғалім мектепте, оқытушы университетте дәріс береді. «Университетте мұғалім сабақ береді» деген тіркесті мүлде қолданбаймыз ғой. Гүлімшат ассистент пе, оқытушы ма, аға оқытушы ма, әлде доцент пе, соны эфирдің алдында қонақтың өзінен сұрап алуға болмас па еді?

Бақыт тікелей эфирдің қонағына «Сіз ұстаз болуды армандадыңыз ба?», «Үлкендерге сабақ берген қиын ба, әлде оқышуларға сабақ берген қиын ба?», «Алғашқы ұстазыңыз есіңізде шығар?», - деген секілді әбден жауыр болған балаң сауалдарды көп қойды. Гүлімшат та сауалдан тосылмайтын сөзшең кісі екен, әйтеуір ерінбей-жалықпай жауап берумен болды. Бір тұста бағдарламаның жүргізушісі «Осы уақытқа дейін алдыңыздан қанша шәкірт түлеп ұшты?», - деп қойып қалды. Бұл сұрақ та «Көлдің суы қанша шелек шығады?», - деген секілді орынсыздау қойылды. Күніге пәленбай топқа дәріс беретін жоғары оқу орнының оқытушысы соның бәрін санап жүр ғой дейсің бе, әйтеуір амалдап орағытып жауап берген болды. «Сабаққа кешігіп келгендерге қандай жаза қолданасыз?» - деген сауалға мейманның педагогикалық ұстаныммен тұспалдап жауап бергеніне қарамастан, жүргізуші «Сонда шара қолданбайсыз ба?», «Дегенмен өзіндік тәсіліңіз бар шығар?», - деп тықақтап қоймады. Оқытушының студенттерді жазалау тәжірибесіне журналистің неге сонша қызыққанын кім білсін? Бақыттың қояр сауалы таусылды-ау деймін, ең соңында «Жұмысыңыз сағат нешеде басталады?», - деп сұрады... «Таңертеңгі лекциядан қалып қоймаңыз, таяқ тастам жерде тұрған университетке үлгерсеңіз жарар еді», - деген оймен сабақтастырғысы келгенін түсіндік. Бірақ сұрақ сүреңсіздеу шықты.

Эфирдің келесі қонағы – қазақтың әйгілі әншісі, халық әртісі Қайрат Байбосынов екен. Қашаннан қамшы салдырмайтын Қайрекеннің суырылып сөйлегенін көріп, жігерленді ме,

бағдарламаны жүргізушілердің сауалдары біршама жөнделе бастады. Бірақ бұл сұхбатта да «Неше жастан бастап сіз ұстаз болуға дайын болдыңыз?», - деген сықылды салмақсыз сауалдар қойылмай қалған жоқ. Әділін айту керек, бұл жерде Бақыт Қанат бір ұтымдылық көрсетті. Ол даңқты әншінің бала кезінде ән салып, әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиевтің көзіне түскенін, Нұрекеңнің бала Қайратқа «Сен маған бала боласың ба?!», - деп сүйсінгенін еске салды. Содан Қаракең көсілді. Соны тыңдап болған Бақыт «Сонда сіз Нұрғиса ағамен кездескен он үш жасыңызда ән салып жүрдіңіз бе?», - деп қарап тұр... Сауалдың логикалық қайшылығына, жауабы алдында ғана айтылғанына қарамастан Қайрат әнші асқан сабырлықпен жауап берді. Сол жаста ән айтып, Нұрғисаның назарына іліксе, әрине салып жүреді де...

Әрине, тікелей эфирде бағдарлама жүргізу оңай емес. Журналист сасқалақтайды, ойын жұптай алмай қиналады. Бірақ аталған бағдарламаның жүргізушілері бұл кезенді баяғыда бастан өткерген жастар емес пе? Жалпы, Майя мен Бақыт – тікелей эфирге төселген, мейманмен бетпе-бет сөйлесуге біршама бейімделген, ысылған журналистер болып саналады. Олардың өз көрермендері бар. Солардың бірқатары эфир арқылы ризашылығын білдіріп жатады. Ендеше, осы абырой-беделді ұстап тұру үшін журналистің өз-өзіне қоятын талабы қатты болуы керек. Кез келген тақырыпқа дайындалып барып эфирге шыққан жөн. Кешегі бағдарламаға арқау болған ұстаздық мәселесі – бір емес бес Бақытқа, сегіз Майяға жететін ауқымды тақырып. Олай болса, оның да ашыла қоймаған қырларын тауып, қызықты сауалдармен өрнектеу қажет еді. Қысқасы, кешегі таңертеңгілік бағдарлама қара сөздің қаражорғасы Қайрат Байбосыновтың арқасында әдемі түйінделді. Бағдарлама соңында әйгілі әншінің Майямен «Рахмет, Мәриям Жагорқызы!» деп қоштасқаны көрерменге әдемі әсер қалдырды. Қысқасы, «Қайырлы таң, Қазақстанды» бұл жолы Қайрекең алып шыққандай болды. Алайда күнде-күнде әсерлі әңгімеге өріс ашатын Қайрат табыла бере ме?

**Бақыт СӘТБАЕВ,
«Айқын», №2 (939), 10.01.2008.**

ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ КӨП

Жаңа жылдың алдында Шерағанның үйіне барып, келе жатқан Қоян жылымен құттықтағанбыз. Өне-міне дегенше арада айға жуық уақыт зыр етіп өте шығыпты. Ағаның үйіне хабарласқанымда, телефонның тұтқасын Ақбілек жеңгей алды. Хал-жай сұрасқан соң, сәл тұмауратып қалғанмен, ағаның жағдайы қазір жақсы екенін біліп, түстен кейін кіріп-шығуға келісім алдым.

Шерағаң алдында ғана демалып тұрған соң ба, көңілі сергек, жағдайы жақсы көрінді.

- Елге барып қайттым, - деді. – Қар жауған, ауа таза.

Таразда қаңтардың ішінде қар жоқ. Қара суық. Түскі уақыт сәл жылынған секілді көрінгенмен, таңертенгі, кешкі кез, әсіресе, түн дірдек қақтырар қара суық болып тұрған. Қазақстанның солтүстік, әсіресе, шығыс өңірі қырық градус болып, қалың қар жауып, боран соғып, оның үстіне кей жерлерде қызыл су жүріп, Қоян жылының қысы өз әбігерін, қытымыр мінезін таныта келген. Оның бер жағында Тараздың қысы «құдайға шүкір».

- Мына қара суық, құрғақшылық елге қиын болады, ақпан айында қар жаумаса. Өзі бір ыңғайсыз қыс болып тұр ғой, - деді Шераға.

- Ауылда үйге кіріп-шығу қиын, жағдай болмаған соң, бірер күн аялдап, қайтып келдім.

Әңгіменің ыңғайынан байқағанымыз інісінің үлкен баласы көлік соқтығысына ұшырап, жамбас сүйегінен қатты зақым алып, біраз азап тартыпты. Оны Қытайға алып барып емдетіпті. Балдақпен жүретіндей жағдайға келіп оралған інісінің баласының хал-жайын білуге барып-қайтқан беті екен Шерағанның.

Жазушының шағын жұмыс бөлмесіне кіргенде, әңгіменің ыңғайлы әдебиеттегі алыптар шоғырына ойысты.

- Мұхтар Әуезовпен тілдесе алған жоқпын. Көкбазардың жанындағы екі ағаш үй – бірі Жазушылар Одағының үйі, екіншісі – көркем әдебиет баспасының үйі болатын. Көркем әдебиет баспасында жұмыс істедім. Балтағожин, Ахмет Елшібеков мені жұмысқа алды. Сонда Мұханды сыртынан көрдім. Бір шаруасы болыпкелді-ау деймін.

Жазушы Шерхан Мұртаза Әбіш Кекілбаев туралы жазған «Жампоз» атты мақаласында баспа директоры Б.Балтағожинді еске алады.

Әңгіме қазақ әдебиетінің алыбы Ғабит Мүсіреповке бағытталғанда, Шерағаң біршама шешіліп сала берді. Бірақ әлдебір қариялардай төкпелеп, салдырлата баяндай жөнелмейді. Әрбір сөзін нығыздап, зор салмақ артып, көңілдің терең түкпірінен суыртпақтап сабақтайды.

- Ғабен жарықтық адамды бірден өзіне жақындата қоймайтын. Мен «Лениншіл жаста» бас редактор болдым, сол кезде ол кісі Одақта хатшы болды. Алматыда Қонаев ескерткіші қойылған алаңқай бар. Төлебаев көшесінің бойында төр жағындағы екі үй – біреуі С.Мұқановтың қазіргі музей-үйі. Ғабеннің үйі де сол көшеде болатын. Музей болып қалды. Қазір неге екенін білмеймін, екеуін қосақтап қойыпты, бірақ екеуі екі үйде. Бұл жөнінде жаздым. Ғабен үйінің Виноградов көшесі бетіндегі терезеге жақындап, терезеден аласа үйлерді көрсетіп, сол жерден үйге жер сұрап жүрмін, қырық мың сомдай ақшам бар, соған жаратсам дейтін. Бірақ сол жерге кейін үлкен үйлер салынып, Ғабен бұйырмады.

Ғабен үйінің төменгі жақ алаңқайында Қонаевтың бюсті бар. Ол кісі темекі шегіп отырады. Тас мүсінді көрсетіп: «Мына кісінде де бала жоқ, біз де мәз болып отырған жоқпыз» дейді. Содан соң: «Баласы бар Әуезов еді, артында ұрпағы бар, бірақ одан нашарлауымыз» дейді. «Балалары бар Сәбит еді, әкесінен асып тұмаған секілді көрінеді». Ғабен бала, ұрпақ туралы әңгіме айтады. Әңгіме тас мүсіннен шығады.

Кейін жас қызға үйленді, одан да қыз туды, екі қыз қалды. Шын жақсы көріп, есігінің алдына машинасымен барып тұратын. Ғабеннің үйіне Ғабиден, Әлжаппарлар жиналады екен. Жас тоқал кіріп-шығып жүреді. «Міне, біздің қатын осындай» дейді Ғабен мақтаныңқырап. Сонда Ғабиден: «Қатыныңды мақтайсың. Үстіне шыбын қонса, жүкті болғалы тұр. Туғызғыш болсаң, менің кемпірімді, Сәбиттің қатынын туғызып көрші» дейді екен қағытып. Сөйткен Ғабиден бұрын қайтыс болды, Қарғалыда тұрды.

Ғабит Мүсіреповтің серігінен айырылған сол бір күндердің елесін Шерхан Мұртаза «Ғабит Мүсірепов - тәлімгер» эссе-мақаласында былай деп жазады: «Таяуда Ғабит Махмұтұлын өзінің жұмыс столының басынан көрдім. Алдында шап-шақ тілінген аппақ қағаз дестесі, инедей ұшталған қарындаш-қаламдар жатыр екен. Жаңылмасам, әлденеше рет ұлғайтып көрсететін лупа линзасы да бар. Горький томының беті ашық екен.

-Ауа-райы аумалы-төкпелі. Жазуға қолым барыңқырамай отырмын. Горькийді қайта оқудамын, - деді.

Үнсіз қалып ақ перде тұтқан терезеге мұңая қарағандай болды да:

-Ғабиден де жоқ, кейде ұрсысып, кейде қалжыңдасып, карта ойнап отыратын, - деді.

Сырттай қарағанда дәті берік, қаталдау көрінетін Ғабит Махмұтұлының нәзіктігін мен сонда байқадым. Ал сағына білу де – асыл сезім. «Тастай берік, гүлдей нәзік» деп осындай кісілерді айтса керек».

Шерағаң әңгімесін жалғастырып кетті.

Кейін Ғабен машинисткасы болған әйелге үйленді (Ғазиза Бисенқызы – Ш.Мұртазаның «Қаңтарулы қазанат» естелік-эссесінде айтылады). Батыс жақтың кісісі болуы керек. Ұдайы кел деп отыратын. Кішіпейіл кісі еді. Инабатты, мәдениетті.

Ауырып жатқанда көңілін сұрай бардым. Мұхтар Мағауин отыр екен. Медбике бар. Қолымды қатты қысып, өзіне тартып жібермеді. Тіл жоқ. Керуеттің шетіне отырдым. Сөйлейін десем, не сөйлейсің. Сол күні таңға жақын қайтыс болды.

Неге екенін білмеймін іш тартып жүрді. Мен де іш тарттым. Сырласып жүретінбіз. Оның бір жақсылығы бір пленум өткізіп, Жазушылар Одағында баяндама жасауға келісім берді. Табаны күректей екі сағат баяндама жасады. Ол толығымен газетте басылды. Көп нәрсе айтты.

«Қызыл жебені» сыйлыққа ұсындырған да сол кісі, соның күші. М.Қаратаев қолдап сөйледі ме, сыйлыққа ие болып кетті.

Қызылордада Тұрар Рысқұлов «Еңбекші қазақ» газетінде редактор болған. Ғабиден Орынбор арқылы Қызылордаға жетіп, жұмыс таба алмай жүргенде, Тұрар деген кісі бар, алды кең деп біреулер жөн сілтейді. Соның көмегімен жұмысқа тұрады. Тұрар туралы көргенінді жазшы деп Ғабиденге идея берген мен едім. Кейін арнайы жазды. Ғабиден тұрар туралы әңгімесін сағынышпен, сүйіспеншілікпен айтатын. Соған қарап ойлаймын, сол кезде жүзге бөлінушілік болмады ма.

Ғабит туралы екі-үш мақала жаздыым-ау. Жазушылар Одағында «Қаламгер» кафесі бар. Бірде Шәкір деген кісі бар бірге болдық. Сексеннің үстіне шығып қалған кезі екен, жастары шамалас. Кофе алдым, біраз әңгіме айтылды. Ғабен Шәкірді ерекше құрметтеп отырды. Шәкәрімді қалай ұстағанын, қалай өлтіргенін, аңдып жүріп

атып, құдыққа тастап кеткенін әңгімелейді. Шәкірдің өзі де сотталған көрінеді.

Шерағаң терең тыныстап, сөзін бөліп, тоқтап қалды. Алдында да әңгімесін үзіп-үзіп, салмақтай айтып отырған. Бір ауық жанында папкі ішінде жатқан ескі суреттерге қарады. Қазақ әдебиетінің алыптары Ғабеннің, Ғабиденнің суреті. Екеуі әлденені айтып шүйіркелесіп отырғандай. Ғабиденнің жүзінде күлкінің ізі бар. Кезекті қалжыңды Ғабене бағыттап отыр ма екен. Жандарында қайратты шашы кейін қайырылған, сәл еңкейе түсіп екеуін қаусыра ілтипат танытып Шерағаң тұр. Қырықтың енді ғана үстіне шыққан жас кезі. Диванда сарғайған суреттерге үніле қарап, даусын соза «е-е...» деп отырған Шерағаң биыл бұйыртса қыркүйектің 28-інде 79-ға келеді. 80-деген асу жасқа келіп қалды. 80-деген мерейтойды ойлап селт еткен жанды әлі байқамадым. Әкімдік те үнсіз.

- Мынау Шыңғыс Айтматов, мынау Қал-аға... (Қалтай Мұхамеджанов). Біздің үйде қонақта болған кезі.

Ақ кимешек киіп қатар тізіле отырған әжелердің суретін көрсетті.

Біздің ауылдың сұлулары. Бір кездері мен де фотосуретке түсірумен айналысқанмын.

- Мынау Хрущев қой...

Басында елтірі папахасы бар Хрущев біреуге қарап сөйлеп тұр. Ар жағы жиналған халық. Хрущевке иықтас жақын жерде шағын блокнотын қолына алып, екінші қолымен әлденелерді құлшына жазып жатқан Шерхан Мұртаза.

- «Социалистік Қазақстанның» фототілшісі Бек Тілекметовтің фотосуреті. Алматыдан арнайы Целиноградқа Хрущев келеді деп екеумізді самолетпен ұшырды. Хрущев солтүстік жолмен Қостанай арқылы поезбен келді. Ол Целиноградта жиналыс өткізді. Қонаев сөйледі. Сол жолы өнім нашарлау болды ма, Хрущев столды әлдене деп қойып қалғанда, Қонаев сөзін жалғай алмай тұрып қалды. Содан кейін орнынан алынды ғой деймін. Бірінші хатшылыққа Юсупов келді. Сол жолы Жұмабай Тәшеновтің самолетін Хрущевтің көмекшісі Шевченко деген Павлодарға мініп кетіпті. Тәшенов естіп қойып, «немедленно вернуть» деп бұйрық беріпті. Павлодарға жетіп тұрып, самолет қонбай қайтып келген. «Не деген қорықпайтын адам» деп таң қалғанбыз.

- Шераға, Сәбит Мұқановпен қатысыңыз қалай болды?

- Сәбитпен онша араласым болған жоқ. «Жалын» журналынан «Жұлдыз» журналына ауысқанымда, «түпкілікті келдің бе?» деп қомсынғандай болды.

- Тахауи Ахтанов жақсы еді. Мен туралы жазды, бұл менің тағдырым екен.

Атар таңымда да, батар күнім де санамды жеңген сағыныш. Екеуміз сүйекке біткен еттей есеюдеміз. Өткен күннің терезесіне қарап бірге мұңдасамыз, «әлхамдуллилаһ» деп келер күннің есігін бірге ашамыз. Қайда жүрсек те қарлығаштай бір-бірімізді қорғап жүреміз. Мен бір күн көз ілмесем, ол соның қасіретінен отыз күн азап шегеді. Бойкүйездікпен күйінеді. Иә, осылай бірге тұрып, бірге жүреміз. Жан-дүниеміздің дерті бір. Тек, ақыреттің азығы екеумізге де алыс.

Мүмкін сондықтан да болар, бір тылсым күш мені әкемнің бақшасына тартып, жалғыз әуен сол жаққа қарай шақырады да тұрады. Жансарайымды жұмақтың қазынасына жетелейді. Иә, жетелейді.

Жүрегім илләһи нұрды күшейтіп, бес уақыт намазыммен Аллаға амал жасаймын. Содан соң қатты қуанамын. Себебі, мен де жаздым. Баукең Тахауиды жақсы көретін. «О, жарықтық, Көтібар көкемнің тұқымы» деп отыратын. Тахауи мінезге бай адам. Қиыстырып әңгіме соғады.

Қиыстырып әңгіме соққыш Қуандық Шаңғытбаев еді ғой. Темірғали Нұртазин ҚазМУ-де сабақ береді. Бірде Қуандық Ленин ескерткіші тұратын скверде демалып отырады. Мына жағы Жазушылар Одағының үйі, мына жағы ҚазМУ. Портфелі салбырап Темірғали кетіп бара жатады. Басын изеп өте беріп, қайта бұрылып: «Союзыңда не жаңалық?» дейді. «Темке, естіген жоқсыз ба?» дейді Қуандық. Темірғали елп ете қалады. «Нені?» «Естіген жоқсыз ба?.. Қызық болды, біздің Тахауи...» Темірғали Жазушылар Одағында бір жағдай болып қалған екен деп ойлайды. «Не болды?..» «Масқара болды ғой, айтуға ұялам...» Отырған Қуандық орнынан тұрып, ары-бері жүреді. Мұрнын тескен тайлақтай Темірғали да жүреді. Тахауидың мінезі белгілі. Бір жағдай болған екен деп ойлайды. «Не бүлдірді?» Қуандық: «Айтуға ауыз бармайды... Секретариатта...» дейді одан сайын құлпыртып. «Ие, не болыпты?» «Сол Тахауи жаңағы... Қалың халықтың ортасында...» «Ие-ие...» «Болмадың ғой, айтайын... Тахауи тарс еткізіп жел жіберіп қойыпты». «Ой...» деп Темірғали қолын бір сілтеп жұмысына кеткен екен.

Сафуан мен Тахауидың алдына шекісіп қалғаны бар. Сафуанның мінезі шатақтау. Екеуінің әңгімесі ЦК-ға дейін жетті. Темірғали да сондай бірдеңе болды ма деп ойлаған ғой.

Суреттерге ойлана қарап отырған Шерағаң тағы сөйлеп кетті.

- Мынау Фазу Алиева, Мұстай Карим. Бұрындары жазушылар араласып жататын. Мынау Шыңғыстың үйде қонақта болған кезі. Қалағаңның (Қалтай Мұхамеджанов) жалғыз өзі театр еді ғой. Соғыс жылдары жетімдік көріпті. Әкесі қожа, атып жіберіпті. «Менің табаным көнтақа. Отыз жетінші жылы әкей атылып кеткеннен кейін институтқа барғанша жалаңаяқ жүрдім. Қысы-жазы. Башпайларымның арасына көктемде көк шығып кететін» деп күлдіретін. Ташкентте оқыған, кейіннен Мәскеуге ауысқан. Шыңғыс екеуі дос еді. Бірінің-бірі тілін біледі, жақсы араласты.

- Бүгінде болар, - деді Шерағаң. – Шаршаған шығарсың. Диктофонсыз келіп, бірнеше бет қағазды айбақ-шайбақ толтырып тастаған мен шаршадым деп айтқан жоқпын. Қайта біраз ақ парак қағаздарды толтырғанымға іштей қуандым.

**Сәмен ҚҰЛБАРАҚ,
«Арай», 2011 жыл**

ШЕРАҒАҢ НЕГЕ ШАМДАНДЫ?

Қазақ тілі жөнінде: «Шырылдауын Шаханов шырылдайды, ал айлығын Айтбаев алады», - деп, әзілкеш Көпен Әмірбектің айтқан әзілі бар. Әзіл түбі – зіл. Ақиқаты да, астармен айтылса да, бұл анық сөз.

Жалпы, тіл мәселесінде саналы азаматтардың, әсіресе ақын-жазушылардың аянбай еңбектеніп жүргендері аз емес. Кешегі кеңестік, тоталитарлық тар кезеңнің өзінде танымал сатирик ағамыз – Шона Смаханұлы Алматыны жаяу аралап, артынан жүздеген, мыңдаған қазақ тілінің жанашырларын ертіп, ертеңгі болашақ үшін бірнеше қазақ мектептерін ашуға қол жеткізгенін кім ұмытады?

Ал ана тіліне құрмет, оның өрісін ашу үшін айқас, тіпті, ата жаумен болса да шайқас майданының қандайына да қаймықпай қарсы тұратын бүгінгі көзі тірі классиктердің бірегейі – Шерхан Мұртаза бұл мәселеде жеке-дара, оқшау тұр.

Айбарлы, айдынды, арыстандай ашулы әрекет-сөздерімен небір дөкейлердің бөтегесін түсірердей қадамға барып, туған тілдің көсегесін көгертердей іс жасағанын бүгінгі ұрпақтың бәрі бірдей біле бере ме? Бар қазақтың Шерағасы мемлекеттік тіл жөнінде қандай мүмкіндітер әперуге қайрат жасады екен? Әрине, бәрін бастан-аяқ болмаса да, кейбір қадау-қадау әрекеттерін бүгінде алып жазушы қалай деп ауызға алады? Бүгінгі әңгіме осы туралы. Шерағаң қазір Таразда тұрады. Жиі жүздесіп, әңгімелесеміз. Қайраткер тұлғаның пікірі қашанда салмақты. Ендеше, Шерағаның әңгімесіне сіз де құлақ түріңіз.

- Тіл туралы, қос азаматтық туралы менің пікірім әуелден-ақ белгілі. Бұл мәселелерге байланысты Ата заң қабылданар тұстағы додада талай түскенмін. Жағым талып, жағам жыртылған. Сондықтан егжей-тегжейлі қайталап жатудың қажеті жоқ. Мен сол тұғырымнан тайған емеспін. Таймаймын да.

Туған тілге «жаны ашитын» депутаттар Парламентте аз ба, көп пе – оны Мәжілістің күнбе-күнгі жұмысынан байқауға болады. Парламент жұмысы бастан-аяқ тек орыс тілінде жүреді. Қазақшаға тыйым салған ешкім жоқ. Бірақ көп қазақтар орысшаға орыстардан да жүйрік. Сол «жүйрік» тілмен жүре бергісі келеді. «Ана тілімді аяқасты еттім-ау, бағын байлап, қорладым-ау» деп кеудесін намыс кернейтіндер некен-саяқ. Жоқтың қасы. Бұл үшін кімді кінәлайсың? Бағынышты құлдық психология сүйекке сіңіп қалған. Батпандап кірген дерт мысқылдап қана шығуы мүмкін.

Шынымды айтсам, мен сол Парламентте отырғанда Ресейдің Тамбов, не Новгород губерниясының жиналысында отырғандай болатынмын. Адасып келген адамдай, қазақша сөйлеген боламын. Оным орысшадан құралақан қалғандығым емес, тым құрыса титтей де болса, қазақ иісі білінсінші дегенім. Қазақша сөзімді көпшілігі басқаша бағалап, мені «ұлтшыл» дейді. Құқай еткісі келеді...

Иә, Шерағаң Парламенттің үш шақырылымында депутат болып сайланды. Депутаттық сауалы, кейбір хаттары бар – Парламентте алпыстың үстінде сөз сөйлепті. Бәрі де қазақ тілінде айтылған. Бір жаманы – алғашқыда тыңдаушылары аз болған, бір жақсысы – біртін-біртін Парламенттен қазақ сөздерінің үні жиі-жиі шыға бастаған. Келешек қазақ Парламентін қалыптастыруға оң қадам жасалған.

- Мемлекеттік тіл мәртебесін алған қазақ тілінің жолы өте ауыр болды. Ауыр жолды жеңілдетудің ең пәрменді жолы – көпшілік

талап еткендей, Ата Заңға өзгеріс енгізу. Одан кейін – мемлекеттік басшы қызметкерлердің, әсіресе қазақтардың қазақшасын қатаң бақылау. Ұлттық сананың оянуы, намыстың, рухтың тірілуіне жағдай жасау.

Ішкі Ресейде «тяжеловоз» дейтін ат болады. Тонна-тоннаны тірсегі қайыспай тартып келе беретін шомбалың – осы. Сол аттың бір жағына қосарлап, екінші жағына біздің көп жыл жем бермей, су бермей, әбден көтерем қылған, өлеске атымызды жексе не болады? О-оу, сен әуелі сол көтерем атты бапта, жемде, семіртіп, күйлендіріп алып, жек арбаңа. Ал, бұл күйінде жексең, құр әшейін салақтап, шомбал аттың көлеңкесінде босқа жүреді, бар жұмысты әлгі «тяжеловоз» атқарады.

Ашынған адам не айтпайды? Аш адам да аянып қалмайды. Ал ана тіліне, ұлттық намысқа шөліркеген кісі, ол өзі Шерағандай шамшыл, мінезді, қазақы адам болса, қалайша өткір-өткір сөйлемейді. Әрине, өтірік емес, көлгірсу емес, тура өңменіңнен өтердей, тиер жеріне жетердей дөп айтса, несі айып?

«Тілі бар халық – халық, тілі жоқ халық - балық» деген, тағы да қазір баршаға мәтел болып кеткен, Шерағанның қазақи шерлі көңілін жарып шыққан сөздер қаншама! Ұлттық намысы барларға әсер ететін осындай сөздерді көрнекі құрал ретінде жазып, биік жерлерге іліп қойса, шіркін! Ол үшін кімнен қорқып, үркуіміз керек? Не үшін?

- Өмір бойы екі омыртқамның арасына қадалып қалған қорғасын оқтай бірдеңе жұлынымды қысып, жүйке-тамырымды кеміріп тұрушы еді. Ол оқ – «ов» еді. Енді сол оқты біреу омыртқамнан суырып алып тастағандай жаным жай тапты.

Міне, Шерхан Мұртаза осылай дейді. Тәуелсіздік алған қазақ елінде бірінші болып тегіндегі бодандық, жасанды жалғауды жұлып тастаған да осы - Шерхан Мұртаза. Және өзі ғана емес, оның ықпалымен сол кезде айналасында жүргендер де Қайнар Олжай, Қали Сәрсенбай, Әділ Дүйсенбек, Еркін Қыдыр болып еркіндікке, тәуелсіздікке алдымен қол созды емес пе? Ал, Шерағаның ұлт мүддесі жолындағы бұл бастамасы бүгінде санасы ояу, көңілі сергек барша қазақтың бір ауыздан қолдауына ие болды.

- Бұдан бірнеше ғасыр бұрын болашақ өмір туралы Мөңке би былай деген екен:

Құрамалы-жалғамалы үйің болады,

Аумалы-төкпелі биің болады.

Халыққа бір тиын пайдасы жоқ,

Күнде бас қосқан жиын болады.

Дүдәмалдау дінің болады...

Нострадамустың бір айтқаны келсе, бір айтқаны келмейді. Ал, баяғы өткен Мөңке билің айтқанының бәрі қазір келіп тұр. Алашұбар тілден арыла алмадық. Дүдәмалдау дін деген қаптап кетті.

Мұның бәрінің басты себебі, ұлттық рухтың азғандығынан. Рух азса, намыс тозады.

Мінеки, қанша жыл өтті, тіл тағдыры әлі додада түсіп жатыр. «Мемлекеттік тіл» деп қарқарадай үкі таққан, сол үшін де талай найза, қылыш сынған дау әлі лаулап тұр. Басқа даулар бітеді. Тіпті соғыстар да тынады. Бір бітімге келеді. Ал мемлекеттік тілдің дауы бітпейді-ақ. Бұл неғылған қасірет?

Дәл қазір газет-журналдарға жазылу жүріп жатыр. Егер бір пәрмен шығып, кім қандай басылымға жазылып жатыр екен деп тексеріп кеп жіберсінші. Қазақшаға жазылмағандардың көбісі өзіміздің қазақ шенеуніктері болып шыға келеді. Мұны өзге ұлттың өкілдері көзімізге шұқып көрсетеді: «Әне, әуелі өзіңді түзеп ал», - дейді. Сонда намыс болса, ұялар едік. Намыс жоқ қой. Өйткені рух – дімкәс, шалажансар. Рух – өлі сүйектен кеткен.

Рухтың анасы – Ана тіліндегі кітап. Ана тіліндегі кітаптың уызынан ауызданбаған шенеунікте ұлттық рух қайдан болсын. Бірақ біздің қазақ – рухы берік ел. Осыны бүгінгі оқыған, орыстанған ұрпақ ұмытып барады. Қасіреттің үлкені де – сол!

Ғабеннің, Ғабит Мүсіреповтің жасы сексеннен асқан кезі. Алып жазушы әзірге тың, ширақ, сергек. Шерхан Мұртаза – «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы. Ғабен анда-санда келіп тұрады. Өртүрлі әңгіме, әсіресе әдебиет, өмір, ұрпақ жөнінде жиі сөз болады. Ақыры, бас редактор ойындағысын айтты. Ағасына қолқа салды. – Ғабе, туған тілдің бүгіні, болашағы туралы қазір тек сіз ғана салмақты, соқталы сөз айтуыңыз керек. Сіз айтсаңыз, бұл мәселенің маңызы да, мәні де күрт көтерілуі тиіс...

Тіл жөнінде Ғабен баяндама жасады. Жазушылар одағының пленумында. Екі жарым сағат аяғынан тік тұрды. Бұл тек қазақ тілі туралы баяндау емес, бағыты, бағдары бөлек, терең, кең көлемді, келелі, келісті, өте керек әңгіме еді. Жиынға қатысып отырған Орталық Комитеттің хатшысы Өзбекәлі Жәнібеков жан-тәнімен ұйып тыңдады. Ұйғарым жасалды. Ұлттық мүдде, қазақы рух, ащы сөз ашық айтылмайтын. Енді көкейдегі, көңілдегі күпті, күдікті жайттың

беті ашылды. Ал бұл әңгіме ұлт зиялыларына үлкен серпіліс беріп, қасаң санаға қызу қозғалыс туғызды.

- Қазақ тілінің өріс алуына, дамуына мемлекеттік құрылыстың басты-басты тетігін ұстап отырғандар үлгі көрсетсін. Әзір ондай үлгі жоқ. Елбасымыз әділін айтты: «Алдымен екі қазақ бір-бірімен қазақша сөйлес» - деді. Сорлатқанда, сол өкімет пен үкімет кеңселерінде қазақтар бір-бірімен қазақша сөйлеспейді. Намыссыздықтан, ұлттық рухын отарлау саясаты сындырғаннан. Бірақ, билік маңайына енді келіп жатқандардың көбі қазақы тәрбиеден, жан дүниесі ұлттық намыс, рухтан нәр алғандар екенін сезіп отырмын.

«Қазақ тілін білмейсің, сол тілде неге сөйлемейсің», - деп өзге ұлттардың өкілдерін күстаналайтын жөніміз жоқ. Әрине, мемлекеттік тілді меңгерген олардың өздеріне пайда.

Қазақ тілінің аз болса да, алға жылжығанын естігенде Шерағаң қатты қуанады. Облыстық «Знамя труда» газеті басшыларының бірі – бауыры, інісі Бекет Момынқұловтың (даңқты батыр Бауыржан Момышұлының немере інісі) бір әңгімесі есінен шықпайды. Осы газетте қызмет ететін журналистер топ-тобымен қазақ тілін оқытатын курстарға барыпты. Тіл сындырып, қазақша түсінуге, сөйлеуге үлкен ұмтылыс жасапты. Пейіл дұрыс, ниет түзу болса, тез-ақ үйреніп кетері анық. Қазақша білу, әсіресе орыстілді журналистер үшін аса зәру, өте керекті байлық.

Бекеттің әңгімесін түйіндей келе Шерағаң өз жанынан да бір мысал келтіріп қойды. «Егер Қазақстанды мекендейтін көп ұлттың әрбір азаматы қазақ елін, қазақты, оның тілін, салт-дәстүрін, мінез-құлқын, жер-суын жазушы Герольд Бельгерше сыйлап, құрметтесе, онда бұл елде Құдай сүйгендер ғана тұрып, жұмақ орнар еді».

Бірақ Бельгерлер некен-саяқ қой. Есіктен кіріп, төр менікі дейтіндер көп. Шерағаңды шамдандыратын да, шалт мінез танытып, шаңдарын қағып тастайтыны да содан. Туа бітті, сүйекке сінді әдет, дағды болса, одан енді шау тартқанда қалай арыла алмақшы?! Жоқ, Шерағаңды өз жаратылысынан өзгеше жасай алмайсыз. Ол – жалғыз, жеке-дара. Сонысымен қымбат, құнды, телегей-теңіз – терең қазына...

**Дүйсебек АЙБЕКОВ,
«Жас қазақ», 2011 ж.**

ҰЛТ ЖҮГІН АРҚАЛАҒАН ТҰЛҒА

Халық жазушысы, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты Шерхан Мұртаза туралы бейнефильмнің сценаріі

1-бөлім Қайсар Шерхан

«Москвалық достарым маған: Ой, Шер, саған қонаққа бару қиын-ақ қой, өйткені біз, москвалықтар онда барып, күннің ыстығына Кавказ шұжығындай шыжылдармыз», - дегенде, мен:

- Япырау, құлақ естігенімен, көз көрмеген жердің көңілге жұмбақ болып тұратыны осы-ау. Неге сендер үшін Қазақстанды ұсқынсыз, ыстық, кең, қиыры жоқ сахара деп есептеу әдет болып қалған? Тыңдасандар Қазақ даласы туралы менің халқымның аузында мынандай аңыз қалыпты:

Құдіретті Құдай жер жаратып, оған керекті табиғат түрлерін орнатып, жануарлар дүниесін қыбырлатып, оларды меңгеруші адамды да жасап шығарады. Бірақ, қателік Құдайдан да кетіп, Қазақстан есінен шығып, жалаңаш жаратылған күйінде байлығына бөленбей қалып қойыпты. Қазақстан кейін, үлестің бәрі таусылған кезде ғана есіне түскен Құдай мынандай амал тапты. Африканың сахарасынан бір бөлік, Россияның көгершін жерінен бір кесік, ұлы Сибирьдің біразын, Қап тауының (Кавказ) тең жартысын алып, құрастыра салыпты. Міне, достарым, менің елімнен жаратылыстың барлық түрі табылады, оны қате түсінуге болмайды. Онсыз мені өкпелетесіңдер, - деген едім».

Бұл – өткен ғасырдың ортасында Мәскеуде білім алып жүрген балаң Шерханның ойтолғауы. Туған жеріне, атамекеніне, еліне деген сүйіспеншілік, құрмет, мақтаныш сезімдерін сыйғызған осынау қысқа ғана аңызды айтқанда балаң Шерханның көз алдына өзінің туған жері Жуалы тұрғаны анық.

Иә, асқақ Алатау сілемінің баурайында жатқан Жуалы өңірі – Жаратқан иенің құдіретімен жұмыр жерде мыңжылдықтар бойында қалыптасқан ерекше орындардың бірі. Ерекшелігі сол – Қазақстанның оңтүстігінің оңтүстігінде орналасқан осынау ұядай өңірдің табиғаты іргелес жатқан аймақтардан мүлде бөлек: оңтүстіктің аптабы апшы қуырар жазында мұнда қашанда қоңыр салқын, кей жылдары қыста іргелес жатқан аймақтарда қар жаумай

сілені қатырса, мұндағы ел қашанда сықырлаған аяз бен дүлей бораннан көз ашпайды.

Сондықтан да балар, бұл өңірде ықылым замандардан тағдыр мен тарихтың небір теперіштеріне қайыспас қара нардай төтеп берген, өтің жарылып кетсе де ойындағысын бетіңе айтатын алмастай өткір, бірбеткей, мәрт адамдар тұрады.

Сондықтан да болар, ел аузындағы аңызға қарағанда кезінде айбары әлемді тітіреткен Шыңғысхан өзінің құрылтайын осы Жуалы жерінде өткізген көрінеді.

Сондықтан да болар, бұл өңірден Кеңестер одағының батыры, өзінің соғыс өнерімен талайды тәнті еткен халқымыздың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы сынды алмас алдаспандай тұлғалар шыққан.

Ендеше, Шерағаның, халық жазушысы, белгілі қоғам қайраткері, Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаты Шерхан Мұртазаның дәл осы Жуалы өңірінде туып-өскеніне таңқала қоюға болмас. Шерағаның шығармашылық құдіретінің арқасында бір ғана Мұртаза әулетінің емес, өткен ғасырдың орта шеніндегі жалпы қазақ халқының, қазақ ауылының тұрмыс-тіршілігінің кең ауқымды полотносына айналған «Ай мен Айша» романын оқи отырып, бүгінде қазақ халқының, ұлтымыздың жүгін, бар мұң-мұқтажын арқалап жүрген Шерхан Мұртаза атты алыптың осындай табиғаты қатал өңірде туып, өмірдің ең ащы дәмін татуында өзіндік бір сыр бар-ау деген ойға еріксіз қаласың.

Әлемдегі теңдессіз саналатын Дамаскінің болат қылышын қалай қару-жарақ жасайтынын көргеніңіз бар ма? Дамаскілік қару-жарақ шебері қылышқа айрықша қасиет беру болатты көрікте әбден қыздырып алып, мұздай суда суарады. Қазақ атамыз «шар болат» атайтын мұндай болаттан жасалған қылыш қара тасты қақ айыратын қасиетке, міне, осылайша ие болады.

Шыр етіп жарық дүниеге келген нәресте Шерханның пешенесіне қазақтың аумалы-төкпелі тұстағы, өтпелі кезеңдегі мұңын мұңдау, жоғын жоқтау сынды орасан ауыр да аса жауапты тарихи міндетті жүктеген Жаратқан ие оған осынау қиыншылықтарды қайыспай көтерерлік қасиеттер беру үшін де табиғаты қатал Жуалы жерінде өмірге әкеліп, тағдырдың ащы тезінен өткізген сияқты.

(Синхрон) Батырхан көке:

- Шерханның атына байланысты шешемнен естіген әңгіме де қызық. Шешем марқұмның айтуынша, Шерханның алдындағы үш

баласы да шешектен шетінеп кеткен екен. Осы Шерхан туғанда әкешем тіл-көзден оқытып алу үшін бір тәуіпті шақыртады. Бесікте жатқан нәрестені көрген әлгі тәуіп бірден: «О, о, мен түрінен танып тұрмын, бұл кейін ұлы адам болады», - деген көрінеді. Ырым-жырымын жасағаннан кейін тәуіп «баланың атын Шерхан деп қойыңдар» деп жүріп кетіпті.

Өмірдің ащы сыны мен Жуалының қатал қысы қайраған Шерхан жастайынан қайсар болып өсті. Әділетсіздікке төзбеді.

(Синхрон) Дүйсенбай Шоңғараұлы:

- Бірде мектептен қайтып келе жатқанымызда үш орыс баласы алдымыздан шықты. Ол кезде олармен көп төбелесетінбіз. Олар үлкендігін, көптігін пайдаланып бізді жиі басынатын. Бұл жолы да төбелессіз бітпейтінін сездім. Мен орысшаға шорқақпын. Шерхан сөйлесті. Ақыры, не керек, төбелестік. Шерханның мұрны қанады. Бірақ, қайтпады. Оның осы өжеттігі қаймықтырса керек, әлгілер қашып кетті. «Олар бізден көп болды ғой, қорыққан жоқсың ба?» деп сұрадым Шерханнан. Сонда оның: «Қорықсаң басына береді. Қарсы шықсаң, қаймығады», деп жауап бергені әлі есімде. Міне, сол қағидасынан өмір бойы айнымай келеді.

Осынау өжет те қайсар бала Шерханның тентектеу мінезінің ар жағында туған жерге, анаға, ел мен жерге деген сүйіспеншілікке толы нәзік жүректің, сол жүректің алыс түпкірінде Жаратқан ие салған ұлы дарын шоғының жылтылдап жатқанын ол кезде ешкім білмеген. Жоқ, олай емес, оны екі адам ғана білді. Бірі – азан шақырып атын қойған беймәләм тәуіп те, екіншісі – анасы Айша. Тәуіп Жаратқан иенің құдіретімен білсе, Айша аналық жүрегімен сезген сияқты. Иә, қаршадай баланың бойындағы отты, болашақ дарынды жүрек көзімен көрмесе сол бір қиын-қыстау жылдары күйеуі репрессия құрығына ілініп, үш бірдей шиеттей баламен жесір қалған мұңлық бала Шерханды Жамбылдың интернатына, одан әрі Мәскеуге жіберер ме еді? Әй, қайдам...

Қазақтың бақытына орай, халықтың бақытына орай бала Шерхан қандай қиыншылықты бастан кешірсе де, өмірдің қандай тезінен өтсе де осынау жылтылдаған отты өшірген жоқ. Интернаттың бір жапырақ қара нанын қара сумен жұтып, жарты құрсақ болып жүргенде де оқуын үзбеді.

(Синхрон) Қаратай Тұрысов:

- Біз Шерхан екеуміздің достығымыз 1947 жылы басталды. Жамбылда ашылған интернатқа жер-жерден жиналған жүз баланың

ішінде екеуіміз де болдық. Мен әлжуаздаумын, Шерхан маған қарағанда сүйектілеу, етжеңділеу.

Алғашқы бір айда таяқтан көз ашпадық. Интернатқа жақын орналасқан ФЗО-ның балалары ауылдан келген бізді қатты басынды. Бұл аздай, бір бүйірден өзбек балалары тиісіп, әбден берекеміз кетті.

Бір күні Шерхан бәрімізді жиып, оларды тойтарайық деді. Көбіміз үндемедік. Өйткені ФЗО-дағылар бізге қарағанда ересектеу, шетінен бұзық болатын. Ал өзбек балалары біз тәрізді әр ауылдан емес, қалалықтар. Біз бір тойтарғанмен, басқа мектептің балаларын ертіп келсе, күніміз не болмақ?

Бірақ, Шерхан айтқанынан қайтпады. Жүректі, білекті балалар бастап, ФЗО мен өзбек балаларын енді қайтып соқтықпайтындай етіп тойтардық. Шерхан төбелестің алдында жүрді. Таяқтан осылай құтылды.

Е-е, біз не көрмедік дейсің. Бәрінен Шерхан тартқан тауқымет ауыр еді. Өзі ашаршылық жылы дүниеге келді. Әкесін репрессия жұтты. Шешесі шиеттей баламен жесір қалды. Шерхан интернатта жүргенде шешесі артынан сирек келуші еді. Қайран ана құлынына келмейін деді дейсің бе. Қолындағы балаларының қамы, колхоздың қат-қабат жұмысы әйел адамға оңай ма.

Шерхан күзден көктемге дейін оқып, ауылында жұмыс істеді. Тапқан-таянғандары тамақтан артылмайтын. Иә, ішіміздегі жағдайы ең ауыр балалардың бірі Шерхан еді. Бірақ, ол ешқашан еңсесін түсірген емес. Ұстаздардың, балалардың алдында өте беделді болды.

(Синхрон) Тұрарбек Әбдікәрімов:

- Осы ауылдың қариялары кезінде батыр Баукеңнен, Бауыржан Момышұлынан: «Жамбылда оқып жүрген біздің ауылдың балаларының ішінде еті тірісі бар ма?», - деп сұрағанда Шерханды айтқан екен. Ал, Баукеңнің екінің біріне мұндай баға бермейтіні белгілі ғой...

Туа бітті қайсарлығы, өжеттігі болар, интернатты өзімен бірге бітірген талай бала тұрмыс тауқыметіне тізе бүгіп, ауылға қайтқанда бозбала Шерхан арман арқалап Мәскеуге жол тартты. Полиграфия институтына оқуға түсті. Бірақ, оның арманы қаламгерлік еді. Жалындап тұрған он тоғыз жасар Шерхан «Москва» қонақ үйінде жатқан Қазақстан үкіметінің сол кездегі басшысы Шаяхметовке ретін тауып жолығып, бір жылдан кейін Мәскеу университетінің журналистика факультетіне ауысып алды. «Мәскеу университетінде оқып жатыр» деген аты болмаса, ол үшін бұл жылдар да

ауыртпалыққа толы болған еді. Сол жылдары жазылған мына бір сарғайған хат жолдары соның куәгері:

«Ардақты Апа! Денсаулығым жақсы, оқып жатырмын... Тұрмысым жыл басындағыдай емес, Апа, аздап қысылудамын. Сын кезі, қыстың күні. Кім біледі, хат жазып, хал-жағдайларыңызды ашып та жазбайсыздар, мүмкін сіздер де қысылуда боларсыздар. Дегенмен, үмітім зор, ел тоқшылық, жұрт аман болар. Сондықтан, маған аздап көмек етіп, оқуды бітіруге жәрдемші болыңыздар

Бірге келген көп жігіттер қиыншылықтарға шыдай алмай Қазақстанға қайтып кетті. Енді аз айларға шыдап, Сіздер сынды асыл жандарды абыроймен көруге бел байлаудамын, осы тілегіме жетуіме Сіздер де себепкер болыңыздар. Жақын арада біраз май, тары, т.б. салыңыздар, аздап 1, 2 жүз ақша... Әлде, мені өкімет тарапынан жәрдем алады деп ойлайтын боларсыздар, рас, жыл басында аздап алдым, ал қазір тек стипендиямен 230 соммен тұрамын. Бұл ақшадан тамақтан басқа керекті нәрселер алу керек. Сондықтан қанша үнемдегенмен кемге келмейді.

Е, апа, Батырханың бақытты болар, тірі болса, мен құсап қиыншылық көрмей оқыр, оның кезеңі солай, тек қазір жақсы оқыса екен. Солай, апажан, мені, еш нәрсені уайым етпеңіз. Қайратқа мініп, ел қатарлы жүруге тырысыңыз. Бейнеттен, қиыншылықтан, «ертең қайтіп күн көрем» деуден құтылар күніңіз жақын болар...

1 январь, 1951 жыл»

Бірақ, бұл қиыншылықтар студент Шерханды мойыта алған жоқ. Керісінше, ол діттеген жері алыстан мұнартып көрінген жолаушыдай жаңа жігермен алға ұмтылды, шымырқанып, ширыға түсті.

(Синхрон) Дүйсенбай Шоңғараұлы:

Мен әскерде – жауынгер, ол Мәскеуде студент болып жүргенде екеуміз хат алысып тұрдық. Бірде Шерханнан хат келді. «Лекцияда отыр едім, тойып тамақ ішпегендіктен, талықсып құлап түстім. Жігіттер жатақханаға сүйемелдеп алып келді. Сол жерде бірге оқитын грузин жігіті: «Жағдайың болмаса, неге келдің? Өлесің ғой!» деп ақыл айтқан болды. Ызадан қаным басыма шықты. «Қайтсем де бітіремін!» деп жағасынан ала түстім», деп жазыпты.

Неткен қайсарлық десеңізші! Әрине, өмірде қайсар жандар аз емес. Бірақ, бозбала Шерханның, студент Шерханның қайсарлығының олардың қайсарлығынан айырмашылығы, ол көкірек түбінде қоздап жатқан әдебиетке, шығармашылыққа деген алапат құштарлықпен қатар өрілген қайсарлық болатын. Ауылға жолдаған

хаттарының бірінде «Бір дүлей күш бойыма арындап келеді де тұрады, сірә, жазушы боламын-ау», деп жазуы да осының айғағы. Студент кезінде-ақ қолына қалам алып, әр нәрсені түрткілеп жазып жүруі, аудармамен айналысуы, бір жағы күнкөріс қамы болғанымен, негізінен осы дүлей күштің әсері болса керек.

«Мен, Мұртазаев, Москва мемлекеттік университетінің журналистика факультетінде (редакторлық бөлім) төртінші курста оқимын. Өзімнің болашақ қызметіме жақын болғандықтан қазірдің өзінде орыс тілінен қазақ тіліне аударып дағдылана берсем, деп едім. Бұл, біріншіден, менің білімімнің өсе беруіне себеп болар еді, екіншіден, қазіргі студенттік жағдайда материалдық көмегі тиер еді. Мен интернат-пансионда тәрбиеленіп өстім. Жалғыз анам жұмыс жасынан асқан қарт. Қарындасым мен інім әлі оқу жасындағы жастар. Жәрдемдесер жақын ағайын менде жоқ. Менің Сізден сұранатыным: Қазақстан Жазушылар одағы арқылы маған орыс тілінен қазақ тіліне аударуға бір шағындау көркем әдебиет кітабына рұқсат алып берсеңіз». Уақыт табы өтіп сарғайған бір парақ қағаздағы бұл мәтін – студент Шерханның Қазақстан коммунистік партиясы орталық комитетінің секретары Шаяхметовке жазған өтініш хаты. Шерағаның тырнақалды аудармасы – «Хоттабыч қарт» ертегісі осылай дүниеге келген еді.

2-бөлім

Қаламгер Шерхан

3-бөлім

Қайраткер Шерхан.

Бахытжан Момыш-ұлы

СЫНОВЬЯ ВЕЛИКОГО ВОЛКА

Он тот, кто милостью своею шлет ветра,
Что вестниками дождевые облака приносит
И гонят их на выжженную землю,
Чтоб возродить в ней жизнь, взрастить

ПЛОДЫ, -

Таким же образом мы мертвых призываем.
Быть может, стоит вам об этом поразмыслить.

КОРАН. Сура 7. ПРЕГРАДЫ.

Мы ищем мудрецов, говорящих на родном для нас языке, чтобы спросить, кто мы, откуда мы, куда идем, зачем пришли. И хочется нам, чтобы поведали владеющие тайнами, осталось ли что-нибудь запретное для чужеземцев в духовной сокровищнице народа, кто из живущих рядом хранит космические откровения, чтобы в момент озарения человечества передать их просвещенному миру. Как просуществовать в этих каменных и железных государствах, если умеешь только жить...

Кто-то находит своих Учителей, а другие вовсе не ищут их. Да и легко ли в наше время отыскать личность, ведущую безупречную жизнь воина во сне и наяву, идущую против мощного потока, если воды его несут зло, отравляющее все вокруг. Легко ли найти человека, который горести свои считает опытом благодати и, светом созерцания пронзив вечность, возвращает пристальный пробуждающий луч на полыхающую адским огнем землю, чтобы в меру сил своих уберечь народ от беды.

Порой кажется, что такой азамат отказался от вечности ради выбранного им пути жауынгера, ради горькой и гордой судьбы защитника земли и поработаемого народа. Но значит ли это, что Вечность отказалась от него?

Живущие рядом, часто омороченные бытом, не всегда замечают свет, исходящий от таких личностей. Становясь резким и беспощадным, честный луч нередко раздражает омраченных, не желающих выходить из тьмы.

Но свет сердца не может погаснуть по повелению извне и на свирепых ветрах разгорается все ярче, если коситель его закален и храбр, ибо это не тот свет, который произвольно отключают сатрапы за пресловутые неплатежи со стороны обнищавшего народа. Это божественный духовный свет непримиримой справедливости, зажженный Тенгри через нашего предка Великого Волка в гордых сердцах чудесных существ, принявших человеческий облик, чтобы пробуждать сознание людей, спящих во мгле.

Спящие иногда видят вещие сны, предсказывающие судьбу и подсказывающие выбор пути, но проснувшись, они не могут правильно понять значение своих видений и продолжают дремотно брести,

спотыкаясь и волоча тяжелые ноги по бездорожью бесцельно и бездумно. Я один из таких спящих.

Мне приснился сон. Я понимал, что сплю в своей городской квартире и усмехаюсь во сне тому, что называю это жилище «своим». Мне остро захотелось вернуться домой, но я не знал, где находится мой настоящий дом. Ноги стали свинцовыми и непослушными, когда я встал с постели. Седой, как лунь, аксакал, в котором я необъяснимым образом узнал одного из своих предков, беззвучно сказал, что стоит мне захотеть и я мигом окажусь рядом с истинным родным домом. Я очень хотел попасть туда, но не мог сделать и шага, и тогда он толкнул меня в спину, повернув лицом в направлении родного аула отца...

Я узнал горы возле Аксайского ущелья, строптивую реку Терс, священное дерево, посаженное дедом. Но что-то казалось непривычным и незнакомым. Я озирался вокруг, не видя шагающих вразвалку столбов с арканами проводов на плечах, не обнаруживая каменных поселков и асфальтовых дорог. Здесь не пахло водкой и машинами, не валялись в траве нагло-яркие банки из-под пива. Отовсюду шли к возвышенности белобородые старцы, пожилые женщины в кипенно-снежных тюрбанах-кимешках, степенные молодухи, гордые мужчины, озорные девушки и стройные джигиты. Одеты они были скромно и опрятно, не по-городскому, а по-древнему. Лица мужчин не были оскорблены бритвой, а ноги девушек не были унижены куцыми платьями. Я следовал за ними, стыдясь своей ночной пижамы.

На вершине холма стоял седой аксакал, приведший меня сюда из города. Он поднял над головой высокий белый посох и толпа замерла. Багрово-черная туча отползла в сторону, освобождая великолепное слепящее солнце. Откуда-то стремительно прилетел золотой орел с исполинским размахом крыльев. Он застыл в вышине под самым солнцем. Небо было ярко-синим.

Глухим и густым гортанным голосом старец сказал:

- Запомни, свободный народ! Это чистое небо, жизнедарящее солнце и золотой орел станут знаменем ваших потомков!

- Хвала Тенгри! - отозвалась толпа.

- Далекие поколения будут почитать вас, своих предков! - продолжил аксакал.

- Хвала Тенгри! - пророкотал собравшийся люд.

- Они будут помнить Серого Волка, давшего нам земную жизнь! - выкрикнул старый вождь.

- Хвала Тенгри! - дружно ответили люди.

- В жилах ваших далеких потомков будет бурлить кровь, несущая память о сущностях предков, то есть, о ваших сущностях, - аксакал оглядел задумчивых сородичей. - У каждого из вас был свой священный тотем, но общим для всех нас был и остается бусый Волк. Прежде чем уйти в истинные горы и степи, на настоящую родину, призвав сюда звездную ночь, мы должны снова на миг принять свою тотемическую сущность, освободив себя от человеческой оболочки. Именем Тенгри и Великого Волка! - старец протянул к людям свой белый посох и тут же над толпой за клубились пряди светящегося тумана, а когда он рассеялся, я увидел, что на холме сидит могучий Волк, а внизу вместо людей волнами движутся кони, верблюды, коровы, быки, овцы, архары, газели, шакалы, змеи, обезьяны, барсы, дрофы, фазаны, тигры и львы...

Волк повернулся ко мне всем телом, не двигая шеей, и сказал:

- У того, в чьих глазах была трава, сущность барана. У того, в чьих глазах была степь, сущность тулпара. У того, в чьих глазах было небо, сущность сокола-сункара. У того, в чьих глазах было сражение, сущность волка-арлана. У того, в чьих глазах было величие битвы, сущность льва, арыстана. У того, в чьих глазах была борьба за справедливость, сущность тигра-шера... Никого не осуждай, ни над кем не насмехайся, ибо это предки твои, выполнившие свою миссию на этой земле, стоявшие на пути воинов и преодолевшие низкие и темные качества своих тотемических сущностей и сумевшие развить самые высшие их достоинства. Узнаешь ли ты близких себе среди них?

- Да, ата, это лев и тигр, - тихо ответил я.

- Тебе позволено увидеть наш уход в истинные аулы. Посмотри и возвращайся домой. Но запомни одно, если ты не смог увидеть это; в каждой сущности, будь то овца или лошадь, бык или тигр - все равно живет серый волк. Он обитает в сердце и не дает сущности до конца погрузиться в земной сон. Он рычит и обнажает клыки, когда видит несправедливость и произвол. Он воеет от тоски, если бессилён в тот момент против зла. Совесть - одна из ипостасей Волка; - он отвернулся от меня и тут же какие-то сдавленные раскаты грома заклокотали у него в горле. Могучий вой вырвался наружу и понесся к небу. Медленно стал меркнуть свет, начали зажигаться бледные звезды. И вдруг я увидел, как огненные шары стали отрываться от земли и медленной непрерывной цепочкой уходить в бескрайние глубины космоса....

Проснувшись, я понял, что не нужно даже напрягаться, чтобы вспомнить в деталях привидевшийся сон, потому что он был ярким и чистым, как истина. И я уже безошибочно знал, какие предки передали

свои сущности моим самым родным по крови и духовно близким по сердцу людям - Лев и Тигр. Я знал также, что в сердце каждого из них живет великий Волк, требующий от них светоносной жизни. Именно таким

Что-то очень знакомое послышалось мне в словах брата о тени, но я никак не мог вспомнить, с чем это было связано. Повяло чем-то мистическим, волшебным, даже колдовским, словно владыкой тьмы готовилось вторжение серых и черных теней на залитый светом мир. Я не мог сосредоточиться на какой-то близкой, но неуловимой мысли, а остальное, что назойливо лезло в голову, было совсем не то, что я пытался отыскать в памяти.

Серые люди бродят по свету, стараясь передать свои тени тем юным, которые послушно следуют за ними, чтобы и тени молодых стали серыми. Серость собственного существования они пытаются расцветить тусклым отраженным светом золота, блестящих камней, цветной посуды, лакированных седалищ. Серые тени, наложенные друг на друга, становятся черными, и под покровом темноты носителями этих холодных теней творятся злодеяния, которых стыдится даже небо. Чтобы создать вечную ночь на земле, эти тени сбиваются в стаи. Но назвать их волчьими, значит, оскорбить великого пращура. Нет, это стаи вурдалаков и сосущих кровь нетопырей...

- Черные тени стараются закрыть от глаз людских и отодвинуть во времени будущее народа, - сказал Шерхан-ага. - Они сознательно преломляют и искажают перспективу, пытаясь внушить мысль о бесперспективности пути, безбудущности поколений. Взгляд из города не равнозначен взгляду из аула. Горожане тщатся увидеть остатки пасторальной идиллии в горах и степи, а степняки и горцы нескончаемым потоком бредут в город, чтобы прокормиться и выжить. Серые и черные называют бесперспективными с болью оставленные земли и продают все за бесценок чужеземным и иноязычным, рассматривая родину, как товар. Скоро уже нечего будет продавать и на земле предков мы окажемся беспризорными и бездомными...

Я давно вернулся домой, в ушах все еще звучал гневный голос брата.

А может, это серый волк рычал от гнева, пугая меня до беспамятства.

В волчьем рыке слышались человеческие слова, понятные и рвущие сердце, слова донесенные голосом Шерхана ага, и было в этом что-то сокровенное и таинственное. Брат сказал: «Не слушай все время одного меня; послушай и тех, кто ушел давно, и тех, кто подкрадывается, а не подходит открыто. Научись не бояться сабельного удара в лицо, но не

страшишься также и ножевого удара в спину. Не бойся гибели, а страшишься бесполезной и жалкой жизни.. Ты услышал прячущийся зов тайны. Возьми в руки книгу. Тайна будет здесь, если мы захотим быть схваченными. Но ее здесь не будет, если мы этого не захотим. Возьми две последние фразы в кавычки, ибо это цитаты. А я тебе скажу еще, что к тайне нужно подходить без страха и она всегда будет под рукой. Я не позволю схватить ей меня; я сам схвачу ее за горло. Искать тайну? Нет, пусть она сама ищет меня!»

Брат ушел, оставив меня с книгой наедине. Но он всегда со мной, потому что между родными людьми нет и не может быть пространства и времени разлуки.

Листая книгу, я лениво думал о сходстве судеб книг и людей, о том, что есть книги возвышающие и очищающие, есть книги оглупляющие и ожесточающие, есть книги сами по себе невежественные и дремучие, но есть книги содержащие откровения, излучающие свет и тепло, и есть судьбы, не вмещающиеся в книги. Есть книги путеводные, имеющие тесную духовную связь с Верховным Разумом, на встречу с которым увел свой народ Великий Волк, оставив нам небо, солнце и орла и завещав нам вернуть родную землю потомкам, обездоленным некоторыми своими отцами. В Коране сказано: «Если ты убил человека, с тебя спросится, как если бы ты убил все человечество. Если ты спас человека, то тебе воздастся, как если бы ты спас все человечество». Но если бы можно было спасти родную землю от поругания, то лев и тигр сделали бы это без всякой мысли о вознаграждении, потому что в их сердце живет великий Волк. Где бы найти книгу об этом?

Я не решусь, но брат сам придет и расскажет обо всем, что волнует и пугает меня. Он всегда это делает, даже не подозревая об этом. Но он тоже хорошо знает, что между нами нет ни времени, ни расстояния, когда души «настроены одинаково. А с родственными душами иначе и быть не может, и мы оба понимаем это, хотя и не говорим об этом вслух..

Однако Шерхан ага прекрасно видит, что в моем сердце живет не гордый и вольный, справедливый и бесстрашный волк, в чем-то главном даже необузданный, а обитает слабый, выросший в городском зоопарке, почти прирученный и одомашненный волчок с вечно линяющей шерстью, привыкший к своей клетке и ставший похожим на собаку. Но брат щадит меня и не говорит об этом, потому что хорошо понимает, у каждого свой predetermined путь и не каждому в этой ложной жизни земной суждено быть воином без страха и упрека. Но и сила воина нуждается, наверное, в какое-то время в одобрении слабого. Впрочем, может, я

ошибаюсь, и все же именно эта догадка вынудила меня осмелиться взяться за перо. Я боюсь неодобрения, я боюсь наказания, но я преодолеваю свой страх, потому что этому учит меня мой старший брат, хотя результаты все еще постыдно невелики. Я умею медленно расти, но зато умею стремительно падать...

Вставать с четверенек всегда нелегко, но еще трудней отыскивать дорогу к истинно родному дому. Слабому мозгу не нужны никакие дурманы, блуждающим глазам тяжело определять ориентиры; мой отец, суровый и постоянно гневный батыр Баурджан Момыш-улы плетью гнал меня туда, где высился шанырак родного дома; мой старший брат, строгий, всегда затаенно яростный Шерхан Муртаза вел меня за ухо к дымам родного аула. А я все время старался вырваться и убежать в противоположном направлении. Упорство моих близких в конце концов возымело действие; я стал узнавать нужное направление. Но я продолжал думать, что это направление, нужное им, но не мог признать, что оно - еще и верное для меня...

Впрочем, так ли уж важны для мира мои изменения. Если же они имеют значение для меня, то очень узкое и частное. Отец и Шерхан ага прилагали усилия, чтобы частное направлялось на общественное; маленькие результаты в этом направлении нужны были прежде всего мне самому.

На определенном этапе начинает казаться, что отпадает необходимость в человеческих образцах и примерах, но в то же время чувствуется, что остается необходимость в проводниках-наставниках. Мне, наверное, повезло, что люди, которым хотелось подражать, стали учителями жизни. Видимо, это закономерный процесс развивающейся судьбы, когда идолы рушатся, а идеалы остаются. Активные, пробуждающиеся идеалы, подвигающие к осмысленным действиям...

Параллельно с работой, определяющей общественную гражданскую позицию, мои наставники трудились над тем, чтобы открыть для меня внутренний мир, научить обогащать и развивать его. Подозреваю, что и в этом плане я добился самых незначительных успехов, но все же, наверное, сдвинулся с мертвой точки полной бездуховности...

В моей жизни были моменты противостояния с совершенно чуждыми по духу существами, стычки с влиятельными внешне и внутренне ничтожными даже по сравнению со мной сущностями, свидетелями которых не раз были Шерхан ага и Мария женеше. Но когда я пишу о родных людях, не хочется, чтобы в одной строке с ними стояли имена конъюнктурных мародеров, завидующих славе мертвых героев и

крадущих их заслуги, минутчиков-функционеров, пыжащихся от иллюзорной власти, страдающих комплексом гардеробщиков и швейцаров и до посинения боящихся потерять свое засаленное кресло и делающихся счастливыми от мимолетного проходного внимания начальства. Я стыжусь этих конфликтов, потому что в них приходилось опускаться до уровня тех людей, которые становились на пути неизбежными раздражителями, а ставить против них защиту я еще не умел. Хочу сразу оговориться, что не ставлю себя выше их и не думаю, что я в чем-то лучше секретаря обкома или акима области, а просто констатирую в сантиметрах нравственный уровень планок и разность жизненных ориентаций. И если я как автор вправе не говорить о них, то в контексте с именами Марии женеше и Шерхана ага я вообще не вправе писать про морально одноклеточных. Признаться, очень хочется порой и про этих простейших написать так, чтобы мир смеялся и гневался на них, чтобы презирал их так, как они того заслуживают, и назвать их поименно, но я ловлю себя на том, что и злорадная месть является жалким лакейским чувством, не проклиная никого из них, но просто вычеркиваю из рукописи их имена, даже если эти строки в дальнейшем не прочтет ни одна живая душа. Просто, им нет места рядом с высокими и достойными...

Осенью 1990 года в народе с новой силой стали бродить слухи о том, что Баурджану Момыш-улы будет наконец присвоено звание Героя Советского Союза. Шерхан ага, Мария женеше, Зейнеп и я были в то время в ауле. В одной из белых юрт собралось много влиятельного народа, чтобы приветствовать Шерхана-ага. Велись неспешные за чаем разговоры о хозяйстве, политике, истории. Утомленный дорогой, я задремал. Беседа в моем сознании растекалась струйками тумана, голоса слились в однообразное журчание. Я все глубже погружался в сон, когда вдруг зарычал во мне и завыл тягостно и жутко проснувшийся волчонок. Я не сразу открыл глаза, прислушиваясь к чьему-то виноватому и поравдывающемуся бормотанью и резкому, гневному голосу Шерхана ага.

- Надо уметь думать, даже если ты начальник! Мертвые нуждаются не в наградах, а в памяти. Народ давно считает Бауке своей звездой. Без Золотой Звезды его не убудет, ибо зачем звезде звезда?! Если даже она придет, то много ли прибавит к его славе? Звезду вручат сыну, иншалла! И никому другому, а получит ее народ!

Всхлипывающее бормотанье стало тягучим и плаксивым, пока его снова не прервал голос Шерхана ага:

- Ни я, ни Бахытжан не требуем персонального уважения к себе; мы требуем уважения к памяти Бауке. Отказывая в уважении к аруаху, ты

плюешь в лицо собственного отца, ты плюешь в историю народа! Ради меня ты можешь не резать барана, но ради Бауке я заставлю тебя заколоть коня!

Я понял, что в этот момент мне лучше оставаться спящим. Через напряженное время молчания Шерхан ага потряс меня за плечо:

- Просыпайся! Вставай, брат! Разве ты забыл, что нас ждут в другом доме?

... Разговоры о Звезде Героя оказались не пустыми слухами. 12 декабря 1990 года Президент СССР Михаил Горбачев подписал Указ о присвоении звания Героя Советского Союза гвардии полковнику Баурджану Момыш-улы /посмертно/. Огромная держава доживала последние дни своего существования и вскоре отец превратился в официального героя несуществующего государства, а своя молодая страна пока еще не нашла для него кусочка эмалированного металла. Зато он как был, так и остался всенародным Батыром не только казахской земли, но и многих других государств.

В дни награждения мы пережили радостный ад; двери дома не закрывались с рассвета и до поздней ночи, телефон трезвонил непрерывно. Радость была чистой, волнение глубоким, но к счастливому состоянию примешивалось и какое-то странное, присосавшееся к сердцу беспокойство, чем-то даже похожее на тревогу и страх. Эти чувства, однако, предназначались не для показа людям, поэтому их следовало надежно и глубоко спрятать в груди, где-то рядом с волком, превратившимся на время в озорного игривого щенка.

Подумать о затаенных тревогах не было времени и я решил оставить этот психоанализ до более удобного случая. Когда выпала эта редкая свободная минута, я спросил у брата:

- Шерхан ага, почему у меня так беспокойно на сердце?

Брат понимающе посмотрел на меня и сказал:

- Твоя ответственность резко возросла и в этом кроется причина твоих тревог. Уже сейчас едут в твой дом люди из России, Якутии, Кавказа, Туркмении, Узбекистана, Киргизии, Турции, Китая, не говоря уже о Казахстане. Едут на свет Золотой Звезды люди, поверившие в справедливость. Эти люди вправе думать, что это они получили долгожданную Звезду, потому что они - народ. У них много вопросов к тебе, а отвечать им ты должен будешь не только словами, но и поведением и еще, хоть каким-то соответствием образу отца и его памяти.

... В эти же суматошные дни мы поехали в Джамбул на торжества в честь 80-летия отца и в каком-то большом зале на фоне рядовых дежурных

речей, поражавших своим бездушием, слова Шерхана ага прозвучали весомо и сильно, наполненные глубокой мыслью, согретой человечностью. Он приветствовал народ и поздравил его с исполнением давней заветной мечты, а затем в обычной отрывистой манере сказал, что народ навеки вечные будет гордиться именем батыра Баурджана, художника Баурджана, ученого Баурджана, философа Баурджана будет на то соизволение властей или нет, потому что на казахской земле есть много символов-имен, а имя, ставшее знаменем, одно - Баурджан Момыш-улы. У нас нет пока еще другого такого имени, которое было бы столь известно миру, поэтому имя Бауке не нужно прятать в сундук и доставать его оттуда только по торжественным случаям, чтобы трепать его с трибун, а затем благополучно забывать. Баурджан и после смерти продолжает служить своему народу, поэтому о нем нельзя говорить «посмертно», ведь имя его - бессмертно. Мир с глубоким почтением пользуется его мудростью и только у нас он служит всего лишь удобной заставкой в служебных выступлениях. Шерхан ага заявил, что мы не умеем имеющуюся в нашем распоряжении латентную энергию сублимировать в действенную динамическую силу.

... Когда мы, возвращаясь из Джамбула, вынуждены были почти на час застрять в машине Шерхана ага на Курдайском перевале из-за свалившегося на дорогу обломка скалы, брат сказал мне:

- Ты помни не только об одиннадцатом декабря, но и о десятом дне июня. И сразу нахлынули тяжелые воспоминания, потому что 10 июня 1982 года оборвалась жизнь отца.

Резвящийся щенок в груди поскулил и присмирел, улегся и затих. Перед глазами качались белые весы, на одной чаше которых горкой высилась светящаяся радость, а на другой горсткой угля лежала печаль.

Когда чаши уравнились, я спросил у брата:

- Шерхан ага, почему вы напомнили мне о смерти отца?

Он долго молчал, глядя на дорогу, а потом сказал:

- В давние времена жил один очень бедный человек по имени Валибай. Волей Аллаха бедняк разбогател. Он построил знаменитую мечеть и добротный дом, над роскошной дверью которого прибил свой старый рваный башмак. Когда его одолевала гордыня и он чувствовал, как растет в нем спесь и поднимает голову пренебрежение к окружающим, Валибай смотрел на свой башмак, вспоминал годы нужды и унижений. И тогда он просил у Создателя прощения, благодарил за милости Его, молился и выходил из дома очищенным и смиренным и раздавал щедрую милостыню нищим.

- Но во мне нет гордыни за то, чего я не заслужил. И вообще, мне нечем гордиться, хотя есть чего стыдиться. Я ничего не имею права требовать, а только прошу немного памяти о тех, кто действительно заслуживает ее, - недоуменно проговорил я.

- Есть у нас емкое слово «ТАУБА», которое включает в себя целое понятие. Это постоянное благодарение Аллаху за все хорошее и доброе, что даруется нам, и даже за все, что мы в слепоте своей считаем плохим для нас, потому что несмотря ни на что Жизнь остается с нами, а значит, живет и надежда на то, что скоро все изменится к лучшему. Тауба все приводит в равновесие, оберегая от крайностей, стимулирует размышления об истинных человеческих ценностях. Тебе сейчас всюду оказывают внимание, предназначенное отцу твоему, потому что Бауке нет с нами, а в тебе народ видит таберик, то есть то, что осталось после него. Табериком же может быть любая памятная вещь, которой касались руки Бауке, то есть, его трость, его трубка, его папах, даже лоскуток старой рубахи, - задумчиво, но с чуть заметной усмешкой сказал брат.

- Но я хорошо понимаю, что весь этот почет и знаки внимания относятся вовсе не ко мне, поэтому слова уважения пропускаю мимо ушей, зная, что они предназначены не для меня, - бурно запротестовал было я, но тут же прикусил язык. Я вспомнил, что весь достаточно долгий путь от Тараза до Нурдая только и занимался тем, что критиковал начальство области всех уровней, был недоволен скромностью торжеств, жаловался на недостаток внимания к себе и при этом был искренне уверен, что защищаю честь, достоинство и доброе имя отца. Хотя в моих претензиях все же была доля истины. Но я был бы прав, если бы сам блистал своим отсутствием на всех этих торжествах. Кто я такой, чтобы мне почтительно пожимали руки, дарили подарки, набрасывали на плечи новые чапаны, резали в честь меня баранов, обеспечивали транспортом...

- А теперь тебя швырнуло в другую крайность, - заметив мое состояние, проговорил брат. - Если все, что дается тебе, идет от сердца, так же сердечно и принимай. Но ты должен помнить, что у каждого «беру» есть близнец по имени «отдам». У одних ты берешь, другим отдаешь и этим восстанавливаешь равновесие, говоря при этом «Тауба». Вещи приходят и уходят, а теплота человеческих отношений остается с тобой навсегда и именно в этом ценность всех этих вещных подарков, а не в самих подарках. Подарок сам по себе уже выражение самых добрых пожеланий. Никто от этого не разбогател, никто и не обеднеет. Здесь речь идет о человечности.

- Иногда мне стыдно бывает принимать подарки, а порой хочется брать и брать. Второе желание с каждым днем становится сильнее, - сказал я.

Шерхан ага рассмеялся:

- Твои шуточки нередко меня забавляют, особенно байки про Зейнеп. Почему бы тебе не издать их отдельной книжкой?

Больше половины уже позаимствовали и если я выпущу такую книжку, чего доброго, меня самого же и обвинят в плагиате, - хмыкнул я.

- Об этом можешь не беспокоиться, я готов подтвердить твоё авторство перед любой комиссией, - усмехнулся брат. - Расскажи что-нибудь, чтобы скоротать дорогу.

- Боюсь повториться, - замялся я.

- Ничего страшного, - успокоил он меня.

Я поерзал, усаживаясь поудобней:

- Был такой период, когда зачастили в дом люди с определенными отклонениями в психике. Но началось все это с писем. Один человек из Белоруссии адресовал целое послание. Взглянув на конверт, я сразу заподозрил неладное; там было написано «Народному писателю СССР Бахытжану Момыш-улы». В самом начале было такое обращение: «Народному писателю РСФСР, Народному писателю Казахской ССР, Народному писателю Грузинской ССР...», и таким образом перечислялись все союзные и автономные республики. А затем пришло второе письмо, на этот раз из дальней области Казахстана. В этом письме адресант возносил уже не меня, а себя. Он называл себя императором планеты, диктатором КПСС и Главнокомандующим всех армий мира в звании супер-генералиссимуса. А потом пришла женщина с большим оранжевым мячом и долго жаловалась на своего научного руководителя. Зейнеп угостила ее чаем. В какой-то момент женщина вышла в прихожую, вернулась с сумкой, в которую сложила все, что было на столе и попросила разрешения постирать в ванне свои носильные вещи. Через пару дней заявился молодой человек, открывший закон левитации по принципу реактивного двигателя, благодаря которому человек мог летать очень простым способом, всего лишь поднеся горящую спичку к собственному задку. Опробовать это открытие предполагалось в десантных войсках. К тому же, юноша хотел за три дня, до того как лечь в психиатрическую лечебницу, создать космическую политическую партию... Зейнеп с глубокой жалостью посмотрела на меня и сказала с величайшим сочувствием: «И почему тебя так любят психи?» Я пожал плечами: «Не знаю, с тебя все началось».

Шерхан ага коротко рявкнул, что означало высшую степень смеха, а Мария женеше смеялась от души, колыхаясь всем телом, и глаза ее светились лучистой добротой и теплой лаской. Ей нравились наши отношения с Зейнеп и всегда до слез смешили незлобивые шутки. Она хорошо понимала, что рождаются наши анекдоты из уважения друг к другу и знания того, что никого они не унижат и не обидят. Даже в какие-то критические и мимолетно-конфликтные моменты Мария женеше никого из нас не осуждала и ей каким-то чудодейственным образом удавалось превратить неприятную свару в забавную перепалку, в которой не оставалось уже ни раздражения, ни злости. В каждой семье бывают минуты непонимания, но у нас, слава богу, такие ситуации случаются один раз в сталинскую пятилетку. Но они, видимо, тоже для чего-то необходимы...

- Мария женеше обладала мягким юмором, который мне очень нравился. Мой старший брат, как чеченец, не любит становиться объектом подшучиваний, его гордый дух не приемлет покушений на его достоинство, однако к шуткам супруги почти всегда относился снисходительно, а вообще юмор он понимает очень тонко и умеет его ценить.

В хорошем расположении духа и только в компании очень близких людей Шерхан ага иногда поет редкие по красоте казахские, татарские и башкирские песни. Особенно он любит сказание о юном пугачевском генерале Салавате сыне Юлая. Это гордая и печальная песня, выводящая слушателя за пределы физической реальности, напевная и чудесная.

- Однажды в нашем доме, сидящие как всегда во главе дастархана, Шерхан ага запел героическую песню. Мария женеше тихонько встала из-за стола и пересела на диван. Встретив недоуменный взгляд Зейнеп, она сказала:

- Говорят, когда пел Карузо, люстры срывались с потолка. А чем твой Шерхан ага хуже итальянского певца? Лучше не рисковать.

Вообще, моя Мария женеше была на редкость скромным человеком. Она была верной тенью моего брата, но это не умаляло ее, поскольку женеше была лично обаятельна, обладала острым умом и неизбывной добротой.

Невестке по вековым нашим обычаям положено скромно находиться «у ног» старшего деверя, которого она в земной жизни называла почтительно «кайынага». И то, что одна и та же почва дала им успокоение, имеет огромный смысл родственности, перед которой бессильна даже смерть.

Когда я плакал у разверстой могилы Марии женеше, то слова, вырывавшиеся сквозь придушенные рыдания, были не просто временным прощанием, но глубокой мольбой:

- К кому я теперь приду за лаской, женеше?! Не осталось на этой земле человека, который теперь проведет теплой ладонью по моей голове. Не услышу я больше в этом потускневшем без вас мире вашего материнского голоса. Вы перешли на высший уровень аруахов. Пусть вечные жители этого священного города усопших встретят вас с приветливой добротой и станут проводниками к сияющему трону Создателя! Пусть Аллах дарует вам милость свою, потому что незлобивым и чистым было ваше сердце в земной жизни! Пусть яркий свет озарит вашу дальнейшую дорогу! Пусть не погаснут светочи, оставленные вами в этом мире! Пусть сильные руки нашего отца. помогут вам подняться из вашей последней на этой земле колыбели и укажут вам верный путь в небесах!

... Шерхан ага обнял меня за плечи и поцеловал. А это случается очень не часто, так редко, что у меня чуть не разорвалось сердце...

- Прощайте, женеше! - кричу я в бесконечность,

- Мне вашу не забыть глубокую сердечность.

Нам будет не хватать улыбки вашей ясной.

Останетесь для нас вы доброй и прекрасной.

Не верю я, что вы в могиле спите тесной!

Остались вы для нас веселой и чудесной...

Ваш свет не погасить ни ветру и ни мраку...

Светите, как всегда, во мгле моему брату!

Я давно перестал писать стихи, и когда написались эти строки, сам очень удивился. Но потом понял, что это были не стихи, а молитва, предназначенная не для глаз читателя, а для ушей Создателя. И я очень хочу, чтобы он принял эту мольбу благосклонно...

Я всегда прошу прощения у неба за вольное обращение с хронологией, но мне почему-то кажется, что там, где времени нет, высшие сущности смотрят на наш порядок с улыбкой, потому что для них наше прошлое и будущее происходят одновременно, то есть, в настоящем. Для них течение времени не имеет значения, поэтому я как бы выпросил у них право воскрешать своих близких и отодвигать их смерть, хотя бы на бумаге. Но я искренне верю, что их жизнь продолжается в бесконечности на более высоких и осмысленных уровнях, и мы на земле должны готовить себя к звездным встречам, очищая сердца и возвращая добрыми делами души, чтобы потом не было стыдно перед близкими, стоящими выше нас...

Вот почему я говорю, что до дня кончины Марии женеше еще далеко, что она жива и мы вместе едем через заснеженный Курдайский перевал, домой, где ждут нас встречи с людьми, на лицах которых сияют отсветы Золотой Звезды общего для всех нас отца, которого я не имею права присваивать себе одному...

Вечером пришла правительственная телеграмма. Кто-то из ближайшего окружения Главы государства доверительно сказал по телефону, что Президент никому не стал поручать писать текст этой телеграммы, закрылся в кабинете и сам написал идущие из сердца слова, принадлежащие ему одному. Я не стану приводить полный текст телеграммы Назарбаева, но одна фраза из нее сразу стала крылатой и разлетелась по всей стране: «День, когда Бауке получил Звезду, - это день, когда зажглась Звезда моего народа!»

Мне до сих пор кажется, что эта великая фраза стала какой-то своеобразной, тайной точкой отсчета для Президента Казахстана. И я думаю, что ни он, ни народ этих слов не забудут.

Президент Республики решил произвести вручение награды 31 декабря 1990 года, не откладывая на новый год.

Нас пригласили в здание Верховного Совета и проводили в наградной зал, который, оказывается, выглядит пышно только когда его показывают по телевизору, а в действительности смотрится достаточно скромно.

Собралось достаточно много народа, ожидавшего своих наград и званий, но Президент начал с нашего отца, произнеся очень теплую и человечную, глубокую по содержанию речь, в которой порой звучала острая тревога за судьбу народа, обеспокоенность будущим подрастающих поколений, признательность отцам, благодаря подвигам которых дети воинов получили возможность стать образованными людьми. Президент призвал помнить о делах отцов, а еще, в контексте нашего отца, он говорил о том, что прямота и честность Баурджана Момыш-улы была пугающей и опасной для чиновников. Было ясно, что глава государства настроен решительно вести непримиримую борьбу против бюрократов, превратившихся из прослойки в агрессивный паразитирующий класс, ведущий безнравственную войну против собственного народа, в огромную армию разложившихся, потерявших все моральные устои, живущих рвачеством и произволом существ...

Бручая Золотую Звезду, Президент тихо, не для посторонних ушей, сказал:

- Было очень трудно добиться этой справедливости.

Я знал, что справедливость в этом мире, при этой системе не в чести, потому что сам на каждом шагу сталкивался с извращением законов со стороны слуг закона, с хамством чиновников, с равнодушием к памяти отцов со стороны начальников разных рангов, с абберрацией всех без исключения нравственных понятий...

- Живите так, чтобы быть достойными памяти его, чтобы даже тень не омрачала его имени, - так же тихо и задушевно продолжил Президент.

«На этом человеке лежит огромный груз забот и колоссальная ответственность, - подумал я. - Моим плечам не выдержать и тысячную долю такой тяжести. Я буду, конечно, стараться жить императивами нравственности, чтобы имя отца оставалось незапятнанным, но есть несколько опогоненных и формально озвезданных людей, с назойливым жужжанием кружащихся вокруг Президента, которые, завидуя славе мертвых и всенародной любви к батыру, будут неустанно пытаться навести черную тень на имя героя. Создатель, сделай так, чтобы уши Президента не прислушивались к ядовитым наветам, ведь он тоже пенде - человеческое существо!»

- Храни Звезду дома и очень береги ее, - закончил Президент. - Со временем будет открыт отдельный музей Баурджана ага и тогда ты сдашь награду туда, если пожелаешь.

В ответном слове я от всего сердца благодарил Президента за его огромные усилия, за человеческую доброту и сыковнюю память, сказав:

- Это было желанием народа, но это был ваш труд, Нуреке.

Когда Президент вручил мне Звезду отца, я поднес ее ко лбу и прикоснулся к ее лучам губами.

В торжественной тишине зала раздался громкий и резкий, дрогнувший от волнения голос Шерхана ага:

- За всю историю существования Верховного Совета никто до тебя не делал еще здесь этого великого и сакрального традиционного жеста!

Прошли годы. Я должен признаться, что не все из происходящего сейчас вокруг мне понятно и по душе, и не могу сказать, что реформы обнадеживают, что духовный климат социума радуется, что изменения, похожие больше на рокировки в управленческих структурах и не улучшающие существование простых людей, вселяют оптимизм, но прежнее доверие к Президенту никогда не позволит мне занять враждебную по отношению к нему позицию и никогда не умрет в сердце благодарность...

Я вспоминаю Президента прежних дней, у которого была самая обаятельная в мире улыбка, преображавшая его так, словно он светился

изнутри. Я невольно сравниваю его с нынешним Президентом, на лице которого чудесная улыбка вспыхивает все реже и реже. С сочувствием и болью я отмечаю эту разницу и мне все чаще кажется, что плотный пласт проблем стал еще более тяжелым и страшным на его могучих плечах. Иногда мне даже представляется, что несколько сильных сановников избрали тактику изоляции Главы государства от народа, принеся в жертву все остальное, относительно мелкое чиновничество и заблокировав все подступы к Президенту. Кажется, что грабительские купчие на достояние народа, кабальные долговые расписки, выданные иноземцам, тайные, но задокументированные кубышки с золотом скрываются от народа за семью печатями, и не только от народа, но даже и от парламента. Все это, как и множество других проблем, гасит улыбку Президента.

Но кто я такой, чтобы обсуждать столь огромную тему? Отец мой был сильной личностью, а я бессильное ничто, превратившееся из рядового писателя в рядового обывателя. Но несколько слов о человеке, сумевшем отвоевать у Кремля очень важную и нужную для Казахстана Золотую Звезду, я был обязан сказать. Я должен сказать слова добрые, потому что зла от него не видел, и в моих словах нет корысти, поскольку я не собираюсь просить у него ни должности, ни покровительства, ни наград, а просто очень ценю его уважение к памяти отца и доброе, надеюсь, отношение к нашей семье. Я верю, что никакие нашептывания не изменят этого ясного и доброжелательного отношения. И еще, я благодарен судьбе...

Во имя Аллаха, великого и милосердного! Хвала ему, несравненному нашему Создателю и Творцу всего живого и неживого! О чем я смею просить у Него, кроме прощения! Как смею я не благодарить его за ту судьбу, которую Он предопределил! Я был унижен, но сейчас воспринимаю это как испытание, ниспосланное мне, и пусть Аллах простит тех, кто унижал меня! Я был обманут не раз и мне не пришли на помощь ни закон, ни власти предержавшие, но пусть Аллах простит тех, кто обманывал и обкрадывал меня! Но я несовершенен, поэтому не могу просить прощения перед Создателем за тех, кто оскверняет память высоких аруахов, кто потерял уважение к предкам, кто отрекся от народа! За них я не в силах просить прощения у Аллаха, да и не хочу, даже если это зачтется мне в вину. Я чувствую, что могу простить людям многое, когда это касается одного меня, но я был бы проклят во веки веков, если бы принялся защищать тех, кто не жалеет грязи, бросая ее в лицо собственного народа, кто стоит с ножом в руке, готовый отрезать ему язык, кто клеветает на предков, кто издевается над

матерью-землей, кто топчет могилы великих аруахов, кто идет открыто против народа... Я не изощрен в интригах, подкупах, запугиваниях, лести, низости и подлости, а то бы вступил на путь борьбы с ними. Но не изощренным в наше время трудно выжить. И храбрости у меня недостаточно; я знаю, что на первом же шагу, идя с завязанными невежеством глазами, попаду в волчью яму или другую какую-нибудь западню. Я не боюсь за себя, но ловушка может навредить памяти отца и будущему его внука. Из неизощренных встают на путь борьбы только люди-воины. Одним из них был мой отец, не боявшийся ни козней, ни казни. Он прошел через все круги ада с бесстрашием истинного воина, и волчьи ямы оказались слишком мелкими для него. А когда он ушел от нас накануне лицемерного праздника «добровольного присоединения к России», гневно сказав напоследок: - «Присоединяйтесь сами, а я пошел дальше!», на опустевшую тропу воина встал его младший брат Шерхан Муртаза, в груди которого бьется мужественное сердце, чей гордый дух поддерживает народ, чьи честные слова вливают в людей живительную силу. Народ ждет его слов, потому что видит в нем своего несгибаемого защитника.

К сожалению, природа не создала меня похожим на них, поэтому люди и не ждут от меня больших дел, высоких подвигов и самоотверженной жизни, а видят во мне простой таберик - кусочек памяти о своем Батыре.

... Я давно уже не пишу стихи, но внезапно пришли достаточно неуклюжие рифмованные строки, которые я по привычке записал:

У брата моего, Муртазы Шерхана
Сердце тигра и гордость Хана.
И еще записалось отдельно:

Шерхан ага, поберегите сердце;
Оно еще в бого вам пригодится...
Я об отце во мгле ночной тоскую
И мне в моей родной степи не спится.
Во мне нет злобы к речи иноверца,
К родному языку бреду вслепую...
Шерхан ага, поберегите сердце,
чтоб осветить для нас всю тьму пустую.

Поняв, что мозги огрубели, а сердце стало слишком мозолистым для писания стихов, я стыдливо спрятал их подальше, но затем решил, что

искренность может оправдать мою поэтическую бесталанность, и снова извлек их на свет. Возможно, в этих словах была какая-то доля правды, поэтому им не захотелось оставаться во тьме.

Я верю, что придут одаренные люди и напишут об отце и моем старшем брате такие проникновенные и обжигающие строки, что все, написанное о них прежде, в том числе и мое слово, померкнет. И дай бог случиться этому! Я верю, потому что нельзя пройти мимо них равнодушно, а если и пройдешь, то испытываешь неодолимую потребность вернуться. Отец не даст ответа, а Шерхан ага запретит писать о себе. И все же... Даже молчание может быть ответом.

Каждый человек, плохой он или хороший в нашем ограниченном понимании достоин того, чтобы о нем была написана книга. Проникновение в их сущности может ужаснуть людей, ставшими волей случая объектами таких непрошенных и разрушительных для слабых личностей вторжений. Сущность личности - это запретный мир, если пишущий не соответствует описываемому образу и не соотносится с масштабами того, кто гораздо крупнее его. Это в какой-то мере справедливо по отношению ко всем людям, но когда соприкасаешься с такими личностями, как отец и Шерхан ага, то начинаешь понимать, что их преимущество перед многими современниками заключается в их неисчерпаемости, исторической по значению.

Невозможно даже самому талантливому художнику написать их исчерпывающий портрет, но сделать попытки обрисовать нечто большее, чем внешние контуры, наверное, необходимо хотя бы для того, чтобы растерявшиеся и заблудившиеся нашли через них свой путь. И я невольно снова вспомнил слова отца, сказанные мне при его земной жизни: «Будь вместе с народом, и ты не узнаешь одиночества. Иди дорогой народа, и ты не заблудишься».

Я понял, что Шерхан ага не разрешит мне писать о нем, поэтому хочу малодушно скрыть от него готовые страницы. Если написанное не будет издано, то останется в архиве времени к кто-нибудь, спустя годы, возможно, найдет рукопись и проявит к ней интерес. Я надеюсь на это. А если книга увидит свет, то тогда я пойду к брату с повинной головой, готовый принять от него любые побои, любые упреки, любое наказание. Наград от него я ждать не буду, потому что единственное на что он скуп, так, это на похвалу...

Шестидесятилетие Шерхана ага мы отмечали в ауле. Собралось очень много местного люда, было не меньше приезжих гостей и родственников. Все было организовано очень достойно и на высоком

уровне. Выступавшие душевно говорили о жизни, творчестве, человеческих качествах народного писателя, государственного и общественного деятеля Шерхана Муртазы, делились воспоминаниями, а Ага сидел как будто недовольный. Вдруг он поднял голову и взгляд его был печальным:

- Почему они не говорят о тех, кто создал меня? Все «Шерхан да Шерхан. У всех уже уши протухли от бесконечного слышания этого имени.

Ага снова опустил голову и лицо его стало отрешенным, словно все происходившее не имело к нему никакого отношения.

Я невольно рассмеялся и сказал:

- Ага, в такой день говорить о вас людям не запретишь. Разве кому-нибудь плохо от этого? Пусть звуки вашего имени впитаются в память родных мест: в это озеро, в эти деревья, горы, реки, в сознание вон тех малышей, которые с искренним вниманием слушают выступающих. Дети вырастут и унесут с собой в будущее ваше имя и передадут его своим потомкам. Да и аксакалы внимают словам о вас с глубоким интересом и они все виденное, услышанное, понятое возьмут с собой в потусторонний мир и поведают обо всем этом нашим предкам. А вон там стоит стайка девушек. Завтра они выйдут замуж, разъедутся по самым дальним краям, где станут рассказывать об этом тое, о вас, о том, какие большие и значительные люди приехали сюда, чтобы выразить вам свое уважение.

Шерхан ага молча выслушал мою тираду, отвернулся и прошептал:

- Всем нам было бы лучше выразить свое уважение к нашим предкам - аруахам. Такие торжества было бы уместней и правильной посвятить Турару Рыскулову и Баурджану Момыш-улы.

- Слава Аллаху, Ага, они не забыты; в их честь тоже устраиваются торжества, - заметил я.

Брат глубоко вздохнул:

- Не торжества нужны, а глубокая и каждодневная благодарная память. Их имена произносятся все, а мудрость их остается не востребованной. Подобное отношение к их наследию - недальновидное безрассудство.

... Красивая молодая женщина, набравшись смелости, вся пунцовая от смущения, выделилась из толпы сбившихся в стайку девушек и, словно жуалинский ветерок, быстро пролетела через поляну и остановилась перед нами. Шерхан ага вопросительно посмотрел на нее, а она сбивчиво попросила у него благословения, протянув ему своего младенца. Шерхан ага с невыразимой нежностью склонился над ребенком...

Я иду за старшим братом, все время чувствуя, что безнадежно отстаю от него. Он уходит от меня все выше и выше, все дальше и дальше, становясь в то же время ближе. С земными он земной, с врагами он - воин, с простыми людьми - он прост, с фальшивыми - зоркий, с опасными - бдительный, с умными - мудрый, с детьми - бесконечно добрый. Мне немислимо догнать его на крутой дороге жизни, но он сделал для меня главное - указал Путь.

Золотые ветры Жуалы, драгоценные ручьи Тюлькубаса... Разве сумел бы полюбить я вас и своих бедных, но гордых родичей-горцев, если бы не Отец и Шерхан ага?! То ли Родина влилась в меня, то ли я растворился в Родине... не знаю да и разве имеет значение, каким образом даровано чистое счастье!!!

Я не стану убегать от друга и не стану торопить его; он лучше знает, как поступить со мной. Я уйду с ним без жалоб и упрека, потому что твердо знаю, что и на небесах есть мой родной аул, моя Родина, мой дом, имя которому - Казахстан.

Во имя Аллаха, великого и милосердного! Пусть будут вечно живы мой народ и моя Родина! Пусть никогда не льется на улицах кровь моих несчастных и многострадальных, но таких терпеливых сограждан! Пусть дороги судьбы наших детей и внуков будут прямыми, долгими и счастливыми! Пусть вечно здравствует моя земная и небесная Родина! Пусть порог моего великого брата будет высоким для врагов и низким для друзей! Пусть жизнь моего брата на этой тяжелой земле будет долгой-долгой, потому что до последнего дыхания я буду нуждаться в его силе, мужестве, мудрости, честности и солнечной человечности! Ауминь! Да примут небеса мою скромную молитву! Аллах акбар!

ШАБЫТЫ ШАЛҚАР ШЕРАҒАҢ

Қазақ әдебиетіне өзіндік қолтаңбасымен танылған қаламгердің бірегейі – Шерхан Мұртаза. Айтулы қаламгер жайлы соңғы жылдарда аз жазылып, аз айтылып жүрген жоқ. Түйіндеп айтсақ, Шерхан Мұртаза қазақ әдебиеті мен қазақ журналистикасына елеулі үлес қосқан талантты тұлға. Журналистика кеңестік кезде де, қазір де айрықша рөл атқаруда. Әсіресе, публицистика, очерк жанрында жазылған туындылар көркем әдебиет үлгілерімен тепе-тең мәнге ие

болғаны да шындық. Ал тәуелсіздік жылдарында журналистика көркем әдебиеттің алдына шығып кетті. Неге? Себебі, кеңестік кезеңдегі ой мен санаға тұсау болған тиым, яғни терминдік үлгіде айтылатын цензура алынып тасталды. Тақырыпты елеп-екшеу, бұрын-соңды жазылмаған мәселелерді көтеру – журналистика еншісіне тиді. Сондықтан да тәуелсіздік басталар-басталмас уақытта-ақ халық жадынан өшірілген арыстарымыз хақында, ашаршылық жылдары жөнінде жазылған материалдарға жол ашылды. Өткенімізге үнілдік. Тарихымызды қайта парақтадық. Көзімізді ашқан октябрь, кеңес өкіметі деген бір жақты тұжырымға сыни тұрғыда қарап, оң және кемшін тұстарымызды салмақтай бастадық. Октябрьден де бұрын өмір болғанын, ата-бабаларымыз көшпенді ел болса да, өркениетке әлімсақтан қол жеткізгендігінен хабардар болдық. Қазақ мемлекеттігі болғандығы, хандық жүйенің іргелілігі жайлы біліміміз бен білігіміз тереңдей түсті. Хандық жүйені әдейі бұзып, ел тұтастығына сына қағылған, тағдыры талайлы еліміз туралы емін-еркін, уәжбен, дәлелмен сөз сөйлеп, ақиқат жолын ұстанған зиялы қауым өкілдерінің көсемсөзбен өрілген мақалаларын шөлікпей оқыдық. Өз тіліміздің нәрі мен құнарына қанбай қалған ұрпақ өкілі ретінде тамсана тыңдадық. Сондай зиялы қауым өкілдерінің бірі – Шерхан аға Мұртаза еді.

Өз елінің рухы үшін жаратылған ерлері болмаса, сол халықтың, ұлттың болашағы күңгірт болады. Рас, біздің ұлтта көш бастаған, ұлт тағдырын ұлық тұтқан ер азаматтарымыз аз емес. Шерхан Мұртазаның публицистикасынан көркем шығармаларынан біз осыны аңғарамыз.

Өзінің қаламгерлік жолын әу бастан журналистикадан бастаған Шерағаң көркем әдебиетте де көш бастады. Бастапқыда алғаш рет «Табылған теңіз» повесімен оқырмандар сүйіспеншілігіне бөленді. Повесть жеке қаламгердің өмірді көрмей жатып-ақ жазған туындысы емес. Өмірдің сан-саласын, адамдар тағдырының иірімдерін көріп-біліп, танып-талғап болғаннан кейінгі жазушылық, суреткерлік, ойшылдық елегінен сұрыпталып өткен шынайылығымен ерекшеленетін шығарма келді дүниеге. Көркем туындыға қойылар басты талап сондай болуы керек деген қағиданы әлі күнге дейін қолдайтындығымыз да сол себепті. Өмірді әр қырынан, әр тұсынан терең біліп қана өміршең туынды жарық дүниеге келмек деген сөзде жан бар.

Шерхан Мұртаза көркем әдебиетке өмірлік тәжірибені мол жинап алған соң келді. Журналистік өмір адам тағдырын білуде, түсінуде, ұғынуда үлкен мектеп. Керек болса – университет. Журналистика – елді, өмірді, адамды танып-білуде аса қажетті құрал. Сол себепті де әлемнің әйгілі жазушылары – Эрнест Хемингуэй, Габриэль Гарсиа Маркес, Шыңғыс Айтматов бәрі-бәрі де журналистикадан келген, қатардағы қарапайым репортаждар жазып, роман жанрын игерген. Шерхан Мұртаза да осы ақиқат заңдылығымен, көрнекті жазушы деңгейіне көтерілген. Жазушыны суреткер десек те, Шерхан Мұртаза шығармалары байыпты ой айту, ойға шомдыру, айналаны аңғара білу дағдыларын оятуымен ерекшеленеді. Оған алғашқы повестерінен кейін жарық көрген «Белгісіз солдаттың баласы», «Бұлтсыз найзағай», «Мылтықсыз майдан» секілді повестері дәлел бола алады.

Бүгінде Шерхан Мұртаза – көрнекті жазушы, журналист, айтулы қоғам қайраткері болғандықтан, қаламгер шығармалары хақында бірер мақалалармен толық танып білуге болмайды. Қазақ әдебиетінде қазірде шерхантану дәрістері де басталып кетті. Бұл орынды әрі заңды. Көркем-әдеби туындылары арнайы зерттеуді, сараптауды, талдауды қажет етеді. Жазушының шағын проза жанрында жазған шағын жанрда жазылған әңгімелері, оқырмандарымен орта жанрда қауыштырған повестері, халқымыздың біртуар перзенті Тұрар Рысқұловтың бейнесін сомдаған күрделі проза жанрындағы романдары хақында солай деуімізге болады. Ақиқаты да сол.

Қазақ әдебиетінде әңгіме жанры – әлі де өте қиын әрі өте күрделі жанр ретінде сипатталады. Өйткені әңгіме тек жалаң оқиғаға құрылмайды. Мұнда кейіпкерлердің ішкі дүниесі, сезімі, ойға тербер күдіреті болуға тиіс. Бәлкім бүгінде осынау қағида әбден өзгеріске түсуі де мүмкін. Оқиғасыз, ойсыз, сезімсіз де әңгімелердің туындап жатқаны мәлім. Оған кінәлі қаламгер яки әдебиет теориясы емес. Бұған себепкер елді мекендердің урбанизацияға ұшырауы, ірі қалаларға, яғни мегаполистерге айналуы. Сондықтан да, әлемдік әдебиетте бүгінде халықтан гөрі жеке адамдардың тағдыры, ой-ниеттері, сезімдері жеке-дара күйінде, халықтан оқшау суреттелуінде болып отыр. Рас, қазақ оқырмандары үшін бұндай құбылыс әлі де түсініксіздеу. Жат болмыс сияқты аңғарылады. Бірақ әлемдік әдеби үдерістен шет қалмауға тиіспіз. Хабардар болып, танысып, біліп жүргеннің зияны жоқ.

Ал Шерағаңның әңгімелері сезімді селт еткізеді. Ойға жарық сәуле дарытады. Өзге жанның сезім құбылыстары, көңіл-күй толқындары бейнебір дүр сілкіндіргендей болады. Өзіңе ғана тиесілі жәйтпен қайтадан жолыққандай күй кештіреді. Атап айтар болсақ, «Қырық бірінші жылғы келіншек», «Интернат наны», «Бір нәзік сәуле», «Сол бір күз», «Жаңбырлы той», «Сусамыр» және тағы басқа да әңгімелері әрбір адам тағдырына бейжай қарауға болмайтынын дәлелдер көркем туындылар.

Жалпы алғанда, жазушы Шерхан Мұртазаның прозалық шығармаларының қай жанрын алсақ та, журналистке тән қоғамдық сипатқа ие адами, адамгершілік құндылықтары, руханият мәселелері, әсіресе, елдікке сызат түсірмеу секілді ішкі ой ағыстары басымдау сезіледі. Бұл, әрине, бүгінде мейір мен шапағат, бауырмалдық секілді ұғымдардың екінші кезекке шегерілген кезеңдерінде маңызы артпаса, ешқашанда кемімек емес.

Шерхан Мұртазаның билік тарапынан жоғары баға алған, Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығына ие болған көркем шығармасы – «Қара маржан» романы еді. Бұл роман негізінен алғанда Қаратау кеншілерінің өмірінен алынған, өндіріс тақырыбын өзек еткен туынды болса да, онда адам тағдыры басты назарда екендігін атап айтқан жөн. Рас, кеңестік әдебиетте белгілібір тақырыптар болды. Көркем әдебиетте өндірісті, жұмысшыларды, компартияны, коммунистерді, олардың бейнелерін ашып көрсету секілді арнайы тапсырыстар болды. Десек те, бұндай тапсырыспен жазылған шығармалардың бәрін күресінге лақтыра беруге блотмайды. Олардың арасында көркем әдебиет талаптарына сай, оқырманның сүйіспеншілігіне бөленген шығармалар да аз емес-ті. Бұндай көркем дүниелерді қазіргі уақыт талабы биігімен бағаласақ, көп нәрсеге қанығамыз. Белгілібір уақыттың өмір шындығын көз алдымыздан өткереміз. Қалай десек те, әдебиет – өмір шындығы емес пе.

Ал шындықты әспеттеу қай әдебиетке болса да басты қағида. Романдағы басты кейіпкерлер – Нариман мен Жарас, Ақан қарт, Әділ, Мәрзия, Таңшолпан бейнелері дара мінез иелері. Олардың іс-әрекеттері көркем әрі шебер суреттелген. Әрбірі оқырман есінде дара күйінде сақталып қалады.

Шабыты шалқар Шерағаң өзінің айтулы тарихи романдары – Тұрар Рысқұлов жайлы көркем туындылары арқылы – қалың оқырмандардың назарында болды. Тұрар Рысқұлов – халқымыздың біртуар азаматы. Оқығаны, көргендігі мен көрегендігі, мемлекеттік

қызметтегі қайыспас қайсарлығы мен дипломатиялық бейімділігі Шерағаң романдары арқылы оқырман жадында жатталып қалды. Күрделі кезеңде өмір сүрген, сол уақытқа еңбегі сіңген тұлғаның трагедиялық тағдыры әлі де көпті ойлантады.

Өзі қызмет жасаған жүйе өзінің табанында таптаса, әрине, қитұрқы саясаттың жемісі бұл. Ұлттың ішінен іріктеліп шыққан ұлы тұлғалардың көзін жою арқылы тобырлық көзқарасты балалатудың нышаны деп ұғынамыз біз бұны. Текті, тектілікті сыйламаған жан өзге елдің де құрметіне бөленбестігін айшықтаған жылдар еді ол. Солай болды да. Қазақ даласында ханы да, батыры да, биі де, халқы да әдірем етілді. Ханы жауыз, батыры ойдан шығарылған құрдақырт, биі ескі заманның қалдығы, халқы көшпенді деген теріс атақты жамылды. Береке басы – бірлік деген ұлағатты жаттап өткен ен дала перзенттері бір-біріне алакөзденіп, алауыздықтың ащы дәмін татты. Айдалды, атылды, тәркіленді, ашаршылыққа ұшырады. Топ бастаған айтулы көсемдері болған дана ел табанынан тозды. Бұл – ұмытылуға тиіс емес жағдаяттар. Көркем шығарма оқырманның намыс отын жағады. Өше бастаған рухты үрлейді. Бейнебір, сөндіріп алмағайсың деп ескерткендей. Ұлағат танытқандай аңғарылады.

Жазушының тарихи роман жанрында жазылған «Қызыл жебе» атты кітабы, әрине, өз уақытының көрінісін дәл бейнелеген туынды. Мұнда кеңестік кезеңнің көсемін әспеттеу, оның саясатын қолдау да бар. Әйтсе де, бүгінгі күн тұрғысынан алғанда, бұған мүлдем өзгеше пікір қалыптасқандығы мәлім. Сол себепті тарихи романды белгілібір уақыттың шынайы шындығы, сол жылдардың тарихи-көркем жылнамасы, шежіресі деп қабылдауымызға әбден болады. Тарихи шығармадағы тарихи деректерді зерделеумен біргелікте, автордың ұлттық мүдделерді басты нысана етіп, бойға сіңіргені, жүректен өткізгені айқын аңғарылады. Осы тұрғыдан алғанда, Шерағаң ұлтымыздың бірегей ұлдарының бірі – Тұрар Рысқұловтың талайлы тағдырын өзіндік сюжет, дара мінез арқылы ойдағыдай көрсеткендігі оқырман қауымға аян. Кеңес өкіметі тұсында тарихымыз бұрмаланды. Сол себепті, бүгінде Тұрар бейнесі арқылы төл халқымыз өзінің ерлеріне, еліне деген сүйіспеншілігін арттыра түсті. Оқырмандар кезінде жылы қабылдаған шығарма болды бұл. Тұрардың жас кезінен бастап суреттелетін оқиғалардың барлығы дерлік есте қаларлықтай байыпты, тыңғылықты өрнектелген туынды деуіміздің себебі сол. Жазушының жетістігі мен шеберолігі сонда, сол замана уақыты мен кейіпкерлер дүниесінің іс-әрекеттері,

сөйлеген сөздері мен оқиғалар тізбектері жасандылықтан ада. Шынайы, табиғи қасиет кітап беттерінен мен мұндалап тұрады.

Жазушының бақыты да, мақсат-ниеті де осы емес пе?! Туған тілі, өз діні, төл дәстүрі, жол-жобасы бар елсің, адаспа, өзгелердің ішінде жоғалып қалма, өздігіңді, қазақи болмысыңды сақта деп тұрғандай сезімде боласың.

Жазушының және тағы бір қыры драматургия екендігі мәлім. Шерағанның «Сталинге хат», «Бесеудің хаты» драмалық шығармаларының да кезінде аншлаппен өткендігі әлі де есте. Неге? Негесі сол, отарлық сана меңдеген ой-пікір тәуелсіздікке ұмтылды. Біз де елміз, халықпыз. Жеріміз, суымыз бар. Өткеніміз тұнып тұрған тарих. Соны елейік, екшейік. Ұмытпалық, ұлағатты ұрпақ дегендей, сананы сәулелендірген драмалық, трагедиялық сахна қойылымдарын көрермен қалайша ұмытпақ. Жоғарыда аталған драмалық шығармалар құнының тым жоғары болу себебі осында болатын. Отар елден тәуелсіз елге бет бұрған ұлт өз рухын іздей бастаған шақ еді ол.

Пьесаларының тақырыптық, мазмұндық, тағылымдық ерекшелігі – оның көркемдігінде, көсемсөздік сипатында, тәуелсіздік мұраттарымен үйлесе, қабыса байланысқандығында еді. Мұнда да еліміздің тарихында елеулі із қалдырған тарихи тұлғалардың мінездері, сөздері, сөз қолданыстары, көзқарастары дара күйде бейнеленеді. Бір-біріне мүлдем ұқсамас кейіпкерлер әлемі өзіндік түр, сипаттармен есте қалады.

Шерхан Мұртаза шығармаларының арасында өзіндік қасиетімен қазіргі қазақ әдебиеті тарихынан өз орнын ойып алатын туындыларының бірі – «Ай мен Айша» романы және «Бір кем дүние» атты терең пәлсапалық, ғибратты кешен еңбегі. Бұл еңбектер қазірде кітап таралымы кемшін тартқан кезде оқырман қолына толық жете алмауда. Десек те, бүгінде көзіқарақты оқырман айтулы қаламгердің қаламынан шыққан дүниелеріне, теледидарда яки радиодан естілген үніне құлақ асудан әлі де бір танбаған. Өйткені, Шерағаң шерткен сыр жеке өзінікі болса да, ұлттың үніндей күркірей естіледі. Көктемнің найзағайындай бүкіл болмысыңды, жан дүниенді ауыр тарта бастаған ой-күдіктерден арылтады. Дүркіреп, атойлап айтқан сөздері сәуір жаңбырындай тәуір күйге енгізеді. Жаның бір жадырап қалады. Қаламы мен үні сәйкестік тапқан, өзара үйлескен жазбагер жанның бір ерекше сипаты да, мінеки, осындай.

Шерағанның қазақ әдебиетіне қосқан үлесі өте мол. Қаламгердің осы орайда аудармашылық қасиетін айтпасқа лаж жоқ. «Адамзаттың

Айтматовы» деген атақты айдай әлемге таратқан да Шерағаң бастаған журналисттік жалынды басылым беттері еді. Шыңғыс Айтматовтың бірқатар романдарын қазақ тіліне тәржімалап, насихаттау жағына тер төккен Шерағаңның аудармашылық-шығармашылық еңбегінің өзі бір төбе. Әлемдік әдеби үдерісте де көркем аударма ісі ерекше рөл атқарады. Ауыр да азапты жұмыста айтулы қаламгер қазақ оқырмандарына заңғар жазушының көркемдік-философиялық әсем де көрікті әлемімен қауыштыруының өзі үлкен ерлікпен барабар.

Шерхан Мұртаза ел тәуелсіздігіне аянбай қызмет жасады. Еліміздің телерадио саласын басқарып, ұлттың мақтанышына айналды. Ұлттық бағдарламалар санын көбейтуге мүдде танытты. Соның арқасында бүгінде кәсіби білігі жоғары, замана талабына сай журналистік корпусы жасақталды. Бұл топ қазірде тәуелсіздік міндеттерімен тікелей айналысуда. Атқарылған істер, атқарылмақ шаралар аз емес дейді ел басындағылар. Дұрыс сөз. Ең бастысы – елде тыныштық бар. Ынтымақ бар. Солай болғанына тілек қосамыз. Ынтымағы, берекесі жоқ елдердің құрдымға құлайтынын тарих ескертудей-ақ айтуда. Оның бетін әрі қылғай. Бұны неге айтып отырмыз? Айтпағымыз, тәуелсіз еліміздегі жасы сексеннің сеңгіріне көтерілген көрнекті Шерағаңмен мақтанатынымыз. Ел ағасы дәргейіндегі Шерағаңның шығармаларын жата-жастана оқитынымыз. Туындылары көркем. Кітаптары байсалды. Дүниелері салмақты. Алай-дүлей ойларыңды сабырға шақырады. Жұқарған жүйкеңе жайдарылық дарытады. Ашуға мінген мінезге тізгін тартқызады. Шерағаң шығармаларын оқығанда сондай-сондай мінез иесі боласың. Бұл өзіңе де, өзгеге де бүгінде табыла бермейтін қасиет. Проза, драматургия саласында өнімді еңбек етіп, журналистикада публицистиканы көркем әдебиет биігіне жеткізген Шерағаңның шабыты әлі де талай-алай еңбектерге өзек болатыны сөзсіз. Көрнекті жазушы шығармаларына әр заман, әр уақыт өзінше баға берері де хақ. Өйткені, қаламгер де өз заманының перзенті. Ал уақыт, бәрібір, өз көрінісін, бейнесін қаламгер туындыларында бедерлейді. Сол себепті де Шерағаң туындылары арқылы кешеге, ал тарих үшін ХХ ғасыр аталатын заманның небір оқиғалы, небір тағдырлы сәттерін көз алдымызға елестетеміз. Еске түсіреміз. Жадымызды жаңғыртатын қаламы қарымды Шерхан Мұртаза есімді қазақ әдебиетінің өр тұлғалы өкілінің бар болғандығы, шын мәнінде, үлкен бедел, зор айбар.

Шерағаң шығармаларының құндылығы мынада, айтулы қаламгердің әңгімелері, повестері және романдары ешкімнің ескертуінсіз-ақ оқыла береді. Өзінше оқылуында дер едік. Себебі сол, қалам қуаты аса мол жазушының айтар ойы халқымыздың шебер тілімен айшықталған. Байыпты сөздерімен бейнеленген. Кесек те, нұсқа, көшелі де өрелі сөз бағытын аңдаудан адаспаған тау тұлғалы қаламгер елдің рухы биік болуын, намыс оты жай оғындай жарқырай түсуін әманда есте тұтатындай көрінеді. Біз білетін Шерағаң, мінеки, осындай әрдайым шабытты шағында жүретіндей сезіледі. Сол үшін де ұлғайған жасты серік етуге бет алған ұлы оғланымызды шабыттың жарқын белгісіндей болған қанатты пырақтың үстінен үнемі көре бергіміз келеді.

Нұрғали ҚАДЫРБАЕВ
Көркем әдебиет көкжиегі
(ғылыми-әдеби зерттеу), Алматы, 2016ж.

АЙША АНАДАН ТУҒАН ШЕРХАН-БАРСХАН

«Журналист үшін сынақтың ең үлкен түрі - іссапар. Сонда біліктілігі, азаматтығы танылады. Жазып келген мақала, очеркінен кісімен тіл табысуын айнадан көргендей боласың», - дейді Шер-ағаң бертінде берген бір сұхбатында. Бұл тек журналистке ғана емес, өмірдің өзінен жазу мәселесінде күллі шығармашылық адамдарына қойылар талап. Оның ұғымындағы қаламгер алдымен азамат болуы керек. Жазу содан кейін. 1986-дағы толқу кезінде (әлі жанышталмаған, жастар алаңда жүрген) кабинетінде түнеріп отырған «Қазақ әдебиетінің» Бас редакторы «өткендегі материалым не болды?» - деп алдына кірген бір замандасын айғай сап қуып шығыпты:

- Бүгін материал іздеп жүретін күн бе еді?!.

Міне, Шерхан ұғымындағы Азаматтық! Кісілігің болмаса жазуыңның да, басқаңның да құны көк тиын.

«Жас адамның тағдыры көбіне қолдаушысына байланысты», - деп, көк өрім талапты жастарға жол ашқан, жарыққа шығуына көп ықпал еткен Шерхан Мұртаза қазақ руханиятында «Шерханның шекпені» деген ұғым қалыптастырды. «Күндіз

журналист, түнде жазушы болған» атақты Редактордың қолы тиіп кеткен басылымның жанданып жүре беретіні де тегін болмаса керек.

Бесінші сыныпта не түсіне қойдық екенбіз, әйтеуір, әдебиет пәні мұғалімінің тапсырмасымен «Тамұқ» романын оқығанбыз. «Тамұқ» - «Қызыл жебе» хамсасының түйіні екенін кейін білдік. Енді бүгін қайталап оқығанда осы жұмсақ көк мұқабалы кітаптың соншалық әсер еткенін түйсіндік. Әсер жаңарады екен - бәрі еске түскен, әсіресе, Тұрардың атылар алдындағы соңғы тілегі, өлімге қарай қадам басқан сәтіндегі кейіпкермен бірге дегбірінді алып біткен бұлың-бұлың тас қабырғалар ішіндегі бітпейтін жол, сынған көзәйнек, алғашқы оқтың бір құлағын жұлып түсер сәті - әлгі азапты минуттарды соза түскен; Сосын... Сосын бәрі біткен. Соңғы демге дейін әлдеқайдан бір құдірет келіп құтқарып алардай арпалысқан үміт Тұрардың нашар көретін көзінен «шырылда-а-ап ұшып кеткен» аяулы жанымен бірге түнекке айналған. Сонда тұңғыш рет авторға сүйеніп: «Адамның жаны көзінен ұшады екен», - дегенге шәксіз сеніп едік.

Соңғы тілек - тазару болатын. Жуынып жатып арса-арсасы шыққан өзіне жаны ашитын сәт Тұрар трагедиясының ең ақырғы көрінісі екен...

Ауыл шетіндегі мүрденің жанынан өткен сайын дұға қылып, бет сипауды үйрететін үлкендер. Іштей не деп айтатынына дейін аса бір ыждахаттылықпен тәптіштейтін, - әркім әрқалай айтады, - нұсқасы да аз болмаушы еді. Ал «Тамұқты» оқығаннан кейін өзімізше күбірлейтін болдық:

- Аруағыңмен қолдап, Жолбарысыңмен жебей жүр!

Балалығы арыла қоймаған сәби ерін тұңғыш рет ешкімнің ақылынсыз өздігінен күбір етті.

- Шерханның шарапаты екен. «Ол кезде бай болатынбыз», - деп өткенге аузының суы құрып отыратын әке-шешеміздің Совет өкіметі туралы жып-жылы естеліктеріне беймәлім ішкі қарсылық осы кезде пайда бола бастаған.

«Бүк түсіп Қали жатыр...»; «Зытып келем, зытым келем...»; «Атымды айта бастасам тілім таңдайыма жабысып қалғандай болады...» сынды жекелеген сөйлемдер бірге ойнайтын балалардың аузында жүретін. Тіпті, Бейімбет, Ғабит, Бердібектерден хабары жоқ, сабақта «дауыстап оқудың» өзін әрең ежіктейтіндер де қайдан келгенін, неден шыққанын білмесе де айта беретін. Осы санаулы

авторлардың ішінде Шерханның сөзі жүретін - «Әлтай нанға тоймаушы еді...».

Ойнап жүріп айтатынбыз. Алғашқы мүшелге жетсек те - ойыннан басқаға көп бас қатырмайтын бала екенбіз. Шерханмен салыстырғанда. «Ай мен Айшаны» сол кезде неге оқымадық екен...

Біз ойнап жүрген алғашқы мүшелге аяқ басар қарсаңда Шерхан ақыл тоқтатып үлгерген, вагоннан жүк түсіріп, еңбекақысын санап алып тұрып шешесінің, қарындасы мен інісінің иінін жаңартуды ойлапты. Оның сыртында бұл кезде ол Мұқановты, Слановты, Мұстафинді, Стивенсонды, Степановты, Лондонды оқыған. «Бәрі де майдан үшін!» деген ұранның аясында қара жұмысқа жұтылып кеткен балалық шақта тынымсыз тіршіліктің арасынан сыналап саңылау тапқан бұл оқу соғыстың соңғы жылы Әуезовтің «Абайына» ұласқан. Әкесі бардағы береке тұнған шаңырақта «Бөгенбай жырын» естіген, - бұл кезде бес жасар бала. Былайғы өмірде қатал көрінетін шешесінің көңілі түскенде айтатын түрлі аңыздары мен өткен күндер жайындағы жүрек қозғар әңгімелері - отты жылдардың көрігінде күйіп-жанып жүріп жетіліп келе жатқан баланың рухын қиялға орайтын, аңсарға жетелейтін.

«Жетімдік - жұрттың қабағын оқитын ілім» деген бар. Ылғи да жетімдігін, әкесіздігін айтып, «менде балалық шақ болған жоқ», - деп шағына беретін Шерханның жетімдігі - жаутаңкөз жетімдік емес. Оның жетімдігі - өз аты күстаналанған әкеге деген сартап сағыныш, бір өзі бірнеше ер азаматтың батпан-батпан міндетін көтеріп алған талайсыз шешеге аяныш, таршылықтың тырнағында шырылдап кете барған балалыққа жоқтау, аласапыран дәуірдің астында аяусыз жаншылған аяулы тағдырларға нала. Тілі кеш шыққан Абай осы «кемшілігі» үшін өз қатарластармен ойнап кете алмады, - бұл тегін кеткен жоқ, - оның айналасын алаңсыз бақылауына мүмкіндік берді. Тап-таза жады дүниені ойынмен емес, оймен таныды - абайтанушылар осылай дейді. Шерханның жетімдігі де осыған бара-бар қызмет етті. Ол - өмірді, ондағы мінездерді, пендешілікті, ізгілікті қисса-дастан, ертегі-жыр арқылы танытатын дәстүрлі тәрбие көре алған жоқ. Жас жүрек алғаш рет саусағын жайып жұмбағы көп өмірді тануға талпынғанда оның алдында дүниенің қиялдағы көрінісі емес, реалды суреті тұрды. Ұтылып қалған асығын қайтарып беретін өзінен үш-төрт жас үлкен ағаларының кеңдігі, көре қалса басынан сипап, еркелетіп бағатын ағайындас, ауылдастарының мейірімі - бес жасар Шерханның ұйқысын бұзған қаһарлы 37-нің қысқы түніне дейін ғана

жетіпті. Асық ойнаса - ұтыла беретін, үлкендердің алдына барса «Халық жауының баласы» деген зәрлі көзбен қарсы алатын сүреңсіз бір кезең орнаған. Үлкен бір жиында адасып қалып, «Мені неге тастап кетесің?!» - деп кіп-кішкентай жұдырығымен Мұртазаның бүйірінен түйгіштеп, қырсыға жылайтын еркелік - әп сәтте аунап түсіп,- шетқақпайға ұласқан. Дүниеде әділетсіздік деген түсініктің бар екенін ұғып болмай жатып тәлкекке ұшыраған баланың қиялы бүкіл шуақты өмірді артына қайыра кісенделген қолына қыса ұстап алып, әлдекімдердің ортасында қап-қара түннің қойнына сіңіп кеткен әкесін іздеп қана шарқ ұратын.

Міне, осылай... Шерхан өмірді жоқ іздеуден бастаған... Жаутаңкөз, жасық болып кетпей, ешкімге жағасын жыртқызбай күштілермен жағаласып жүріп жетілуге күш берген де осы «жоқ іздеу» болатын. Тұлпардың тұяғы, жақсының көзі деп тым сирек маңдайынан сипайтын тым сирек жандар оған қайрат беретін. Асаулығын көрсе, зият мінезін көрсе - «Жарықтық Мұртаза жігіттің бозымы еді ғой», - деп әлдебір түйсікпен ғана сезінуге болатын қастерлі, беймәлімдеу бір міндет артып, тәубелей сөйлейтін көшелі көзкөргендер бала Шерханның көзіндегі отқа май құятын. Белгісіз бір түйсікпен жоғалған әкені өз бойынан іздей бастағанын өзі де байқамаған. Оны жасытпаған да осы болатын. Қанша қиянат, жәбір көрсе де қасарысып тұрып алатын діні қатты безіреуік бала оңашада ғана жылап алып жүріп ер жетіпті.

Жігерін жоқшылық жаныған, таршылыққа қайралып жетілген Шерхан тумысынан күйреуік жан емес-ті. Жазушының қолтаңбасы - мінезінен. Ол жазуға келгенде де тастай берік, шектен шыққан реалист. Жүректерді қозғау үшін күйреуік, жылауық сезімдерге бой алдырмақ болды ма - сәтсіздікке ұрынады. Онда қайғылы сәттер мен әсерлі эпизодтарды берудің өзіндік тәсілі, мінезі бар. Өзі сомдаған Рысқұл сияқты ар жағын көріп, біліп тұрса да, соны сыртқа шығаруға, шексіз махаббатың көл-көсір сезімін сөзге салуға соншалық сараң. Авторлық баяндаулары тас-түйін тұратын Шерханның кейіпкерлері кейде тым елти сөйлеп кетіп жатады. Кейіпкерінің жан-дүниесіндегі толқынысты автор ретінде өзі айтпайды, өздеріне айтқызады. Кейде өз ойын кейіпкерлеріне зорлап айтқызғандай болатын жазушы ондағы қарапайым адамдардың бойына шақ келмейтінсөз айтып қойғанын байқамай қалады. «Қараңғы» Рысқұлдың білігіне автордың білімі араласып кетіп жатады. Пушкиннің өлеңін мысал етіп егіліп отырған Рысқұл мен соған дейін жазушы қалыптап үлгерген

аңғырттау батыр Рысқұл екі басқа адамға айналып кеткендей әрі-сәрі күйге салады. Мұның себебі - қиялында туған сәтті салыстырулар немесе жазушының өзін де сүйсіндіріп жіберген ойлар тізгін үзіп, көз жазғызып кететіндей алдында жатқан ақ қағазға жан дәрмен қотара құйып қалуға асығатын мінезінен. Жаратушының пендесін кейде аузынан жаңылдыратыны секілді, Шерхан сомдаған образдар да сәл басқашалау сөйлеп кетеді. Әр тарау, әр беттегі ілгері-кейін сапырылысып жатқан оқиғалар тізбегін ажыратып алғысыз бірлікте тастай қылып ұстап тұратын мығым динамика ондай кемшіліктерді жасырып қалады. Оның романдарында құлаш-құлаш пәлсапа, құшақ-құшақ тебіреніс деген болмайды. Асса бертінде жазған «Бір кем дүниесіндегідей» үзік-үзік бір қайыру толғамдар ғана. Ол неғұрлым жігерлі сөйлесе, соғұрлым құлашы кеңі түседі. «Жүрегімдегі жараны ескермеді» дегенінен «Атасына нәлет!» - деп бір-ақ кесіп тастағаны қолқа-жүрегіңді қозғауға бейім.

Тұрардың басын тауға да, тасқа да ұрған аумалы-төкпелі дәуір мен роман жарыққа шыққан жылдардың саяси айырмасы аздау болатын. Атып-асу, айдау тоқталғанмен сөзге, тілге қойылған күзет мызғымаған. Баспасөзде жариялау, кітап қылып шығарудың машақаты аз болмағанға ұқсайды. Сүзгіден өткеру, кесіп-пішу, қысқарту... Мұның бәрі шығарма жазуға ниет еткен алпысыншы жылы-ақ белгілі болған. Арба мен өгіздің бірін таңдайтын сын сағатқа жеткізбей, аралық аймақты таңдаған жазушы екі оттың ортасында аз шыжғырылмапты. Бас-көз жоқ қызыл империяны мақтай беру опа бермейтіні тағы анық. Ал ашық кетудің аяғы - құрдым. Әйтсе де, әредік іштегі қыжылды сыртқа шығарып алып отырады. Әсіресе, қазақ жерінің байырғы тарихи атауынан айрылып, қайдағы бір қара шекпен орыстарға бұйырып жатқанына наласын жасыра алмай қалатын кезі аз емес. Бірақ сонау бала күнінде Мұхамеджан Қаратаевтың сабақ үстінде әлдекімдер өзін тұтқындап әкетуге келгенде оқушылармен қоштасып тұрып қолынан журналын түсіріп алғанын көрген жазушы заманының қабағын бағып, әр құбылысын қалтқысыз танып өскен, бұл тарапта шегінер, бұлтарар кеңістік қалдырып, кеңінен қамтитын. Тұрардың аузына салады, қарапайым қатардағы шаруаның ләмінің арасына қыстырып жібереді. Ішкі мәдениеті биік жан, сөздің қадірін, замананың салмағын жақсы білетін. Айға шауып мерт болатын мәрттіктің күні өткен. Әбіш Кекілбаев туралы мақаласында: «Басқа ұлыс, ұлттардың намысын қорламай-ақ, қазақ рухын ас- қақтатты. Бояуы көп, бай көркемдікті

былай қойғанда, бұл жазушының азаматтық берік тұғырының айғағы», - дейтіні бар. Осы сөзді сол қалпында Шерханның өзіне де қаратып айтуға болады.

Осы сексеннен асқан шағында да жетімдігін, жалғыздығын, әкесіздігін айта беретін Шерхан Тұрардың бала кезін сөйлеуге кіріскенде жанып кетеді. Өмірдің әр құбылысын бұғанасы қатпаған, сарайы лайланбаған уыз кезінен бақылап үлгерген, жұрттың жетімге деген көзқарасын санадан тыс түйсікпен сезініп өскен жазушы Тұрардың жетімдігін, әкесіне деген махаббатын, сағынышын айта беруге құштар. Тұрар жетім аталар жастан өтіп, азамат болып, үлкен қызметке отырғанда да осы тақырыпқа жиі орала береді. «Қызыл жебедегі» бала Артурдың (Арман) бейнесін ойлап тауып, әлгі бір сезімдерді індетте түседі. Тұрар мен Рысқұл арасындағы жүректен тілге көшпей қойған, үнсіздігімен-ақ тым шексіз көрінетін махаббатты жырлай береді, жырлай береді. Шатобриан: «Мен өмірде қолым жетпеген нәрселерге шығармашылықта жомарт болдым», - депті. Шерханның «жомарттығы» да соған ұқсас. Рысқұл мен Тұрар арасындағы үнсіздік оның әкесіне айта алмаған, әкесінен ести алмаған сүйіспеншілік жыры еді. «Қызыл жебедегі» әкесіздік пен «Ай мен Айшадағы» әкесіздік бір-біріне ұқсайды һәм ұқсамайды. «Ай мен Айшадағы» жоқ әкенің ролі - тағдырдың тәлкегінде қалып кеткен, үміті үзілген баланың құдайға айтқан арызы деуге келеді. Ал Тұрардың әкесіздігі - белгілі бір деңгейде сырлас, сұхбаттас дәрежесіне жетіп үлгерген әке мен бала арасындағы достық. Бала Тұрардың образын да жай қиялдан ала салды деуге болмайды, ол - Шерханның өзі болатын. Тұрар-Шерхан Барсхан-Шерханға қарақанда бақыттырақ. Ол белгілі дәрежеде әкенің құшағын көрді, сөзін естіп, тәрбиесін алып үлгерді. Шерханның жөргегінде тұншыққан арманынан туған Тұрардың «бақыты» - Шатобрианның «жомарттығымен» үндеседі.

Әке мен Ана ғана емес, бүкіл бір дәуірдің суретін ұстап тұрған кейіпкерлер галереясы бір-біріне ұқсас тағдырларымен жоқшылық, аштық, қуғын-сүргін азабын аша түседі. «Барлық бақытты отбасы бір-біріне ұқсас, ал бақытсыздары әр түрлі» дейтін толстойлық өлшемге салсаңыз, әлгі тар заманның құрбаны болған ұқсас тағдырлардың айырмашылығын оңай тауып алар едіңіз. Оның дәрменсіз кейіпкерлері бермейтінін біле тұра - адамнан сұрайды, орындалмайтынын біле тұра - көктен тілейді. Қай жағынан да үміті кесілген, жеңілген бейбақтардың қасіретін жаза беретіні - қиын

күндерді ойлап кетсе, «жүрегі зу-зу ете түсетін» жазушының соншама ауыртпалықты көтеріп алған, алып қасаптан аман шыққан бақытсыз халықтың қажырына деген таңданысынан туған деуге болады. Ол жазған шығармаларда бақытты күндер аз, тіпті, жоқ деуге болғандай. 1915-ның көтерілісін көп кітаптардан шуаққа шомған бақытты өмірдің әп сәтте қиюы қашып жүре бергендей, күтпеген сүргінге тап болғандай жатырқайтын оқырман «Қызыл жебенің» алғашқы парағын ашқаннан сапырылысқан, қанға толы жорықты әлемге тап болады. Әр жаңа бетті қорқынышпен ашып, қорқынышпен жабады. Алда болатын қауіпті сәтке жақындап келе жатқанын сезеді. Біз, әдетте, алда не болатынын білдіріп алу - жазушының әлсіздігі деп жүрміз ғой. Ал Шерханның «әлсіздігі» - басқашалау. Ол ештеңені бүгіп, жасырып, әлдебір түспалдардың астарына салып сізді дінкелетпейді. Тумысынан дарыған тік мінез оған бой бермес те еді. Егер, өз табиғатынан аттап өтіп, «бұлталаққа» салуға ойы кетсе не болатынын жоғарыда айттық. Ол мұны жақсы білді. Сондықтан да тура тарта беретін. Ол өзі аттап кеткен, айтып кеткен оқиғалар мен сөздерді (өлең жолдары, ән мәтіндері, аңыз, мысалдар, т.б.) сол қалпында алдағы тараулардың бірінде айна-қатесіз қолдана береді. Тіпті, бір романнан екінші, үшінші романға ауысып жүретін мысалдар аз емес. Егер «Қызыл жебе» мен «Ай мен Айшаның» ортақ оқиғаларын санап шығуға ниеттене қалсаңыз, олардың аз болмайтынына күмәніңіз болмасын. Екі роман ғана емес, бүкіл шығармашылығындағы араласып, ауысып жүретін сюжеттер мен кейіпкерлер қаншама. «Ай мен Айшаның» жолашар сөзінде: «...бала кезде көргенім, естігенім бүгінгідей әлі есімде. Ендеше, текке күшене бермей, соны неге жазбаймын?» - дейді. Бұл ой оның басына дәл сол уақытта келе қалмағаны анық. Бұл - бүкіл шығармашылық ғұмырға созылған ұстаным болатын. Ол тіпті кейіпкерлердің аты мен оқиға өтетін орынды өзгертіп, «із жасырып» та әуре болмайды. Бәрі қаз-қалпында. Оның көркемдік әлемін түгелдей сүзіп шықсаңыз және бүкіл шығармасын бір-біріне жалғасаңыз, тұтас бір эпопеяны көрер едіңіз. Бұл эпопея - Шерхан Мұртаза жүріп өткен жолдың біртұтас жылнамасы іспеттес.

Оның тым қарапайым, асқан сұлулық пен түрлі көркемдеуші тәсілдерге жүгініп әуре болмайтын қаттылығы қай оқырманның да оқиға ішіне еркін бойлап, кейіпкерлермен қоян-қолтық араласып кетуіне шексіз мүмкіндік сыйлайды. Тұрар заманында жүрген оқушы енді бірде бергі кезеңге көктеп өтіп, Шерханмен бірге арғы

уақыттарға ойлана қарап, баға беріп отырады. Жазу үстінде ол өзін тым еркін ұстайды. Біресе кейіпкерінің артына жасырынып қалады, біресе артында жүріп жатқан соғысты ірі денесімен қалқалап алып, фонындағы оқиғаға түсініктеме беріп, алдағы күнге болжам жасап тұрады. «Қызыл жебеде» әр тараудың соңы Тұрардың болашағына нақты сілтеме жасап аяқтала беретіні кейде шектен тыс жалықтырып та жібереді. Тұрардың өмірін жазуда нақты деректер аз келтірілмегенмен, «бұл белгілі жайт қой, тәптіштеп қайтем», - деген бір мінездің болғанын аңдау қиын емес. Оның әр дерекке соншалық салқынқандылықпен қарайтыны таң қаларлық. Өзін толқытқан тарихи деталь болса да, жерден жеті қоян тапқандай өзеуремейді, әсірелеп сөйлемейді. Пентологияның соншалық кішіктікпен жазылуы - отыз жылдан аса уақытын алған зор еңбекті бір қарағанда елеусіз, қалқаға ысырып тастайтындай көрінетіні бар.

«Амандасқанда үнің артыңнан шығып, мөлііп тұрмай, дауыстап сәлем бер!» - деп қайрап отыратын адуынды ананың тәрбиесін алған Шерхан иі босап бара жатқан сын сағаттарда өзін-өзі ширатып алады. Басын тік ұстап, ешкімнің алдында жарамсақтанбайтын, шығармашылық әлемінде де намыс пен ізгілікті бірінші қатарға қоя беретін жазушы бала күнінде ауылға демалысқа келген (соғыс кезінде) Бауыржан Момышұлының айбынына таңдана тамсанса, кейін, «Лениншіл жастың» редакторы болып тұрған кезінде қабылдауына тұңғыш кірген Оралханға:

«...босаға жақта сазарыңқырап, басын бір кегжең еткізген кезде толқын-толқын болып, иығына дейін төгілген қара шашы желп-желп ете қалды. Көзі аш қасқырдың көзіндей екен.

Мен қашан: «Отыр», - дегенше кекірейіп тұрды да қойды», - деп сүйсінетіні бар. Ол кісі баласының бойындағы осындай мінезді ең алдымен бағалағанға ұқсайды. Баяғы бала кезінде; «әкеңнің аты Мұртаза емес, Нұртаза болу керек, түзеп жазайық, әйтпесе, интернатқа оқуға қабылданбайсың», - дегенде табандап тұрып алатын, ақырында, өзінің фамилиясынан қате тауып: «Сіздің фамилияңыз да Көроғлы болу керек қой», - деп күмілжи тұрса да айтып салып, оқудан күдерін үзіп есікке беттей бергенде, әлгі директор тоқтатып алып, ризашылықпен арқасынан қағыпты. Қорлығы өткен бригадирге айыр ала жүгіріп, сотқа салар қауіп төнгенде қашып кетіп, паналап барған нағашылары: «Мына жиен бүлдіріп келіпті», - деп ырза кейіппен кеңк-кеңк күлгенде де Шерханның намысы қайралып жатқан.

Осыған ұқсас «Қасқырдың тарамысы» деген әңгімесінен бір үзік: «Ауылдарынан оралып, дорбаларын артынып, қарындары да, көңілдері де тоқ, аулаға абыр-дұбыр кіріп жатқандарға жауыға қарап, үйдің төбесінде мұржаға сүйеніп тұра бердім. Жалпандап алдарынан шыққым келмейді. Бірдеңе дәметіп тұр-ау деп қала ма, кім біледі. Тек иесіз ала канден Тузик те шала курсак, жуындысыз қалып еді. Енді намыссыз неме, иттігін істеп, жағымпазданып, жаутаң-жаутаң етеді. Сонда Әлтай дейтін таңқы танау:

- Тузик, Тузик! Мә-мә, - деді. Тузик байғұс күйрығын шыр-пыр болып, құлдырандай жүгіріп, Әлтайдың алдына жете бере жер бауырлап жата қалып еді, Әлтай оны қара тұмсықтап теуіп кеп жіберді. Тузиктің қаңсылаған даусы сонда бүкіл жарты Әулие-Ата әлеміне естілді-ау деймін. Жыла, сорлы, нең бар тілемсектеніп». Иесіз (!) иттің өзінен намыс іздейтін Шерхан үшін біреудің алдында жер болып, иініне су кетіп жүнжіп тұрғаннан артық қорлық жоқ. «Ай мен Айшада» қарауыл солдаттан таяқ жесе де, орнынан сүйретіліп тұрып, қайта-қайта бас иіп, ыржиып күлетін тұтқын жапон туралы да дәл осындай үкім шығарады. «Қорқақ!» - дейтін.

Ол ерлік пен ездікті алдымен адамның көзінен іздейді. Оның санасындағы идеал тұлғаның көзі шоқтай маздап тұруға тиіс. «Көзі шоқтай жанып тұрды», «Жанары оттай маздап тұр екен», «Шырақтай жарқырап тұрған көзге тура қарау мүмкін емес еді» сияқты тіркестер Шерхан дүниетанымындағы адамдық сипаттың негізгі ұстын-тіректері. Былайғы кезде қабағы қату, жүзі сұсты жазушы адамның батыр болмағы оның рухында, жүрегінде, ұятында екенін қайталап айта береді. Ол сомдаған Тұрардың көркем образы - осындай қасиеттердің жиынтық бейнесі. Батырлық, білімдарлық, қайраткерлік, азаматтық, ерлік - бәрі-бәрі Тұрардың бойында тоғысады. Рысқұловтың көзіне тура қарай алатын жан жоқ жалғанда. Тіпті, кітаби көркем Тұрардың көзіндегі от кейде оның бойындағы басқа қасиеттер мен кісілік тұрпатын жарығымен қарықтырып, көрсетпей тастайды. Көз алдында шағылысқан жарықтан оқырман өмірде болған, тарихи Тұрардың келбетін анықтап көре алмай пұшайман хал кешер еді. Оның өзі сомдаған тарихи кейіпкерлерге деген шексіз махаббаты кейде Тұрарды грек аңыздарындағы қудай тектес ерлерге ұқсатып жіберетін. Рас, қанша таяқталса да, қаншама азап көрсе де аяғын нық басуға, езуінен аққан қанның өзін жауынан жасырып бағатын намыс - Тұрардың ақиқат жүзі. Тұрардың көп қатерлерден

аман шығуының себебін тәптіштеп жатпай, «Барды, көрді, жеңді», - іспеттес қысқа ғана қайырымдармен аттап кете беретін жазушы бас кейіпкерін кейде атса оқ өтпейтін, шапса қылыш кеспейтін ертегілік қаһарманға айналдырып жібереді.

Шығарма аясындағы белгілі бір кезең адамдарының портретін беруде ұлттық наным-сенімдердің өзін аттап өтетін Шерхан қаламы кейіпкерлерінің аузынан қақпайды. Құдайды жоққа шығара сөйлеу большевиктерге тән негізгі міндет. Замана суретін беруде ол ештеңеден тартынып қалмайды. Әлдебір кейіпкері құдайды қарғап, зар-наласын айтып жатады. Енді біреулері қазақтың өткенін мансұқтап, ел емес, «баран» болғанын шыжғырып, бетке басып отырады. «Қызыл жебенің» екінші, үшінші, төртінші кітаптарындағы коммунистік ұрандар бір қарағанда адамды мезі еткендей де. Ат үсті қараған адамға автор коммунистік партияны жырлап отырғандай да әсер етеді. Осының бәрі осы үш кітапты оқуға біраз күш түсіреді. Цензурадан өтеді-өтпейді, ол бөлек әңгіме, мұндағы басты мәселе - шығарманың көркемдік талаптарында. Ол Тұрардың көзімен бүкіл бір дәуірге баға берді, Тұрардың тұлғасы арқылы замананың суретін салды.

«Өзге тұрмақ өз шешесінен айналайын деген сөзді сирек еститін», кейде терезеге қарап, ойланып отырып «өзіне өзінің жаны ашитын» он жастағы бала бәрін білетін. Сөйте тұра қайраны жоқ, қайраты жоқ - бәріне төзеді. «Сипалағанды ит те жақсы көреді, мен адаммын ғой», - деп, қыжыртпасы қайсы, мұң шаққаны қайсы екені белгісіз екі дай сөйлейтін Шерхан жазу үстінде де түнеріп кетеді. Қиянаты тиген адамдарды көркем шығарма талабына сай қанша қырпап-жонған болса да, анығында, әлгі ашу оның көмейін бітеп тастайтын. Жазса - шағынғандай болуы мүмкін, мұндайда ең дұрысы - үндемеген. Өзіне титтей де болса шарапаты тиген жандарды айналып-толғанып, жұмақтың төрінен орын тілеп, дұғасына қосып отыратын Шерхан қиянаты өткендерге шат-шәлекейі шыға кіжінбейді. Асса Айшаның бір-екі ауыз ауыр қарғысын қаз қалпында бере салады. Оның басты ұстанымы - кісілік пен ізгілік, - жамандықты ашықтан ашық жария ете беруге сараң. Қанша жерден реалист болса да қасиетсіз Жуанқұлдардың әрекетін хабарлап қана өтеді. Қаршадайынан тістеніп өскен жазушы жетілген-жеткен кезінде солардан көрген жәбірін, теперішін айтып отыруды ар көргендей.

Айшаның «Жеттім деген жығылады, толдым деген төгіледі», - деген сөзін өмір бойы қасиетті тұмарындай әлпештеп келе жатқан

жазушы түсі аса суық, өзі айтқандай жауқабақ, сұсты көрінгенмен жазуының ар жағынан кісілік, кішілік қасиет андағайлайды да тұрады. Тұрарды жазса, соңында: «Бұл кітап сіздің зәулім тұлғаңызға лайық деп айта алмаймын. Қолымнан келгені осы болды, көке. Құдай шақтап берген күш-қуаттан, шағын таланттан аса алмадым...» - деп, тәубасынан гөрі өкініші басым лепеспен сөйлейді. Анасын жазса «Саған ескерткіш болуға жарай қояр ма екен...», - деп сөзінің әлхамын аздаған күмәнмен бастайды. Әредік шарапаты тиген адамдарды еске алса «сөзден басқа, атап өткеннен басқа қолымнан не келеді», - деп тағы аласарады. Жүректі қозғар әсерлі сәттерді әтуерін кетіріп қызыл сөзбен көмкере бермейтіні - несіне айта берейін, бәрібір тап басып, дәл бере алмаспын деген кішік мінезден туса керек. «Мұнысына сөз жетпейді. Мұндай жақсылықтың атын таппай әуре болдым», - деп ағынан жарылатын сәттері көп. Көп сөзін «...солай шығар. Мен қайдан білейін...», - деп кісімсуден аулақ, өзіне ғана жарасатын мейірімді леппен жұмсақ түйіндей салатын жыпжылы жанның мүбәрак жүзі көз алдында тұрады да қояды. Оның ұғымындағы сөздің құдіреті - адам жасаған игілік пен ізгіліктің алдында қауқарсыз, - жеткере алмақ емес. Дүниеден бұрын жаралды делінетін сөзден де жоғары тұратын тіл жеткісіз қастерлі, құдіретті нәрселер бар.

Бар-жоғы екі беттен сәл асатын «41-жылғы келіншек» аз сөзге сыйып кеткендей көрінгенмен, ар жағын әлдебір түйсікпен ғана сезінуге болатын сондай қастерлі сипатқа жеткен туынды. Қанша оқысаң да, ширықтырып әкеліп: «Неге үндемейсің, Мақсұт?! - деп Хадиша сонда шыңғырып жіберді», - дегенде тұла бойды шымырлатып ала жөнелетін шеберлікті әдебиеттанудағы «сөз арасын оқу» принципімен ғана түсіндіруге болатын шығар. «Жақсы жазылған бір әңгіме кейбір романдарға татиды», - деуші еді бір сөзінде, бұл - сондай деңгейде ғана бағалауға лайық әңгіме болар, расында...

«Осы менде әке болғаны рас па?» - деп Рысқұловщина деген жаламен Сібір айдалып, сол жақта майып болған Мұртаза бейнесін «миының түкпір-түкпірінен іздеп» отырып қалатын, шала құрсақ, жарым көңіл жүріп жетілген, «Бөлтірігін қорғаған құртқа-қасқырдай» арпалысып өткен Айша-Анадан туған ұл - Шерхан болмаса, ешкім болмас еді. Ажалдың тырнағында ысынып-суынып жатып, Айшаның құдайға жалбарған көз жасын жұтып ем қонған, «Байытпасаң байытпа, тілентпеші, жаратқан!» - деген ананың бір

ауыз ұлы тілегінің тербеуімен өскен перзент шешемді жылаттың деп бригадир Тасбетке айыр ала жүгіргенде Айша-Ана: «Менен туған ұл бар екен, тәубе», - деп көз жасын сап тыйды дейді.

Алып ананың «Менен туған ұл бар екен, тәубе», - деген қасиетті сөзін ақтау үшін де Шерхан - Шерхан болған шығар...

Мен қайдан білейін...

Алмас НҮСІП
«Қазақ әдебиеті» газеті, 15.01.2016 ж.

ҚАЗАҒЫН СҮЙГЕН ҚАЛАМҒЕР

Әдебиет тамырластықты сүйеді.

«Тұрар енді бір жиырма жылдан кейін ұлы жазушымен дос болып, өз әкесінің басынан өткен шытырман шындықты оған, арман ағысындай етіп айтып берер. Содан барып «Қараш-Қараш» туар...». (Шерхан Мұртаза. Жеті томдық шығармалар жинағы. 1-том, «Қызыл жебе», роман, 235-бет).

Бірінші кітаптың басты кейіпкері – Рысқұл. Жазушы үшін ол ерен сүйікті образ, оның аузына «Менің жүрегімде түк бар. Бірақ сол түкке қырау тұрып қалған. Пендеге пенде болып жүргенімде ол қырау ерімейді» деген сөз салады. Бұл – Рысқұлдың қылмыскер ретінде вице-губернатордың алдында қасқайып отырып жауап берген сөзі. Тұрардың әкесі аюмен алысқан, небір қияметтен аман өткен нағыз ер ретінде суреттеледі. Фольклордан шыққандай романтикалық кейіпті Рысқұл.

Қазан төңкерісіне шейінгі қазақ тұрмысының нақты суреттелінуі – романның үлкен жетістігі. Мешеу қалған ел өміріндегі күштінің әлсізге зорлығы, ал бұл ағайыншылыққа қарамайтын қара ниет қиянаттан шығар дүлейлік екенін Рысқұлдың Түлкібастағы атамекенінен 20 үй өз ағайынымен ауа көшуі растайды. Рысқұлдың туған ағасы Бердіқұлды жер мен суға таласып жазықсыз өлтірген, ұрдажық, шаш ал десе бас алатын сойыл соғар шабармандары көп Дауылбай болыс түбі бір туыс, шежіре тарқатса, Шымыр, соның ішінде Сәлік атасынан тарайды. Бірақ мынау фәни дүниенің ырқын байлық пен билік билеп тұрады екен. Осынау кеселдің бәрі отаршылдық, өз еркі өзінде жоқ, орыстың оязына бағынған қазақтың болыстық-әкімшілік жүйесінің қаншалық осал, паракор, жарамсақ,

имансыз, зәбіршіл, кісі өлтіруден тайынбас сұмпайы екенін жазушы нақты іс-әрекет, қимыл, мінез-құлық қақтығысы, әлеуметтік ымырасыздық арқылы бере алған.

Дауылбай болыс Рысқұлдың батыр бабасы, Қоқан ханы Шерәлімен қанды шайқаста қаза болған, Байзақтың қол астында жүзбасы болған Әлібектен қалған күміс ер-тоқымды оязға беріп, жағынып қалғысы келеді. Осы бір жағымпаздық феноменінен зор трагедия өсіп шығады. Ол Тұрардай қайраткердің қалыптасуының алғышарты.

Қарақойын деген тары егіп, күнелтіп отырған шұрайлы жерде Жылқыайдардың ұясын талқандап, үш ұлының үлкенін өлтіріп, кіші екеуін тентіретіп жіберуге айырылысарда ердің қасын сұраған кісәпірлік себеп болады. Оның түбінде сол кездегі әлсіз қоғамды жегідей жеген әлеуметтік теңсіздік жатыр.

«– Көке-ау! Не жаздық, не болдық? Енді не істейміз, айтсаңшы! – деп төмпешікті құшақтай құлады. Топырақ жып-жылы екен, бетінен Бердікұл сүйгендей тұла бойы дір етті» (167-бет), бұл көріністе аза мен бауырмалдық қатар құйыла түскен. Рысқұлдың есеюі, күрескерлік рухының ояну сәті осындай азалы. Ал бауырмалдықты озбыр Дауылбай басқаша қабылдайды:

«– Атама Сәліктің атын! – деді болыс шегір көзін ежірейтіп. – Сен Сәліктің шіріген жұмыртқасы. Сәліктің басқа баласының бәле-жаласы сендермен бірге кетсін!» (178-бет).

Бұл аталасы Бердікұлды жазықсыз өлтіріп, Дауылбайдың қорынбай айтып тұрған арсыз сөзі. Қиянаттың бет-пердесі қандай дәл. Жазушының шеберлігі психологиялық детальда айқындалады. Дауылбай кім? «Кешегі Қоқан заманында сарттардың бегімен қосылып сорушы еді бұның әкесі елді, енді орыстың оязымен қосылып ойсыратып барады» (156-бет) дейді бір ағайыны Ахат ол туралы.

«Қызыл жебе», романның бірінші томы тегіс Тұрардың әкесі Рысқұлға арналған. Рысқұл болмаса, Тұрардай қайраткер, күрескер ұл тумайды, соның үшін әкенің рөлі айрықша дәріптелген. Бұл ретте Шерхан Мұртазаның қалам таңбасында ұлттық әдебиеттің ауыр жүгін Толағайдан бетер бір өзі арқалағанда ауырсынбаған кемеңгер классик жазушы Мұхтар Әуезовтың игі ықпалы тиюі заңды құбылыс. Өйткені, қазақ прозасындағы роман жанрының бастауында тұрған ірі эпопея – «Абай жолы» кейінгі қазақ жазушыларының баршасына ықпалын тигізгені қылаусыз шындық.

Негізінде, жазушы Рысқұлды сүйіспеншілікпен суреттейтіні сонша, оның бір бойында әлем жаралғалы дүниежүзі халықтары әспеттейтін барша романтикалық кейіпкерлердің мінезі, қаһармандық тұлғасы қосылысып кеткен. Рысқұл бейнесінде орыс, ағылшын, парсы, қазақ, үндіс, т.б. мықты әдеби персонаждардың қосындысы тоғысқан. Рысқұлдың сотталып, итжеккенге, Сібірге айдалған тұстарын суреттеуде башқұрттың ұлттық батыры Салауаттың рухы қайта-қайта жаңғыра бермегі де соның айқын белгісі. Рысқұлдың әйелі Избайша декабристердің әйелдері сияқты ерінің артынан кетуге пейіл: «Етегінен ұстап жүрсем Барсакелмеске кетуге де разымын» (216-бет).

Рысқұл Жылқыайдаровтың бейнесінде, қазіргі тілмен айтқанда, кәдімгідей жарқырауық гламур болуы соның әсерінен екенін ұғу керек. Бұл жазушы үшін, реалистік проза үшін теріс шықпағаны және таң қалдырады.

Саймасай бай мен Рысқұл арасындағы ымырасыздық, дау-жанжал ғұмыр бойы жалғасып, күштінің өктемдігінен әбден ушығып, үзілер тұсына таянғанда дилемма тудырған қайғы-шер.

Саймасай – Қызыл жебедей көз құрты, көңіл жегісіне айналған қас жүйрікті сіңіре алмасын ұққанда қызғаныштың қара иіріміне батып кетеді. Рысқұлға ұрлатып алып, жүйрікті дереу бауыздатып жібереді. Сонда барып ер Рысқұл қандай қиянатқа белшесінен батқанын түсінеді, араша түсуге үлгере алмай қалады. Құлагер феномені оның құрбандыққа шалына беретінінде болып тұр. Расында, осы бір ащы шындық жануарлар үшін ғана емес, адамдар арасында әбден бекіген ақиқат. Бір ғана мысал: қазақтан дара туған бұлбұл әнші Күләш Байсейітованың тағдыры тура осы халды қайталайды. Артық туған, өнері күдіретті болғаны үшін Күләш күншіл әріптестер тарапынан бақталастықтың құрбанына айналды.

Қызыл жебенің өлімі – қазақ даласындағы жаңа бір қанды кезеңнің басына айналды. Ендігі құрбандықтар жылқылармен қатар адамдар боларына анық берілген белгі. Романда Рысқұлдың Қызыл жебенің қаны үшін кек алып, қанға – қан, жанға – жан деп ант беріп, жылқының құнын адаммен алатын тұсы өте нанымды мезет. Қызыл жебе – киелі жануар, оның асыл қаны Саймасайды ұзаққа жібермей, өлімге бастады.

Болыстық, бағландық – әділетсіздіктің өзегі болып шықты. Баяғы дара билер, қара қылды қақ жаратын дана билер заманы

келмеске кеткен екен. Ендігінің болысы қандай аяр боларын Абай әсіре әшкере қылды.

«Қызды-қыздымен Тұқымбай да бармағын басып қалды. Рысқұлда кегі кеткендіктен емес, болыстардың тізімінде жүргенді үлкен ырым етіп, ішінен: «Е, әруақ, қолда, қолда, қолда!» – деп үш қайталады» (118-бет).

Болыс болдым, мінеки,
Бар малымды шығындап.
Түйеде қом, атта май
Қалмады елге тығындап.
Сүйтсе дағы елімді
Ұстай алмадым мығымдап.
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Жай жүргенде бір күні
Атшабар келді лепілдеп:
«Ояз шықты, сыяз бар»,
«Ылау» деп, «үй» деп дікілдеп.

Абайдың «Болыс болдым, мінеки» атты өлеңідегі психологиялық портрет мұнда айна-қатесіз дөп тұр.

Романның атауын көтеріп тұрған Қызыл жебе – жылқы, қас жүйрік, әдеби астарда – тектік нышан, символ. Расында, ол Ақан серіден Илиясқа ауысқан рух, қазақ халқының Құлагеріндей аза жылқы. Рухсызданудың құрбаны. Оның құрбандыққа шалынып кетуі құдай берген ең асыл қасиеті – жүйріктігінен, артық жаралған қанатты пырақ болуынан. Шерағаң жылқы мен қазақты астастырып, тамаша ассоциация жасай білген. Қызыл жебе – Тұрар Рысқұлов. Уағы келгенде, 1937 жылғы репрессияның қанды қасабында қазақтың артық туған ерлері шалынады, соның бірі – сол. Ер мен оның аты біртұтас кентаврлық сипатта асқақ көрінетін патриархалдық тұрмыстан енді қол үзе бастаған жаңа дәуірге бұл символ бек жарасып тұр.

Жылқыны исі қазақ қастерлейді, жазушы бөріні тотем тұтуын мына бір сөзі айқындайды: «Көк біздің қасиетті киеміз ғой. Көк Түрік заманында көк байраққа алтындап, Көк бөрінің басын салып қояды екен. Сол тегін деп пе едіңіз?! Тегін емес қой. Қазіргі көк байрағымызға:

– Бөрінің басын салайық, деп ұсынғанымда, кәдімгідей ақылды, биік дәрежелі, лауазымды адамдар күлді:

– Ай, осы жазушылар-ай, қайдағы жоқты айтады, – деді. Амал не, көп айтса көнесің-дағы. Мейлі, келер ұрпақ бізден гөрі парасаттырақ болса, түзетіп алар». (Шерхан Мұртаза. 4-том. «Ай мен Айша», роман, 47-бет).

Романның екінші кітабы тұтас Тұрар бейнесіне арналған, өсу, азамат болу, қайраткерге айналу жолдары тегіс берілген. Сондай-ақ, бұл саяси том әрі деректі прозаға айналып кетеді. Совет өкіметінің қылышынан қан тамған алғашқы басшыларының портретін беру жазушыға қаншалық күрделі болғанын оқырман сезуі тиіс. Жазушының деректілік үшін инемен құдық қазғандай жұмыс істегені анық. Алайда, білікті тарихшы қауым ғана терең объективті сараптай алатын советтік көсемдердің портреттері қаншалық дәл шыққанын айта алмаймын. Бұл мен үшін өте қиын міндет.

Өйткені, бұл кезеңде құдай туралы ұғым аласарды. Көсем – жеке бастың табынуына, пұтқа айналды. Ал пұт құдайлар қисапсыз құрбандық тілеп тұратын тажалға айналғанын А.И.Куприн тәрізді реалист жазушылар астарлай жазды. Заманға сай әлдебір өзгерісті, ескіні терістеуді мына бір ойдан айқын көруге болады: «Руына тартқан – ұрлықпен тең. Табыңа тарт» (428-бет), бұл – пролетарлық идеяның ұшығы.

Романның көлемі трилогияға дейін ұлғаюы қазіргі заманғы әдебиет үшін құптарлық іс емес. Себебі, артық тұстардан айналып өту мүмкін болмай қалады.

Кітапта автордың афоризмді сүйетін табиғаты жиі ұшырасады: «Бақ қонған жерге күншілдік үйір болады» (36-бет), «Дүниеде оттан таза нәрсе жоқ. Отта арамдық болмайды» (19-бет).

«Қырық бірінші жылғы келіншек» – Шерағанның үздік әңгімелерінің бірі.

Бұл, расында, диалог түрінде берілген монолог, кеудесін әбден сағыныш меңдеген жалғыздікті жесір кемпірдің қайғы-шері. Көзіне елестеп, жас кейпінде сағымдай толқып келіп, жанында отыратын асыл жары – Мақсұтқа Хадиша ол соғыста қаза тапқаннан бергі 28 жылдың ішінде көрген азабын кәдімгі ауыл ішінің ұсақ-түйек назы, қазақы болмыстан алып, шер тарқатып отырады. Расында, оның күйеуінің әруағына шағынғысы келгені Шалабай қайнысы өзін ескермей, қызы әкелген қоржынның аузын болып-толған Ақшай кемпірге ашқызғаны жай әншейін сыныққа сылтау ғана. Жалғыздықтың зарын, шермендені қалай жұбатуды тірісінде ешкім білмесін жазушы астарлы сипатпен береді. Соғыстың қасіретін

басқаша беру мүмкін еместей оқырман қоса өкситін қылып береді. Хадиша – жазушының сүйікті, нысаналы кейіпкері болғандықтан, оны бір әңгімеден екінші әңгімесіне көшіріп отыруға Шерағаң ықыласты: «Шекшек шырылдайды», «Соғыстың соңғы жесірі».

Хадиша – автор үшін, соғыс басталғанда небәрі тоғыз жасар ұл бала үшін өз анасының прообразы.

«Ай мен Айша» атты ғұмырбаяндық романдағы Айша ана мен Хадиша кемпір – ерлері қан майданнан оралмаған тағдыры бір ауыл әйелдері.

Хадиша күйеудегі жалғыз қызының қолында, қартайғанда жиендерін ес көріп отыруына болар еді, бірақ ол тым ескірек, қаймағы бұзылмаған қазақы дәуірдің адамы болған соң, мұны тағы місе тұта алмасы анық. Сондағы дәлелі – «Сенің түтінің өшпесін дедім, Мақсұт». Ескі қазақ дүниетанымында от – өмірлік күш, тазалық символы. Отты өшіру кешірілмес күнә саналатыны сондықтан. Түтін идеясы қазақта тұқым, тіршілік идеясымен өзектес. Психологиялық иірімде жалғыздықтың уытына әбден көндіккен, соған тіпті бауыр басып алған, көкейінен өшпейтін жастық кезеңінің сәулелі сәтімен ғана өмір сүруге бейімделген жесірлік феномені мұнда тайға таңба басқандай тұр.

«Ай мен Айша» бұл романды екі мәрте оқыдым, жалықтырмайды. Роман – дайын киносценарий. Келешекте Шерағаңның осы романы көркем фильмге айналарына шүбәсіз сенемін. Балалық шақтың уыздай бейнесі күмән тудырмайды, сол екіталай ауыр кезеңнің қалыбы боямасыз беріліп, ел мен жерге, ұшқан ұя, туған анаға деген сағыныш жұмсақ, сүйінішпен дәріптеледі. Үш баланың анасы Айшаның өлім алдында жатқан сәтіндегі бақсы кемпір Аққыздың жасаған емі бір ұлттың анасын аман сақтап қалғандай әсер етеді. Бір-бірінің тілеуін тілескен ағайынның бауырмалдығы ашылады.

Шерағаң прозаның кіші жанрында талай дүние тудырды. Оның әрқайсысы бір-бір психологиялық айқын портрет, адам тағдыры, әрі жазушы адамдарға деген сүйіспеншілігінен айнымайды. Адам баласына өшпенділік пен қарғыс, қара таңба басу, кесірлік бұл әңгімелерде ырымға жоқ. Өйткені, Шерағаңның жүрегінде құдай берген мейірім сәулесі, өмірсүйгіштік ерекше қасиет бар. Өзі суреттеген сәттей: «Алматының аспанында да жаңа көктемнің толғағы бар. Көгілдір, түпсіз көк әлем. Бір қылау жоқ, бір қылпық жоқ» («Қызыл жебе», 220-бет).

Сол әңгімелерден ерекше ұнағаны – «Нахал торғайлар».

Қазақстанның халық жазушысы, қоғам қайраткері Шерхан Мұртазаның еліне деген перзенттік махаббаты, сағынышы, Шеруайымы осы әңгімеде астарлы түрде беріледі. Шерағаң жауыз торғайларды бөтен, келімсек, қомағай, сұмдық, басқыншы торғайлар деп атайды. Әдебиеттегі аллегория, гипербола, метафора, т.б. тәсілдерді қолданып, жазушы оның түйінін «Қырғилар нахал торғайлармен соғысқа аттаныпты» деген тәмсілмен аяқтайды. Қырғилар – құтқарушылардың қиналған елге көмекке келуіне Кенжегүл кемпірдің дұғасы себеп болады. Қазіргі қазақ халқының түйткілді мәселелерін бұлайша астарлай бере алу үшін шеберлік қана емес, ұлтын сүйген сәулелі жүрек қоса керек.

Ел біледі: баяғы текті билерге тән қара қылды қақ жарған әділдік, ұлтын сүю, азаматтық ұстаным, халқының дархан дүниетанымын шығармаларында ардақтау – мұның бәрі тегіс Шерхан Мұртазаның азаматтық бейнесінде, шығармашылық кредосында анық көрінеді.

Айгүл Кемелбаева

ҚАЗАҚ ССР МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМА

Тағдыр Аптабы

Бұл күнде «Табылған теңіз», «Белгісіз солдаттың баласы», «Мылтықсыз майдан», «41-жылғы келіншек», «Интернат наны» сияқты оқырман көңілін тап басқан талай тартымды кітаптардың авторы Шерхан Мұртазаевтың Қара маржан романы қолдан қолға көшіп, мың мыңдаған оқырман жүрегіне рухани сыр құюда. «Жазушы» баспасы бұл кітапты 1978 жылғы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығына ұсынады. Бұл жазушының бүкіл творчествосына деген лайықты баға.

Романда құлақ естіп көз көрмеген көркемдік шешім бар. Олтағдыр аптабы, өмірдің тым еркінсуі, дархан суды көтермейтін әділ соты. Бір кезде тым жақсы еңбегімен, адамгершілігімен танылған барлаушы геолог әділ кеңшілік заманы діттеген биікке құлаш ұрудың орнына ішкілікке бой алдырады. Ақыры өмір батпағына малтығып, іріп-шіріген күйінде алты мың киловаттық тоққа соғылып, жанып

кетеді. Өмірден сабақ ала білмеген адам осындай тағдыр аптабына ұшырайды деген түйін бар. Осы бір көркемдік шешім шығарма позициясы. Мысалға беделді маман, оқыған азамат, коммунист Жарас Хамзинді алайық. Оның бітім-тұлғасы өмірге сиымсыз, оқшау жан емес. Әйтседе өзімен бірге өскен Нариман Данаевқа мүлдем ұқсамайды. Базардан қауын ұрлағанда-ақ Нариманнан айлашыл. Ұядан-ақ Жарас пысықтығымен, Нариман прасатымен ерекшеленеді.

Тағдыр бұл екеуін ес біліп, етек жиғалы бір арнада табыстырып келеді. Өзінен ақыл-парасатымен озатын Нариманмен қайта-қайта істес болуға тура келеді. Мектептен соң институт аудиториясында кездесті. Мұнда да Жарас қардан өлетін шіркін емес. Наримандар тапшылыққа белшесінен батып жүргенде ол үйленіп, үріп ішіп шайқап төкті. Мұны да өмір додасында атының озғаны санады. Өзгеден қайткенде де озық көрінуі пендешіліктің, жеке бас мансабының жалаң да жұтаң айласы. Өмір диалектикасы таразысына тартып көрсек мұндай тыраштану әдетін заманымыз жат санай бастаған. Ондайлар идеялық жағынан ұмтылыс табады.

Сырттай қарап тұрсақ Жарастар жұмырттай. Тіпті, сезімталдығы мен сергектігі, сырт келбеті комбинат бастығы Ониканың мысын басады. Екеуін қатар қойса бейтаныс адам бастық деп Жарасты көрсетер еді. Алайда оның жан-дүниесі сырт бітіміне қарама-қарсы.

Шынтуайтында оның кім екені өмірлік бай тәжірибесі бар Оника да біразға дейін біле алған жоқ. Өзінің бас инженері болғандықтан көптеген мәселелерде оның ақыл-кеңесіне сүйенді. Бірақ Жарас сияқтылардың жауырды жаба тоқып жүре беруі мүмкін бе? Әрине, кімнің кім екенін уақыт көрсететіндігінде сөз жоқ. Ал уақыттың сол таразы-талқысына кезігіп қалғанын Жарастың өзі де қапелімде аңдамаған еді.

Институт бітіргеннен кейін екеуі жұмыстас болды. Осында да пысықтық танытып, Нариманның ашқан жаңалығын пайдаланып кетіп, ғылым кандидаты болып алды. Ол ол ма жұбайы екі баласымен тастап, Нариман ұнатып жүрген Таңшолпанды алып қашып, басқа кәсіпшілікке ауысып кетеді.

Елеусіз ғана өтіп баратқан уақыт тынысының оны бір нәрсеге ұрындыратындығын көкірегіңмен сезінгендейсің. Әрине, мұны автордың әлденеге меңзеуінен емес, уақиғаның өрбу эволюциясы, табиғаты арқылы аңғарсаң. Бұл-уақиға желісін шымыр ширатып берген шеберлік жемісі. Кеудесіндегі бақталастық қыжылы бұдан әрі Нариманмен бітіспеуге мәжбүр етті. Сондықтан одан аулақ жүрмек,

немесе құртып тынбақ болды. Тағдыр кемесінің ортақтығын ақыл таразысына салып көрмей қателік істеді.

Министерствоның жолдамасымен Нариман Жарас бас инженер болып істейтін Қаратаудағы Қарасай комбинатынан бір-ақ шықты. Нариманмен қоңсы қонатын жер Қарасай емес екенін әккі Жарас бірден ұқты. Оникаға кеңес беріп, Нариманды жұмысқа алдыртпау үшін айла жасап бақты. Онысынан ештеме шықпағасын бақталасын құртудың жоспар-жоралғысын жасауға көшті Ақырында Нәртас кеншінің бас инженері болып жүрген Нариманды сүріндірді. Жарастың айдауымен орынбасары Ақырапов Нариманға қастандық жасады. Қуаттылығы аса күшті амманолды пайдаланып қатерлі жарылыс жасады. Міне, уақытша Нариманның тағдыр-талқысына көлеңке түсірген де, Жарас пен Ақыраповтың түбіне кеткен де осы уақиға еді. Ақиқат, шындық жеңіп, Нариманға құрған торына Жарастың өзі түсті.

Мектептес жолдасына Жарастың жауығу сыры неде? Балалық, жігіттік шағында бір-біріне өкпелеу мүмкін делік. Соның өзін уақыт тасасында қалып өмірдің, тозып көнерген беті болмай қайта жаңғыруы неліктен? Бір бірімізбен күліп көрісіп, күрсініп ажырамайтын этикамыз бар емес пе! Балалық шақтың кірбіңін ер азамат күнгі өшпенділікке айналдыру адамгершілік бола ма? Романның соңғы бетін жапқанда, міне, осындай сұрақтар санаңда сайрап шыға келеді. Ойланасың, сезім-түйсігің селт етеді. Романның эстетикалық құны, міне, осында. Бұл шығарма әлемнің тартылыс заңы. Әсер ету әлемі.

Уақиға түйініне үңілсек мынаған көзіміз жетеді. Шәкірт шағында бұлардың «Түнгі сарын» пьесасын сахнаға шығарғаны бар. Пьеса басқарушы батыр Жантастың ролінде ойлануға Нариманды лайық көрді. Кәрім рөлін Жарасқа берген. Ал Маржан болып ойнайтын Олжабек батыр рөліндегі Нариманның бетінен сүйеді. Басқақ Жарастың жүрегінде қызғаныш, бақталастық сезім сол кезде оянған. Бұл күнде Нариманды өкшелеп тастандық қылу сондағы кек қайтарымы.

Қашаннан өмірдің ұсақ-түйек күйбеңінен туған кек ар іс емес. Ондайда жеке бас, немесе замандас арының жанкүйері деп айта алмайсың. Бұл пысықтықпен төркіндес қасиет. Одан кейін екі баласымен әйелін тастауы моральдық жағынан әшкере болуы. Ондай адамның аяушылық нәзіктік дегенмен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Ондай адамнан немесе бір келеңсіз іс-әрекет туады. Тау

ішінде табиғат керігі, бейкүнә арқарды атып алып, қуырдағынан тою тек қана Жарастай пенделердің қолынан келеді. Жарас дарынды мүсіншінің қолынан туған сәтті бейне.

Нариман адамгершілігін қастерлеп, кіршіксіздігін аялап әділет жеңісіне жеткен танымды тұлға. Балалық шағынды да оның тарылып өсіп келе жатқан сәмбі талдай түзу тұлғасын көреміз. Өмірді көріп, оң-солын таныған шақта адамгершілік бітімін нығайта түседі. Өз жолына бағыштағысы келген Жарасқа еліктемейді. Қай сәтте де адамгершілік бітіміне кір шалдырмайды.

Осы адамдар көгендегі бұршақтай кеп-келте өмірдің денеге қырқысын етеді. Жарас секілділердің көксейтіні не? Адам санасының кір-қоқыстан аршып арылту бүгін-ертеңнің ғана ісі емес. Ол заманнан заманға жалғасып барады. Жақсылық жолында күресуші ондай қаһармандар деп Нариман Данаевты, комбинат бастығы Оника мен обылыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Алмас Заңғаровты білеміз. Демек жеме жемге келгенде басым күш те солардікі. Ал, Жарас Хамзиндер мен Аманқұл Ақыраповтар бірді-екілі ғана. Ескішілдік пиғылдың ожаудағы судай сарқылып бітуге айналғанын осындай жайттан көрдік. Олар маскүнем Әділдің алты мың киловаттық электр тоғында күлге айналғаны сияқты тағдыр аптабында күйіп кетеді. «Қара маржанда» осы сияқты идеологияның зор жеңісі бар.

Кітапты оқып отырғанда, көкірегің сәулеленіп, рахат сезім кешесің. Тіпті, қайсыбір қиын сәттердің сахнасында да күрсініс жоқ, ойнақы әжуа, мақтамен бауыздай бар. Мысалы басына қиын іс түскен Нариманды алайық. Ол өмірден түңілмейді, істің әділ шешілетініне сенеді. Қабағы кірбіңсіз, шаңғы сырғытатын даласындағы қардай көңілі аппақ. Романның соңғы бетін жапқанда не заман бойы атқарып келген қара жұмысыңды автоматпен алмастырғандай жеңілдеп қалсаң, жаның жадырайды.

Ыбырай Сүйінов

МАЗМҰНЫ

БИІКТЕРГЕ БЕТ АЛҒАН	3
БЕСЕУ ЖӘНЕ БАСҚАЛАР	8
ДЕПУТАТТЫҚКА КАНДИДАТҚА КУӘЛІК ТАПСЫРЫЛДЫ	14
ЖАЗУШЫ Ш.МҰРТАЗАЕВТЫҢ «ЖАТ ЖҰРТТАН ІЗДЕМЕЙІК ПАЙҒАМБАРДЫ» АТТЫ МАҚАЛАСЫНА ОРАЙ КӨЗҚАРАС	14
КЕЛЕШЕК ПАРЛАМЕНТ ҚАНШАҒА ШЫДАР ЕКЕН?..	17
ЖАЗУШЫ. ЖУРНАЛИСТ. РЕДАКТОР.	21
ХАЛЫҚ МАХАББАТЫ	25
ЖАЗУШЫ ШЕРХАН МҰРТАЗА 60 ЖАСТА ТҰРАР ЖӘНЕ ШЕРХАН	29
КӨЗДЕ – МҰҢ, КӨКІРЕКТЕ – ШЕР	36
Ш.МҰРТАЗА: «ЖАЛҒЫЗҮЙЛІК ЗІЛЗАЛА» ЖАҢА ҚОЙЫЛЫМ ХАҚЫНДА	40
Шерхан МҰРТАЗА	45
ҚАРАШАЙ ҚАМБАШЫ	46
ҚАЛАЙЫ ҚАСЫҚ	51
ЖАЗЫСҚАН ХАТТАР ЖАҢҒЫРЫҒЫ	56
ШЕРХАН МҰРТАЗА МЕН КАМАЛ СМАЙЫЛОВТЫҢ ХАТТАРЫНА ОРАЙ	58
МЕНІ ТОЛҒАНТЫП ЖҮРГЕН НӘРСЕ	59
СӨЗДЕРІҢІЗГЕ ЖАУАП БЕРМЕСЕ ДЕ, ӨМІРДЕ ЖАҢАЛЫҚ АЗ ЕМЕС	60
АДАМНЫҢ ҚҰНЫ – АДАМНЫҢ ҚАДІРІНДЕ	61
ҚОҒАМЫМЫЗДЫҢ ІЛГЕРІЛЕУІ ҮШІН	61
АЙТҚАН ЖАҚСЫ, НӘТИЖЕ ҚАЙСЫ?	62
ҚОҒАМЫМЫЗДЫҢ ЗЕРТТЕУШІСІНДЕЙ БҰЛ ХАТТАР	62
ҚАЙСАР ЕЛДІҢ ҚАЙСАР АЗАМАТТАРЫНЫҢ СӨЗІ	63
АҚ БАТА	64
Шерхан мен Камалға	
ӘР НӘРСЕНІҢ ПАРҚЫН БІЛЕЙІК	65
ӨЗІМ ТАҢҒАЛАТЫН КІСІГЕ ХАТ	66
«ЕЛІМ САҒАН АЙТАМ, ЕЛ БАСЫ СЕН ДЕ ТЫҢДА»	66
«ХАТТАР» ҚАЛАЙ БАСТАЛҒАН ЕДІ?	67
МЕНІҢ ШЕРАҒАМ	73
Ағайынмен араздасу	
ШЕРАҒАҢА КАНДИДАТТЫҚ КУӘЛІК ТАПСЫРЫЛДЫ!	78
ҚОС ҚАҒАРМАН	78
«ЕГЕМЕН ҚАЗАҚСТАН» ӨЗ ОҚЫРМАНЫН ТҮСІНГІСІ	81

КЕЛЕДІ	
ҰЛТТЫҢ БАҚЫТЫ НЕМЕСЕ МЕН БІЛЕТІН ШЕРАҒАҢ	82
АЙШАНЫҢ ҰЛЫ БАРЫСХАН	87
ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ ЖЕЛЕКТІ ЖЕТПІСІ	90
ЮНОСТЬ ЗРЕЛОСТИ	93
ШЕРАҒАҢ ҚАШАҢҒЫ ШЫРЫЛДАЙ БЕРЕДІ?	97
ШЕРХАН МҰРТАЗА ОЙ-ТҮЙІНДЕРІ	98
ҚАРЫМДЫ ҚАЛАМҒЕР	99
МҰРТАЗА КЕҢІСТІГІ	105
МЕҢІҢ ШЕРАҒАМ	107
«ДОМАЛАҚ АНА»	115
«ТАҢШОЛПАҢНАН» «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ ҚАЗАҚСТАНҒА» ДЕЙІН	119
ӨТКЕН КҮНДЕ БЕЛГІ КӨП	123
ШЕРАҒАҢ НЕГЕ ШАМДАНДЫ?	128
ҰЛТ ЖҮГІН АРҚАЛАҒАН ТҰЛҒА	133
СЫНОВЬЯ ВЕЛИКОГО НАРОДА	138
ШАБЫТЫ ШАЛҚАР ШЕРАҒАҢ	158
АЙША АНАДАН ТУҒАН ШЕРХАН-БАРСХАН	165
ҚАЗАҒЫН СҮЙГЕН ҚАЛАМҒЕР	176
ҚАЗАҚ ССР МЕМЛЕКЕТТІК СЫЙЛЫҒЫНА ҰСЫНЫЛҒАН ШЫҒАРМА	182
МАЗМҰНЫ	186

**ҚАЗАҚТЫҢ
ШЕРАҒАСЫ**

(Көптомдық шығармалар жинағы)

9-том

Құрастырған: Айнұр Кембаева

Компьютерде беттеген: Жадыра Байсақалова

**Баспа директоры
Техникалық редакторлар**

**Ғани Байлыбеков
Жанбосынов Бағлан
Қырықбаев Бауыржан**

**Шартты б.т.14,2
Қағазы офсеттік
Офсеттік басылым. Таралымы 500 дана**

Тапсырыс №144

**ТИГУ Редакциялық-баспа бөлімі,
080000, Тараз қ., Рысбек батыр көшесі, 136 үй
E-mail: tigu.kz.**